

Бұғыбай Д. Б.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Оқулық

**Алматы
2006**

МАЗМҰНЫ

Алғысөз

- 1-тарау. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының түсінігі және оның жүйесі мен міндеттері**
- 2-тарау. Қылмыстық заң**
- 3-тарау. Қылмыс ұғымы**
- 4-тарау. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі**
- 5-тарау. Қылмыс құрамы**
- 6-тарау. Қылмыс объектісі**
- 7-тарау. Қылмыстың объективтік жағы**
- 8-тарау. Қылмыстың субъектісі**
- 9-тарау. Қылмыстың субъективтік жағы**
- 10-тарау. Ис-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар**
- 11-тарау. Қылмыс жасау сатылары**
- 12-тарау. Қылмысқа қатысу**
- 13-тарау. Қылмыстардың көптігі**
- 14-тарау. Қылмыстық жауаптылықтан босату**
- 15-тарау. Жазаның түсінігі және оның мақсаттары**
- 16-тарау. Қылмыстық жазаның жүйесі**
- 17-тарау. Қылмыстық жаза тағайындау**
- 18-тарау. Жазадан босату**
- 19-тарау. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы**
- 20-тарау. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары**

Алғысөз

Алғысөз ретінде қадірменді оқушыға айтарым: күллі Еуропа «қожайының саналатын Францияның өзінен үш есе артық ұлан-байтақ жерді мекендеген қазақ халқы өз еңсесін өркениетті мемлекеттер қатарына көтере бастағанына небәрі бір онжыл дықтай мерзім өтіпті. «Білегімен бірді, білімімен мыңды жығар» дегендей, егеменді ел болғалы жүріп жатқан көптеген түбегейлі төңкеріс пен өзгеріс шаралардың ішіндегі бір ерекшесі – білім саласындағы реформалар, ал оның ең басты да қиын бағыты - қазақ тілі тағдыры. Өйткені, көп ұлтты атанатын жұртымыздың жартысы қазақ боп саналса да, сол ұлт өз тілінде ғылым-білімді ойдағыдай игермеген. Осы бір әлеуметтік қасірет зардабы әсіресе, қазіргі жастарға жоғары мектепте білім беруде айдан анық көрінеді. Жоғары оқу орындарында қазақша білім беру мәселесі іс жүзінде тек соңғы 4-5 жыл шамасында қолға алынғаны белгілі. Жаңалықты айту жеңіл, іске асыру қиын. Жалпы алғанда жаңаша білім беруде ең басты құрал – оқулық болса, оған барлық оқушы-ел зәру, себебі қоғам, ондағы қатынас күрт өзгеріп отыр. Ал қазақ тіліндегі оқулық мәселесі тіпті қиын. Меніңше, қазақша оқулық жазушы ғалымдар, мамандар қай бір асып-тасып жетіскендіктен, біреу тойып секірсе, олар «тоңып секіретін секілді - өз балаларына жаны ашығандық нысаны болса керек. Сондықтан осы бір өмірге ауадай қажет, әрі сонша күрделі мәселені шешуге бағытталған әрбір қадам, кішкентай да болса үлес жылы лебізбен қабылдануы заңды.

Шынын айтсақ, біздің республикамызда құқық саласындағы білім беру жағдайы мәз емес, жетістіктен гөрі кемістігі мол. Оның бір басты себебі - қазақ тілінде жазылған оқулық тапшылығы, тіпті қайсыбір арнаулы пәндерден олар жоқ. Мысалы, университеттердегі негізгі пәндердің бірі - Қылмыстық құқық саласында бір бүтін (профессор Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлының толық қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімдері) жарық көрген оқулығын ғана атауға болады.

Студент қауымға ұсынып отырғаным – жаңа Заңға сәйкес дайындалған және Қайнар университеті мен Қазақ гуманитарлық заң университетінде оқылып жүрген Республикамыздың Қылмыстық құқық Жалпы бөлімінің барлық тақырыптарын қамтитын лекциялар курсы. Мен де «тойғандықтан секіріп отырғаным жоқ, жұмыс «шарықтау шегіне жеткен» деуден де аулақпын. Тек аз да болса білімге құштар қазақ қыздары мен ұлдарына бұл еңбек ептеп себепкер болса, менің мақсатымның орындалғаны. Сондықтан объективті түрде қандай жұмыста да орын алатын кемістік-олқылықтар болса, оларды оқушылар сынды да шыншыл көңілімен қарап, өз пікірін немесе оны әрі қарай жетілдіру мақсатындағы ұсыныстар жіберсе, мен оларды ізгі ықыласпен қабылдауға әзірмін.

Автор

1-тарау. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының түсінігі және оның жүйесі мен міндеттері

§1. Қылмыстық құқықтың түсінігі

Кейбір еуропа халықтарының тілдерінде қылмыстық құқықтың негізінде қандай ой жатыр деген мәселеге байланысты бұл ұғым екі түрлі атауға ие. Егер ой қылмыс туралы болса, онда оны *criminal law* - (ағылшын), *droit criminel* –(француз), *criminal- recht* (неміс), - латынның “*crimen*” - қылмыс, яғни қылмыс туралы құқық деген мағынада, ал егер бірінші орынға қылмысы үшін жаза деген ой ығыстырылса, онда оны –*penal law, droit penal, strafrecht* – латынның “*poena*”- жаза, яғни жаза туралы құқық деген мағынада қолданылады.

Көптеген авторлардың айтуынша, қылмыстық заңдар деп “адам басымен” жауап беретін, яғни өмірімен жауап беретін заңдар аталады. Мұнда сөз адамның “басымен” байланысты, орыстың “уголовное” сөзі “голова” сөзімен түбірлес жатуында деп жорамалдайды. Бұл деректер нақты емес. Дей тұрғанмен, қылмыстық құқықтың ұғымы барлық уақытта заңмен, яғни қылмыстық әрекет үшін жазаны анықтаушы заңмен байланыстырылып отырылды.

Кез келген мемлекеттің құқық жүйесі бірнеше салалардан: конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық және т.б. құқық салаларынан тұратыны белгілі. Осы құқық салаларының ішінде қылмыстық құқық та бар. Құқық жүйесінің құрамдас бөлігі бола тұра қылмыстық құқық жалпы құқыққа тән барлық белгілерді (нормативтілік, орындау міндеттілігі және т.б.) қамтитын құқық саласы болып табылады. Басқа құқық салаларынан ол ең алдымен **пәнімен, яғни қоғамдық қатынастарды реттеу шеңберімен (аясымен)** ерекшеленеді.

Логика ғылымына сәйкес “пән” ұғымы – бұл танымның белгілі объектісі немесе қабылдауға, атауға, анықтауға болатын нәрселердің барлығы.

Ал қылмыстық құқықтың пәні болып не табылады?

Қылмыстық құқықтың реттеу пәні өте кең, оған мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, меншік, жеке адам және оның ар-ожданы, құқықтары мен бостандықтары, құқықтық тәртіп және сонымен бірге басқа құқық салаларымен реттеліп қойған қоғамдық қатынастардың шеңбері де кіреді. Қылмыстық құқықтың реттеу пәнінің ерекше белгісі болып қылмыстың жасалуымен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар табылады, яғни қылмыстық құқық заңмен қорғалатын қатынастарға қауіпті қол сұғушылық жасалу салдарынан туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Құқықтық реттеудің нәтижесінде бұл қатынастар **қылмыстық-құқықтық қатынастар** деген атауға ие болады.

Қылмыстық құқықтық реттеу пәнін мынадай үш негізгі қатынастар құрайды.

Оның бірінші түрі **қорғаушылық қылмыстық-құқықтық қатынастар** деп аталады. Бұл қатынас қылмыстың жасалуына байланысты туындайды. Бұл-қылмыстық заңмен тыйым салынған қылмыстық әрекетті жасаған адам мен мемлекеттің атынан сот, тергеуші, прокурор, анықтау органдары арасындағы қатынас.

Аталған құқықтық-қатынастың әрбір субъектілері белгілі бір құқықтарды иемденеді және оларға жүктелген міндеттерді атқарады. Яғни қылмыс жасаған адам қылмыстық заң қылмыс жасаумен байланыстырған қолайсыз салдарға шыдауға және қылмыстық құқықтық нормамен қарастырылған жазаны өтеуге міндетті. Ал екінші субъект-сот, тергеу, прокуратура, анықтама органдары бірінші субъектіні сол міндеттерді орындауға күштеп мәжбүрлеуге құқылы.

Сонымен, қорғаушылық қылмыстық-құқықтық қатынас- тардың пәні болып қылмыс оқиғасының орын алуына байланысты пайда болатын қылмыстық жауаптылық, жаза тағайындау немесе одан босатуды жүзеге асыру табылады.

Қылмыстық құқық пәнінің құрамына кіретін қатынастың екінші түрі адамдарды жазамен қорқыту арқылы қылмыс жасаудан сақтандыруға байланысты қатынастар. Яғни, мемлекет қылмыстық-құқықтық тыйым салу арқылы азаматтарды қылмыс жасаудан бас тартуға міндеттейді және қоғамдағы адамдардың тәртібін реттеп отырады. Бұл қатынас ескертушілік немесе **алдын алушылық қылмыстық құқықтық қатынас** деп аталады.

Осы жоғарыдағы қылмыстық құқықтық нормаларды қамтитын тыйымдардың азаматтарға әсер ету сипаты бойынша, қоғамды шартты түрде үш топқа бөлу қарастырылған. Оның бір тобын қылмыстық құқықтық тиымдарды орнату қажеттілігін тудырмайтын азаматтар құрайды. Олар қылмыстың басқа адамдардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қарсы құбылыс екенін сезінгендіктен, сонымен бірге қылмыстың өздерінің жақсылық пен жамандық туралы жеке адамгершілік көзқарастарына да қарсы екендігін ұғынғандықтан қылмыс жасамайды. Екінші топтың мүшелерін жазаның қорқыту күші жеткіліксіз деп ойлайтын және сонда да қылмыстық-құқықтық тыйымдардың болуына қарамастан қылмыс жасайтын адамдар

құрайды. Сондықтан да өте қатал деп саналатын қылмыстық жазалардың өзі қылмыстық әрекеттерді жасаудан барлық адамдарды бас тартқыза алмайды. Үшінші топты, яғни «аралықтағы топты қылмысты дәл сол қылмыстық жазадан сақтанып жасамайтын адамдар құрайды екен. Сонымен, қылмыстық-құқықтық тиым іс жүзінде қоғам мүшелерінің барлығын емес тек белгілі бір бөлігінің ғана іс-әрекетін реттейді.

Қылмыстық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың үшінші түрі-**реттеушілік қылмыстық-құқықтық қатынастар** деп аталады. Бұл қатынастар қылмыстық әрекетті болдырмайтын қажетті қорғану, мәжбүрлі қажеттілік және т.б. жағдайларда қауіпті қол сұғушылықтан қорғау кезінде келтірілген зияндарға азаматтардың құқықтарын бөліп береді. Мысалы, қажетті қорғануда өз құқығын жүзеге асырушы жеке адамның, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне қол сұққан екінші адаммен құқықтық қатынасқа түседі және сол қол сұғушыға зиян келтіре отырып қорғану құқығына ие болады. Екінші жағынан қорғанушының іс-әрекетін заңды деп тануға тек ғана құқыққорғау органдары өкілетті. Әрбір жағдайда тек сот, прокуратура және тергеу органдары ғана қауіпті қол сұғушылықтан қорғану кезінде келтірілген зиянмен байланысты оқиғаларды жан-жақты қарауға және оны келтірген зияны үшін жауаптылықтан ресми түрде босатуға міндетті.

Осы жоғарыда аталған қоғамдық қатынасты реттеу үшін арнайы әдістерді қолдану қажет. **Әдіс** дегеніміз - қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатындағы құқық саласының ықпал ету шараларының жиынтығы.

Әрбір қылмыстық құқықтық қатынастардың өзіне тән әдістері бар:

1). Қорғаушылық қылмыстық-құқықтық қатынастарға:

- қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларын қолдану әдісі,
- қылмыстық жауаптылықтан және қылмыстық жазадан босату әдісі;
- Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану әдістері жатады.

2). Реттеушілік қылмыстық-құқықтық қатынастарға:

- Барлық қоғам мүшелеріне жеке адамға, қоғам мен мемле кетке келтірілген қауіпті әрекеттермен белсенді күресу құқықтарын бөліп беру. Мысалы, қажетті қорғану құқығы.

3). Ескертушілік қылмыстық-құқықтық қатынастарға:

- қылмыстық-құқықтық тиым салуды орнату әдісі жатады.

Сонымен, қылмыстық құқық - бұл қандай әрекеттердің қылмыс болып табылатынын және қандай жазалар мен басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары осы қылмыс жасаған адамға тағайындалатынын, сонымен бірге қылмыстық жауаптылықтың негізі мен қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың негіздерін белгілейтін құқық нормаларын біріктірген құқықтың бір ерекше саласы.

§2. Қылмыстық құқықтың жүйесі және оның міндеттері

Қылмыстық құқықтың жүйесі Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлімде қылмыс пен жаза туралы ұғым, қылмыстық заңның түсінігі мен міндеттері, қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен одан босату негіздері, қылмыс құрамының түсінігі, қылмыстық заңның кеңістіктегі және мезгілдегі күші, қылмыс жасау сатылары туралы ұғым мен қылмысты қатысып жасау, жаза және оның мақсаты мен жүйелері, жаза тағайындаудың немесе қылмыстық жазадан босатудың басты мәселелері зерттеледі.

Ерекше бөлімде нақты қылмыс құрамдары және оларды жасағаны үшін белгіленген жаза түрлері көрсетіледі. Жалпы және Ерекше бөлім өзара тығыз байланысты сондықтан осы екі бөлімнің жиынтығы қылмысты құқықты құрайды.

Қылмыстық құқықтың міндеттері жөнінде сөз қозғамас бұрын, біз әуелі қылмыстық құқықтың мақсаты не соны анықтап алуымыз қажет. Өйткені, кез келген әрекет, жұмыс белгілі бір мақсатсыз жасалмайды, сондықтан қылмыстық заңның да өз мақсаты бар. Бірақ бұл жөнінде біздің қылмыстық заңымызда айтылмаған, онда тек қылмыстық заңның міндеттері ғана көрсетілген.

Қылмыстың мақсаты жөнінде қылмыстық құқық теориясында бірнеше ойлар айтылған. Мысалы, профессор Е.І.Қайыржановтың айтуынша, « мақсат дегеніміз- қандай да бір әрекеттерді қолдану немесе іске асыру арқылы қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже, ал міндет деген сол нәтижеге жету жолдарың. Яғни, қоғамда мақсатсыз міндеттер болмайды, ал міндет мақсатсыз тууы мүмкін емес деген сөз.

Бұл тұрғыдан алғанда қылмыстық құқықтың негізгі мақсаты қылмыскерді жазалау немесе белгілі бір мемлекетте, қоғамда қауіпті болып табылатын әрекетті жасағаны үшін қаралау емес, керісінше, қоғамға қауіпті әрекеттерді болдырмау және қылмыстың алдын алу болып табылады және бұл жөнінде қылмыстық заңда көрсетілуі тиіс. Ал осы негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін қылмыстық заң мынадай негізгі міндеттерді алдына қояды:

- 1). қылмыстық жауаптылықтың қағидалары мен шарттарын анықтау,
- 2). қылмыстық жауаптылықтың негізін анықтау;
- 3). қылмыс ұғымының жалпы белгілерін анықтау;
- 4). қоғамға қауіпті әрекеттердің шеңберін анықтау;
- 5). қылмыс жасаған адамдарға қолданылатын жаза түрлерін анықтау.

Қылмыстық құқықтың бұдан басқа да міндеттері бар олар жоғарыда аты аталған негізгі міндеттерді толықтырып нақтылап отырады.

Қылмыстық заңдар қоғамның тыныштығын сақтай отырып, қоғамға тәрбиелік және жалпы ескертушілік тұрғысынан да әсер етеді. Қылмыстық заңдағы «мына әрекетті жасасаң жазаланасың!» деген жариялану фактісінің өзі қоғам мүшелеріне әсер етеді. Сонымен бірге сот процесінің өзі де қылмыскерді ғана емес сот залында отырған қоғамның басқа мүшелерді тәрбиелеп және қылмыс жасамауды ескертуге ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 2-бабына сәйкес қылмыстық заңның міндеттері болып:

1. Адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Осы Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді делінген.

Жаңа 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде орын алған сапалық өзгерістер ескерілген. Қылмыстық құқықтың міндеттері қылмыстылықтың жағдайы мен деңгейіне де тікелей байланысты. Мемлекетіміздің нарықтық экономикаға көшуі, экономикалық кризистер, өтпелі кезеңге байланысты қоғамда орын алып отырған жұмыссыздық, жоқшылық қылмыстылықтың сапалық және сандық жағынан да арта түсуі мен қылмыстың бұрын жұртқа беймәлім түрлерінің өмірге келуіне септігін тигізді. Ұйымдасқан, кәсіптік, банк жүйесіндегі, компьютерлік және т.б. экономикалық қылмыстар кең белең алды. Қылмыстылықтың санын азайтуда, қылмыс тылықпен күресуде мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын саяси экономикалық және саяси-әлеуметтік шаралардың маңызы зор. Жоғарыда аталған қылмыстық құқықтық міндеттер қылмыстылықпен күресу саласындағы мемлекеттік саясаттың бірі болып табылатын **қылмыстық саясат** арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық саясаттың мазмұны-қылмыстық заңдарды қолданудың міндеттерін, қылмыстан сақтандырудың тиімді жолдарын табу, қылмыстылықпен күресуде заңдылық қағидаларын сақтау. Ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылатын қылмыстық шараларды жетілдіру, ал керісінше, қоғамға қауіптілігі онша ауыр емес қылмыстарды жасағандарға қоғамнан оқшауламай-ақ қолданылатын шараларды белгілеу болып табылады.

§3. Қылмыстық құқық ғылымы

Қылмыстық құқық ғылымы – заң ғылымдарының құрамдас бөлігі. Ол қылмыстық заң туралы түсініктердің, олардың әлеуметтік тиімділігін, оның даму және жетілдіру заңдылықтары мен тенденциялары жөнінде, қылмыстық құқықтың қағидалары және тарихы туралы қылмыстық құқықтық көзқарастар мен ой-пікірлердің жүйесін құрайды.

Қылмыстық құқық ғылымының негізгі зерттеу объектісі қылмыстық заң және оның құқық қолдану органдары тәжірибесінде дұрыс қолдануын, жаза тағайындаудың, қылмыстылықпен күрес жүргізудің ғылыми негіздерін белгілеу болып табылады.

Осы күрделі мәселелерді зерттеуде қылмыстық құқық ғылымы криминология, қылмыстық-атқару құқығы, құқықтық статистика, криминалистика, қылмыстық іс-жүргізу құқығы, сот психологиясы, сот психиатриясы және басқа да заң ғылым салаларымен тығыз байланысты. Бұл ғылым салаларының ортақ міндеті - қылмыстылықпен күрес проблемасын шешу, оны азайтудың және одан сақтандырудың жолдары мен әдістерін зерттеу болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясы қылмыстық құқық нормалары мен институттарын тағайындау және оның әлеуметтік мазмұнын түпкілікті түсіну үшін ғылыми зерттеудің белгілі бір әдістерін қолданады. Қылмыстық құқық ғылымы қолданатын әдістердің қатарына догматтық, социологиялық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, диалектикалық (философиялық) және т.б жатады. Енді осы әдістердің негізгілеріне тоқталып өтейік.

Догматтық (дәлелденбеген қағида) әдіс формальды логика және грамматика ережелерін қолдануға негізделген. Ол қолданылып жүрген қылмыстық құқықтық нормаларды жүйелеу және оларға түсініктеме беру, оларды талқылау мен қылмыстық құқықтық негізгі ұғымдарды анықтау үшін тағайындалады.

Социологиялық (нақты-социологиялық) әдіс қылмыстық құқықтық нормаларды, қылмыс пен жазаны әлеуметтік құбылыс ретінде талдауда пайдаланылады. Ол қылмыстық заң болмысының нақты оқиғаларын және оның қылмыскерге және қылмысқа әсерін белгілі бір схема немесе бағдарлама бойынша талқылаудан немесе іріктеуді қолданудан тұрады. Егер догматтық әдіс қылмыстық құқықтық нормалардың және қылмыстық заңның түсінігін анықтауға көмектессе, ал социологиялық әдіс олардың әлеуметтік мазмұнын ашуға ықпал жасайды. Социологиялық әдістер сұрау жүргізу, анкета, интервью алу, эксперттік бағалау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс қылмыстық құқықтық институттарды, категорияларды және ұғымдарды осыған ұқсас шет мемлекеттердің қылмыстық заңдарымен салыстырып талқылаудан тұрады. Бұл әдісті қолдану арқасында отандық қылмыстық құқық ғылымы едәуір тәжірибе жинақтады.

Тарихи-құқықтық әдіс қылмыстық құқықтық нормалардың, категориялары мен институттарының тарихи дамуын зерттеуден тұрады.

Диалектикалық (философиялық) әдіс диалектиканың негізгі заңдары мен категорияларын қылмыстық құқықтық зерттеулерде қолданудан тұрады. Алғашқылары (қарама қарсылықтың бірлігі мен күресі, сан өзгерісінің сапаға ауысуы, терісті терістеу заңдары) даму теориясының жалпы мәселелеріне қатысты. Ал екіншілері (қажеттілік пен кездейсоқтық, себеп пен салдар, мазмұн мен түр, мән мен құбылыс) өз жиынтығында дамудың жалпы заңдарының бір көрінісі болып табылады. Диалектиканың заңдары мен категориялары жаңа нәтижелерге жету жолдарын іздеуге, белгісіздіктен белгіліге қозғалу әдістерін табуға қызмет етеді. Диалектикалық әдістің тәжірибеде, сот-тергеу тәжірибесінде жүзеге асырылуын, мысалы, қоғамға қауіпті әрекет пен қылмыс салдары арасындағы себепті байланысты анықтау кезінде көруге болады.

Сонымен, қылмыстық құқық ғылымының негізгі міндеті болып- қолданылып жүрген қылмыстық заңдарға жүйелі талдау жасап, оның пәрменділігін, тиімділігін жетілдіру; қылмыстық заңның және оны жүзеге асыру мәселелерінің тарихын зерттеу; қылмыстық заңдарды, оның жекелеген институттарын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау; қылмыс қатарына жататын немесе қылмыс қатарынан алынып тасталатын әлеуметтік құбылыстарды дер кезінде анықтап отыру; қылмыстық заңдарды әзірлейтін мемлекеттік органдардың қызметіне кеңінен араласып, олардың заңды қолдану, қылмысты саралау жөніндегі тұжырымдарды жасауына белсенді қатысу; шет мемлекеттердің қылмыстық заңдарын және олардың іс-жүзінде қолданылу әдістерін зерттеу арқылы, оның пайдалы жақтарын ескеру және т.б. ғылыми болжамдар жасау болып табылады.

Әдебиеттер:

- Ағыбаев А.А. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Алматы, 1999
- Ашитов З.О. Вопросы дальнейшего укрепления социалистической законности. – Алма-Ата: Казахстан, 1976
- Беляев Н.А. Уголовно - правовая политика и пути ее реализации. Л., 1986
- Босхолов С.С. Основы уголовной политики. Конституционный, криминологический, уголовно-правовой и информационный аспекты. М., 1999
- Васильев Н.В. Принципы советского уголовного права. М., 1983
- Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан. (Сравнительный комментарий к книге Дж. Флетчера и А.В. Наумова «Основные концепции современного уголовного права»). Алматы, 2001г.
- Дулатбеков Н.О. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Астана, 2001
- Жунусов Б.Ж. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Караганда, 1998
- Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Алматы, 2003
- Келина С.Г., Кудрявцев В.Н. Принципы советского уголовного права. М., 1988
- Кропачев Н.М. Уголовно-правовое регулирование: механизм и система. Санкт-Петербург, 1999
- Разгильдиев Б.Т. Задачи уголовного права Российской Федерации и их реализация. Саратов, 1993

2-тарау. Қылмыстық заң

§1. Қылмыстық заңның түсінігі

Жалпы заң дегеніміз құқықтық нормалардан құралған және заң шығарушы орган қабылдаған нормативті акт. Ал қылмыстық құқық нормаларынан құралған нормативті актілердің жүйесі қылмыстық заң деп аталады. Яғни, қылмыстық құқықтың маңызды көрінісі және қылмыстық құқықтың бірден бір қайнар көзі болып қылмыстық заң табылады.

Қылмыстық заң - қылмыстық жауаптылықтың негізі мен принциптерін бекітетін, қоғамға қауіпті әрекеттердің қайсысы қылмыс болып табылатындығын және оларды жасағаны үшін қандай жазалар қарастырылатынын анықтайтын, сонымен бірге қандай жағдайларда қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату мүмкін екендігін белгілейтін заңдық нормалардан құралған мемлекеттік биліктің өкілетті органы қабылдаған нормативті акт. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61- бабының 1-тармағына сәйкес заң шығару, оның ішінде қылмыстық заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек ғана Мәжілісте жүзеге асырылады. Осы ережені басшылыққа алып ҚР Парламенті 1997 жылдың 16-шілдесінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қабылдап, ол 1998 жылдың 1 қаңтарында заңды күшіне енді.

Осы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 1-бабының 1- бөлігінде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңдары тек қана осы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуы тиіс деп айтылған. Яғни, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі барлық қылмыстық заңдардың жиынтығы болып табылады.

Қылмыстық заңға мына белгілер тән:

- Қылмыстық заң (ҚР Конституциясымен реттелген тәртіп бойынша) мемлекеттік биліктің жоғары органдарымен қабылданады (заңды қабылдау процедурасы).

- Қылмыстық заңның жоғары заңдық күші бар. Яғни,

а) бірде бір органның бұл заңды өзгертуге немесе жоюға құқығы жоқ;

б) барлық өзге нормативтік актілер заңға қайшы келмеуі тиіс;

в) өзге нормативтік актілерге қайшы келген жағдайда қылмыстық заң артықшылықты иемденеді.

- Қылмыстық заңның келесі белгісі – оның нормативтілігі. Қылмыстық заң өзінің қолданылу мерзімі ішінде адамдардың жалпыға міндетті мінез құлқын, тәртібін реттейді.

- Өзге заңдардан ерекшелігі қылмыстық заң тек қана қылмыстық құқық саласына жатады және қылмыстық құқықтың бірден бір жалғыз қайнар көзі болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында осы құқық саласының қайнар көзін екіге бөледі: формальды және материалды. Қылмыстық құқықтың формальды және жалғыз қайнар көзі болып қылмыстық заң табылса, материалдық қайнар көздеріне мемлекеттік билікті, ҚР Конституциясын, жалпыға белгілі халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін жатқызады.

Қылмыстық заңның міндеттері қылмыстық құқықтың міндеттері сияқты өз дамуының түрлі сатыларында қоғам мен мемлекет алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелерден шығып қалыптасады. Бұл міндеттер көбінесе қылмыстылықтың жағдайы мен деңгейіне, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуі қажеттіліктеріне байланысты туындайды.

ҚР ҚК-нің 2-бабының 1-бөлігінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің міндеттері көрсетілген.

Қылмыстық құқықтық қорғаудың басымдықтары халықаралық тәжірибеге және адам, оның өмірі мен денсаулығын, ар намысы - қадыр қасиетін, қол сұғылмаушылығы мен қауіпсіздігін – жоғары әлеуметтік құндылық деп танитын Конституцияға негізделген. Қылмыстық-құқықтық қорғаудың бұрынғы басымдықтары ең алдымен мемлекеттің, қоғамдық мүдденің, содан кейін жеке адам, оның мүдделерін қорғаудан шыққан еді.

Қылмыстық заңның міндеттері оны қалыптастыру кезеңінде немесе мемлекеттің қылмыстық саясаты өзгерген кезде нақтыланып, толықтырылуы мүмкін, мемлекеттің қылмыстық саясатының негізгі мазмұны қылмыстық заңды қолдану міндеттерін анықтау және заңды қылмыстылықтың деңгейі мен жағдайына сәйкестендірумен түсіндіріледі.

Көріп отырғанымыздай, қылмыстық заң алдына екі үлкен міндет қояды.

Бірінші міндет – адамды, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін, сонымен бірге адамзат пен бейбітшілікті қорғау мақсатында қылмыстылықпен қылмыстық - құқықтық күрес жүргізу.

Екінші міндет - қылмыстардың алдын алу. Ол жалпы және жеке (арнайы) алдын алуды қамтиды.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықтың негізі мен принциптерін анықтап, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатындығын айқындайды, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын белгілейді.

Қылмыстық заң жазамен қорқыту арқылы белгілі бір қылмыстық әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға тиым салады. Сонымен бірге, ол тиісті органдар мен лауазымды адамдарға жасалған әрекетте қылмыс

құрамының белгілері бар болған жағдайда кінәлілерді қылмыстық жауаптылыққа тарту қажеттігін немесе, керісінше, оларды қылмыстық жауаптылықтан босатуға, заңды негіздер болған жағдайда, оларды қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босату туралы ережені бекітеді. Яғни, нақты әрекет үшін жауаптылықты қарастыратын қылмыстық-құқықтық нормалар тиымсалуды нормалар болып табылады және олар тәрбиелік және ескертушілік мағынаға ие болады.

Қылмыстық жауаптылық туралы заң белгілі бір міндеттерді орындай отырып өзінің функцияларын жүзеге асырады.

Негізгі функциясы болып қорғаушылық функциясы табылады. Қорғаушылық функция қол сұғушылық жасау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын объектілерді қорғауға бағытталған. Қорғаушылық функциямен қатар қылмыстық заң реттеушілік функцияны атқарады. Яғни, белгілі бір мінез-құлық ережелерін бекіте отырып, қылмыс пен жазаға байланысты туындайтын қатынастарды реттеп отырады.

Қылмыстық заң сонымен бірге ескертушілік функцияны жүзеге асырады. Қылмыстық заңдарды шығару және оларды бұқаралық ақпарат құралдары, насихаттаудың өзге құқықтың нысандары арқылы көпшілік халыққа жеткізу азаматтардың құқықтық санасына елеулі ықпал етеді. Халық осылайша қандай әрекеттерді заң шығарушы жеке адам, қоғам мен мемлекет үшін қауіпті және зиянды деп санайтындығын түсіне алады. Ескертушілік функция моральдық жағынан тұрақсыз адамдарды қылмыс жасаудан жазамен қорқыту арқылы ұстап тұру рөлінен де көрінеді, қылмыстық заңның тәрбиелік функциясы осы ескертушілік функциясымен тығыз байланысты.

Қылмыстық заңды шығару және оны практикада қолдану азаматтардың өз мемлекетінің заңын құрметтеуге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына сенімділікке, қылмыс жасағандардың қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындығына сенуге тәрбиелейді.

§2. Қылмыстық заңның құрылымы

Қылмыстық заңды қолдану ең алдымен оның құрылымын білуден басталады. Қылмыстық заңның құрылымы деп белгілі бір техникалық ережелерге бағынған заң шығарушының еркін білдіру формасын түсіну қажет. Қылмыстық заңның мазмұны мен мағынасын дұрыс түсіну оны құрайтын элементтердің қызметтік рөлін және өзара байланысын нақты және анық білу арқылы мүмкін болады.

ҚР қылмыстық заңы, яғни қылмыстық кодексі Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады.

ҚР ҚК-нің **Жалпы бөлімі** әрбіреуі бірнеше баптарды қамтыған жеті бөлімнен тұрады. Жалпы бөлімде ҚР Қылмыстық кодекстің міндеттері мен принциптері, қылмыс және оның санаттары, қылмыстық жауаптылықтың негізі, аяқталмаған қылмыс, қылмысқа қатысу, әрекеттің қылмыстылығын жоютын мән-жайлар, жазаның түсінігі мен мақсаттары, жазаның түрлері, жаза тағайындаудың жалпы негіздері және қылмыстылықпен қылмыстық-құқықтық күресудің өзге де жалпы ережелері анықталады.

ҚР Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінің көптеген нормалары позитивті, яғни реттеуші сипатты иемденеді. Өйткені, оларды қолдану белгілі бір нақты қылмыстың түрімен ұштаспайды. Сонымен бірге ҚК Жалпы бөлімінде мәжбүрлеу сипатын иемденетін құқық қолдану нормалары да бар. Мысалы, ҚР ҚК-тің 40- бабының 4-бөлігінде айыппұлды төлеуден әдейі жалтарған жағдайда түзеу жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамау жазаларымен ауыстырылатыны қарастырылған.

Жоғарыда аталған позитивті нормаларды шартты түрде мына түрлерге бөледі:

1. **Декларативті**, қылмыстық заңның міндеттерін бекітетін нормалар (ҚК-нің 2 бабы);
2. **Анықтаушы**, қылмыстық заңның жекелеген институттарына, ұғымдарына анықтама беретін нормалар (ҚК-ң 9,27,38 баптары);
3. **Марапаттаушы**, белгілі бір тәртіппен жеңілдік қарастыратын нормалар (ҚК 63-бабы "шартты түрде соттау"; 55-бабы "белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдану");
4. **Рұқсат етуші**, белгілі бір әрекет жасауға құқықты беретін нормалар (ҚК 32-бабы "қажетті қорғану" "қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру");
5. **Қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатушы** нормалар (ҚК 67-бабы "жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату"; ҚК 73-бабы "ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату");

ҚР Қылмыстық Кодексінің **Ерекше бөлімі** қол сұғушылықтың объектісіне байланысты тарауларға біріктірілген қылмыстардың түпкілікті тізімі берілген және әрбір қылмыс үшін жазаның түрі мен мөлшері көрсетілген он алты тараудан тұрады. Яғни, ҚК Ерекше бөлімінің баптары Жалпы бөлімінің ережелеріне сәйкес анықталатын жекелеген қылмыс түрлері үшін жауаптылықты қарастырады.

Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде заң шығарушы қылмыстың және оны жасаушылардың қоғамға қауіптілік сипатын ескеріп бірқатар нормаларды бөліктерге, ал бөліктерді тармақтарға бөлген. Мысалы, ҚК-ң 96-бабының 2-бөлігі бар, ал екінші бөлігі тармақтарды қамтиды.

Мемлекеттегі құқықтық реформалардың өзгеріп отыруы нәтижесінде қылмыстық заңға жаңа заң шығарушылық ережелер енгізіліп отырады. Қылмыстық Кодекстің жүйесін сақтау және құқық қорғау,

статистикалық ғылыми зерттеулердің болашақ жұмысын қамтамасыз ету үшін Жалпы және Ерекше бөлімдердің баптарына қосымша нөмірлеу ретімен өзгерістер мен толықтырулар жасалуы да қарастырылған.

Ерекше бөлімнің әрбір құқықтық нормасы үш элементтен: **гипотеза, диспозиция және санкциядан** тұрады. Қылмыстық заңда осы құрылымның қандай түрде және шекте көрінетінін анықтау үшін олардың әрбіреуінің ерекшеліктерін қарастыру қажет.

Гипотеза деп белгілі бір мінез-құлық ережесін қолданудың жағдайларын анықтайтын құқық нормасының элементін түсіну қажет. Алайда, қылмыстық құқық теориясында көптеген авторлар қылмыстық құқықтық нормадағы гипотезаның рөлін оның диспозициясы орындайды деп тұжырымдайды. Бұл әлі де болса пікірталас мәселелердің бірі.

Диспозиция қылмыстық әрекетті және оның құрамдарын анықтаушы және қылмыс белгілерін суреттеуші қылмыстық құқықтық норманың бір бөлігі. Басқаша айтқанда, диспозиция санкцияны қолдану мүмкіндігі туралы алғышартты қамтиды. ҚР ҚК Ерекше бөлімінде диспозициялардың мына түрлері көрсетеді: жай, сипаттамалы, сілтемелі, бланкетті.

Жай диспозицияда қылмыстың аты ғана аталынады. Онда қылмысты сипаттайтын белгілер көрсетілмейді. Мысалы, ҚК 317-бабының диспозициясы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын, мемлекеттік елтаңбасын немесе мемлекеттік гимнін қорлау." Мұндай жай диспозициялар қылмыстық әрекеттің белгілерін ашып көрсетпегеннің өзінде оның мазмұны жеткілікті түрде түсінікті болған жағдайларда қолданылады.

Сипаттамалы диспозиция жасалған әрекетті қылмыс ретінде анықтайтын бірқатар белгілерді қамтитын диспозицияның түрі. Сипаттамалы диспозиция қылмыстың барлық белгілерін заңның өзінде нақтылап ашып көрсетеді. Мысалы, ҚК 160-бабындағы "Геноцид" қылмысының диспозициясында "Геноцид, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты, осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер" деп қылмыстық белгілерін сипаттайды. ҚР Қылмыстық кодексінің көптеген баптарының диспозициясы сипаттамалы, өйткені қылмыстық заңдағы әрбір сөздің мағынасы нақты бір қылмыс үшін жауаптылық негізін анықтауда ерекше маңызды болып табылады.

Сондықтан да, жай диспозицияға қарағанда қылмыстың құрамын айқындайтын сипаттамалы диспозицияның артықшылығында дау жоқ.

Сілтемелі диспозиция белгілі бір қылмыстың белгілерін анықтау үшін қылмыстық кодекстің басқа тиісті бабына, бабының бөлігіне немесе тармағына сілтейтін диспозицияның түрі. Мысалы; ҚК 106-бабы "Ұрып-соғу" қылмысының диспозициясы "Тән ауруын келтірген, бірақ осы Кодекстің 105- бабында көзделген зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттерін жасау". Мұнда ұрып-соғу қылмысы зардабының мөлшерін анықтау үшін заң шығарушы ҚК 105- бабына сілтеме жасайды. Негізінен сілтемелі диспозициялар заңда қайталауларды болдырмау мақсатында қолданылады.

Бланкетті диспозиция – нақты бір қылмыстың белгілерін анықтау үшін ол қылмысқа тиісті түсінікті беретін басқа заңдарға немесе нормативтік актілерге сілтеме жасайтын диспозицияның түрі. Мұндай диспозициялар ҚР ҚК-ң экологиялық, экономикалық, транспорттық қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын тарауларында жиі кездеседі. Мысалы, ҚК-ң 280-бабы "Ветеринарлық ережелердің немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелерді бұзу" әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырады. Бұл бапты қолдану үшін ветеринарлық ережелерді реттейтін нормативтік актіге жүгіну қажет. Егер осы секілді бланкеттік нормаларды ҚК өзінде тізіп көрсете берсе, Кодекс баптарының көлемі тым ұлғайып, оны пайдалану қиындық тудырады.

Қылмыстық құқықтық норманың үшінші элементі – **санкция**. Құқық теориясы бойынша, санкция – тиісті мемлекеттік органның құқық нормасының талаптарын бұзған адамға қолданатын мәжбүрлеу шаралары. Қылмыстық құқықтық норманың санкциясы деп диспозициядағы қылмыс үшін қолданылатын жазаның түрі мен мөлшерін көрсететін элементті түсіну қажет. Санкция белгілі бір Ерекше бөлім бабының ажырамас бөлігі. Диспозиция мен санкция арасындағы байланысты қылмыс пен жаза арасындағы тәуелділіктің көрінісі деп айтуға болады. Санкцияның мәні ең алдымен оның құқық нормасының талаптарын орындауды қамтамасыз ету қабілеттігімен түсіндіріледі.

ҚР Қылмыстық Кодексінде санкцияның үш түрі көрсетілген:

1). **Салыстырмалы – анықталған санкция**, жазаның нақты түрі мен мөлшерін көрсететін немесе жазаның бір шегін белгілейтін санкцияның түрі. Санкцияның бұл түрі екі нысанда кездеседі. Біріншісінде, жазаның төменгі және жоғарғы шегі көрсетіледі. Мысалы, ҚК 96-бабының 1-бөлігінің санкциясында "алты жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады" делінген

Екіншісінде, жазаның тек ең жоғарғы шегін көрсететін санкция. Мысалы, ҚК 98-бабының 2-бөлігінің санкциясында "бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады" делінген. Мұндай жағдайларда жазаның төменгі шегі ҚК Жалпы бөлімінде қарастырылған бас бостандығынан айырудың төменгі мерзімімен анықталады. ҚР ҚК 48-бабының 3- бөлігіне сәйкес бас бостандығынан айыру

жазасының төменгі шегі – алты ай.

2). **Баламалы санкция** екі немесе одан да көп жазаның түрін көрсететін санкция. Мысалы, ҚК 130-бабы "Қорлау" қылмысы үшін айыппұл, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе түзеу жұмыстары түріндегі жазалар қарастырған. Сот жаза тағайындау кезінде қылмыстың және қылмыскердің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипатына байланысты осы жазалардың ең әділін және тиімдісін таңдап алады. ҚР Қылмыстық Кодексі Ерекше бөлімінің баптарындағы санкциялардың басым көпшілігін баламалы санкциялар құрайды.

§3. Қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуы

Заң мемлекеттің еркін білдірудің көрінісі болғандықтан, осы ерік билік ететін мемлекет шегінде қолданылады. Алайда, қазіргі өркениетті әлемде бір мемлекет оқшауланып, жеке өзі өмір сүрмейді, ол өзі сияқты жеке өзге мемлекеттермен араласып жатады... (Н.С.Таганцев. Русское уголовное право. Т-1,-Тула, 2001,с.245).

Кез келген заң, оның ішінде қылмыстық заңның қолданылу аясы, яғни күші жүретін шектеулі кеңістігі бар.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңының кеңістікте қолданылуы мынадай төрт принциптерге негізделеді:

- 1). Территориялық принцип,
- 2). Азаматтық принцип;
- 3). Универсалды принцип;
- 4). Реалды принцип.

Территориялық принципке сәйкес, Қазақстан Республикасының территориясында жасалған барлық қылмыстар үшін жауаптылық ҚР Қылмыстық кодексі бойынша туындайды. ҚР Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының барлық территориясына таратылады. Бұл территория ҚР-ң «ҚР мемлекеттік шекарасы туралы» ң 13-қаңтар 1993 жылғы заңының 1-бабында былайша анықталған: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы дегеніміз Қазақстан Республикасы аумағының шегін - құрғақ, су, жер қойнауы және әуе кеңістігі шегін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша өтетін беткі қабат ң. Осы Заңға сәйкес құрғақ аумаққа – жер бедерінің сипатты нүктелері мен сызықтары немесе анық көрінетін бағдарлар, ал су аумағына – Республиканың ішкі суларынан басқа, аумақтық теңіз жағалауындағы теңіз сулары, олардың тиесілі ені жатады. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі аумағына - Қазақстан Республикасының құрғақ немесе су аумағы үстіндегі белгіленген аспан кеңістіктері жатады. Жер қойнауына – мемлекеттік шекарамен белгіленген құрғақ немесе су кеңістігі астындағы аумақтар жатады.

Сонымен, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңының күші Қазақстан Республикасының кез келген аумағында немесе объектілерінде жасалған қылмыстық іс-әрекеттердің барлығына да қолданылады.

Қазақстан Республикасында жасалған қылмыстар деп – Республика территориясында басталған немесе жалғастырылған, аяқталған қылмыстар аталады. ҚР Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының құрлықтық шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жасалған қылмыстарға да қолданылады.

Құрлықтық шельф территориялық сулардың аумағынан шығып жатқан құрлықтың жер асты жалғасы. 1958 жылғы Женева конвенциясына сәйкес құрлықтық шельф ұғымы пайдалы қазбаларды өңдеуге мүмкіндік беретін 200 метр тереңдіктегі және одан тыс шектегі жағалауға жақын мемлекеттердің жер асты аумағын қамтиды. Ал ерекше экономикалық аймаққа республиканың территориялық суларынан тыс жердегі теңіз аумақтары жатады.

Қазақстан Республикасының территориясына сонымен қатар, қай жерде тұрғанына қарамастан ҚР-ның әскери корабльдері мен әскери әуе кемелері де жатады. Сондықтан ҚР әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адам, оның қай жерде болуына қарамастан ҚР Қылмыстық кодексі бойынша жауаптылыққа тартылады. ҚР-ның портына тіркелген әскери емес кемелері ашық теңізде немесе ашық әуе кеңістігінде жүрген уақыттарда ғана Қазақстан Республикасының территориясы ретінде саналады.

Ашық теңіз деген – белгілі бір мемлекеттің ішкі, аумақтық суларына кірмейтін теңіздің басқа бөлігінің барлығы. Ешбір мемлекет оның қандай да бір бөлігін өзінің егемендігіне бағындыруға құқығы жоқ.

Территориялық принциптен шығатын ерекше жағдай болып дипломатиялық иммунитет немесе экстерриториялық құқық табылады. ҚК-тің 6-бабының 4-бөлігіне сәйкес дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарға ҚР Қылмыстық заңы қолданылмайды. Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы Вена конвенциясына және 1966 жылғы Шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық

өкілдіктері туралы Ережеге сәйкес қылмыстық жауаптылықтан жеке қол сұғылмаушылықты және иммунитетті мына адамдар пайдаланады: дипломатиялық өкілдіктердің басшылары (елші, уәкіл, консул, іске сенімді); кеңесшілер, сауда өкілдері және олардың орынбасарлары, әскери, әскери-теңіз және әскери-әуе атташелері және олардың көмекшілері; 1,2,3-хатшылар, атташе және архив-хатшылары, сондай-ақ ҚР азаматтары болып табылмайтын олардың жанұя мүшелері, сондай-ақ олармен бірге тұратын адамдар. Мұндай адамдардың шеңбері нақты мемлекеттердің арасындағы келісім бойынша кеңейтілуі мүмкін. Егер бұл санаттағы адамдар ҚР территориясында қылмыс жасайтын болса, олардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе халықаралық құқық нормаларымен шешіледі, негізінен олар « persona non grata » , яғни « жағымсыз тұлға » деп танылып, өз елдеріне қайтарылады.

Қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуының **азаматтық принципі** бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары және ҚР тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар ҚР ҚК бойынша тек мына жағдайларда жауаптылыққа тартылады:

а). егер олар жасаған әрекет сол қылмыс жасаған мемлекетте қылмыс деп танылса;

б). егер бұл адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса.

Аталған адамдарды соттау кезінде жазаны қылмыс жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды.

Шетел азаматтары және ҚР тұрақты тұрмайтын азаматтығы жоқ адамдар ҚР тыс жерде жасалған қылмыстар үшін ҚР ҚК бойынша жауаптылыққа тартылмайды. Алайда, ерекше жағдай ретінде ҚК-тің 7-бабының 4-бөлігінде қарастырылған қылмыстық заңның **реалдық принципі** бойынша ҚР тыс жерлерде қылмыс жасаған шетел азаматтары ҚР мүдделеріне қарсы бағытталған қылмыс жасаған жағдайларда және ҚР халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса, ҚР ҚК бойынша жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық заңның **универсалды принципі** халықаралық қылмыстармен немесе халықаралық сипаттағы қылмыстармен (терроризм, кепілге алу, әуе кемелерін айдап әкету және т.б.) күресу үшін барлық мемлекеттердің мүдделерін ортақтастыру дегенді білдіреді. Осы принципке сәйкес Қазақстан Республикасы өзі мүше болып табылатын халықаралық конвенцияларды орындауға міндетті.

ҚК-тің 8-бабында қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру туралы мәселе қарастырылған. Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, ол мемлекетке ұстап берілмеуі тиіс. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін екендігі заңда бекітілген.

Қылмыскерді ұстап беруді қылмыстық құқықта экстрадиция деп те атайды. Экстрадиция дегеніміз - қылмыс жасаған адамды қылмыс жасалған мемлекетке, мүддесі бұзылған мемлекетке немесе азаматы болып табылатын мемлекетке оны соттау немесе сот үкімінің күшіне енуіне сәйкес жазасын өтеу үшін ұстап беру.

§4. Қылмыстық заңның белгілі уақытта қолданылуы

Қылмыстық жауаптылық туралы заңды дұрыс қолдану үшін ең алдымен, қылмыстың жасалу уақытын, екіншіден, қылмыстық заңның қолдану уақытын анықтап алу қажет. ҚР ҚК-тің 4-бабында заңшығарушы қоғамға қауіпті іс-әрекет жүзеге асырылған уақыт, зардаптың басталған уақытына қарамастан, қылмыс жасалған уақыт деп нақты атап көрсеткен. Яғни, кез келген қылмыс түрі үшін (материалдық, формальды, келте) қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік жасалған уақыт қылмыстың жасалу уақыты деп танылады. Ал қылмыстық құқықта жасалу уақытының ұзақтығына қарай бөлінетін жалғаспалы және созылмалы қылмыстарда қылмыстың жасалу уақыты басқаша анықталады. Мысалы, жалғаспалы қылмыстарда (қашқындық, қаруды заңсыз сақтау, салық төлеуден жалтару және т.б.) осы қылмыстың аяқталу сәтінде күші жүріп жатқан заң қолданылса, ал созылмалы қылмыстарға жиынтығы бір қылмыс құрамын құрайтын қылмыстық актінің соңғысын жасаған кезде күшінде болған қылмыстық заң қолданылады.

Әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол әрекет жасалған уақытта қолданылып жүрген заңмен белгіленеді, яғни тек заңды күшіне енген қылмыстық заң ғана қолданылады. Заңның күшіне енуі деп оның барлық мемлекеттік немесе мемлекеттік емес органдар, ұйымдар және азаматтар үшін міндетті болу сәтін түсіну қажет.

Заңның күшіне енуі туралы бірнеше ережелер бар:

1). Егер заң құқық саласының негізгі заңы ретінде танылса, онда заңның күшіне ену мерзімі сол заңның текстінде тікелей көрсетіледі және сол көрсетілген уақытта күшіне енеді. Мысалы, ҚР Қылмыстық Кодексінің күшіне енгізу туралы сол заңның өзінде тікелей көрсетілген.

2). Егер заңның өзінде заңның күшіне ену уақыты көрсетілмесе, ресми басылымдарда жарияланғаннан

кейін 10 күн мерзім өткен соң күшіне енеді. Мұндай ресми басылымдарға ҚР Парламентінің ведомстволары, "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Заң", "Юридическая газета" басылымдары жатады.

Қылмыстық заң ҚР барлық территориясында бір мезгілде заңды күшіне енеді.

Қылмыстық заң мына жағдайларда өз әрекетін, күшін тоқтатады:

- 1). Қылмыстық заңның күшін жойғанда немесе сол заңды басқа заңмен алмастырған жағдайда,
- 2). Заңда көрсетілген мерзім өтіп кетсе немесе осы заңды қабылдауға байланысты жағдайлар өзгерген жағдайда.

Белгілі бір қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық сол қылмыстық әрекет жасалған уақытта қолданылған қылмыстық заңмен белгіленеді. Алайда, осы қылмыстық заңды уақытта қолдану бойынша бір ерекше жағдай бар, ол қылмыстық заң осы заң күшіне енгенге дейін жасалған әрекеттерге де қолдану мүмкіндігін қарастырады. Бұл жағдайды қылмыстық **заңның кері күші** деп атайды. ҚР Қылмыстық Кодексінің 5-бабына сәйкес: "Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, жауаптылықты немесе жазаны жеңілдететін немесе қылмыс жасаған адамның жағдайын өзге де жолмен жеңілдететін заңның кері күші болады, яғни осындай заң күшіне енгенге дейін тиісті әрекет жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ соттылығы бар адамдарға қолданылады" деп көрсетілген.

§5. Қылмыстық заңды түсіндіру

Жалпы түсіндіру (толкование) немесе интерпретация (interpretatio) деген адамзат рухының шығармаларын түсіну мақсатында қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Түсіндіру бір нәрсеге қандай да бір дұрыс түсінік беру немесе оның мағынасын анықтау. Ал заңды түсіндіру заңдағы кемшіліктерді жоюға ықпал жасап, құқық нормасын бірыңғай қолдануды қамтамасыз ету мақсатында жасалады. Осы заңды түсіндіру туралы ілім заңдық герменевтика деп аталады, ол ауызша немесе жазбаша сөздерді түсіну өнерінің теориясын құрастырумен айналысады.

Қылмыстық заңды түсіндіру - қылмыстық-құқықтық норма ның нағыз мазмұнын анықтау үшін, заңшығарушының еркін айқындау үшін жүргізілетін мемлекет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, лауазымды және жеке тұлғалардың қызметі. Бұл қызмет заң шығару процесінде заңдарды топтастырғанда және құқықтық нормаларды қолданғанда жүзеге асырылады.

Қылмыстық заңды түсіндірудің бірнеше түрлері бар:

- 1) Түсіндіру субъектісі бойынша – легалды (заңдық), сот және доктриналды (ғылыми);
- 2) Түсіндіру тәсілі бойынша – грамматикалық, жүйелі, тарихи
- 3) Қолданылу көлемі бойынша – сөзбе-сөз (буквальное), тар көлемде және кең көлемде;

Легалды (заңдық) түсіндіру бұл заңшығарушының өзі берген түсіндірмесі. Легалды түсіндірудің заңдық күші болады, міндетті сипатты иемденеді және шағымдауға жатпайды. Мысалы, ҚР Конституциясының 72-бабының 4-тармағына сәйкес ҚР Конституциялық Кеңесі Конституцияға және ҚР заңдарына ресми түсіндірме береді.

Сот түсіндірмесі деп нақты қылмыстық істі шешу кезінде қылмыстық-құқықтық норманы қолданушы соттың беретін түсіндіруін айтамыз. Кез келген сот қылмыстық істі қарай отырып заңның мағынасы мен мазмұнын түсініп, жасалған қылмыстың белгілері белгілі бір қылмыстық-құқықтық нормаға сәйкес келетінін анықтауы қажет. Бұл кең тараған түсіндірудің түрі тек сол аталған қылмыстық іске қатысты ғана қолданылады және үкім заңды күшіне енгеннен кейін де ондағы түсіндірудің осы қылмыстық іске ғана күші жүреді. Өйткені, біздің ұлттық заңымызда сот прецеденті құқықтың қайнар көзі болып табылмайды.

Сот түсіндірмесінің ерекше түрі болып ҚР Жоғары Сот Пленумының нормативті қаулылары табылады. Түсіндірудің бұл түрінің ерекшелігі сол, ол нақты бір қылмыстық іс бойынша емес, белгілі бір санаттағы қылмыстық істер бойынша сот практикаларын және сот статистикасын зерттеу және талдау негізінде беріледі. Мысал ретінде ҚР Жоғары Соты Пленумының 23 сәуір 1993 жылғы "Зорлау үшін жауаптылықты реттейтін заңдарды соттардың қолдану практикасы туралы" қаулысын айтуға болады.

Доктриналды немесе ғылыми түсіндірме деп оқулықтарда, монографияларда, баяндама, лекцияларда ғалымдар мен практика қызметкерлерінің, ғылыми мекемелердің беретін түсіндірулерін айтамыз. Бұл түсіндіру ресми болмағандықтан міндетті заңдық күші жоқ, алайда қылмыстық заңды дұрыс қолдануға оң ықпалын тигізеді. Жоғары оқу орындарында заңгерлердің құқықтық санасы мен кәсіби дайындығы көбіне осы ғылыми түсіндірме арқылы анықталады.

Грамматикалық (филологиялық) түсіндіру – заңның текстін морфология, синтаксис, пунктуация ережелері бойынша талдау. Яғни, заңдағы жеке сөздердің, терминдердің, қолданылатын тыныс белгілерінің, көмекші сөздердің, жалғаулықтардың мағынасын ашуға бағытталған арнайы тәсілдер жиынтығы. Заңды дұрыс түсіну үшін осы заңдағы терминдер мен ұғымдардың мағынасын анықтап алу қажет. Мысалы, "лауазымды тұлға" түсінігі ҚК 307-бабының ескертуінде түсіндіріледі. Заңда қолданылатын сөздер, ұғым, терминдердің мағынасын анықтау көбінесе ҚР Жоғары Соты Пленумының

нормативті қаулыларында беріледі.

Жүйелі түсіндіру - қылмыстық-құқықтық нормаларды басқа құқық саласының нормаларымен немесе сол заңның өзіндегі әртүрлі тараулар мен баптарды бір-бірімен салыстыра отырып қылмыстық заңның мазмұнын, мағынасын ашу. Мұндай түсіндіру негізінен ұқсас қылмыстарды ажырату және бәсекелесті нормаларды қолдану үшін қажет болып табылады. Жүйелі түсіндіру әсіресе бланкетті және сілтемелі нормаларды анықтау кезінде маңызды. Мысалы, ҚК 99-бабындағы "Қажетті қорғаныс шегінен асып кісі өлтіру" қылмысын талдау үшін ҚК 32- бабындағы "қажетті қорғану" нормасымен танысу қажет.

Тарихи түсіндіру деп қылмыстық заңды қабылдауға негіз болған саяс-әлеуметтік, экономикалық жағдайлардың тарихы мен себептерін зерттеу арқылы және осыған дейінгі шығарылған заңдарды салыстыра отырып талқылауды айтамыз. Тарихи түсіндіру кезінде қылмыстық заңның жобасына, заңшығарушы органдарындағы баяндамаларға, заңды талқыға салу материалдарына сүйену тиімді болып табылады. Мысалы, қылмыстық заңның кері күшін анықтау кезінде тарихи түсіндіру қолданылады.

Сөзбе-сөз түсіндіру – заңның нормасын оның текстімен дәлме дәл сәйкес келетіндей түсіндіру, яғни заңшығарушының еркін білдіру формасы норманың мазмұнына толық сәйкес келуі. Сөзбе-сөз түсіндіру кезінде диспозиция онда қарастырылған қылмыс құрамының белгілерін нақты көрсететіндіктен, қылмыстың белгілерін кең немесе тар мағынада түсінуге болмайды, заңда қалай жазылса оны сол мағынада түсіну қажет.

Тар көлемде түсіндіру – заң нормасындағы тексте дәлме-дәл көрсетілгеннен гөрі тар шеңберде қолдануға мағына беретін түсіндіру. Мысалы, ҚК 131-бабының субъектісі 18 жас, ал Жалпы бөлім ережелері бойынша 16 жастан басталуы қажет.

Кең көлемде түсіндіру – заңда айтылуы қажет, бірақ тікелей аталмаған жағдайда заңның қолданылуын білдіретін түсіндіру. Яғни, осы заң нормасын кең шеңберде қолдануға негіз беретін түсіндіру. Мысалы, ҚК 134-бабындағы "Баланы ауыстыру" қылмысында "бала" деп, ер баланы және қыз баланы да түсіну қажет.

Әдебиеттер:

- Блум М.И., Тилле А.А. Обратная сила закона. М., 1969
Брайнин Я.М. Уголовный закон и его применение. М., 1967
Игнатов А.Н. Введение в изучение уголовного права. Уголовный закон. Курс лекций. Лекция 1. М., 1996
Медведев А.М. Пределы действия Уголовного кодекса Российской Федерации. М., 1998
Наумов А.В. Реализация уголовного закона . Волгоград, 1983
Кудрявцев В.Н., Келина С.Г. Уголовный закон: опыт теоретического моделирования. М., 1987
Спасов Б.П. Закон и его толкование. М., 1986
Мами К.А., Жукенов А.Г. Вопросы применения новых Уголовного и Уголовно- процессуального кодексов Республики Казахстан и судебная практика. Алматы, 1998
Звирбуль В.К., Шупилов В.П. Выдача уголовных преступников. М., 1974
Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Т-1,-Тула, 2001,с.245

Нормативті актілер:

- ҚР 13.01.93 жылғы « Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы заңы 15.07.96., 22.12.98 жылғы өзгерістері мен толықтырулармен бірге
ҚР 24.03.98 жылғы « Қазақстан Республикасының нормативтік актілері туралы заңы, 17.10.2001, 06.03.2002 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен бірге
ҚР «Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы 20.12.1991 жылғы Заңы, 03.10.1995 ж, 17.05.2002 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен бірге
ҚР Президентінің «Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында саяси баспана беру тәртібі туралы заңы 15.07.1996 жылғы Жарлығы

3-тарау. Қылмыс ұғымы

§1. Қылмыс ұғымы және оның белгілері

Қылмыс, онымен тығыз байланысты жаза қоғам тарихының барлық дәірлерінде өзгермелі сипатта болып келген ұғымдар. Қылмыс – бұл адам іс-әрекетінің бір түрі. Осы тұрғыдан алғанда, қылмыстық құқықта қылмыс ұғымына екі анықтама беру қалыптасқан.

Қылмыстың формальды анықтамасы бойынша, қылмыс дегеніміз - қылмыстық заң арқылы жазалау қатерімен тыйым салынған адамның белгілі бір әрекеті. Алайда, мұндай анықтама қылмыстық әрекеттің мәнін ашпайды, не үшін заң шығарушы қандай да бір әрекетті жасауға тыйым салады, неге бұл әрекеттер қылмыс деп табылады деген сұрақтарға толығымен жауап бермейді. Сондықтан қылмыстың материалдық анықтамасын енгізу арқылы осы сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі қарастырылды.

Қылмыстың материалдық анықтамасында қылмыстың негізгі сапасы – оның қоғамға қауіптілігімен анықталады деген тұжырым жасалған. Бұл анықтамаға сәйкес, қылмыс дегеніміз - адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті болып табылады. Жасалған әрекетте қоғамға қауіптілік белгісінің бар болуы оның белгілі бір қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады дегенді білдіреді.

Сонымен, формальды және материалды анықтамалар бірін-бірі толықтырып қылмыстың ұғымын береді. ҚР ҚК 9-бабының 1- бөлігіне сәйкес "Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады".

Көрсетілген анықтамадан қылмыс ұғымы өзіне келесі белгілерді қамтитынын көреміз: қоғамға қауіптілік, қылмыстық құқыққа қайшылық, кінәлілік және жазаланушылық. Осы аталған белгілердің жиынтығы болғанда ғана іс-әрекет қылмыс деп танылады.

Қылмыстың бірінші белгісі оның қоғамға қауіптілігі. Қоғамға қауіптілік қылмыстың негізгі материалдық белгісі және қандай да бір әрекетті қылмыс деп танудың негізі болып табылады. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі ең алдымен заңшығарушының қол сұғылатын негізгі объектілерді көрсетуі арқылы анықталады. Алайда, қоғамға қауіптілік - өзгермелі категория. Ол бірнеше жағдайларға: іс-әрекеттің өзіне (әрекет немесе әрекетсіздік); қылмыстың жасалу жағдайы, орны, уақыты, тәсіліне; қылмыскердің жеке басының ерекшеліктеріне; қылмыстан келген зардаптың мөлшеріне; қылмыстың мақсаты мен мотивіне және т.б. жағдайларға байланысты анықталуы мүмкін.

Қоғамға қауіптіліктің екі сипаты бар:

- сапалық немесе қоғамға қауіптілік сипаты,
- сандық немесе қоғамға қауіптілік дәрежесі.

Қоғамға қауіптіліктің сипаты қылмыстың қандай қылмыстарға қол сұғатындығымен (адамның өмірі, меншігі, денсаулығы, мемлекет қауіпсіздігі), ал қоғамға қауіптілік дәрежесі қол сұғушылықтың ерекшелігі мен деңгейіне, қылмыстан келген зардаптың ауырлығына байланысты анықталады. Қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі қылмыстық заңда көрсетілген санкция бойынша да анықталады.

Жасалған әрекетте қоғамға қауіптілік белгісінің болмауы оның қылмыстылығы мен жазаланушылығын жояды. Сондықтан, жасалған әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қоғамға қауіпті емес іс-әрекет қылмыс болып табылмайды (ҚР ҚК 9-бабының 2-бөлігі).

Қылмыстың екінші белгісі - **қылмыстық құқыққа қайшылық**, яғни белгілі бір әрекетпен қылмыстық норманы бұзу. Құқыққа қайшылық қылмыстың формальды белгісі.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет егер ол қылмыстық заңда тікелей қарастырылған болса ғана қылмыс болып табылады. Сондықтан әрекеттің қылмыс немесе қылмыс емес екендігін шешу кезінде заңның аналогиясы қолданылмайды деп көрсетілген (ҚР ҚК 9- бабы). ҚР ҚК Ерекше бөлімінің тиісті баптарында жекелеген қылмыс құралдары үшін жауаптылық қарастырылған. Қылмыстық құқықта қылмыстың осы нақты құрамдарына қарсы іс-әрекет жасауды қылмыстық құқыққа қайшылық деп атайды. Тиісінше, адамның қылмыстық заң тыйым салмаған іс-әрекеттерді жасауын қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Тек заңшығарушы ғана белгілі бір әрекетті қылмыс қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін оның мәнді белгілерін анықтайды, сондықтан іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын белгілеген тиісті заңның жарияланған уақыттан бастап ондай іс-әрекеттер қылмыс деп танылады.

Қылмыстың келесі белгісі – **кінәлілік**. Адамның өзі жасаған әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қатысты психикалық қатынасы болса, оның әрекеті кінәлі түрде жасалған деп танылады. Бұл психикалық қатынас қасақаналық немесе абайсыздық түрінде көрініс табады. Яғни, белгілі бір әрекетті қылмыс деп тану үшін онда кінә орын алуы қажет. Белгілі бір психологиялық негізден айрылған нақты әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды (мысалы, рефлекторлық қозғалыс, ессіз жағдайдағы іс қимыл немесе гипноз, ұйқыдағы әрекеттер). Сонымен бірге, сыртқы формальды белгілері қылмысты құрайтын тойтарылмайтын күш нәтижесінде немесе күштеп мәжбүрлеу кезінде адамның жасаған әрекеті де қылмыс ретінде саналмайды. Яғни, кінәсіз қылмыс та, жаза да жоқ деген сөз.

Жазаланушылық - қылмыстың соңғы белгісін құрайды, өйткені қылмыстық заң жазалау қатерімен қорқытып тыйым салған әрекетті немесе әрекетсіздікті жасау қылмыс болып саналады. Мұның өзі қылмыс құрамы туралы сипаттама тек қылмыстық заңда ғана көрсетілгенін және осы іс-әрекет үшін қылмыстық

заңның санкциясында жазалау қатері қарастырылатынын білдіреді. Мұндағы жазалау қатерімен тыйым салу қылмыстың жазаланушылық белгісі болып табылады.

§ 2. Қылмыстардың түрлері

Қылмыстық құқықта қылмыстарды белгілі бір критерийлеріне қарай топтарға, түрлерге және санаттарға бөлу қарастырылған. Қылмыстарды белгілі бір түрлерге бөлудің негізінде әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты немесе қылмыс құрамының бір элементі жатуы мүмкін. Қазақстан қылмыстық заңындағы қылмыстарды шартты түрде мына түрлерге бөлуге болады:

I. Қол сұғушылықтың топтық объектісіне қарай қылмыстарды он алты топқа бөледі:

- 1) Жеке адамға қарсы қылмыстар,
- 2) Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар;
- 3) Адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар;
- 4) Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
- 5) Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
- 6) Меншікке қарсы қылмыстар;
- 7) Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар;
- 8) Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар;
- 9) Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар;
- 10) Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар;
- 11) Экологиялық қылмыстар;
- 12) Көліктегі қылмыстар;
- 13) Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар;
- 14) Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар;
- 15) Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар;
- 16) Әскери қылмыстар.

II. Қоғамға қауіптілік сипаты біртекті қылмыстарды қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай үш түрге бөледі:

- 1) Жай қылмыстар (ҚК 96-бабының 1-бөлігі),
- 2) Сараланған немесе ауырлатылған қылмыстар (ҚК 96-бабының 2-бөлігі);
- 3) Жеңілдетілген қылмыстар (ҚК 97-100- баптары).

III. Кінәнің нысаны бойынша қылмыстарды екі түрге бөледі:

- 1) Абайсыз қылмыстар,
- 2) Қасақана қылмыстар.

IV. Қылмыстың қоғамға қауіпті сипаты мен дәрежесіне қарай оларды төрт санатқа бөледі:

- 1) Ауырлығы онша емес қылмыстар,
- 2) Ауырлығы орташа қылмыстар;
- 3) Ауыр қылмыстар;
- 4) Аса ауыр қылмыстар.

Қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі бойынша қылмыстарды мұндай санаттарға бөлу кінәнің нысаны мен бас бостандығынан айырудың жоғарғы мерзімі түріндегі санкция арқылы нақтыланады.

ҚР ҚК 10-бабына сәйкес **ауырлығы онша емес қылмыстарға** мына қылмыстар жатады:

- а) жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет (мысалы, ҚК 112-бабы "Қорқыту" қылмысы);
- б) жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекет (ҚК 101-бабы "Абайсызда адамға қаза келтіру").

Ауырлығы орташа қылмыстарға мына қылмыстар жатады:

- а) жасалғаны үшін қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет (ҚК 126-бабы "Бас бостандығынан заңсыз айыру");
- б) жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған әрекет (ҚК 296-бабының 3-бөлігі "Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы").

Ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте көзделген ең ауыр жаза он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған қасақана әрекеттер жатады. (ҚК 125-бабы "Адамды ұрлау");

Аса ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін Қылмыстық Кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе өлім жазасы көзделген қасақана әрекеттер жатады (ҚК 161-бабы "Экоцид").

Қылмыстарды мұндай санаттарға бөлудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Өйткені, ол

қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылығын анықтау, оның қылмысын саралау және қылмысы үшін жаза тағайындау немесе жазадан не жауаптылықтан босату туралы мәселелерді шешуді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жалпы қылмыстарды санаттарға бөлудің қылмыстық-құқықтық маңызын мына жағдайлармен түсіндіруге болады:

1). Қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту кезінде қылмыс санаты ескеріледі. Мысалы, Қылмыстық заң бойынша ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыстарға дайындалу үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылмайды. Сонымен бірге, ауырлығы онша емес қылмысқа оқталу да жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2). Қылмыс санаты қылмыскерге жаза тағайындау кезінде ескеріледі. Мысалы, ҚК 53-бабының 1-бөлігі "а"-тармағына сәйкес мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет ауырлығы онша емес қылмыс жасау жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде танылады. ҚК 58-баптың 2-бөлігіне сәйкес егер қылмыстар жиынтығында ауырлығы онша емес қылмыс қамтылса, онда түпкілікті жаза жеңілдірек жазаны ауырырақ жазаға сiңiру жолымен не жазаларды iшiнара немесе толық қосу жолымен тағайындалады. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау да осы қылмыстардың санаттарына негізделеді (ҚК 48-бабы).

3). Ол қылмыскерді жазадан немесе жауаптылықтан босату кезінде де ескеріледі. ҚК 65-бабы "Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату"; 67-бабы "Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату"; 68-бабы "Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату"; 69-бабы "Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату" немесе ҚК 74-бабы "Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру" және басқа да нормаларды қолдану негізіне қылмыстардың санаттары енгізілген.

§3. Қылмыс және басқа да құқық бұзушылықтар

Қоғамда жасалатын құқық бұзушылық әрқашанда әлеуметтік зиянды зардаптарға әкеп соғады, себебі кез келген құқық бұзушылық құқықпен қорғалатын мүдделерді бұзады және сол арқылы жеке адам, қоғам мен мемлекеттік мүдделерге, бекітілген тәртіпке зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады.

Мемлекет және құқық теориясы қоғам үшін қауіптілігі мен сипатына байланысты және оларды жасағаны үшін қолданылатын санкциялардың түріне байланысты құқық бұзушылықтарды қылмыс және терісқылық деп бөледі. Терісқылықтардың түрі ретінде азаматтық-құқықтық деликтілер, әкімшілік терісқылық, тәртіптік, конституциялық және материалдық терісқылықтарды айтуға болады.

Қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтарды ажыратудың негізгі үш критерийін көрсетуге болады:

- 1) Қолсұғушылықтың объектісі бойынша,
- 2) Әрекеттің қоғамға қауіптілігі бойынша;
- 3) Құқыққа қайшылықтың түрі бойынша.

Біріншіден, қылмыс пен өзге де құқық бұзушылық олардың объектісі бойынша ажыратылады. Қылмыстың объектісі болып өзінің ерекше құндылығы немесе қылмыстық-құқықтық қатынастардың әртүрлілігіне байланысты құқықтың өзге салаларында кездеспейтін мүдделер табылады. Мысалы, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігі, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі, адам өмірі, қоғамдық қауіпсіздік және т.б (ҚК-тің 2-бабы).

Ал әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі болып – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, заңды мүдделері, халықтың денсаулығы, санитариялық-эпидемио логиялық салауаттылығы, қоршаған орта, қоғамдық имандылық және т.б мүдделер (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 7-бабы).

Қылмыс өзге құқық бұзушылықтардан екіншіден, әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі мен сипаты бойынша ажыратылады. Қоғамға қауіптілік қылмыстың әлеуметтік қасиеті болып табылады. Кез келген құқықбұзушылық белгілі бір дәрежеде зиянды болғанына қарамастан бұл әрекеттің сипаты мен дәрежесі қылмыстық деңгейге жетпейді. Қылмыс әрқашанда көп елеулі зардап әкеледі, кінәсі терең, жасалу тәсілі қатыгездеу.

Әрекеттің қоғамға қауіптілігі ең алдымен жеке адам мен мемлекетке зиянның мөлшерімен анықталады. Қылмыстан келтірілген материалдық зиян ақшалай немесе мүлікпен есептелсе, ал денеге келтірілген зиян еңбекқабілетін айыру немесе дене органдарынан, органның қызметінен айыру секілді көрсеткіштерімен өлшенеді.

Мысалы, кейбір экономикалық құқық бұзушылықтар қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралануы мүмкін. Оларды ажырату белгісі болып құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген материалдық зиянның мөлшері табылады. Ал әскери қылмыстарда қылмысты тәртіптік терісқылықтан ажырату қажеттілігі туындаған жағдайларда әрекеттің уақыты, орны, жағдайы негізге алынады. Мысалы, ҚК 372-бабы "Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету" әрекеті 2 күннен 10 күнге дейін созылса

қылмыс, ал екі күнге дейін - тәртіптік терісқылық.

Заңшығарушы жасалған құқық бұзушылық әрекеттің субъективтік элементтері кінә, ниет және мақсатты да ажырату белгісі ретінде ескереді. Мысалы, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру - қылмыс, ал абайсызда жеңіл зиян келтіру - әкімшілік терісқылық.

Үшіншіден, қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтар құқыққа қайшылық түріне және санкция түріне байланысты ажыратылады. Қылмысқа әрқашанда тек қылмыстық заң арқылы және жазалау қатерімен ғана тыйым салынады. Жазасын өтеп болғаннан кейін адам заңмен бекітілген тәртіппен сотталғандық атақты иемденеді. Ал өзге де құқық бұзушылықтар отбасы, еңбек, азаматтық, әкімшілік және т.б. заңдармен немесе заңға тәуелді нормативті актілермен реттеледі. Әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық санкциялар қылмыстық жазаларға қарағанда жеңілірек. Мысалы, әкімшілік кодексте түзеу жұмыстары – 2 айға дейін болса, қылмыстық заңда 2 жылға дейін тағайындалады және соңында соттылыққа әкеп соғады.

§ 4. Қылмыстық құқықтың қағидалары

Қылмыстық құқықтың міндеттері құқықтық қағидаларды қатаң түрде сақтағанда ғана өз дәрежесінде орындалады. Қағида (принцип) сөзі латынның "principium" - бастау, негізгі ереже, қандай да бір ілімнің алғышарты, тұжырымдамасы деген мағынаны білдіреді.

Қылмыстық құқықтық қағидалар деп заңшығарушы, құқық қолану органдары және азаматтар үшін қылмыстылықпен күресу саласында басшылыққа алуы тиіс, қажетті, негізгі және міндетті ережелерді түсіну қажет.

Қылмыстық заңды жетілдіру қылмыстық құқықтың мынадай қағидаларын бұлжытпай сақтау арқылы жүзеге асырылуы тиіс:

1). Заңдылық қағидасы. Мәні қылмыстық құқық тұрғысында іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы тек қылмыстық заңмен айқындалуы тиіс екендігіне саятын қағида.

2). Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидасы. Қылмыс жасаған барлық азаматтардың шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына немесе кез келген басқа жағдайларға қарамастан заң мен сот алдында бірдей екендігін білдіретін қағида.

3). Кінәлі жауаптылық қағидасы. Адам тек өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті әрекеттері мен одан туындаған қоғамға қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын айқындайтын қағида.

4). Әділеттілік қағидасы. Жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, қылмыскердің жеке басының ерекшеліктерін, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескере отырып соттардың әділ жаза тағайындауы тиіс екендігін білдіретін қағида.

5). Қылмыстық жазалаудың ізгілігі мен үнемділігі қағидасы. Қылмыстық заңды қолдану кезінде қылмыс жасаған адамдарға азаптауды, қорлауды болдырмайтын ізгілікті қарауды және оларға қатысты қылмыстық жауаптылық пен жаза осы қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату үшін заңды негіздер болмаған жағдайда ғана қолданылатынын білдіретін ізгілік қағидасы. Сонымен қатар, жасаған қылмысы үшін жазаның барынша қатаң түрі тең қатандығы біршама жеңіл жаза түрімен жазаның мақсатына қол жеткізе алмаған жағдайларға ғана тағайындалатынын білдіретін жазалауды үнемдеу қағидасы.

6). Жауаптылықтан құтылмайтындық қағидасы. Қылмыстың жасалуына кінәлі әрбір адамның, заңмен тікелей көзделген (дипломатиялық және басқа иммунитеттер, көтермелеу қылмыстық-құқықтық нормалар және т.б.) жағдайлар болмаса, қылмыстық жауаптылыққа және жазаға немесе қылмыстық заңда көзделген ықпал етудің басқа шараларына тартылатындығын білдіретін қағида.

Әдебиеттер:

Дурманов Н.Д. Понятие преступления. М., 1948

Кудрявцев В.Н. Генезис преступления. Опыт криминологического моделирования. М., 1998

Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность. М., 1969

Пионтковский А.А. Учение о преступлении. М., 1961

Прохоров В.С. Преступление и ответственность. Л., 1984

Онгарбаев Е.А. Классификация преступлений и ее правовое значение. Караганда, 1996

4-тарау. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі

§1. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі

Қоғам өз мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік талаптар қояды, мұндай талаптарды орындамау жауаптылыққа ие. Орындалмаған талаптың сипатына қарай бұл жауаптылық моральдық немесе құқықтық болуы мүмкін.

Жалпы, философия ғылымында «жауаптылық» - деп жеке адамның қоғамға немесе жалпы адамзатқа деген әршілік міндеті мен құқықтық нормаларды орындауын сипаттайтын және оның ерекше әлеуметтік ыдық қатынасын білдіретін категорияны айтады. Жауаптылық - бір жағынан сезім, қоғамдық байланыс екінші жағынан шара немесе санкция. Ол адамды белгілі бір әрекетке ынталандырады немесе белгілі бір әрекеттен бас тартқызады. Әрине, жауаптылық субъектіге қойылатын әлеуметтік талаптар болған кезде іс-әректің бұл талаптарды өзі ұғынған жағдайда пайда болады. Осыған байланысты жауаптылықты жүзеге асыруда көрінеді: бірі - әлеуметтік талаптарды субъект өз еркімен орындайды, екіншісі - әлеуметтік талаптарды сәтсіз орындайды. Осы екінші көрініс қылмыстық жауаптылыққа тән келеді.

Қылмыстық жауаптылық азаматтық- құқықтық, әкімшілік, тәртіптік, материалдық жауаптылықтар сияқты жауаптылықтың бір түрі және ең қатал түрі.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық мәселесінің зерттелуіне көп көңіл бөлінгенімен бірақ, анықтамасы төңірегінде әлі де болса пікірталастар жетерлік.

Қылмыстық жауаптылыққа түсінік беруге ұмтылыс жасаушы авторлар, көбіне қылмыстық жауаптылықты категориямен теңдестіру арқылы, мысалы «қылмыстық жауаптылық және «жаза», «қылмыстық жауаптылық және «қылмыстық жауаптылық және «қылмыстық құқықтық қатынас» терминдерімен байланыстырып зерттеген. «Қылмыстық жауаптылық ұғымы қылмыстық заңда берілмегенімен, оқу және ғылыми әдебиеттерде оған ең көп анықтамалар берілген. Солардың ішінде негізгі дегендерін қарастырып көрелік:

1). Қылмыстық жауаптылық адамның жасаған қылмысы үшін қылмыстық заңның тиісті бабы санкциясымен белгілі бір жеке немесе мүліктік зардапты шегу міндеті (Пионтковский А.А. О понятии уголовной ответственности. Сов.гос-во и право. М.1967. 12-с).

2). Қылмыстық жауаптылық - бір жағы, мемлекет өзінің өкілетті органдары арқылы қылмыс жасаған адамның қылмыстық жазалар түріндегі ауыртпалықтар мен мүмкіндіктерін айыруларды өтеу міндетін жүктеу құқығын білдіріп отырып, ал екінші жағы, құқық бұзушы осы ауыртпалықтар мен мүмкіндіктерді айыруларды өтеу міндетін білдіріп отырып, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және еңбекпен түзеу құқықтық қатынастарға түсуі (Марцевич В.А. Ответственность и общее предупреждение преступлений. Омск, 1973, С.23; Шаргородский М.Д. Основы уголовной ответственности. – В кн.: Курс Советского уголовного права. Т. – 1., Л., 1968, С. 222 – 221. и др).

3). Қылмыстық жауаптылық қылмыстық заңның талаптарына негізделген, қоғамға қауіпті әрекетке жән адамға мемлекет атынан сотпен берілетін баға (Кругликов Л.Л., Васильевский А.В. Дифференциальная ответственность в уголовном праве. – Спб.: изд-во Юрид. центр пресс. 2003, С. 34).

Қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған үшін кінәлі адамды соттаумен байланысты туындайтын жағдайлық салдар.

Кез келген құқықтық жауаптылық сияқты қылмыстық жауаптылықтың өзіне тән ерекшеліктері бар: Мазмұны мен нысаны бойынша ол мемлекеттік - мәжбүрлеу сипатын иемденеді. Себебі, қылмыстық жауаптылықты қылмыс жасаған адамға мемлекеттің жағымсыз реакциясы ретінде қарастыруға болады.

Қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнын - қоғам мен мемлекеттің қылмысты және қылмыскер түрлерін айыру, оған теріс баға беру құраса, ал заңдық мазмұнын - қылмыс жасаған адамға қолданылатын мемлекеттік шаралары құрайды.

Сондықтан, қылмыстық жауаптылық өзінің мазмұны бойынша әлеуметтік, нысаны бойынша нормативтік қызметтерді атқарады және қоғамдағы қатынастарды тәртіптеу мақсатында қолданылады.

Сонымен, қылмыстық жауаптылық деп қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекетті жасаған адамға еңбекпен түзеу міндетін жүктеу міндетін жүктеуді білдіреді.

Бұл анықтамадан қылмыстық жауаптылықтың негізгі белгілерін ашып көрсетуге болады:

1). Қылмыстық жауаптылықтың басталу сәті болып қылмыс құрамының белгілерін құрайтын әрекет жасалуы танылады.

2). Қылмыстық жауаптылық кінәлі адам үшін жағымсыз салдарды өтеу міндетін жүктелгендігін білдіреді. Қылмыстық әрекет – себеп болса, қылмыстық жауаптылық - салдар.

3). Заңда көрсетілген жағымсыз салдар тек арнайы өкілетті мемлекеттік органдармен ғана қолданылады.

4). Қылмыстық жауаптылық - жағымсыз салдарды іс-жүзінде нақты өтеу ғана емес, оны өтеу міндетін білдіреді.

5). Жағымсыз салдардың сипаты тек қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық - атқару заңдарымен анықталады.

Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, жүзеге асырылуы және тоқтатылуы туралы мәселелерді қылмыстық-құқықтық қатынас шеңберінде жүзеге асырылады. Қылмыстық жауаптылық өзінің бастауын қылмыстық қатынастан алып қана қоймайды, ол оның бір бөлігі ретінде танылып бір – бірімен тығыз байланыста тұрады.

Сондықтан, қылмыстық-құқықтық қатынастарсыз қылмыстық жауаптылықтың тууы мүмкін емес. Құрылымы бойынша қылмыстық-құқықтық қатынас объекіден, субъекіден және субъектілердің қатынастары мен міндеттерін құрайтын мазмұнынан тұрады.

Мұндай қатынастардың субъектілері ретінде бір жағынан, қылмыстық жауаптылықты өтеуге міндетті, бір жағынан, қылмыстық заңмен бекітілген шегін және белгіленген тәртібін сақтауды талап етуге құқылы, қылмыс жасағандықтан жазаға алады. Екінші жағынан - өзінің арнайы өкілетті органдары арқылы қылмыс жасау фактісін анықтауға, оны жоюға адамның кінәсін дәлелдеуге міндетті және қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын басшылыққа ала отырып, қылмыстық заң нормалары негізінде аталған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға құқылы мемлекет танылады. Қылмыстық-құқықтық қатынастардың объектісі болып адамның қылмыс жасауы нәтижесінде құқықтар мен қаржыларға түсетін жеке, мүліктік және өзге де игіліктер. Қылмыстық-құқықтық қорғаушылық қатынастың объектісіне деген мұндай көзқарас, яғни аталған қатынас қылмыстың жасалуымен байланысты туындағанымен, қылмыс жасаған адамның түзелуі және қайта тәрбиеленуі үшін оның жеке немесе мүліктік игіліктеріне әсер ету арқылы қатынастың пайданындығымен негізделеді.

Қылмыстық жауаптылықтың құқықтық табиғаты жөнінде айтқанда, оны жазамен теңестіруге болмайды. Қылмыстық құқықтың екі негізгі институттары, олар қылмыстық заңның әртүрлі жеке нормаларымен қарастырылған: біріншісі - жаза және екіншісі - қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың нысаны.

Қылмыс жасаған адамның әрекетінде қылмыстық заңмен қарастырылған қылмыс құрамын анықтауға қатынастың тағайындауы жазаны қолдануға әкеп соқпайды. Қылмыстық заңның Жалпы бөлімінде қылмыс жасаған адамға жазадан тыс қылмыстық сипаттағы немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылу туралы нормалар немесе жауаптылықтан мүлдем босату мүмкіндігі де қарастырылған.

Қылмыстық-құқықтық қатынас қылмыс жасау сәтінен бастап туындайды. Осы сәттен бастап қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі есептеледі. Қылмыстық-құқықтық қатынастың жүзеге асырылуы кінәліліктің басталуымен басталады. Яғни, қылмыстық құқықтық қатынастың одан әрі дамуы барысында қылмыс жасағандықтан жазаға алынған адам, сотталушы, сотталған адам ретінде танылады және жасаған қылмысы үшін жауап беруге және жазаны өтеуге міндетті болып табылады. Жазаны орындау барысында қылмыстық-құқықтық қатынастар қылмыстық-құқықтық қатынастары арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық-құқықтық қатынас соттылықтың өтелуі немесе алынуымен аяқталады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе қылмыстық жауаптылық өзінің дамуында мынадай 5 сатыдан өтеді:

1- саты. Қылмыстық жауаптылықпен қорқыту немесе қылмыскерді анықтау. Жағымсыз құқықтық жағдайдың өтеу міндеті қылмыс жасау фактісінің орын алуымен пайда болады. Бұл міндет, егер қылмыс ашылса немесе қылмыскер анықталмаса, жүзеге асырылмауы да мүмкін. Алайда, жауаптылықты өтеу міндеті ескіру мерзімінен бастап ескіріп отырмайды, бірақ жүзеге асырылмайды да.

2-саты. Қылмыстық жауаптылыққа тарту. Қылмыс жасаған адамның әрекетінде қылмыс құрамы бар екендігі анықталғаннан кейін қылмыстық істі қозғауға жеткілікті негіз болып табылады. Бұл сатыда қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларына сәйкес тергеу әрекеттері жүргізіледі, қылмыс жасаған сезіктінің кінәлілігін куәландыратын дәлелдер табылады. Бұл саты айыптау қорытындысын шығарып, істі сотқа жіберумен аяқталады.

3-саты. Істі сотта қарау және жаза тағайындау. Істі сотта қарауға жеткілікті негіздер бар болған жағдайда іс сот адамның кінәлілігі туралы мәселені шешпес бұрын істі сот қарауына тағайындау туралы шешім қабылдайды. Бұл саты үкімді заңды күшіне енгізу сәтімен аяқталады. Міне, осы сәттен бастап қылмыстық жауаптылық өтелудің объектісіне айды, өйткені осы конституциялық принципке сәйкес «ешкім соттың үкімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі болмайды».

4-саты. Үкімді орындау. Айыптау үкімі заңды күшіне енген кезден бастап қылмыстық жауаптылық қылмыс жасағандың қатынастары арқылы жүзеге асырыла бастайды. Жазаларды орындау тәртібі мен жағдайлары ҚР қылмыстық-құқық кодексімен анықталады. Бұл саты жазаны іс жүзінде нақты өтеумен немесе мерзімінен бұрын жазадан босатумен аяқталады.

5-саты. Соттылық мерзімінің өтуі. Соттылықтың өту мерзімі кезінде адамда қылмыс жасаумен байланысты қылмыстық жауаптылықтың белгілі бір жағымсыз салдар сақталады. Өйткені, соттылықтың мерзімі басқа жағдайлармен бірге қылмыстық жауаптылықтың көлемі мен ауырлығын анықтайды. Соттылықтың өтелуі немесе алынуы соттылықпен байланысты қылмыстық-құқықтық жағымсыз салдарды жойып жібереді. Сондықтан осы сәттен бастап қылмыстық жауаптылық өтелудің объектісіне асырылуы да тоқтатылады.

Сонда, қылмыстық жауаптылық сот үкімі заңды күшіне енген кезінен басталып, соттылықтың өтелуі объектісімен аяқталады.

§2. Қылмыстық жауаптылықтың негізі

Қылмыстық жауаптылыққа қылмыстық заңда қылмыс ретінде қарастырылған қоғамға қауіпті іс-әрекеттің объективті түрде жасаған адам тартылады. Алайда, қылмыстық жауаптылыққа тартудың құқықтық негізі болып қылмыстық жауаптылығы белгілі бір әрекетті (заңды немесе қылмыстық) таңдауға объективтік мүмкіндігінің болуы қажет.

байланысты туындайды.

Қылмыстық жауаптылықтың негізін заң шығарушы ҚК-ң 3-бабында былай анықтайды: «қылмыс жасау іс-әрекеті заңда көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірде-бірі болып табылады. Бір қылмыс үшін ешкімді де қайталап қылмыстық жауапқа тартуға болмайды».

Сонда белгілі бір қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыс деп тану үшін онда қылмыстық заңмен қарастырылған құрамы болуы шарт. Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс құрамы деп қоғамға қауіпті іс - әрекеттің объективтік және субъективтік белгілерінің жиынтығын айтады.

Қылмыс құрамы төрт элементтерден тұрады: қылмыс объектісі, объективтік жағы, субъектісі, субъективтік жағы элементтердің әрқайсысына тән өзіндік белгілері бар.

Қылмыс құрамының объективтік белгілерінің жиынтығына қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынасқа қауіпті іс-әрекет, зардап, қылмыстың жасалу орны уақыты, тәсілі, құралы сияқты қылмыстың сипаттары кіреді.

Ал субъективтік белгілердің жиынтығына қылмыс жасаушы адамның белгілері (есі дұрыстық және жауапкершілік толу) және қылмыс жасаушының әрекетке және оның зардабына деген психикалық қатынасын көрсететін (жақ) белгілер енеді.

Егер нақты қылмыс құрамының кемінде бір белгісі болмаса, онда қылмыстық жауаптылыққа тартуға да негіз жоқ. Мысалы, қоғамға қауіпті іс-әрекетті есі дұрыс емес адамның жасауы қылмыс субъектісінің міндетті белгісі болмайды, сондықтан адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз жоқ.

Сондай-ақ, белгілі бір қоғамға қайшы іс - әрекетте нақты жүзеге асырылмаған ойлар, ниет, сенімдер сияқты ниетті қамтыса да қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырмайды.

Әдебиеттер:

Астемиров З.А. Проблемы теории уголовной ответственности и наказания. Махачкала, 1987

Брайнин Я.М. Уголовная ответственность и ее основание в советском уголовном праве. М., 1963

Игнатов А.Н., Костарева Т.А. Уголовная ответственность и состав преступления. Лекция. М., 1996

Козаченко И.Я. Уголовная ответственность: мера и форма выражения. Свердловск, 1987

Кругликов Л.Л., Васильевский А.В. Дифференциация ответственности в уголовном праве. – Спб.: изд-во центр пресс. 2003

Звечаровский И.Э. Уголовная ответственность. Иркутск, 1992

Таргабаев А.Н. Понятие и цели уголовной ответственности. Красноярск, 1986

Санталов А.И. Теоретические вопросы уголовной ответственности. Л., 1982

Стручков Н.А. Уголовная ответственность и ее реализация в борьбе с преступностью. Саратов, 1977

Пионтковский А.А. О понятии уголовной ответственности. Сов.гос-во и право. М.1967. 12-с).

Якушин В.А. Проблемы субъективного вменения в уголовном праве. М., 1998

5-тарау. Қылмыс құрамы

§ 1. Қылмыс құрамының түсінігі мен оның түрлері

Жалпы қоғамда жасалатын қоғамға қауіпті әрекеттердің ішінде белгілі бір қылмысты жеке бөліп қарау үшін қылмыстық құқық ғылымында қылмыстың құрамы деген ерекше ұғым пайдаланылады. Қылмыс құрамы ұғымы латынның **corpus delict** қылмыстық құқықтың ортағасырлық ғылымында пайда болған және ол тек процесуалдық мағынада қолданылды. **Corpus delict** ұғымы қылмыстың іс жүзінде жасалғандығын куәландыратын объективтік белгілердің жиынтығын қамтыды және қылмыстық істі қозғаудың жеткілікті негізі ретінде қарастырылды. Қылмыстық құқық тарихына көз салсақ, қылмыс құрамы ұғымы 18-ғасырдың соңы мен 19-ғасырдың басында қылмыстық кодекстердің құрылуымен байланысты материалдық қылмыстық құқыққа өтті.

Қылмыс құрамы жөніндегі тиянақты теориялық зерттеулерді 18-19 ғасырлардағы революцияға дейінгі орыстың классикалық мектебі ұсынды, аталған ұғымның орыс жеріне енуіне немістің қылмыстық құқығы елеулі әсер етті, өйткені, сол кездегі көптеген орыс ғалымдары неміс университеттері мен магистратураларында атақты немістің ғалымдары Белинг және Биндингтің мектептерінен білім алды.

Немістің нормативтік Қылмыстық кодексі қылмыс құрамын “заң құрамы” ретінде ҚК Ерекше бөлімінің диспозициясымен теңдестірді. Неміс оқулықтары мен ҚК-ке комментариілерінде қылмыс құрамы, тиісінше Қылмыстық Заң туралы тарауда қарастырылады.

Белгілі Қылмыстық Кодекстердің ішінде Герман Федеративтік Республикасының Қылмыстық Кодексі ғана қылмыс құрамының ұғымы туралы норманы көрсетеді. 1992 жылғы Франция, 1995 жылғы Испания, 1975 жылғы Австрия, 1937 жылғы Швейцария Қылмыстық кодекстері “қылмыс құрамы” деген терминді қолданбайды. Бұл англосаксондық қылмыстық құқық жүйесіне де тән емес.

Кеңес қылмыстық құқық теориясында қылмыс құрамы туралы ілім А.Н.Трайниннің “Общее учение о составе преступления” атты монографиясында біршама тыңғылықты зерттелді. Қылмыс құрамы жөніндегі мәселе күні бүгінге дейін пікірталастық көзқарастар тудыруда. Әсіресе, ол қылмыс құрамының түсінігіне қатысты.

Бір авторлар (профессор Н.Д.Дурманов) қылмыс құрамын “заңдық модель” немесе “ғылыми абстракция” ретінде түсіндірсе, ал екіншілері (профессор Н.Ф.Кузнецова) қылмыс құрамын қылмыстың бір жүйеге келтірілген құрылымы етіп көрсетеді. Игнатов А.И. мен Костарева Т.А. еңбектерінде де “Қылмыс құрамы - қылмыстың заңдағы түсінігі, яғни әрекетті қылмыс ретінде тану үшін қажетті заңдық модель, абстракция” деп көрсеткен. Гонтарь И.Я. өзінің монографиясында осыған ұқсас нормативтік анықтаманы ұсынады, оның пікірінше: “қылмыс құрамы- қоғамға қауіпті әрекет белгілерінің қылмыстық заңда суреттелуі”.

Осы аталған пікірлер негізінде қылмыстық құқық оқулықтарында және заң әдебиеттерінде қылмыс құрамына бірнеше анықтамалар берілген:

1. Қылмыс құрамы – бұл адам әрекетінде қылмыстық заңмен көзделген қылмыстың барлық белгілерінің болуы.
2. Қылмыс құрамы – бұл қылмыстық заңмен қарастырылған қылмыстың объективтік және субъективтік белгілерінің жиынтығы.
3. Қылмыс құрамы - қылмыстың заңдық моделі.
4. Қылмыс құрамы – белгілі бір қоғамға қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын әрекеттің объективтік және субъективтік белгілерінің міндетті жиынтығы.

Біздіңше, осы анықтамалардың соңғысы қылмыс құрамының мазмұны мен мағынасын толықтай қамтитын секілді.

Қылмыс құрамының ұғымын теорияда қылмыс құрамының элементтері деп аталатын белгілердің төрт тобы құрайды. Олар: қылмыс құрамының объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы.

Қылмыс объектісі- қылмыстық қол сұғушылық нәтижесінде қауіп келтірілетін немесе қауіп келтірілуі мүмкін қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар, мүдделер немесе игіліктер.

Қылмыстың объективтік жағы - қылмыс объектісіне қауіп төндіретін немесе қауіп

төндіруі мүмкін қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Қылмыстың субъектісі болып қылмыс жасаған және жасаған қылмысына жауап беруге қабілетті жеке тұлға танылады. Субъектінің жауап беру қабілеттілігі оның ақыл-есінің дұрыстығы мен қылмыстық заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылық жасына толуымен анықталады.

Қылмыстың субъективтік жағы - қылмыс субъектісінің өзінің жасаған қылмыстық әрекетіне психикалық қатынасы. Оған қасақаналық немесе абайсыздық түріндегі кінәсі, сондай-ақ қылмыстың ниеті мен мақсаты жатады.

Қылмыс құрамы осы жоғарыда аталған қылмыс құрамы элементтерінің міндетті жиынтығы. Себебі, осы элементтердің кемінде біреуінің болмауы қылмыс құрамын құрамайды. Барлық төрт элементтер бір бірімен тығыз байланысты және өзара әрекеттесіп жатады. Мысалы, қылмыс объектісі объективтік жақпен келтірілген зардап арқылы байланысса, ал объективтік жақ іс қимыл актісі ретінде қылмыс субъектісімен әрекеттеседі, себебі объектіге келтірілетін зиянды әрекет немесе әрекетсіздікті нақ сол адам жасап отыр. Субъективтік жақ қылмыстың объективтік жағымен байланысты, өйткені нақты әрекетке және оның зардабына деген психикалық қатынас алдын ала бағытталған іс қимыл арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс құрамының бұл элементтері ең алдымен қылмыстық заңда, яғни Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көрсетіледі. Алайда, қылмыс құрамының элементтеріне сілтемелер Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің нормаларында да кездеседі. Мысалы, ҚР ҚК-нің 2-бабының 1-бөлігінде қылмыс объектісінің жиынтығы, 14,15,16-баптарда қылмыс субъектісінің белгілері, 19,20,21,22-баптарында субъективтік жақтың нышан дары көрсетілген.

Қылмыс құрамының элементтері **міндетті** және **факультативті** болып екіге бөлінеді. Міндетті элементтердің қатарына қылмыс құрамын бар деп тану үшін қажетті кез келген қылмысқа тән элементтер жатады. Олар: қылмыс объектісінде-қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар; Объективтік жақта – қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), қылмыс зардабы және әрекет пен зардап арасындағы себепті байланыс материалдық құрамдағы қылмыстар үшін міндетті белгі; субъектіде – жауаптылық жасына толған, есі дұрыс жеке тұлға; субъективтік жақта - қасақаналық немесе абайсыздық түріндегі кінә.

Факультативті белгілер деп бір құрамдар үшін міндетті, ал кейбір құрамдар үшін міндетті емес болып табылатын белгілерді айтамыз. Олар: қылмыс объектісінде - қылмыстың заты, жәбірленуші; қылмыстың объективтік жағында - қылмыс зардабы, әрекет пен қылмыс зардабы арасындағы себепті байланыс формальды және келте құрамдағы қылмыстар үшін міндетті емес, сонымен бірге қылмыстың жасалу уақыты, орны, жағдайы, тәсілі, құралы және т.б. жағдайлар; субъектіде-арнаулы субъектінің белгілері; субъективтік жақта - қылмыстың ниеті, мақсаты және эмоционалдық жағдайлар (аффект). Жоғарыда аталған факультативті белгілер кейде қылмыстық-құқықтық норманың диспозициясында көрсетілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда олар қылмыс құрамының міндетті белгілеріне айналады. Мысалы, ҚР ҚК-нің 288-бабында «Заңсыз аңшылық құрамы қарастырылған: заңсыз аңшылық қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады, егер ол әрекет: 1). Ірі зиян келтірсе; 2). Механикалық көлік құралын немесе әуе көлігін, жарылғыш заттарды, газдарды қолданып және құстар мен аңдарды жаппай қырып-жоюдың өзге әдістерін қолданып; 3). аулауға толық тиым салынған құстар мен аңдарға қатысты; 4). Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен төтенше экологиялық ахуал аймақтарында жасалса. Бұл қылмыста қылмыс тәсілі, қылмыстың заты, қылмыстың жасалу орны міндетті белгі ретінде көрсетіліп отыр.

Қылмыс құрамының міндетті элементтерінің қызметі, біріншіден, олардың қажетті жиынтығы белгілі бір әрекетте қылмыс құрамының бар екендігін дәлелдейді. Екіншіден, олар қылмысты саралау кезінде қатысады. Ал факультативті белгілер кінәліге жаза тағайындау үшін жазаны жеке даралау кезінде ескеріледі. Мысалы, ҚР ҚК-нің 53,54-баптарында жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын жағдайлардың көпшілігі объективтік жақтың белгілерімен байланысты құрылған.

Қылмыс құрамының элементтері	Элементтердің міндетті белгілері	Элементтердің факультативті белгілері
Қылмыстың объектісі	қылмыстық заңмен	қосымша объектіні

	қорғалатын қоғамдық қатынастар	құрайтын қоғамдық қатынастар; қылмыс заты
Қылмыстың объективтік жағы	қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)	қоғамға қауіпті зардап; себепті байланыс; қылмыс жасау орны, уақыты, тәсілі, құралы және т.б.
Қылмыстың субъектісі	Жеке адам; есі дұрыстық; қылмыс тық жауаптылық жасына толу	Арнайы субъектіні сипаттайтын белгілер
Қылмыстың субъективтік жағы	Кінә (абайсыздық немесе қасақаналық)	Ниет; мақсат; эмоционалдық жағдай (аффект)

Сонымен, қылмыс құрамы дегеніміз- жасалған белгілі бір қоғамға қауіпті іс-әрекетті нақты қылмыс ретінде сипаттайтын қылмыстық заңмен бекітілген қылмыстың объективтік және субъективтік белгілерінің міндетті жиынтығы.

§2. Қылмыс құрамының түрлері

Қылмыс құрамы бірқатар негіздерге байланысты белгілі бір түрлерге бөлінеді. Ол негіздерге қылмыстың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі, қылмыс құрамы элементтерінің құрылысы, қылмыстың заңда сипатталу тәсілі жатады.

Қылмыстық Кодексте қылмыстардың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі бойынша құрамдар негізгі, дәрежеленген және жеңілдетілген құрамдар болып бөлінеді.

Негізгі құрам – бұл қылмыстың жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларын көрсетпейтін құрам. Мысалы, ҚР ҚК-нің 103-бабының 1-бөлігі “Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру” қылмысы.

Дәрежеленген құрам – негізгі құрамды құрайтын қылмысқа қарағанда жазаның түрі мен мөлшерін ауырлатуға негіз беретін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлары бар құрам. Мысалы, ҚР ҚК-нің 96-бабының 2-бөлігі.

Жеңілдетілген құрам – негізгі құрамды құрайтын қылмыстарды жасағаны үшін қолданылатын жазаға қарағанда жазаның түрі мен мөлшерін жеңілдетуге негіз беретін құрам. Мысалы, ҚР ҚК-нің 98-бабы “Жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру” қылмысы.

Қылмыс құрамы белгілерінің сипатталу тәсіліне қарай **жай, баламалы және күрделі** құрам деп бөлінеді. Қылмыстың жай құрамы деп бір объектіге қол сұғатын бір әрекеттің белгілерімен сипатталатын құрамды айтамыз. Күрделі құрамда екі объектіге екі әрекетпен кінәнің екі нысанымен қол сұғатын қылмыстар. Екі объектілі қылмыс құрамы қылмыстық қол сұғушылық бір мезетте екі объектіге бағытталғанда орын алады. Құрамы баламалы қылмыстарда қылмыстың объективтік жағында бірнеше балама әрекеттер көрсетіледі.

Объективтік жақтың құрылымы бойынша қылмыс құрамдары материалды, формальды және қысқартылған болып бөлінеді. Материалдық құрамдағы қылмыста қылмыстың аяқталуы қоғамға қауіпті зардаптың келтірілуімен байланыстырылады. Формальдық құрамдағы қылмыстарда қылмысты аяқталған деп тану үшін қылмыс зардабының тууы міндетті емес, яғни қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздіктің жасалуы жеткілікті болып табылады. Келте немесе қысқартылған қылмыс құрамында қылмыстың аяқталуы жасалған қылмыстың алдыңғы сатыларына көшіріледі, яғни қылмысқа дайындалу немесе қылмысқа оқталу сатыларында қылмыс аяқталған деп танылады.

§3. Қылмыс пен қылмыс құрамының арақатынасы

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс құрамы туралы ілімді зерттеу кезінде күрделі және пікірталастық мәселелердің бірі қылмыс пен қылмыс құрамы арасындағы арақатынасты анықтау болып табылады. ҚР ҚК-нің 9-бабына сәйкес қылмыс дегеніміз - Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Ал қылмыс құрамына

қылмыстық заңда анықтама берілмеген, бұл заңды да, себебі қылмыс құрамының анықтамасын шығару қылмыстық құқық теориясының міндеті болып табылады. Қылмыстың нақты құрамдары қоғамға қауіпті әрекеттердің қылмыстық заңда, яғни ҚК Ерекше бөлімінде сипатталуынан көрінеді.

Қылмыс пен қылмыс құрамы арақатынасын қарастыру кезінде олар құбылыс және ұғым ретінде қатынасыны айтылып кеткен. Ол дегеніміз, яғни қоғамда белгілі бір қоғамға қауіпті әрекет жасалады делік, егер бұл әлеуметтік шындық дұрыс ұғынылып және нақты бағаланатын болса ол заңшығарушы арқылы қылмыстық құқықтық нормамен суреттеліп, аталған қоғамға қауіпті және қылмыстық құқыққа қайшы әрекет қылмыс ретінде, ал оның заңда суреттелуі қылмыс құрамы ретінде қарастырылады.

ҚР 1998 жылғы Қылмыстық Кодексіне дейін күші жүрген 1959 жылғы Қазақ ССР-нің Қылмыстық кодексінің 3-бабында қылмыстық жауаптылықтың бірден бір негізі ретінде қылмыс тық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау танылса, ал қазіргі ҚР Қылмыстық кодексінің 3-бабына сәйкес «қылмыс жасау, яғни қылмыстық кодексте көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден бір негізі болып табылады делінген. Яғни қазіргі заң бойынша қылмыс құрамы - қылмыстық жауаптылықтың негізі болып табылады. Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде аталған мәселе төңірегінде көптеген пікірталастық тұжырымдар мен әртүрлі көзқарастар орын алды. Бұл жөнінде тереңірек арнаулы монографиялардан қарауға болады.

Қылмыс құрамы төрт элементтен құрылған және тұтастығында әрекетті қылмыстандыруға және адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға жеткілікті негіз беретін жиынтық болса, қылмыс ұғымы қоғамға қауіпті, кінәлі, қылмыстық құқыққа қайшы әрекет ретінде түсіндіріледі.

Қылмыс пен қылмыс құрамының арақатынасын ашу үшін екеуінің арасында мынадай салыстыру жүргізсек:

1. Қылмыс – бұл қоғамға зиян, зардап, қоғамға қауіпті салдар әкелетін әрекет немесе әрекетсіздік десек, бұл қылмыс құрамының объективтік жағының міндетті белгісін құрайды.

2. Қылмыс- бұл айыпты, яғни кінәлі жасаған әрекет десек, бұл қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті элементі қасақаналық немесе абайсыздық түріндегі кінәні құрайды.

3. Қылмыс - қоғамға қауіпті әрекет, бұл да қылмыс құрамының объективтік жағынан көрінеді.

4. Ал қылмыстың субъектісі қылмыс ұғымында бөлінбеген, бірақ ол әрекеттің авторы, зиян келтіруші есі дұрыс тұлға ретінде қылмыс құрамында бар.

5. Қылмыстың заңға қатысты қасиеті- қылмыстық құқыққа қайшылық белгісі қылмыс құрамына кірмейді.

Осы суретті қорытындылайтын болсақ, қылмыс ұғымы қылмыс құрамы ұғымынан кең, ауқымды екендігін көреміз. Өйткені, қылмыс құрамына әрекетті қылмыстандыруға қажетті және жеткілікті, міндетті элементтер кіреді. Ал қылмыс ұғымы міндетті элементтерден басқа қылмыс құрамының факультативті элементтерін де қамтиды.

§4. Қылмысты саралау

Қылмыс құрамының қылмысты саралаудағы қызметі ерекше, өйткені кез келген қылмысты саралау осы қылмыс құрамының элементтерін жасалған қылмыстың белгілерімен сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстарды саралау әрдайым нақты жағдайларға қылмыстық-құқықтық тұрғыдан баға беру дегенді білдіреді.

Жалпы қылмыстық құқықтың жүзеге асырылуы үш негізгі түсінікпен сипатталады:

- 1). қылмыстық заңды қолдану,
- 2). қылмыстық -құқықтық норманы талқылау;
- 3). қылмыстарды саралау.

Заң әдебиеттерінде қылмысты саралауға бірнеше анықтамалар берілген. Сол анықтамалардың ішінде, ең нақтыланған анықтама ретінде құқықтық ілімдердің энциклопедиялық сөздігінде берілген анықтамаға тоқталайық. Онда: «қылмысты саралау (квалификация) – жасалған қоғамға қауіпті әрекеттің белгілерін

қылмыстық заңда қарастырылған қылмыс құрамының белгілеріне нақты сәйкестендіруді бекітуң-делінген.

«Квалификация сөзі (qualis) латын тілінен аударғанда – сапа, яғни бір нәрсенің қасиетін анықтау, оның құнын, дәрежесін анықтау деген мағынаны білдіреді.

Қылмысты саралау қылмыстық құқық ғылымының институты ретінде ең алғаш рет профессор В.Н.Кудрявцевтің докторлық диссертациясында ұсынылды. Оның пікірінше, қылмысты саралау деген қылмысқа заңдық баға беру, аталған қылмыстық әрекеттің белгілерін қамтитын ҚК-тің Ерекше бөлімінің бабын көрсету.

Жалпы кез келген қылмысты саралау процесі өзінің мазмұны бойынша мынадай 3 сатыдан тұрады:

1. жасалған әрекеттің және оның белгілерінің жағдайларын анықтау және табу;
2. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті қылмыстық құқықтық нормасын, яғни бабын таңдау;
3. жасалған әрекеттің немесе болған оқиғаның құрамын заң нормасында баяндалған қылмыс құрамымен салыстыру.

Жоғарыда аталған сатылардан көріп отырғанымыздай, қылмысты саралау практика жүзінде қылмыстық істі қозғау сәтінен басталып соттың үкімді шығаруымен аяқталады. Бұл процесс қылмыстық істі алдын ала тергеу және сот талқылауы кезінде де үздіксіз жүріп жатады деген сөз. Қылмысты саралау кезінде қылмыстық құқықтың арнайы принциптерінің бірі – жеке жауаптылық принципі көрініс табады. Себебі, ҚР ҚК 3-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде жасалған әрекетте қылмыс құрамының барлық белгілерінің болуы табылады. Адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін және оған жаза шарасын қолдану үшін қандай заңның бұзылғанын және қандай қылмыс жасалғанын нақты көрсету қажет. Бұл міндет те қылмысты саралау арқылы орындалады. Қылмысты саралау оның нәтижесіне байланысты:

- 1). Қылмыс жасаған адамды айыпкер ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда;
- 2). Ақтау немесе айыптау үкімінде;
- 3). қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыда бекітілуі мүмкін.

Қылмыстық әрекетті дұрыс саралау қылмыстық құқықтың принциптерін және заңдылықты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қандай да бір әрекетті дұрыс саралау үшін, ең алдымен, кінәлінің әрекетімен толық және жан-жақты танысуға мүмкіндік беретін істің барлық жағдайларын, кінәлінің жеке тұлғасын, қылмыс жасалған уақыттағы нақты мән-жайлармен толықтай танысу қажет, өйткені қылмысты саралаудың өзі кінәлінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетінің сипатына тікелей байланысты. Ал қылмысты дұрыс сараламау соңында заңға негізделмеген жаза тағайындауға немесе жауаптылық пен жазадан босатуға негіз жоқ жағдайларда жазадан немесе жауаптылықтан босату сияқты қоғамның, мемлекеттің және жеке азаматтардың заңды мүдделерін бұзуға әкеп соғады.

Қылмысты саралау кезінде практикада бірнеше қиындықтар кездеседі. Бұл қиындықтар әсіресе, адамның жасаған әрекеті Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарына сәйкес келіп жатса немесе адамның әрекетінде бірнеше қылмыстардың құрамы кездесіп жатса туындауы мүмкін. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, көбінесе бланкетті дизпозициялы нормаларды саралау кезінде де көптеген қателіктер жіберіледі. Қылмыстарды саралау жөніндегі арнайы мәселелер қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімінде тереңірек қарастырылады.

Сонымен, қылмыс құрамының қылмыстық құқықтық маңызын былай көрсетуге болады:

- 1). қылмыс құрамы қылмыстық жауаптылық тың бірден бір негізі болып табылады,
- 2). қылмысты саралауда басты қызмет атқарады;
- 3). қылмыстық құқықтық нормалардың санкция ларын құруға ықпал етеді;
- 4). қылмыстық әрекетті қылмыс емес әрекеттерден бөліп алу үшін де қажет болып табылады.

Әдебиеттер:

Алауханов Е.О., Үмбеталиев С., Рахметов С.М. Қылмыс құрамы. Алматы, 2000

Гонтарь И.Я. Преступление и состав преступления как явления и понятия в уголовном праве. Владивосток, 1997

Игнатов А.Н., Костарева Т.А. Уголовная ответственность и состав преступления. Лекция. М., 1996
Карпушин М.П., Курляндский В.И. Уголовная ответственность и состав преступления. М., 1974
Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступления. М., 1972, 2000

Сергиевский В., Рахметов С. Квалификация преступлений. Алматы, 1999

6-тарау. Қылмыс объектісі

§1. Қылмыс объектісінің түсінігі мен маңызы

Қылмыс объектісі қылмыс құрамының міндетті элемент-терінің бірі, сондықтан да объектісіз қылмыс жоқ.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісі деп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды тану қалыптасқан. Себебі, кез келген қылмыс жасағанда адам қоғамдық қатынастың қандай да бір элементіне озбырлық жасайды. Олардың өзара байланысын бұзады, қоғамдық қатынасқа қатысушылардың мүддесіне тікелей немесе жанама нұқсан келтіреді.

Қоғамдық қатынастар адамдар арасында олардың күнделікті іс-әрекетінде танымдық және рухани өмірде қалыптасатын қатынастар. Қоғамдық қатынас сипаты мен құрылымы бойынша күрделі құбылысты құрайды. Қоғамдық қатынастардың басты элементтері: қоғам, мемлекет және оның қалыптасуы, құрылуы және олардың өкілдері; әртүрлі бірліктіктер мен адамдар ұжымы, жеке адамдар; материалдық заттар және қоғамдық қатынасқа қатысушылар арасындағы әртүрлі нысанда көрініс табатын өзара байланыстар.

Қоғамдық қатынастың маңызды элементі болып қоғамның мүдделері табылады. Мүдде - қоғамдық қатынастың нақты көрінісі. Адамның қоғамға қауіпті әрекеті немесе әрекетсіздігі қоғам, мемлекет және жеке адамдардың мүдделеріне зиян келтіргенде ғана ол қылмыстық мәнге ие болады.

Қылмыстық заңда қылмыс деп танылған кез келген қоғамға қауіпті іс-әрекет белгілі бір жағдайларда осы қоғамдық қатынастарға, мүдделерге зиян келтіреді немесе зиян келтіру қаупін туғызады. Сонда, қылмыстық құқықта қылмыс объектісі деп қоғамға қауіпті іс-әрекет неге бағытталған және ол неге зиян келтіреді соны айтады.

Қылмыстық заң қоғамдық қатынастардың барлығын емес, оның ішінде құнды, маңызды дегендерін ғана қорғайды және ол қатынастар өзгеріп отырады. Олардың өзгеруі көптеген мән-жайларға байланысты: ерекше тарихи кезеңге, уақыт ағымына, қандай да бір нақты жағдайға және т.б. Қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалатын аса маңызды қоғамдық қатынастардың шеңбері ҚК-ң 2-бабында анықталған: «адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, меншік, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығы, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделері, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі ң.

Қорғалатын объект маңызды болса, соған сәйкес қылмыс та қауіпті болып саналады, соған орай оны қылмыстық-құқықтық қорғауда қатаң түрде жүзеге асырылады.

Қылмыс объектісі түсінігі қылмыстық әрекеттің түсінігімен және қылмыстың материалдық белгісі - қоғамға қауіптілікпен тығыз байланысты. Себебі, тек әлеуметтік маңызды игілікке, мүддеге елеулі зиян келтірген немесе зиян келтіруі мүмкіндігі туындаған кезде ғана әрекет қылмыс деп танылады. Егер әрекет қылмыстық құқықпен қорғалатын қандай да бір мүддеге зиян келтіру қаупін тудырмаса немесе нақты зиян келтірмесе, не бұл зиянның қауіптілігі шамалы болса, онда әрекет қылмыс деп танылмайды.

Сонымен, қылмыстың объектісі дегеніміз - қылмыс жасаушы адам қол сұғатын және қылмыс жасау нәтижесінде зиян келтірілетін немесе елеулі зиян келтірілуі мүмкін қылмыстық заңмен қорғалатын әлеуметтік маңызды құндылықтар, мүдделер, игіліктер.

Қылмыс объектісінің қылмыстық құқықтағы маңызы жөнінде айтатын болсақ, оны мына жағдайлармен сипаттауға болады:

- 1). Қылмыс объектісі – кез келген қылмыстық іс-әрекеттің элементі, яғни кез келген әрекет тек қылмыстық заңмен қорғалатын құндылыққа, мүддеге, игілікке зиян келтірсе немесе зиян келтіру қаупін тудырса ғана қылмыс болып табылады.
- 2). Қылмыс объектісі - қылмыс құрамының міндетті белгісі. Тікелей қолсұғушылық объектісінен бірде бір қылмыс құрамы болмайды.
- 3). Қылмыс объектісі қылмыстық заңды кодификациялау үшін маңызды болып табылады. Топтық объектінің белгісі бойынша ҚК-ң Ерекше бөлімінде қылмыстар құрылған.
- 4). Қылмыс объектісін дұрыс анықтау қылмысты өзге де құқықбұзушылықтардан және аморальдық әрекеттерден ажыратуға мүмкіндік береді.
- 5). Қылмыс объектісі қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтауға көмектеседі.
- 6). Қылмыстың объектісі іс-әрекетті дұрыс саралауға және қылмыстарды бір-бірімен ажырату үшін шешуші және маңызды роль атқарады.

Сондықтан, қылмыс объектісі туралы мәселені дұрыс шешудің теориялық және практикалық маңызы жоғары.

§2. Қылмыс объектісінің түрлері

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объектілерін **жалпы, топтық және тікелей** деп бөлу қарастырылған. Объектіні мұндай түрлерге бөлу жалпы қоғамдық қатынастар жүйесіндегі нақты объектінің орнын дұрыс анықтауға және сол арқылы қол сұғушылықтың қоғамдық қауіптілігін түсінуге ықпал етеді.

Жалпы объект – бұл қылмыстық заңмен қорғалатын, барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы, яғни әртүрлі деңгейдегі қоғамдық қатынастар кіретін қылмыстық қорғау объектілерінің жүйесі. Қылмыстың жалпы объектісі жасалған қоғамға қауіпті әрекет құқық бұзушылықтың қандай тобына (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік немесе тәртіптік) жататындығын анықтау туралы мәселені шешуде маңызды болып табылады. Бұл мәселені шешудің заңдық негізі болып ҚК 2-бабы табылады. Онда қылмыстық заңмен қорғалатын маңызды қоғамдық қатынастардың тізімі берілген. Кез келген қылмыс қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қандай да бір нақты игілікке немесе мүддеге қол сұға отырып, соңында қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың барлық жүйесіне, яғни жалпы объектіге қол сұғады.


Қылмыстың **топтық объектісі** – бұл қылмыстық заңмен арнайы қарастырылған нормалар тобымен қорғауға алынған біртекті қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Топтық объект қылмыстың белгілі бір топтары қол сұғатын біртекті мүдделердің не игіліктердің тобын құрайтын жалпы объектінің бөлігі. Қоғамдық қатынастардың біртекті екендігі мүдделердің бір типті болуымен анықталуы мүмкін. Қылмыстың топтық объектісі ҚК-тің Ерекше бөлімінің жүйесін құрастыруда маңызды болып табылады, өйткені Ерекше бөлімнің тарауларға бөлінудің негізіне нақ осы топтық объектінің белгілері алынған. ҚК-тің Ерекше бөлімінің әрбір тарауында қорғалатын мүдделер бір тектес объектілер бойынша шоғырланған. Мысалы, топтық объектілерге – жеке адам, меншік, қоғамдық қауіпсіздік, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі және т.б. жатады.

Тікелей объект деп қылмыстық іс-әрекет арқылы қол сұғылатын нақты мүдделерді құрайтын топтық объектінің бір бөлігін айтамыз. Яғни, қол сұғушылық тікелей бағытталған мүдде. Мысалы, жеке адамға қарсы қылмыстарда тікелей объекті ретінде– нақты бір адамның өмірі, денсаулығы, бас бостандығы, арнамысы және т.б. табылады. Қылмыстың тікелей объектісі ұқсас қылмыстарды бір бірінен ажыратуға мүмкіндік беретіндіктен қылмысты саралау үшін маңызды болып табылады.

Негізінен, кез келген қылмыс нақты бір тікелей объектіге бағытталады. Алайда, бір уақытта екі бірдей объектіге қол сұғатын қылмыстар да кездеседі, оларды теорияда екі объектілі қылмыстар деп атайды. Мұндай жағдайларда тікелей объектіні екіге ажырату қажет: **негізгі объект және қосымша объект**. Тікелей объектінің қайсысы негізгі, ал қайсысы қосымша деген мәселе туғанда, қорғалатын объектінің құндылығы не маңыздылығына байланысты емес, оның біртектес, топтық объектіге қатыстылығы бойынша шешіледі. Мысалы, ҚК-ң 340-бабы «Сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу қылмысында адам өмірі құнды бола тұрса да, аталған қылмыс сот төрелігіне қарсы қылмыстарға жататындықтан негізгі тікелей объект болып – сот төрелігі, ал қосымша тікелей объектісі болып– адамның өміріне байланысты мүдделер табылады.

Қосымша объектінің екі түрі бар: **қажетті және факультативті**. Қылмыс жасау кезінде негізгі объектімен бірге зиян келетін немесе зиян келу қаупі туатын объектіні қажетті қосымша объект дейміз. Мысалы, ҚК 351-бабы «Көрінеу жалған сөз жеткізу қылмысында – сот төрелігі негізгі тікелей объект, ал жалған сөздің құрбаны болған адамның мүддесі қажетті қосымша объект болып табылады.

Факультативті қосымша тікелей объект дегеніміз қылмыс жасау кезінде зиян келуі де келмеуі де мүмкін мүдде.



Қажетті қосымша объект

Қажетті қосымша объект

§3. Қылмыстың заты мен құралы

Қылмыс объектісінен қылмыстың затын ажырата білу қажет. Қылмыс объектісі ретінде қарастырылатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру осы қатынастардың жеке элементтеріне, соның ішінде қолсұғушылық затына әсер ету арқылы жасалуы мүмкін.

Қылмыстың заты деп - қылмыс объектісінің элементі болып табылатын және қылмыс құрамының белгісі ретінде сипатталатын зат немесе объективті дүниенің басқа да заттары. Мысалы, мүлікті, яғни автокөлікті ұрлауда қылмыстың заты – автокөліктің өзі, ал объектісі сол автокөлік иесінің меншік құқығы. Кейде қылмыстың заты болып адам, яғни оның денесіне әсер ету арқылы объектіге қарсы қолсұғылады. Мұндай жағдайда «қылмыстың жәбірленушісің терминін қолданған дұрысырақ. ҚР ҚДЖК 75-бабының 1-бөлігіне сәйкес «қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілді деп ұйғаруға негіз бар адам жәбірленуші б.т.ң. Егер заң жәбірленушінің ерекше қасиетін (мемлекеттік қайраткер, прокурор, тергеуші, жүкті әйел) көрсеткен болса, мұндай жәбірленушінің қасиеттері қылмыс құрамының құрылымына енгізіледі. Қылмыстың жәбірленушісі тұлғасын зерттеумен криминология ғылымының «виктимология» деп аталған бағыты айналысады.

Сонымен, көптеген ғалымдар қылмыс заты ретінде қоғамдық қатынастың материалдық, заттай жағын көрсетеді. Зат – нақты зат, ал объект осы зат жөніндегі әлеуметтік қатынас. Қылмыс арқылы барлық уақытта объектіге зиян келтіріледі және бұл зиянды қалпына келтіруге немесе жоюға мүмкіндік бола бермейді, ал қылмыс заты көбіне қол сұғушылықтан жойылмайды, бүлдірілмейді, олай болған күнде оны қалпына келтіруге болады.

Қылмыс заты – кез келген қылмыс объектісінің қажетті, бірақ міндетті емес элементі, оған ықпал жасай отырып қылмыскер қылмыстық заң нормалары қорғайтын мүдделерге елеулі зиян келтіреді. Алайда, бірқатар авторлар (мысалы, профессор Е.І.Қайыржанов) затсыз қылмыс болмайды, кез келген қылмыстың заты болады деген де тұжырым айтады.

Қылмыс затына қылмыс құралының да қатысы бар. Қылмыстың құралы деп қылмыскердің ойлаған қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін пайдаланған құралын айтамыз. Мысалы, кісі өлтіруде құрал – мылтық, ұрлықта – лом, әскерден бұлтартуда – жалған құжат. Қылмыстың құралы кейбір жағдайда бір жағынан қылмыстың құралы болса, екінші жағынан қылмыстың заты болуы да мүмкін. Мысалы, ақша ұрлықта - қылмыс заты, ал парада - қылмыс құралы б.т. Қылмыстың заты мен құралы арасындағы айырмашылықты қылмысты жасау процесі кезіндегі бұл заттардың пайдалану сипатына қарап анықтау қажет. Сонымен бірге оның процесуалдық аспектісін де айта кету керек. Қылмысты тергеу және сот қарауы кезінде қылмыстың заты мен құралының одан әрі тағдыры әртүрлі шешіледі. Қылмыстың заты жәбірленушіге қайтарылуға жатса, ал қылмыс құралы барлық уақытта мемлекеттің тәркіленуге жатады.

Әдебиеттер:

- Глистин В.К. Проблемы уголовно - правовой охраны общественных отношений. Л., 1979
Каиржанов Е.К. Интересы трудящихся и уголовный закон. Проблемы объекта преступления. Алма-Ата, 1973
Коржанский Н.И. Объект преступления по советскому уголовному праву. М., 1960; Объект и предмет уголовно-правовой охраны. М., 1980
Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. М., 1960
Таций В.Я. Объект и предмет преступления по советскому уголовному праву. Харьков, 1982

7-тарау. Қылмыстың объективтік жағы

§1. Қылмыстың объективтік жағының түсінігі және оның қылмыстық-құқықтық маңызы

Адамның өмір сүруі әрқашанда қандай да бір әрекеттермен, яғни белгілі бір әлеуметтік қатынастарға байланысты табиғи ортаға не қоғамдық ортаға белсенді араласуымен көрінеді. Өзінің белсенділігін білдіре отырып, жеке тұлға қандай да бір оқиғаның пайда болуын тездетуге, өзгертуге немесе болдырмауға тырысады. Мұндай әрекеттер қоғам үшін пайдалы, зиянды немесе бейтарап болуы да мүмкін. Басқаша айтқанда, іс-қимылдың әрекет жағы қоршаған ортаға белгілі бір әсер етумен сипатталады.

Адам әрекеттерінің ішінде қылмыстық іс-әрекет өзінің қауіпті болуымен ерекшеленеді. Осы қылмыстық іс-әрекетінің сыртқы көрінісі белгілерінің жиынтығын қылмыстың объективтік жағы құрайды.

Жалпы мағынада, қылмыстың объективтік жағы бұл сыртқы дүние құбылыстары мен оқиғаларына адамның белсенді араласуы арқылы немесе құқықтық міндеттер жүктелген кезде араласудан бас тарту арқылы адамның ойлаған мақсатын әрекет жүзінде іске асыруы. Сондықтан да, адамның ойлары, пікірлері қоғамға қауіпті болған күннің өзінде, егер олар әрекет арқылы жүзеге асырылмаса қылмыс болып табылмайды.

Қылмыстың объективтік жағына қылмыстың сыртқы көрінісін сипаттайтын мына белгілер жатады:

- белгілі бір объектіге қол сұғатын әрекет немесе әрекетсіздік,
- қоғамға қауіпті зардаптар;
- әрекет немесе әрекетсіздік пен зардап арасындағы себепті байланыс;
- қылмыстың жасалу тәсілі, уақыты, орны, жағдайы және қаруы мен құралы;

Бұл объективті белгілер барлық қылмыс құрамдарына тән және олар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімінде зерттеледі.

Жоғарыда аталған қылмыстың объективтік жағының белгілері **міндетті және факультативті** болып екіге бөлінеді.

Міндетті белгісіне әрекет немесе әрекетсіздік нысандағы қоғамға қоғамға қауіпті іс-әрекет жатады. Өйткені, ешбір қылмыс белгілі бір нақты іс-әрекетсіз жасалмайды. Іс-әрекет ҚК Ерекше бөлім бабының диспозициясында тікелей көрсетіледі немесе соның мазмұнынан шығады.

Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативті белгілеріне: қоғамға қауіпті зардап, әрекет пен зардап арасындағы себепті байланыс, қылмыстың жасалу уақыты, орны, жағдайы, тәсілі және құралы жатады. Бұл белгілер кейбір жағдайларда, егер олар ҚК Ерекше бөлімі бабының диспозициясында көрсетілсе қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісіне айналады.

Қылмыстың объективтік жағының қылмыстың-құқықтық маңызын мынадай бірқатар жағдайлармен сипаттауға болады:

Біріншіден, қылмыстың объективтік жағы қылмыс құрамының міндетті элементі болып табылатындықтан қылмыстың жауаптылық негізіне кіреді.

Екіншіден, қылмыс құрамының объективтік жағының белгілері көпшілік жағдайларда қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтауға көмектеседі.

Үшіншіден, қылмысты дұрыс саралау үшін қылмыстың объективтік жағының маңызы елеулі.

Төртіншіден, қылмыстың объективтік жағы ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажырату, сонымен бірге қылмыстық әрекетті қылмыс емес әрекеттен ажыратудың бір критерийі болып табылады.

Бесіншіден, сотта жазаны жеке даралау кезінде қылмыстың объективтік жағының белгілері жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ретінде жасалған қылмысқа сәйкесті әділ жаза тағайындауға негіз болып табылады.

§2. Қоғамға қауіпті іс-әрекет және оның түрлері

Қылмыстық іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) кез келген қылмыстың объективтік жағының міндетті белгісі, өйткені ол объективтік жағының негізі, өзегі ретінде танылады. Әрекет немесе әрекетсіздік қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің әртүрлі нысанында және белгілі бір жағдайларда, уақытта және орында жасалуы мүмкін.

Қылмыстық құқықтық мағынада іс-әрекеттің құқықтық белгілері бар, олар қоғамға қауіптілік және құқыққа қайшылық. Іс-әрекеттің қоғамға қауіпті белгісі, яғни қылмыс болып табылатын іс-әрекет қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғады және елеулі зиян келтіреді немесе осындай зиян келтіру қаупін туғызады дегенді білдіреді. Сондықтан, қылмыстық заң бойынша қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет, егер оның қоғамға қауіптілігі мардымсыз, шамалы болса қылмыстық іс-әрекет деп танылмайды. Іс-әрекеттің құқыққа қайшылық белгісі бойынша, әлеуметтік баға, көзқарас тұрғысынан қарағанда қоғамға қауіпті болып табылатын әрекеттер, егер олар қылмыстық заңда қарастырылмаған болса да қылмыстық іс-әрекет деп танылмайды.

Іс-әрекет нақты, саналы және ерікті түрде жасалғанда ғана қылмыстық сипатқа ие болады. Адамның әрекеті оның еркінің сыртқы көрінісі, ол саналы түрде және белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалуы тиіс.

Әрекеттің сипаты адамның еркімен жасалған болса ғана оның кінәсі туралы мәселе туындайды. Сондықтанда адамның рефлекторлық, яғни сыртқы әсер етуден пайда болған дене қозғалысын, сандырақтап жатқан ұйқыдағы адамның қимылын адамның саналы, ерікті іс-әрекеті деп қарауға болмайды, себебі ол әрекеттер адамның өз ыркына бағынбайды. Мысалы, ырық бермейтін табиғат күшінің немесе дүлей күш көрсетудің әсеріне ұшыраған адамның әрекеті қылмыс емес. Сонымен бірге, егер күштеп мәжбүрлеуді жеңе алмады делік, мұндай жағдайда жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекет оны жасаған адамның қылмыстық жауаптылығын болдырмайтын мән-жайға айналады. Сонымен, қылмыстық іс-әрекет қоғамға қауіпті, қылмыстық құқыққа қайшы, саналы және ерікті түрде жасалғанда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Қылмыстық іс-әрекет әрекет немесе әрекетсіздік түрінде көрінеді.

Әрекет адамның белсенді іс-қимылы және қоғамға қауіпті іс-әрекеттің кең тараған түрі. ҚР ҚК Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстардың басым көпшілігі осы белсенді әрекетпен жасалады. Кез келген әрекеттің негізінде адамның белгілі бір мақсатқа жетуді жүзеге асыруға бағытталған саналы дене қимылы жатыр. Қылмыстық әрекет адамның бір әрекетінен немесе бірқатар жеке, бір бірімен байланысқан әрекеттерінен құралады. Мысалы, адам бір қылмысты жасау үшін оған ең алдымен дайындалады (қылмыстың орнын, уақытын, қаруын іздеу және т.б.).

Қылмыстық әрекеттерді жасау кезінде субъект әртүрлі қаруларды, механизмдерді, техникалық процестерді, жануарларды немесе басқа адамдарды, олардың есінің дұрыс еместігі, жастығын немесе жағдайды ұғына алмауын пайдаланып қылмыс жасауы мүмкін. Мысалы, егер қылмыс субъектісі үйретілген итті пайдаланып басқа адамның денсаулығына зиян келтірсе, мұнда ит қылмыс құралы болып табылады да, иттің иесі қылмыстың субъектісі ретінде жауапқа тартылады.

Әрекетсіздік - қоғамға қауіпті іс-әрекеттің екінші түрі. Әлеуметтік және құқықтық қасиеті бойынша әрекетсіздік әрекетке ұқсас. Ол да әрекет сияқты сыртқы дүниеге белгілі бір өзгеріс әкелуге және әсер етуге қабілетті. Алайда, әрекетке қарағанда әрекетсіздік адамның белгілі бір әрекетті жасауға міндетті немесе оны жасауға мүмкіндігі бола тұра сол әрекетті жасамау түріндегі бәсең, енжар әрекеті.

Қылмыстық заңда объективтік жағы әрекетсіздікпен сипатталатын қылмыстар бар, бірақ шамалы.

Әрекетсіздік қылмыстық заңға қайшы болса ғана қылмыстық-құқықтық мағынаға ие болады, яғни әрекет жасау міндеттілігі қылмыстық заң нормалары талаптарынан туындауы тиіс.

Әрекетсіздік үшін қылмыстық жауаптылыққа тартудың міндетті шарттары болып, адамның заңда жүктелген міндеттерді орындамауы және орындауға мүмкіндігінің болуы табылады. Нақты әрекеттерді жасау міндеттері адамға заң тарапынан, кәсіби немесе қызметтік жағдайынан жүктелуі мүмкін. Мысалы, ҚК 152-бабы бойынша, қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитария ережелерін немесе еңбекті қоғаудың өзге де ережелерін осы ережелерді сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның бұзуы қылмысында ҚР еңбек туралы заңының талаптарын орындамау түріндегі әрекетсіздік. Қызметтік міндетті орындамау түріндегі әрекетсіздік, мысалы, ҚК 118-бабы бойынша науқасқа дәрігердің көмек көрсетпеуі түріндегі әрекетсіздік.

Әрекетсіздік үшін жауаптылық міндеттен басқа, адамның өзіне жүктелген міндетті орындауға мүмкіндігі болған кезде ғана қарастырылады. Әрекет етуге мүмкіндігінің бар екендігін анықтауда белгілі бір нақты жағдайдағы адамның мүмкіндіктері ескеріледі. Егер қажетті және міндетті әрекеттер адамның еркінен тыс жағдайларға байланысты орындалмаса, ол адам әрекетсіздік үшін жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Белгілі бір нақты жағдайда адамның жүктелген міндетті орындауға мүмкіндігінің болған, болмағандығы туралы мәселені сот қылмыстың объективтік жағдайларын және адамның субъективтік мүмкіндіктерін ескере отырып шешеді.

§3. Қоғамға қауіпті зардаптар

Қылмыс құрамы объективтік жағының келесі белгісі болып қоғамға қауіпті зардаптар немесе қылмыстық зардаптар табылады.

Қылмыстық зардаптар деп адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде қоршаған ортада болған және қылмыс құрамының объективтік белгілеріне жататын өзгерістерді түсіну қажет.

Кез келген қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық заңмен қорғалатын жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қол сұғады, сондықтан ол зиянды, қауіпті. Ол зиян келтіре отырып қоғамдық қатынасты бұзады және осы қатынастарда зиянды өзгерістерді тудырады.

Сипатына қарай қоғамға қауіпті зардаптарды екі үлкен топқа бөлу қалыптасқан:

- 1). материалдық зардаптар,
- 2). материалдық емес зардаптар.

Көп жағдайларда **материалдық зардаптарға** азаматтарға, заңды тұлғаларға және мемлекетке келтірілген мүлкіктің зиянды және жеке адамға келтірілген дене зиянын жатқызады. Яғни, материалдық зардаптар сыртқы дүниенің белгілі бір заттарын жою, бүлдіру, қасиетін өзгертумен немесе оларды тұрақты немесе уақытша пайдалану мүмкіндігінен айырумен байланысты зардаптар ретінде түсіндіріледі.

Сонымен, материалдық зардаптарға тікелей келтірілген зияндар, алынбаған пайда, қажеттіні алмау

азаматтың денсаулығына келтірген зиянды қалпына келтірумен байланысты шығыстар жатқызылады.

Мүліктік зиян түріндегі материалдық зардаптарды оның құнының өлшемімен немесе ақшалай есептейді. Бұл меншікке қарсы қылмыстардың барлығында кездеседі және экономикалық мүддеге қарсы қылмыстар тарауында көптеп кездеседі. Қылмыстық заңның өзінде қылмыстардың материалдық мүліктік зардабы мына көрсеткіштермен де анықталады "ірі мөлшер", "ірі зиян", "елеулі мөлшер" және т.б.

Ал жеке адамға келтірілген дене зиян түріндегі материалдық зардаптар мүліктік зиянға қарағанда сандық жағынан өлшенбейді. Мысалы, адамның денсаулығы немесе биологиялық өлімін өлшеу мүмкін емес. Зиян келтіру дәрежесін бағалау адам денсаулығының нақты жағдайымен анықталады. Бұл жөнінде ҚР Қылмыстық Кодексі адамның денсаулығына зиян келтірудің үш түрін қарастырады – ауыр, орташа және жеңіл. Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесі медициналық көрсеткіштермен анықталады.

Материалдық емес зардаптар деген қылмыстық заңмен қорғалатын қатынастарға қатысушылардың мүдделерін сыртқы дүниенің материалдық заттарына және адамның денесіне әсер етпей бұзумен ұштасқан жағымсыз өзгерістерді білдіреді. Материалдық емес зардаптарға – саяси, моральдық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және т.б. зияндар жатады. Мысалы, саяси зиян - мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарда ұйымдастырушылық зиян- мемлекеттің қызмет мүдделеріне, басқару тәртібіне қарсы қылмыстарда, ал моральдық зиян – жеке адамға қарсы қылмыстарда, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстарда кездеседі.

Қылмыстық заң қылмыс арқылы бұзылған қоғамдық қатынастың әлеуметтік құндылығын, зиянның пайда болу себептері мен оның мөлшерін, әрекеттің субъектілері мен оның субъективтік жағын және басқа бірқатар жағдайларды ескеріп және осыған байланысты қылмыстық-құқықтық қатынастың пайда болуын зиянның тууымен байланыстырып немесе байланыстырмай анықтайды. Сондықтан бір жағдайларда қылмыстық зардап қылмыстық-құқықтық қатынасты тудырушы заңдық факті ретінде танылып заңның тиісті бабының диспозициясында көрініс табады. Ал екінші жағдайларда қылмыс зардабы қылмыс құрамының факультативті, міндетті емес элементі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты қылмыс құрамдарын материалдық және формальдық құрамдарға бөлу негізделген.

Сонымен бірге, қылмыстық зардаптың ауырлық дәрежесі Қылмыстық Кодекстің тиісті баптарындағы ауырлатылған немесе аса ауырлатылған қылмыс құрамдарын бөлудің негізінде жатыр. Мысалы, адам өлімі ауырлатылған қылмыс құрамының белгісі ретінде ҚК көптеген баптарында (233-баптың 3-бөлігінің "в" тармағы, 256-баптың 2-бөлігі) қарастырылған.

Қоғамға қауіпті зардаптардың маңыздылығын мына жағдайлар түсіндіреді:

- 1) Қоғамға қауіпті зардаптар әрекетті қылмыстандырудың басты негізі болып табылады;
- 2) Қоғамға қауіпті зардаптар барлық қылмыс құрамдарының міндетті элементі бола тұра қылмысты саралауға қатысады;
- 3) Қоғамға қауіпті зардаптар жаза тағайындау кезінде жауаптылықты ауырлататын жағдайлар ретінде ескеріледі;
- 4) Қоғамға қауіпті зардаптар қылмысты қылмыс емес құқықбұзушылықтардан және аморальдық әрекеттерден ажыратудың критерийі болып табылады.

§4. Іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасындағы себепті байланыс

Материалдық құрамдағы қылмыстар адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың міндетті шарты болып оның жасаған іс әрекеті мен осы іс әрекет нәтижесінде туындаған зиянды зардап арасындағы себепті байланыстың болуы табылады. Яғни, туындаған қоғамға қауіпті зардап қандай да бір үшінші тұлғаның немесе сыртқы күштің әсерінен емес адамның нақ осы әрекетінің не әрекетсіздігінің нәтижесінде келтірілген дігін анықтау қажет. Сондықтан адамның белгілі бір әрекеті қылмыстық сипатқа, егер бұл әрекет қылмыстық заңда қарастырылған қоғамға қауіпті зардаптарға әкеп соқса немесе әкеп соғу қаупін тудырған болса ғана ие болады.

Себепті байланыс – бұл құбылыстардың өзара байланысы. Мұнда бір қылмыс екінші қылмыстың пайда болуына себеп болады. Ал себеп – бұл құбылыстардың, заттардың, процестердің өзара тәуелділігінің, байланыстылығының және жалпы объективтік байланыстың бір нысанын білдіретін философиялық категория. Себеп деп салдар ретінде қарастырылатын екінші құбылысты тудыратын құбылысты түсіну қажет.

Қылмыстық құқықта қоғамға қауіпті іс-әрекет философиядағы "себеп" категориясына, ал қоғамға қауіпті зардап "салдар" категориясына бара-бар ұғымдар. Алайда, белгілі бір жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыс зардабының себебі деп тану үшін, біріншіден, ол іс-әрекет ерікті, саналы, негізді және мақсатқа лайықты жасалуы қажет. Егер адамның еркі не таңдауы тойтарылмайтын табиғи күшпен, күштеп зорлаумен не өз әрекетін басқаруға мүмкіндік бермейтін өзге де сыртқы күштермен тоқтатылса ол әрекеттің қылмыстық құқықтық мағынасы жатылады. Сонымен бірге екіншіден, іс-әрекеттің авторы қажетті қылмыстық-құқықтық қасиеттерді иеленуі тиіс: есі дұрыстық және жауаптылық жасына толуы.

Үшіншіден, адамның іс әрекеті кемінде қоғамға қарсы, яғни белгілі бір зиянды зардаптарды тудыру

мүмкіндігін иемденетін әрекет болуы тиіс. Егер әрекет қоғамға пайдалы не бейтарап болса, онда себепті байланыс жөнінде мәселе тумайды. Мысалы, көшеде мас күйінде жатқан адамды аяғына тұрғызып үйіне бағыттап жіберген адамның әрекеті мен үйіне бара жатқан мас адамның бірнеше қадам басқаннан кейін автомобильдің астына түсіп жарақат алуының арасында себепті байланыс жоқ. Бұл жағдайда адамның әрекеті әлеуметтік пайдалы болғандықтан қоғамға қауіпті зардапты тудырушы әрекет деп танылмайды.

Төртіншіден, адамның қоғамға қауіпті әрекеті қылмыстық зардаптың себебі болып танылу үшін ол әрекет зиян келтірудің қажетті жағдайы болып табылуы қажет. Себепке қарағанда жағдай – бұл екінші құбылысты тікелей тудырмайтын, бірақ себепке ықпал ете отырып оның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін құбылыс. Жағдайлар себептің тууына және оның әрекет етуіне ықпал етеді.

Бесіншіден, мезгілі, уақыты жағынан қылмыстың объективтік жағын құрайтын іс әрекет қоғамға қауіпті зардаптың алдын алуы қажет. Яғни, қоғамға қауіпті зардап қоғамға қарсы іс әрекет жасалғаннан кейін, осы іс-әрекеттің нәтижесінде туындауы тиіс.

Алтыншыдан, белгілі бір қылмыста себепті байланыс бар деп тану үшін іс әрекет пен зардап арасындағы объективті байланыспен қатар субъективті байланыс – кінәні анықтау қажет. Себебі, кездейсоқ зиян келтіру кезінде қылмыстық жауаптылық себепті байланыстың болмауынан емес кінәнің болмауынан туындамайды. *Мысалы, 14 жасар А. Д-мен ойнап жүріп, Д-нің басына қолымен ұрып жібереді. Д. сол жерде аз уақыттан соң өледі. Сот дәрігерлік сараптама қорытындысы бойынша, Д. ертеректе мұзға басымен жығылғандықтан, оның бас сүйегі сынады. Сол сынған сүйекті дәрігерлер алып тастап оның үстіндегі сыртқы терісін тігіп қана қойғаны анықталған. Ал 14 жасар А. Д-ны ұрғанда оның жұдырығы дәл сол сүйегі алынған жерге тиетінін және оның мұндай жарақаты бұрыннан бар екендігін білмей ұрады.*

Себепті байланысты анықтау тек қоғамға қауіпті әрекетпен жасалатын қылмыстарда ғана емес, қоғамға қауіпті әрекетсіздікпен сипатталатын қылмыстарда да маңызды болып табылады. Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында әрекетсіздік пен зиянды зардаптар арасындағы себепті байланысты анықтау қажеттілігі тікелей көрсетіледі. *Мысалы, ҚК 114-бабында "Медицина қызметкерінің кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыздығы немесе оған адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл әрекеттер адамның қайтыс болуына әкеп соқса" жауаптылықты қарастырады.*

Сонымен, іс-әрекет пен зардап арасындағы себепті байланыс әрекет немесе әрекетсіздікпен жасалатын материалдық құрамдағы қылмыстардың объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады.

§5. Объективтік жақтың факультативті белгілері

Қылмыстың объективтік жағына сипаттама беру үшін қылмыстың жасалу тәсілі, уақыты, орны, жағдайы және құралы маңызды болып табылады. Бұл белгілер кез келген қылмысқа тән, өйткені кез келген қылмыс әрқашанда жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне әсер ететін белгілі бір уақытта, нақты орында, жағдайда, қандай да бір қаруды қолданып немесе белгілі бір амал тәсілдердің көмегімен жасалады. Алайда, құқықтық табиғаты бойынша олар қылмыс құрамы объективтік жағының факультативті, міндетті емес элементтері деп танылады.

Кей жағдайларда, егер заңшығарушы осы аталған белгілердің бірін немесе бірнешеуін ҚК Ерекше бөлімі бабының диспозициясында тікелей көрсетсе, олар қылмыс құрамының міндетті белгілеріне айналып, қылмысты саралауға қатысады. *Мысалы, ҚК 97-бабындағы "Анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде өлтіруі" қылмысында қылмыстың жасалу уақыты, ҚК 128-бабындағы "Адамдарды алдау жолымен жасалған нәпсіқұмарлық немесе өзге де пайдалану үшін, азғырып көндіру" қылмысында қылмыстың жасалу тәсілі, ҚК 223-бабында "Тұтынушыларды алдау тауарлар сататын немесе халыққа қызмет көрсететін дүкендерде немесе басқа кәсіпорындарда жасалса..." мұнда қылмыстың жасалу орны қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде қарастырылады.*

Объективтік жақтың факультативті белгілері деп аталатын қылмыстың жасалу орны, уақыты, жағдайы, тәсілі және құралы ҚК Ерекше бөлімі бабының диспозициясында көрсетілсе, жасалған іс-әрекеттің қауіптілік дәрежесіне ықпал ететіндіктен жазаның түрі мен мөлшерін анықтау кезінде міндетті түрде ескеріледі. Көбінесе бұл белгілер жауаптылықты ауырлатушы жағдайлар ретінде танылады.

Қылмыстың жасалу уақыты – бұл қылмыс жасалған белгілі бір жыл, ай, тәулік, сағатпен есептелетін уақыт аралығы. ҚК Ерекше бөлімінің баптарында объективтік жақтың белгісі ретінде қылмыстың жасалу уақыты сирек кездеседі. *Мысалы, ҚК 335-бабы "Төтенше жағдайлар кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық жасау, сол сияқты осындай жағдайда ұйымдардың жұмысына кедергі келтіру".*

Ал кейбір жағдайларда қылмыстың жасалу уақыты жауаптылықты ауырлататын немесе аса ауырлататын белгі ретінде қарастырылады. *Мысалы, ҚК 373-бабының 3-бөлігі бойынша "Қашқындық әрекеті соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалса" жауаптылықты аса ауырлатады.*

Объективтік жақтың келесі факультативті белгісі - қылмыс жасалатын нақты объективтік жағдайларды құрайтын **қылмыстың жасалу жағдайы**. Бұл жағдайлар бірде жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір жоғарлатып, жауаптылықты ауырлатушы белгі ретінде танылса, кейде жеңілдетілген қылмыс құрамын құрауға септігін тигізеді. *Мысалы, ҚК 120-бабы 3- бөлігінің "з" тармағы бойынша зорлау*

қылмысы қоғамдық зілзала жағдайларын пайдаланып немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалса жауаптылықты аса ауырлатады. Ал, ҚК 99 және 109- баптарында қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру негізгі құрамға қарағанда жеңілдетілген қылмыс құрамдарын құрайды.

Қылмыстың жасалу тәсілі – бұл қылмысты жасау үшін адамның қолданған әдіс, амалдары. Олар әртүрлі нысанда көрінеді: күш қолдану, қорқыту, алдау, сенімге қиянат жасау, қатыгездік немесе аса қатыгездік, жасырын түрде, құжаттарды бұрмалау және т.б.

Бірқатар қылмыстар тек белгілі тәсілмен ғана жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда қылмыстың тәсілі заңда қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде көрсетіледі. Мысалы, меншікке қарсы талан-тараж қылмыстары бір-бірінен осы қылмыстың жасалу тәсілі бойынша ажыратылады. ҚК 175-бабы "Ұрлық", яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау, ҚК 178-бабы "Тонау", яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау қылмыстарын айтуға болады.

Қылмыстың жасалу тәсілі әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне елеулі әсер ететін жағдайда заңшығарушы оны әрекеттің ауырлатушы белгісі ретінде қарастырады. Мысалы, ҚК 145-бабының 2-бөлігі бойынша тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытып жасалса жауаптылықты ауырлатуға негіз болады.

Қылмыстың жасалу орны деп қылмыс оқиғасы болған, яғни қылмыстық әрекет басталған, аяқталған немесе қылмыстық нәтиже туған белгілі бір аумақты айтамыз.

Объективтік жақтың басқа факультативті белгілері сияқты қылмыстың жасалу орны да, егер ол нақты қылмыс құрамының міндетті белгісі ретінде заңшығарушымен қылмыстық-құқықтық нормаға енгізілсе, әрекетті саралауға әсер етеді. Мысалы, ҚК 246-бабы "Жарылыс қаупі бар объектілерде немесе жарылыс қаупі бар цехтарда қауіпсіздік ережелерін бұзу", ҚК 385-бабы "Шайқас даласында өлгендермен жаралғандардың заттарын ұрлау", ҚК 329-бабы "ҚР мемлекеттік туын сауда кемесінде заңсыз көтеру". Ал мына қылмыстарда қылмыстың жасалу орны жауаптылықты ауырлататын белгі ретінде қарастырылады. Мысалы, ҚК 178-бабының 2-бөлігі "г" тармағы "Тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау", ҚК 285-бабының 2-бөлігі "Төтенше экологиялық жағдай аумағында жерді бүлдіру".

Ал басқа жағдайларда қылмыстың жасалу орнын әрекеттің қауіптілік дәрежесіне әсер етуші факультативті белгі ретінде жазаның түрі мен мөлшерін таңдау кезінде сот ескереді.

Қылмыс жасау құралы мен қаруы маңыздылығы жағынан қылмыстың жасалу тәсілінен кейін екінші тұрады. Олар іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне елеулі ықпал ететін қылмыс құрамының элементтері.

Қылмыстың қаруы мен құралы деп жанды және жансыз компоненттерді қолданып кінәлінің қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне әсер ету әдістерін айтамыз.

Қылмыс құралына мысалы, газ, от, жануарлар, жас өспірімдер мен есі дұрыс емес тұлғалар, химиялық заттар, арнаулы техникалық құралдар және т.б. жатады.

Қылмыстың қаруы – бұл материалдық объектілерге әсер ететін заттар. Оларға: атыс қаруы, суық қару, құрылғылар қару ретінде пайдаланатын өзге де заттар жатады.

Қылмыс құралы мен қаруы ҚК мына баптарында міндетті белгі ретінде кездеседі: ҚК 125-бабының 2-бөлігі "г" тармағы, ҚК 129-бабының 2-бөлігі, ҚК 143-бабының 2-бөлігі.

Әдебиеттер:

- Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления. М., 1960
- Михлин Н.И. Способ совершения преступления и уголовная ответственность. Харьков, 1982
- Землюков С.В. Уголовно-правовые проблемы преступного вреда. Новосибирск, 1991
- Тер-Акопов А.А. Бездействие как форма преступного поведения. М., 1980
- Тимейко Г.В. Общее учение об объективной стороне преступления. Ростов-на-Дону, 1977
- Кузнецова Н. Ф. Проблемы криминологической детерминации. М., 1984
- Панов Н. И. Способ совершения преступления и уголовная ответственность. Харьков, 1982
- Церетели Т.В. Причинная связь в уголовном праве. М., 1963

8-тарау. Қылмыстың субъектісі

§1. Қылмыс субъектісінің түсінігі

Қылмыстың субъектісі - қылмыс құрамының міндетті элементтерінің бірі. Есі дұрыс, қылмыстық заңда белгіленген жасқа толған қылмыс жасаған адамдар ғана қылмыс субъектісі бола алады.

ҚК-ң Жалпы бөлімінде қылмыс субъектісінің белгілерін анықтайтын бірнеше нормалар қарастырылған. ҚК-ң 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес "есі дұрыс, қылмыстық кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс".

Заңшығарушы қылмыс субъектісінің белгілерін көрсете отырып, қылмыс субъектісі ретінде кез келген қылмыс жасаған адам емес, тек қылмыстық жауаптылыққа қабілетті, белгілі бір қасиеттермен нышандарды иемденетін адамды ғана таниды. Сонда субъектінің барлық қасиеттерінің ішінде заңшығарушы адамның мемлекетпен қылмыстық құқықтық қатынасқа түсуге және қылмыстық жауаптылықты өтеуге қабілетті екендігін куәландыратын қасиеттерін ғана бөліп көрсетеді.

ҚК 14-бабы қылмыс субъектісін сипаттайтын негізгі үш бөлігін қарастырады:

- 1) жеке адам,
- 2) есі дұрыстық;
- 3) қылмыстық жауаптылық жасына толу.

Осы үш белгінің міндетті жиынтығы қылмыс субъектісін құрайды, олардың кемінде біреуі болмаса қылмыстың субъектісі жоқ, тиісінше қылмыс құрамы да жоқ деген сөз.

Қылмыстық заңда "жеке адамды" қылмыс субъектісінің белгісі ретінде көрсету заңшығарушының қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеке даралау қағидасын ұстанатындығын білдіреді. Сондықтан ҚР қылмыстық құқығы бойынша қылмыстық жауаптылық әрқашанда қатаң түрде жеке сипатты иемденеді, яғни жауаптылыққа тек қылмыс жасаған немесе қылмыс жасауға қатысқан жеке адам ғана тартылады. Жеке адамдар дегеніміз - ҚР азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар.

Қылмыс субъектісі ретінде тек жеке адамдарды тану – заңды тұлғалар, яғни мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер қылмыс субъектісі бола алмайды деген мағынаны білдіреді, яғни ұжымдық жауаптылық қағидасы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Сонымен, қылмыс субъектісі болып қылмыс жасау кезінде өз әрекеттерін ұғына алатын, оған басшылық жасауға мүмкіндігі бар және оның зардаптарының мағынасы мен маңызын түсінуге қабілетті жеке адам танылады. Сондықтан, адамның өз іс-әрекеттеріне есеп беру және оны басқару қабілеттерінің қылмыстық құқықтық мағынасы бар. Адамда мұндай қасиеттердің болуы оның есінің дұрыстығын білдіреді.

Есі дұрыстық - қылмыс субъектісінің міндетті белгісі, адамның кінәсін анықтайтын заңдық және іс жүзіндегі алғышарты.

Есі дұрыстықпен қатар адамның жасы да нақты қылмыс үшін адамды қылмыс субъектісі деп танудың негізгі, қажетті белгісі болып табылады. Қолданыстағы қылмыстық заңға сәйкес жалпы қылмыстық жауаптылық туындайтын жас – 16 жас, ал ҚК 15- бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстардың түпкілікті тізімі үшін –14 жас деп белгіленген.

Қылмыс жасаған адамның есінің дұрыс болуы және қылмыстық заңмен белгіленген жасқа толуы қылмыс субъектісінің жалпы заңдық белгілері болып табылады және олар барлық қылмыс құрамдары үшін міндетті.

Қылмыс субъектісін сипаттағанда оның жауаптылығын анықтау және оған жаза тағайындау үшін қылмыскер жеке басының белгілері маңызды роль атқарады. "Қылмыс субъектісі" және "қылмыскердің жеке басы" бір біріне жақын болғанымен бірдей емес ұғымдар. Негізінен "қылмыскердің жеке басы" криминолог-

гия ғылымында зерттелсе, "қылмыс субъектісі" қылмыстық құқық ғылымында зерттеледі. Қылмыскердің жеке басы қылмыс субъектісіне қарағанда кең мағына береді. Қылмыскердің жеке басы дегеніміз - қылмыскерді жалпы адам ретінде сипаттайтын барлық әлеуметтік қасиеттердің, байланыстардың және қатынастардың жиынтығы. Оған адамның әлеуметтік байланыстары (саяси, еңбек, тұрмыстық, отбасындағы және т.б.); оның өнегелік-саяси қасиеттері (дүниетанымы, сенімі, құштарлығы); оның психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктері (интеллекті, еріктік қасиеттері, сезімдік ерекшеліктері, қызбалығы); оның демографиялық және жаратылыс ерекшеліктері (жынысы, жасы, денсаулық жағдайы); оның өмірбаяны, өмір тәжірибесі, білімі, қоғам алдында сіңірген еңбегі және т.б. қасиеттері кіреді.

Ал "қылмыс субъектісі" ұғымы осы жоғарыдағы қасиеттердің ішінде тек бір бөлігін, есі дұрыстық және қылмыстық жауапқа тартылу жасына толу белгілерін ғана қамтиды.

Қылмыскердің жеке басының ерекшеліктері жаза тағайын дағанда, оны жеке даралағанда, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату және т.б. мәселелерді шешу кезінде ескеріледі.

§2. Есі дұрыстық және есі дұрыс еместік

Қылмыс адамның кез келген іс-қимылы сияқты адамның санасы мен еркі арқылы анықталады және бақыланады. Қылмыс жасау кезінде адам алдына қойған мақсатына қол жеткізу үшін заңсыз тәсілдерді саналы түрде пайдаланады. Ол өз әрекетінің қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы екендігін ұғынады және осы әрекеттің зардаптарының қоғамға зиян келтіретінін біледі. Бұл адамда таңдау еркі бар деген сөз, яғни әрекеттің заңдық түрін таңдауға қабілетті және мүмкіндігі бар бола тұра, ол саналы түрде қылмыстық жолды таңдайды. Өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің сипаты мен зардабын ұғыну қабілеті арқылы есі дұрыс адам есі дұрыс емес адамнан ажыратылады. Сондықтан есі дұрыстық - қылмыс субъектісінің міндетті, ажырамас заңдық белгісі.

Аталып өткендей, есі дұрыстық дегеніміз - қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған кезде өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің іс жүзіндегі сипатын, қоғамға қауіптілігін ұғына алатын, оны басқара алатын қабілет. Есі дұрыстық ұғымы кінә түсінігімен тығыз байланысты, себебі тек есі дұрыс адам ғана кінәлі деп танылады. Адамның қылмыс жасау кездегі психикалық жағдайын сипаттайтын есі дұрыстық сот-психиатриялық сараптама комиссияның қорытындысымен анықталады. Алайда, адамды есі дұрыс немесе есі дұрыс емес деп тану туралы шешімді шығару соттың құзыретінде. Адамды есі дұрыс деп танудың салдары болып адамға жасаған қылмысы үшін жауап беру міндетін жүктеп, оны жауаптылық пен жазаға тарту табылады.

Есі дұрыстық туралы сөз қозғағанда, қылмыстық заңда толық және шектелген есі дұрыстық мәселелері қарастырылғанын да айту қажет. ҚР Қылмыстық Кодексіне алғаш рет есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылған адамның қылмыстық жауаптылығы туралы бап енгізілді. ҚК-ң 17-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыс жасаған кезінде психикасының бұзылуы салдарынан өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемінде ұғына алмаған не оған ие бола алмаған есі дұрыс адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Мұнда есі дұрыстықтың бір түрі - шектеулі есі дұрыстық жөнінде сөз болып отыр.

Шектеулі есі дұрыстық кезіндегі психиканың бұзылуы дегеніміз қылмыс жасаған адамның өз іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын осындай психикалық аурудан іс-әрекетіне ие болу қабілетінің елеулі азаюы.

Есінің дұрыстығы шектеулі адам психикасының ауытқуынан күйзелісте болады, бірақ біршама төмен болса да өз іс-әрекетіне есеп беру және оны басқару қабілетін сақтайды. Шектеулі есі дұрыстық кезінде адамның психикалық жағдайы есі дұрыстық пен есі дұрыс еместік жағдайларының аралығында болады.

ҚК 17-бабының 2-бөлігіне сәйкес есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психиканың бұзылу жағдайын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдетуші мән жай ретінде ескереді және ол Қылмыстық Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін де негіз бола алады.

Өз әрекетінің маңызын ұғынуға немесе сол қылмыстық заңда көзделген әрекетті жасау кезінде оған басшылық жасауға қабілеті жоқ адам психикасының қалыпты еместігіне байланысты есі дұрыс емес деп танылады, мұндай адамдар қылмыс субъектісі бола алмайды. Өйткені, бұлардың әрекетінде қылмыстық жауаптылықтың алғышарты болып табылатын кінә жоқ.

Есі дұрыс еместіктің ұғымы мен оның белгілері ҚК-ң 16- бабында былай деп жазылған "Қылмыстық Кодексте көзделген қоғамға қауіпті әрекетті жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, кемақылдылығы немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес".

Есі дұрыс еместіктің ұғымын ашу кезінде қылмыстық құқық ғылымы екі критерийлерді пайдаланады: заңдық немесе психологиялық және медициналық немесе биологиялық.

Адамды есі дұрыс емес деп тану үшін медициналық және заңдық критерийлердің жиынтығы қажет. Тек олардың біреуінің болуы адамды есі дұрыс емес деп тануға негіз бола алмайды.

Есі дұрыс еместіктің медициналық критерийі, ҚК-ң 16- бабының 1-бөлігінде көрсетілген психикалық қызметтің дертті бұзылуының төртеуінің біреуі болуын талап етеді. Олар:

- 1) созылмалы психикалық ауру;
- 2) психиканың уақытша бұзылуы;
- 3) кемақылдылық;
- 4) психиканың өзге де дертке шалдығуы;

Созылмалы психикалық ауру бұл жазылуы қиын психиканың бұзылуы ұзақ уақытқа созылатын жан ауруы. Кейде бұл ауруда психиканың бұзылуы біртіндеп үдеуі немесе төмендеуі мүмкін, бұл аурудың кейін тұрақты психикалық дефект (ақау) қалдыру қабілеті де бар. Мұндай психикалық ауруларға: шизофрения, эпилепсия (қояншық), үдемелі сал, ми мүшесі (параноя) және т.б. жатады.

Психиканың уақытша бұзылуы – уақытша болатын кейбір жағдайда бірнеше минуттан бірнеше сағат дейін, ал кейде бірнеше күн, апта, ай болатын және толық айығып кетумен аяқталатын психикалық ауру. Бұл ауруға патологиялық мас болу, патологиялық аффект, сананың тұмандануы жатады.

Кемақылдылық - туа біткен немесе ерте жаста пайда болған психикалық қызметтегі патологиялық өзгеріс (олигофрения). Сондай-ақ жарақаттан, жұқпалы және басқа аурулардан мида болған органикалық өзгерістің салдарынан адамның қалыпты ойлау қабілетінің бұзылуы немесе нашарлауы салдарынан болған

ауру. Кемақылдылық адамның ойлау қабілетінің төмендігінен, танымның және пайымдаудың нашарлығынан, өз әрекетін дұрыс бағалай алмайтындығынан көрініс табады. Ойлау қызметінің бұзылуы дәрежесіне байланысты кемақылдылықтың 3 дәрежесі болады:

- 1) идиотия (ең ауыр дәрежесі);
- 2) имбецильдік (орта);
- 3) дебильділік (жеңіл);

Психиканың өзге де дертке ұшырауы – психиканың бұзылуының жоғарыда көрсетілген үш түріне жатпайтын, адам психикасының бұзылуына әсер ететін әртүрлі аурулар. Бұған кейбір жұқпалы аурулар (іш сүзегі, бөртпе сүзегі, ішкі органдар ауруының және зат алмасудың ауыр түрлері, мидың жарақат тануы) әсерінен адамның сандырақ күйге түсуі кезіндегі адам психикасының уақытша бұзылуы жатады.

Психикалық аурудың, тіптен созылмалы психикалық аурудың болуы қылмыстық заңда көзделген әрекетті жасаған адамның есі дұрыс еместігі туралы мәселені шешуге жеткіліксіз. Психикалық аурудың қарқыны әртүрлі болады, кейде ол адамды өз іс-әрекетінің мазмұнын ұғына алмайтын және оған ие бола алмайтын жағдайға дейін жеткізеді. Сондықтан да медициналық критерий заңдық критериймен толықтырылады.

Заңдық немесе психологиялық критерий екі белгіні қамтиды:

- 1) интеллектуалдық
- 2) еріктілік

Заңдық критерийдің интеллектуалдық белгісін заңшығарушы мына сөздермен келтіреді: "Адам... өз іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған".

Есі дұрыс еместіктің интеллектуалдық белгісі психикалық аурудың салдарынан адам санасының бұзылғандығын білдіреді. Өз іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипатын ұғына алмау өзі жасаған әрекеттің мәнін адамның түсіне алмағандығын, жасаған әрекеті мен туған зардаптың арасындағы себепті байланысты түсінбейтіндігін көрсетеді.

Заңдық критерийдің еріктілік белгісі – адамда өз іс-әрекетіне ие болу қабілетінің жоқтығын білдіреді. Адамның еріктілік қызметі оның санасымен тығыз байланысты, сана бұзылса адам өз іс әрекетінің мағынасын ұғынбайды, сол кезде еріктік қызмет те бұзылады да адам өз әрекетіне басшылық жасау қабілетінен айрылады.

Заңдық критерий болу үшін осы екі белгінің біреуінің болуы жеткілікті болып табылады.

§3. Адамның жасы қылмыс субъектісінің белгісі ретінде

Қылмыс жасаған адамды қылмыс субъектісі деп тану үшін ол заңда белгіленген белгілі бір жасқа толған болуы қажет. ҚР қылмыстық заңында қылмыстық жауаптылық басталатын жас – 16 жас деп белгіленген. Ал заңда атап көрсетілген нақты қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталады.

Қылмыстық жауаптылық басталатын жасты белгілеу қажеттілігі адамның өз іс әрекетінің сипаты мен әлеуметтік маңызын түсіну, өз тілегін және қажеттілігін қоғамдық тыйым салу талаптарымен сәйкестендіру қабілеттілігімен және қылмыстық жазаны дұрыс қабылдау қабілеттілігімен байланысты.

Қоршаған дүниенің құбылыстарын тану, олардың ішкі байланысын түсіну және түрлі әрекеттердің арасынан дұрысын таңдау қабілеттері адамда туған кезден емес, кейініректе, оның биологиялық және әлеуметтік даму деңгейіне қарай адамның құқықтық санасы белгілі бір деңгейге жеткенде ғана пайда болады. Сондықтан қылмыстық жауаптылық белгілі бір жасқа толған кезден басталады ҚК 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жатады. Қылмыстық жауаптылықтың жалпы жасын 16 жас деп белгілеу кез келген қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық осы жастан басталады деген сөз емес. ҚК Ерекше бөлігінде көрсетілген кейбір қылмыстар үшін 18 жастан (мысалы, әскери қылмыстар, кәмелетке толмағанды қылмысқа тарту қылмысы үшін және т.б.), сондай-ақ субъектінің ерекше белгілеріне байланысты одан да жоғары 25 жастан (көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығару қылмысы үшін) басталады. Қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған адамның жасын анықтау кезінде оның қылмыс жасау сәтіндегі жасы ескерілетіндігін ұмытпау қажет. Заңдағы қылмыстық жауаптылықтың төменгі жас шегінің қатаң белгіленуі қылмыс жасаған адамның жасын нақты анықтауды талап етеді. Бұл мәселе адамның жеке басын куәландыратын тиісті құжаттар (туу туралы куәлік, жеке куәлігі және т.б.) негізінде шешіледі. Адам туылған күні емес, келесі тәуліктен бастап белгілі бір жасқа толды деп саналады. Адамның туылған күнін куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда адамның жасын сот-медициналық сараптама тағайындау арқылы анықтайды. Бұл жағдайда субъектінің туылған күні сараптама атаған жылдың ең соңғы күні, яғни 31 желтоқсан деп есептеледі, ал ең төменгі және ең жоғарғы жас беріп анықтағанда, сараптама болжаған ең төменгі жас алынады.

ҚК 15-бабының 2-бөлігінде нақты көрсетілген қылмыстар үшін заңшығарушы қылмыстық жауаптылық жасын – 14 жас деп белгіленген. Қылмыстық жауаптылықтың мұндай төменгі жасын белгілеуде заңшығарушы мынадай бірқатар жағдайларды ескерген:

- 1) ҚК 15-бабының 2-бөлігінде көрсетілген қылмыстардың қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын адамның 14 жаста ұғынуға мүмкіндігінің бар екендігін және өз әрекетіне есеп бере алатындығын,

2) Осы қылмыстардың көпшілігінің жасөспірімдер арасында кең таратылғандығын;

3) Бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілігінің және ауырлығының жоғары екендігін;

Аталған бапта көрсетілген қылмыстардың тізімі түпкілікті болып табылады ол кеңейтілуге жатпайды. Сондай-ақ, бұл қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық, егер олар қасақана жасалса ғана 14 жастан басталады.

Қылмыс белгілері бар әрекетті жасаған жасы 14 жасқа толмаған жасөспірімдер қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды, олар ішкі істер органының ұсыныстары бойынша кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның қорытындысымен тәрбиелеу сипатындағы мәжбүрлеу шаралары қолданылып соттың ұйғарымымен арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелеріне жіберіледі. Оларды 11 жастан 14 жас аралығындағы құқық бұзушыларға арналған арнайы жалпы білім беретін мектепке орналастырады.

Егер сот жасөспірімді арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемесіне жіберудің қажеті жоқ деп тапса, материалдарды кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссияға тәрбиелеу сипатындағы басқа да шараларды қолдану үшін жібереді.

Сонымен, қылмыстық жауаптылық басталатын ең төменгі жас 14 жас (ҚК 15-бабының 2-бөлігіндегі қылмыстар үшін), жалпы жауаптылық жасы – 16 жас (ҚК Ерекше бөліміндегі қылмыстарға толық көлемде жауап беретін жас), арнайы субъектінің жас шамасы – 18 жастан, 25 жастан белгіленген.

Қылмыстық заңда қылмыстық жауаптылық басталатын төменгі жас белгіленгенімен, қылмыстық жауаптылықтың жоғарғы жасы шексіз. Яғни, ересек қартайған жаста қылмыс жасаған адам қылмыс субъектісі ретінде танылады деген сөз. Алайда, заңшығарушы ізгілік қағидасына сүйеніп мұндай адамдарға қатысты жазалардың кейбір түрлерін қолдануда бірқатар шектеулерді қарастырады. Мысалы, өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы үкім шыққан кезде 65 жасқа толған ер адамдарға, ал қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы 55 жастан асқан әйелдер мен 60 жастан асқан ер адамдарға тағайындалмайды.

§4. Қылмыстың арнаулы субъектісі

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың арнаулы субъектісі деп жалпы субъектінің белгілерімен қатар (есі дұрыстық және қылмыстық жауаптылық жасына толу) нақты қылмыс құрамы үшін міндетті болып табылатын қосымша белгілерді иемденетін адамды айтады.

Қылмыс субъектісінің барлық қылмыс құрамдарына тән жалпы белгілері ҚК Ерекше бөлімі баптарының диспозицияларында айтылмайды. Ал нақты қылмыс субъектісінің қосымша белгілері тиісті бап диспозициясында тікелей баяндалады немесе түсіндіру жолымен көрсетіледі. Мұндай адамдардың жауаптылығын қарастыратын қылмыс құрамдары арнаулы субъектілі қылмыс құрамдары деп аталады. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың басым көпшілігін тек лауазымды тұлғалар жасайды.

Қылмыстың арнаулы субъектісі ұғымының заңға енгізілуі ҚК Ерекше бөліміндегі кейбір қылмыс түрлерінің ерекшелігімен, яғни оларды жасау адамдардың белгілі бір қызметпен айналысу немесе оларға заңмен жүктелген міндеттерді орындауымен байланысты ғана мүмкін болатындығымен түсіндіріледі.

Арнаулы субъектілер қылмыстың тек орындаушылары ғана бола алады. Арнаулы субъектінің белгілері жоқ басқа адамдар қылмысқа қатысушылар ретінде қарастырылады.

Қылмыстық жауаптылық туралы мәселені шешкенде, сондай-ақ кінәлінің іс әрекетін саралағанда арнаулы субъектінің белгілерін анықтаудың маңызы зор. ҚК Ерекше бөлімі бабының диспозициясында көзделген арнаулы субъектінің белгілерінің болмауы сол қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты да болдырмайды. Мысалы, лауазымды тұлға болып табылмайтын адамның қызметке селқос қарауы ҚК 316-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықты тудырмайды, себебі тек лауазымды тұлға ғана қылмыстың субъектісі бола алады.

Арнаулы субъектінің белгілері кейбір реттерде жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін жоғарлататындықтан негізгі құрамды жауаптылықты ауырлататын құрамға айналдырады. Мысалы, ҚК 145-бабының 3-бөлігінде "Тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу" қылмысын адам өзінің қызмет бабын пайдаланып жасаса жауаптылығы ауырлатылады.

Өзінің мазмұнына қарай арнаулы субъектінің белгілері сан алуан түрлі. Олар жеке адамның әртүрлі қасиеттеріне қатысты сипатталады.

Қолданыста жүрген қылмыстық заңдағы арнаулы субъектілердің барлық белгілерін жинақтап, оларды үш топқа бөлуге болады:

1) Субъектінің құқықтық жағдайы мен әлеуметтік ролін сипаттайтын белгілер:

- Азаматтық белгісі - ҚР азаматы, шетел азаматы, азаматтығы жоқ адамдар (ҚК 165,166-баптары);
- Адамның қызметтік жағдайы – лауазымды тұлғалар, ұйымның жетекшісі, өкімет өкілі, сот, прокурор, тергеуші және т.б. (ҚК 127-бабының 2-бөлігінің "б" тармағы, 141-баптың 2-бөлігі, 145- баптың 3-бөлігі, 150-бап, 154-бап, 307-308-баптар және т.б.);
- Адамның атқаратын жұмысының сипаты, қызмет түрі, кәсіби мамандығы – спортшы, дәрігер, жекеше

нотариус немесе аудитор, кеме капитаны, көлік құралын жүргізуші адам (ҚК 100-бабы, 114-бабы, 117-баптың 2-бөлігі, 144-бабы, 228-бабы, 295-300-баптары және т.б.);

- Әскери қызметке қатыстылығы - әскери қызметші, әскерге шақырылған адам (ҚК 174-бабы, 367-393 баптары);
- Сот процесіне қатысушы немесе сотталған – куәгер, жәбірленуші, сарапшы, аудармашы, бас бостандығынан айыруға сотталған адам, жаза өтеуші немесе алдын ала қамаудағы адам (ҚК 342-343 баптары, 350-бабы, 352-353 баптары, 358-361 баптары және т.б.);
- Адамның соттылығы – бұрын соттылығы бар адам, талан-тараж үшін екі немесе одан да көп рет соттылығы бар адам (ҚК 117-бабының 2-бөлігі "в" тармағы, 176,177,178 баптарының 3-бөліктерінің "в" тармағы, 206-баптың 2-бөлігі, 221-баптың 2-бөлігі және т.б.);

2) Субъектінің физиологиялық және демографиялық қасиеттерін сипаттайтын белгілер:

- Субъектінің жасы – 18 жас (ҚК 131-132 баптары);
- Субъектінің жынысы – ер адам не әйел адам (ҚК 120,121-баптары, 97- бабы);
- Денсаулық жағдайы – соз аурумен ауратын адам, еңбекке жарамды адамдар (ҚК 115,116-баптары, 136-баптың 2- бөлігі);

3) Субъектінің жәбірленушімен немесе өзге адамдармен қатынасын сипаттайтын белгілер:

- Туыстық қатынастар – ата-анасы, балалары, жұбайы, жақын туыстары (ҚК 97 бабы, 131-132 баптары, 136-137 баптары, 140 бабы);
- Қызметтік не өзге де тәуелділік - қамқоршы, қорғаншы, басшы адам (ҚК 102-бабының 2-бөлігі, 107-баптың 2-бөлігінің "а" тармағы, 113-баптың 2-бөлігінің "а" тармағы, 118-бабы);

Әдебиеттер:

Антонян Ю.М., Бородин С.В. Преступность и психические аномалии. М., 1988

Бейсенов Б.С. Алкоголизм: уголовно-правовые и криминологические проблемы. М., 1981

Дагель П.С. Учение о личности преступника в советском уголовном праве. Владивосток, 1970

Молдабаев С.С. Проблемы субъекта преступления в уголовном праве Республики Казахстан.

Алматы, 1998

Михеев Р.И. Проблемы вменяемости и невменяемости в советском уголовном праве. Владивосток, 1983

Михеев Р.И. Уголовная ответственность лиц с психофизиологическими особенностями и психогенетическими аномалиями. Хабаровск, 1989

Орлов В.С. Субъект преступления по советскому уголовному праву. М., 1961

Орымбаев Р.О. Специальный субъект преступления. Алма-Ата, 1977

Лейкина Н.С. Личность преступника и уголовная ответственность. Л., 1968

Трахтеров В.С. Вменяемость и невменяемость в уголовном праве. Харьков, 1992

Устименко В.В. Специальный субъект преступления. Харьков, 1989

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасының « Мемлекеттік қызмет туралың 23.07.1999 жылғы Заңы, 04.06.2001 жылғы өзгертулермен бірге

9-тарау. Қылмыстың субъективтік жағы

§1. Қылмыстың субъективтік жағының түсінігі мен маңызы

Кез келген қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік – бұл тек дененің қимылы немесе дене қимылының болмауы ғана емес, ол адамның сыртқы ортаға, қоғамға, қоғамның өзге де мүшелеріне деген қатынасы. Осы қатынас қылмыстың психологиялық мазмұны болып табылады, яғни адамның өзі жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын ұғынуы немесе ұғынбауы, оларға деген ерікті қатынасы, қылмыс жасау кезіндегі субъектінің басшылыққа алатын ниеттері, алдына қойған мақсаттары, сол кездегі сезімдері – бұлардың бәрі қылмыстың субъективтік жағын құрайды. Қылмыстың субъективтік жағы қылмыстың ішкі мәні болып табылады.

“Субъективтік жақ” термині қылмыстық заңда қолданылмайды. Алайда, заңшығарушы оның мәнін кінә, ниет, мақсат ұғымдары арқылы ашады. Осы аталған ұғымдардың әрқайсысы қылмыстың психикалық мәнін әр жағынан сипаттайды.

Кінә адамның өзі жасаған қоғамға қауіпті іс әрекетіне деген психикалық қатынасын білдіре отырып, кез-келген қылмыс құрамының міндетті және негізгі белгісі болып табылады. Кінә қасақаналық немесе абайсыздық түрінде көрінуі мүмкін. Алайда, кінәлі адам неге және не үшін қылмыс жасады деген сұраққа кінә жауап бермейді. Бұл сұрақтарға жауапты қылмыс құрамының факультативті белгілері болып табылатын қылмыс тың ниеті мен мақсаты береді. Ниет–бұл адамды қылмыс жасауға итермелейтін ішкі сезім. Ал, мақсат–бұл қылмыс жасаушы адамның қылмыс жасау арқылы қол жеткізуге ұмтылатын нәтижесі. Қылмыстың ниеті мен мақсаты қылмыстық заң диспозициясында тікелей көрсетілген жағдайларда қылмыс құрамының міндетті белгілерінің қатарына қосылады. *Мысалы, ҚК-нің 237-бабындағы “бандитизм” құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсаты табылады.*

Қылмыстың субъективтік жағында эмоцияналдық жағдайлар да ерекше орын алады. Заңшығарушы бұл жағдайды қылмыс құрамының белгілеріне қоспайды. Дегенмен, ҚК-тің 98-бабы “жан күйзелісі жағдайында адам өлтіру”, ҚК-тің 108-бабы “денсаулыққа жан күйзеліс жағдайында зиян келтіру” қылмыстарында жәбірленушінің заңсыз әрекеттері тарапынан туындаған терең эмоцияналдық жағдай жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән жай ретінде қарастырылады.

ҚК-тің Ерекше бөлімінің кейбір баптарында субъективтік жақтың белгілері тікелей көрсетілген. *Мысалы, ҚК-тің 103 бабы “денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру” немесе ҚК-тің 101 бабы “адамға абайсызда қаза келтіру” қылмыстары.*

Қылмыстың субъективтік жағының қылмыстық-құқықтық маңызы ерекше. Ең алдымен, қылмыстың субъективтік жағының барлық белгілерін нақты анықтау қоғамға қауіпті іс әрекетті дұрыс саралаудың қажетті алғы шарты болып табылады.

Екіншіден, объективті белгілері бойынша бір біріне ұқсас қылмыстарды ажырату кезінде субъективтік жақтың белгілері негізге алынады. *Мысалы, ҚК-тің 187-бабы “бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру” және 188-бабы “бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру” қылмыстары тек кінәнің нысандары бойынша ғана ажыратылады.*

Үшіншіден, қылмыстың субъективтік жағы белгілі бір шамада қылмыстық іс әрекеттің және оны жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтайды. Мысалы, алдын-ала жан-жақты дайындалып жасалған қылмыс кенеттен пайда болған жан күйзелісі жағдайында жасалған қылмысқа қарағанда жоғары қауіптілік дәрежесімен ерекшеленеді.

Сонымен, субъективтік жақты дұрыс анықтаудың қылмысты саралау және жазаны жеке даралау кезінде құқықтық мағынасы едәуір. Сондай-ақ, субъективтік жақ қылмыстық құқықтың заңдылық, кінәлі жауаптылық, ізгілік, әділеттілік сияқты қағидаларын сақтаудың қажетті шарты болып табылады.

§2. Кінәнің түсінігі

Кінә - қылмыстың субъективтік жағының негізгі және міндетті белгісі. Сондықтан, адам өз кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеті және одан пайда болған қоғамға қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

Кінәнің қылмыстық құқықтық қағидасына және анықтама сына сәйкес, кінә - қылмыстық әрекеттің немесе әрекетсіздіктің ажырамас бөлігі және қылмыстық заңмен қарастырылатын, соттың үкімімен мемлекет атынан әшкерленетін, сәйкес нысан дарымен анықталатын, адамның өзінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және оның зардаптарына деген психикалық қатынасы.

Психикалық қатынас заңдық түсінік емес, ол жеке адам психологиясы пәніне кіретін түсінік. Сондықтан, қылмыстық құқық ғылымында психологиялық қатынас түсінігінің мазмұны психология ғылымының зерттеген категорияларына, ережелеріне сүйеніп анықталады. Адамның өзіне тән психикалық белгілеріне – адам қызметінің, хал-ахуалының, қатынасының қасиеттері (темперамент, мінез, ерік және т.б.) жатады.

Қылмыстық әрекеттің құрылымында субъектінің объектіге деген қатынасы қоғамға қауіпті әрекетке және одан туатын зардаптарға деген психикалық қатынастың көлемінде анықталады. Кез келген психологиялық актіге, соның ішінде кінәге әртүрлі дәрежеде кіретін үш компонент бар – интел лектуалдық (танымдық), еріктілік және эмоцияналдық (сезімдік). Өмірде олар бір-бірі мен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырып тұратын біртұтас психикалық қатынастың әртүрлі жақтары болып табылады.

Интеллектуалдық (танымдық) кезең. Ойлау – адам санасына дүниедегі заттарды, олардың табиғатына тән шынайы белгілерін, олардың өзара қарым-қатынастарын бейнелеп беретін психикалық процесс. Адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынуы және оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуын алдын ала көре білуі - қылмыс жасау жағын көрсетеді.

Еріктілік кезең. Ерік – сананың тәжірибелік жағы, ол адамның өзінің тәжірибелік қызметін реттеуде көрінеді. Ерік күшінің арасында адам өзінің мінез құлқын бақылай алады, өз әрекеттерін басқарады және өз әрекеттерін әлеуметтік нормаларға бағындыра алады, өзін өзі басқарады, яғни адамның мінез-құлқын реттеуші қызметін атқарады. Қылмыстық заңда кінәнің еріктілік кезеңі қоғамға қауіпті зардаптың болуын тілеу немесе зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтекпен болғызбау мүмкіндігіне сенуін көрсету арқылы анықталады.

Эмоцияналдық (сезімдік) кезең - кінәні құрайтын психикалық қатынастың бір құрамы. Эмоция – бірінші – аяқ астынан пайда болған эмоциялық реакция ретінде көрінеді; екінші – жүйкелік-психикалық тонустың өзгеруінен көрінеді, үшінші – белгілі бір объектіге деген эмоцияналдық қатынасқа байланысты көрінеді. Осыған байланысты эмоциялар қылмыс жасауда әртүрлі роль атқарады. Бірде ол қылмыс ниетінің ролін атқаруы мүмкін (махаббат сезімімен, қызғаныштан, қатыгездік пен, қорқыныштан және т.б.). Кейде эмоциялар интеллектуалды кезеңге әсер ете отырып қылмыстың жасалуына да септігін тигізуі немесе жан күйзелісі әсерінен қылмыстың өзін туғызуы мүмкін.

Кінә мәселесіне қатысты қылмыстық құқық теориясында “кінәнің мазмұны”, “кінәнің нысаны”, “кінәнің дәрежесі” деген категориялар кездеседі.

Кінә дегеніміз – субъектінің белгілі бір қылмыстық әрекетінде көрсеткен психикалық қатынасы болса, кінәнің мазмұны деген – сана, ерік, сезім, ниет пен мақсат сияқты психологиялық элементтердің жиынтығы. Яғни, белгілі бір қылмыстың объективті белгілерін бейнелейтін және адамның осы белгілерге деген белгілі бір қатынасын білдіретін психологиялық элементтер жиынтығы кінәнің мазмұнын құрайды.

“Кінәнің дәрежесі” ұғымы кінәнің салыстырмалы ауырлығын білдіретін оның сандық сипаттамасы. Ол кінәнің сипатын саны жағынан қамтитын, адамның қылмыс жасау кезіндегі негізгі әлеуметтік құндылықтарға деген жағымсыз, жек көру немесе ұқыпсыз қатынасының мөлшерін білдіреді. Кінәнің дәрежесі қылмыстың объективті жағдайларымен- қоғамға қауіпті әрекеттің сипатымен, әрекет немесе әрекетсіздікке психикалық қатынас тың ерекшеліктерімен, қылмыстың ниеті мен мақсаты; кінәлінің жеке басын сипаттайтын жағдайлармен, сонымен бірге қасақаналықтың пайда болуына немесе абайсыз әрекеттің мазмұнына ықпал ететін себептер мен жағдайларға байланысты анықталады.

Кінәнің нысаны – кінәнің мазмұнын құрайтын элементтердің өзара бір-бірімен және қылмыстың объективті белгілері мен байланысы мен ұйымдастырылу әдістері. Яғни, кінәнің нысаны кінәлі адамның өзі жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетке және оның зардаптарына деген қатынасын куәландыратын интеллектуалдық және еріктілік кезеңдердің белгілі бір сәйкес келуін заңда қарастыру. Кінәнің нысанын заңшығарушы анықтайды. ҚР ҚК-ң 20 және 21-баптарында заңшығарушы кінәнің нысанын анықтауда екі психологиялық элементті қолданады:

- 1) интеллектуалдық - ұғыну, алдын ала болжап білу;
- 2) еріктілік – тілеу, зардаптардың орын алуына жол беру, зардаптарды тойтаруға әрекет етпеу.

§3. Қасақаналық және оның түрлері

Қасақаналық - кінәнің көп кездесетін нысаны. Қасақаналық қылмыстық заңда қоғамға қауіптілігі жағынан жоғары болғандықтан абайсыздыққа қарағанда кінәнің анағұрлым ауыр нысаны ретінде қаралады. Өйткені, саналы түрде қоғамға зиян келтіруге бағытталған қасақана әрекеттің абайсыздыққа қарағанда қоғамға қиян келтіру мүмкіндігі мол.

Қылмыс қасақана жасалған деп саналады, егер адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екенін ұғынып, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуының мүмкін екенін немесе болмай қоймайтындығын алдын-ала білсе және ол зардаптардың болуын тілесе, немесе осы зардаптардың болуын тілемесе де, оған саналы түрде жол берсе, не оған немқұрайды қараса. Өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын ұғыну және қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала білу санада жүріп жатқан процесс ретінде қасақаналықтың интеллектуалдық жағдайын құрайды. Мұнда өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын ұғыну деп кінәлінің болған оқиғаны сырттай ғана емес, сонымен бірге оны әлеуметтік тұрғыдан ұғынуы, яғни қылмыстық заң қорғайтын қоғамдық қатынастарға келтірген немесе келтіруі мүмкін зиянды түсінуі.

Ал қасақаналықтың еріктілік кезеңі қылмыс субъектісінің қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілеуі немесе оған немқұрайды қарап, сол зардаптардың тууына саналы түрде жол беруін білдіреді.

Интеллектуалдық және еріктілік жағдайлардың адам санасында үйлесуіне байланысты қасақаналық екі

түрге бөлінеді: тікелей және жанама.

Тікелей қасақаналықта адам:

- 1) өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын ұғынады;
- 2) қоғамға қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала біледі;
- 3) осы зардаптардың болуын тілеуі.

Тікелей қасақаналықтың интеллектуалдық кезеңін адамның өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынуы мен қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын немесе болмай қоймайтынын алдын ала білуі қамтиды.

Ал еріктілік кезеңін қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілеу құрайды.

Тілеу деп психологиялық әдебиеттерде адамның саналы және мақсатқа лайықты әрекетінде нақты нәтижеге жету ұмтылысын айтады. Ал қоғамға қауіпті зардаптың болуын тілеуде кінәлі адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында белгілі бір зардапты тудыруға ұмтылады.

Тікелей қасақаналықпен жасалған қылмысқа *мысал ретінде азамат К-ң ісін айтуға болады. Азамат К. Танысы С. Екеуі бірлесіп бірнеше мәрте мол ұрлығымен айналысып жүрді. С-ң әрекетін бағын қалған әйелі оны құқық қорғау органдарына өз еркімен барып мойындауын өтініп, көндіруі. Мұны естіген К. өзінің қылмысын жасыру, жауаптылықтан құтылу мақсатын көздеп үйінде ұйықтап жатқан С-ны тапаншамен атып өлтіреді.* Бұл мысалда қылмыстың тікелей қасақаналықпен жасалғаны анық көрсетіліп тұр. Ұйқыдағы жатқан адамды тапаншамен атудың нәтижесінде С-ның өлетінін және өлмей қоймайтынын алдын ала білген азамат К. танысы С-ң өлуін тіледі.

Тікелей қасақаналық көбінесе материалдық құрамдағы қылмыстарға, яғни белгілі бір қоғамға қауіпті зардаптардың туын дауын қажетті алғышарт ретінде талап ететін қылмыстарға тән.

Ал формальды құрамдарда тікелей қасақаналықтың мазмұнына заңның диспозициясында көрсетілген қоғамға қауіпті әрекетті немесе әрекетсіздікті жасауды тілеу ғана кіреді. Мұнда қоғамға қауіпті зардаптардың болуын алдын ала білу орын алмайды.

Жанама қасақаналықта адам:

- 1) өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын ұғынады;
- 2) оның қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін алдын ала білуі;
- 3) осы зардаптардың болуын тілемесе де, оған саналы түрде жол береді не бұған немқұрайды қарайды.

Интеллектуалдық кезеңді құрайтын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік сипатын ұғыну белгісі бойынша жанама қасақаналық тікелей қасақаналықпен ұқсас келеді. Алайда, тікелей қасақаналықтың интеллектуалдық кезеңіндегі екінші белгі - қоғамға қауіпті зардаптың болуы мүмкін екенін немесе болмай қоймайтынын алдын ала білу жанама қасақаналықта кішкене өзгеше сипатталған. Жанама қасақаналықта адам қоғамға қауіпті зардаптың болуы мүмкін екенін алдын ала білгенімен, оның болмай қоймайтынын алдын ала біле алмайды. Өйткені, мұндай алдын ала білу мүмкіндігі тек тікелей қасақаналықтың белгісі болып табылады.

Тікелей қасақаналық пен жанама қасақаналықтың негізгі айырмашылығы еріктілік кезеңдерінде. Егер тікелей қасақаналықта ол қоғамға қауіпті зардаптың болуын тілеумен сипатталса, ол жанама қасақаналықта – кінәлі адам бұл зардаптың болуын тілемейді және зардаптың болуына саналы түрде жол беріп, немқұрайды қарайды. Мұнда қоғамға қауіпті зардаптардың болуына саналы түрде жол беру дегенде кінәлінің осы зардаптардың шын мәнінде іс жүзінде болатынын алдын ала біле тұра оларды болдырмауға ешқандай әрекет етпеуін түсіну қажет. *Мысалы, анасы жана туған сәбиінен құтылу мақсатымен баланы отыз градусың аязда адамдар жүретін көшеге біреу көріп алып кетер деген үмітпен тастап кетеді.*

Жанама қасақаналық формальды құрамдағы қылмыстарда кездеспейді. Өйткені, формальдық құрамдағы қылмыстарда кінәлінің әрекетке ерікті қатынасы тек тікелей қасақаналықпен сипатталады. Мысалы, бұзақылық әрекеттерін немесе есірткі заттардың заңсыз айналымын жасауды тілеп жатып бір уақытта оларды жасауды тілемей қалу мүмкін емес. Немесе адамды қорлап тұрып кінәлі адам өз әрекетіне немқұрайлы қарап немесе оған саналы түрде жол беруі мүмкін емес.

Қылмыстық заңда қарастырылған тікелей немесе жанама қасақаналықтан басқа теория мен тәжірибеде қасақаналықтың мазмұнына, бағыттылығына, пайда табу және құрылу жағдайларына қарай өзге де түрлерге бөлуге болады: анықталған қасақаналық, анықталмаған қасақаналық, алдын-ала ойластырылған қасақаналық, аяқ асты пайда болған қасақаналық, аффектілі қасақаналық.

Қасақаналықты аталған түрлерге бөлу субъектінің қасақана қылмыс жасаған кездегі психикалық қатынасының ерекшеліктеріне негізделген. Мұндай түрлерге бөлу кінәнің дәрежесін және нақты айырмашылығын анықтауға, кінәлінің жауаптылығын дұрыс жекешелеуге әсер етеді. Аталған қасақаналықтың түрлері кінәнің жеке нысандарын құрамайды немесе тікелей не жанама қасақаналық түсініктерін алмастырмайды, олар тек осы екі нысанның шегінде ғана болады. Тікелей немесе жанама қасақаналықтың белгілері болғанда ғана қасақаналықты аталған түрлердің біріне жатқызу жөнінде сөз болуы мүмкін.

Субъектінің өз әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын нақты болжап білу дәрежесіне және бағыттылығына қарай қасақаналық анықталған және анықталмаған болып екіге бөлінеді.

Анықталған қасақаналықта кінәлі өз әрекетінің нәтижесінде қандай нақты қоғамға қауіпті зардаптың

туатынын алдын ала біледі. Мұнда қасақаналық белгілі бір нақтыланған нәтиженің тууын анық білумен сипатталады. Мысалы, азамат Т. өзінің танысы С-ң жеңіл автомобиль сатып алғандығын біліп, оның гаражына түсіп автомобильді айдап әкетеді. Мұнда азамат Т. тікелей анықталған қасақаналықпен әрекет етті.

Анықталған қасақаналықтың бұл түрінде субъект өз әрекетінің нәтижесінде екі немесе одан да көп нақты қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын көре біледі. Мысалы, адамға күш қолданып, азаптау нәтижесінде денсаулыққа ауыр зиян келтіретінін немесе адамның өлуі мүмкін екенін болжай білсе, бұл жағдайда субъектінің әрекеті нақты туындаған зардапқа байланысты сараланады.

Анықталмаған қасақаналықта кінәлі адам қоғамға қауіпті қандай да бір зардаптардың болатынын біледі, бірақ оларды нақтыламайды. Мысалы, ұрыс-төбелес кезінде бір топ адамның жәбірленушіні жан-жақтан ұрып-соғуы кезінде кінәлі адамдар денсаулыққа зиян келтірілетінін ұғынады, бірақ зиянның ауырлық дәрежесін болжап білмейді. Бұл жағдайда да жауаптылық іс жүзінде келтірілген зиян бойынша туындайды. Қылмыстық ойдың пайда болу жағдайларына қарай қасақаналық алдын-ала ойластырылған және аяқ астынан туындаған қасақаналық болып бөлінеді. Ал аффектілік қасақаналық аяқ астынан пайда болған қасақаналықтың бір түріне жатады.

Алдын ала ойластырылған қасақаналықтың өзіне тән ерекшелігі: қасақаналықтың пайда болуы қылмыс жасаудан біршама уақытқа бұрын қалыптасады. Қылмыс жасаймын деп шешкен субъект, алдымен оны жасау әдістерін ойластырады, дайындық жүргізеді, көмектесушілерді іздеп, содан соң ғана қылмысты жүзеге асырады. Мысалы, ұйымдасқан топ жасайтын қылмыстар. Алдын ала ойластырылған қасақаналықтың болуы қылмысты саралауға әсер етпейді, дегенмен ол кінә дәрежесінің және қылмыс жасаған адамның жоғары қауіптілігін куәландырады.

Алдын ала ойластырылған қасақаналыққа қарағанда аяқ-астынан пайда болған қасақаналықта адамда қылмыс жасау ниеті кенеттен пайда болып және тез арада, қысқа уақыт аралығында жүзеге асырылады. Көбінесе ол бұзақылық ниетпен жасалатын қылмыстарда көрінеді.

Кенеттен пайда болған қасақаналықтың бір түрі болып табылатын аффектіленген қасақаналықта қасақана ниет аяқ асты пайда болған ауыр жан күйзелісі жағдайында пайда болып қысқа уақытқа созылады және тез арада жүзеге асырылады. Аффектіленген қасақаналық, егер ол өзге адамдардың көбіне жәбірленушінің заңға қайшы әрекеттері нәтижесінде туындаса ғана қылмыстық-құқықтық мағынаға ие болады. Мысалы, ҚК-н 98-бабындағы жан күйзелісі жағдайында болған адам өлтіру қылмысы.

Жалпы объективті түрде алғанда, алдын ала ойластырылған қасақаналық қауіптірек, өйткені ол жоспарланған және дайындалған, онда қылмыстың жүзеге асу мүмкіндігі көп. Бірақ бір жағынан, алдын ала ойластырылған қасақаналықта қылмысты дайындалу немесе оқталу сатыларында тоқтатуға да мүмкіндік бар. Ал аяқ астынан пайда болған қасақаналықтың түрі ретінде аффектіленген қасақаналықты заңшығарушы қылмыстың қоғамға қауіптілігін төмендетуге елеулі әсер етуші жағдай ретінде бағалайды. Алайда, мұндай жағдайда жауаптылықты жеңілдету аффекті (жан күйзелісі) себебінен емес, сол аффектілік (жан күйзеліс) жағдайдың жәбірленушінің заңға қайшы әрекеттерінен туғандықтан берілген.

§4. Абайсыздық және оның түрлері

Абайсыздық кінәнің жеке бір нысаны ретінде ҚР ҚК 21 бабында анықталған: менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыс деп танылады.

Жалпы ереже бойынша, абайсыз кінәмен жасалған қылмыстар қасақана қылмыстарға қарағанда қауіптілігі төмендеу, өйткені абайсыздықта адам қылмыс жасауға дайындалмайды және ниеттенбейді. Бірақта абайсыздықтың қауіптілігі мен абайсыз қылмыстылықпен күресудің маңызына мән бермеу қателік болып табылады. Тәжірибеде көрсетілгендей, материалдық зиянның негізгі мөлшері абайсыз қылмыстардан келетіні белгілі (немқұрайдылық, біреудің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру т.б.). Сонымен бірге, ғылыми-техникалық прогресті жетілдіру жағдайында жаңа технологияларды енгізу, көлік құралдарының ағымын арттыру, жаңа энергия көздерін пайдалануға байланысты абайсыз қылмыстардың қоғамға қауіптілігі де арта түсуде.

Абайсыз қылмыстардың жасалуы негізінен бірқатар адам дардың әлеуметтік жауапсыздығынан, тәртіпсіздігінен, өзін жоғары бағалаудан, салғырттығынан, өз міндеттері мен қауіпсіздік ережелеріне салақтықпен қарауынан, айналадағылардың өмірі мен денсаулығына ұқыпсыз қатынасынан, тәжірибенің жоқтығынан не өзге де себептермен шамасы келмейтін функцияларды өзіне алуына байланысты орын алады.

Абайсыздықты кінәнің жеке бір нысаны ретінде көрсететін оның екі түрі бар: **менмендік және немқұрайдылық.**

Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе,

қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс деп танылады.

Абайсыздық түрлерінің әрбіреуіне жеке-жеке сипаттама беру арқылы оларды ортақтастыратын немесе бір-бірінен ажырататын белгілерді анықтауға болады.

Сонымен, **қылмыс менмендікпен жасалған деп танылады, егер:**

- 1) Адам өз іс-әрекетінің қылмыстық белгілерін ұғынса, оның қоғамға қауіптілігін ұғыну мүмкіндігі болса және оны ұғынуға міндетті болса;
- 2) Өз іс-әрекетінің қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын-ала білсе;
- 3) Зардаптарды болғызбау мүмкіндігіне сенсе;
- 4) Зардаптарды болғызбау мүмкіндігіне жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен сенсе;

Менмендікте де, адамның кез келген саналы әрекетіндегі сияқты, іс-әрекеттің белгілі бір бағыттылығы бар, белгілі бір ниеттерден туады және белгілі бір мақсатқа бағытталған. Алайда, бағыттылық ниет және мақсат менмендікте қоғамға қауіпті зардапты қамтымайды, өйткені субъект бұл зардаптардың болмайтынына сеніп, әрекет етеді.

Менмендіктің интеллектуалдық кезеңін адамның өз іс-әрекетінің нәтижесінде қоғамға қауіпті зардаптардың туындауы мүмкін екендігін алдын-ала білуі құрайды. Менмендіктің интеллектуалдық кезеңі жанама қасақаналықтың интеллектуалдық кезеңімен ұқсас, екі жағдайда да адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардабын алдын ала біледі. Алайда, олар алдын ала білудің сипаты бойынша ажыратылады.

Қасақаналықта зардаптың болуын алдын ала білу әруақытта да нақты сипатты иемденеді. Яғни, кінәлі туындауы мүмкін немесе болмай қоймайтын қылмыстың нәтиже нақ сол өзінің жасаған әрекет немесе әрекетсіздігінен туындайтынын алдын ала біледі. Ал менмендікте адам қылмыстың нәтижелерін жалпы, абстрактылы нысанда ғана көре біледі. Кінәлі өзі жасап жатқан әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде қандай да бір қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын алдын ала біледі, бірақ бұл нақты жағдайда зардаптар тумайды деп ойлайды.

Менмендіктің еріктілік кезеңінде кінәлі өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын оған жеткілікті негіздерсіз жеңілдікпен болғызбау мүмкіндігіне сенеді. Мұнда субъект сенген жағдайлар алуан түрлі болуы мүмкін және алуан түрлі көздерден шығуы мүмкін. Бұл жағдайлар кінәлінің жеке басына, оның қызметіне байланысты (шеберлігіне, біліміне, тәжірибесіне сенуі мүмкін), субъект сол кездегі жағдайдың ерекшеліктеріне, өзге адамдардың, жәбірленушінің әрекеттеріне (жаяу жүргіншінің жолды жүгіріп өтіп үлгеруіне сенуі мүмкін), табиғат күшіне (басталған жаңбыр өртті сөндіреді деп сену) немесе өзі қолданатын құралдың ерекшелігіне (автомобильдің жоғары сапасына) және т.б. жағдайларға сенуі мүмкін. Көбінесе субъект бір ғана жағдайға емес, жағдайлардың бір тобына сенуі де мүмкін. Менмендікте субъекті зардаптарды болғызбау мүмкіндігі не жеңілдікпен сенеді. Адам өз күші мен өзге де сенген жағдайларды асыра бағалайды, ал бұл жағдайлар зардаптарды болғызбауға шын мәнінде қабілетсіз болып қалады.

Менмендікпен әрекет ете отырып, субъект өзі сенген жағдайлардың зардаптарды болғызбауға қабілетсіз екендігін болжап білуге міндетті және болжап білуге мүмкіндігі бола тұра оған жеңілдікпен қарап, болжап білмейді. Қылмыстық менмендіктің кінәлілік сәті осы жерде көрінеді.

Мысалы, қалааралық ашық жолда (трассада) көліктердердің аз жүретіндігіне сеніп және нашар жолдардан қашу мақсатында жолдың қарсы бетінде жоғары жылдамдықпен келе жатқан жүргізуші жол апатын жасаса абайсыздықтың менмендігі орын алады.

Қылмыстық **немқұрайдылық кінәнің нысаны ретінде сипатталады, егер:**

- 1) Кінәлі өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе не алдын ала білмесе;
- 2) Бірақ ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге міндетті болса;
- 3) Зардаптардың болатынын болжауға мүмкіндігі болса;

Қоғамға қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екенін болжап білмеу немқұрайдылықты қасақаналықтың екі түрінен де, қылмыстық менмендіктен де ажырататын негізгі белгісі және ол немқұрайдылықтың интеллектуалдық кезеңін құрайды. Мұнда адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбайды, зиянды зардаптардың болуы мүмкін екендігін алдын ала білмейді, себебі ол ұқыптылық пен сақтық ережесін ұстанбайды. *Мысалы, жүргізуші көшеде ілініп тұрған "жаяу жүргінші" белгісін байқамай өтіп кетіп адамды қағып кетсе. Мұнда, егер автомобиль жүргізушісі жол жүрісі ережесін ұқыптылықпен қараса, онда өз іс-әрекетінің нәтижесінде болуы мүмкін зардаптардың алдын алатын еді немесе оларды болғызбас еді, болмаса әрекеттің өзінен бас тартар еді.*

Немқұрайдылықтың еріктілік кезеңі екі белгімен сипатталады:

- 1). Адам өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын алдын ала білуге тиіс болады;
- 2). Адамның осы зардаптардың болатынын алдын ала білуге мүмкіндігі болса;

Субъектінің өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын болжап білуге міндетті болды ма және мүмкіндігі болды ма – соны анықтау үшін қылмыстық құқық теориясы мен практикасы екі критерийді пайдаланады: объективті және субъективті.

Адамның субъективтік ерекшеліктеріне байланысты емес объективтілікті тану объективті критерийді тану, ал субъектінің жеке басының мүмкіндіктеріне байланысты белгілерді тану субъективті критерийді тану болып табылады.

Белгілі бір қылмысты немқұрайдылықпен жасаған деп тану үшін осы объективті және субъективті критерийлердің жиынтығы орын алуы қажет. Өйткені, қылмыстық немқұрайдылықты сипаттауда аталған критерийдің әрқайсысы өзінше ерекше роль атқарады: объективті критерий адамның болжап білуіне құқықтық тәртіп қоятын талаптарды орындау мүмкіндіктерін сипаттайды.

Объективті критерий заңда "зардаптарды болжап білуге тиіс" деген сөздермен берілген, ол адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда қоғамға қауіпті зардаптарды болжап білуге міндеттілігін білдіреді. Объективті критерий адамның сол қызметіндегі белгілі бір ережелермен, адамдар арасында күнделікті өмірде қалыптасқан қауіпсіздік ережелерімен анықталады.

Қоғамға қауіпті зардаптардың болуын адамның болжап білуге міндетті еместігі, тіпті осы зардаптарды болжап білу мүмкіндігі болғанның өзінде, оның әрекетінде қылмыстық немқұрайдылық тың жоқтығын көрсетеді. Бұл жағдайда тек моральдық жауаптылық тууы мүмкін.

Объективті критерий болғанда субъект өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын болжауға мүмкіндігі болды ма деген орынды сұрақ туады, яғни субъективтік критерий бар ма, жоқ па деген сұрақ.

Субъективтік критерий заңда "болжап біле алатын бола тұра" деген сөздермен берілген, яғни адамның бір ситуацияда және өзінің жеке басының ерекшеліктеріне байланысты (өмірлік тәжірибесі, білімі, мамандығы, жұмыс стажы, денсаулық ахуалы және т.б.) қоғамға қауіпті зардаптарды болжап білуге қабілеттілігін білдіреді.

Субъективті критерийді анықтау үшін нақты адамның нақты жағдайда өз іс-әрекетінің қоғамға қауіпті зардаптарын болжап білуге шынайы мүмкіндігі бар екендігін және объективті критерийдің бар екендігін анықтау қажет.

Қылмыстық немқұрайдылықты кездейсоқ жағдайдан, **жазықсыз зиян келтіруден** ажырату да осы объективті және субъективті критерийлерге негізделеді.

ҚР Қылмыстық Кодексінде бірінші рет **жазықсыз зиян келтіргені** үшін қылмыстық жауаптылықтан босатудың шартын реттейтін бап қарастырылған. Теорияда және практикада жазықсыз зиян келтіру үшін қылмыс құрамы болмағандықтан, соның ішінде субъективтік жағы (кінә) жоқ болғандықтан қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі ретінде қарастырылады.

Келтірген зиянды жазықсыз деп тану үшін 23-баптың 1-бөлігіне сәйкес екі негізгі жағдайдың болуы қажет:

1) адамның жасаған әрекеті және одан туған қоғамға қауіпті зардап қасақана ниетпен қамтылмауы керек,
2) ҚК Ерекше бөлімінде абайсызда мұндай әрекет үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылмауы керек.
Сонымен бірге, заңшығарушы ҚК-тің 23-бабының 2-бөлігінде жазықсыз зиян келтірудің мынадай 4 жағдайын қарастырған:

- 1) әрекет жасаған адам өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынбаған және істің мән жайы бойынша ұғына алмаған болса,
- 2) әрекет жасаған адам қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе және оларды алдын ала білуге тиіс болмаса немесе білуі мүмкін болмаса;
- 3) әрекет жасаған кезде адам қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуын алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негіздермен оны болғызбауға сенген болса;
- 4) әрекет жасаған адам қоғамға қауіпті зардаптың пайда болуын өзінің психико-физиологиялық қасиеттерінің қысылтаяң жағдайлар талаптарына сәйкес келмеуіне немесе жүйке-психикалық ауыртпалықтарға байланысты осы зардаптарды болғызбауға шамасы келмесе.

Бірінші, екінші жағдайларда интеллектуалдық және еріктілік кезеңдерді есепке алу туралы сөз болса, 3-4 жағдай жазықсыз жасалған әрекеттердің жеке категорияларын танудың ерекше арнайы жағдайлары қарастырылған.

3-жағдайда мысалы, нақты өмірде әртүрлі өндірістік ауылшаруашылық, құрылыс, ғылыми зерттеу және басқа да жұмыстарды қоғамда әлеуметтік игілікті жақсарту мақсатында жүргізу кезінде заңды тәуекелге жол беру дегенді білдіреді.

4-жағдайда қысылтаяң жағдай кенеттен және ойламаған жерден пайда болған жәе оқиғаның әрі қарай дамуы адамнан максималды күштерді талап ететін кезде адамның шаршауына, психиканың ауыртпалық стресс, яғни ерекше жүйке-психикалық ауыртпалық жағдайларда пайда болады.

§5. Кінәнің екі нысаны

ҚР ҚК 19-бабына сәйкес кінәнің екі, қасақаналық және абайсыздық нысандары бар. Осыған байланысты бір қылмыстар тек қасақаналықпен, екіншілері тек абайсыздықпен жасалуы мүмкін. Көпшілік жағдайларда қылмыс кінәнің белгілі бір нысанымен жасалады. Алайда, кейде заңшығарушы заңда қоғамға қауіпті әрекетке қатысты кінәні және оның зардабына қатысты кінәнің нысанын жеке анықтау қажет болып табылатын қылмыс құрамдарын да қарастырады. Мұндай жағдайларда бір қылмыста кінәнің екі түрлі нысаны қатарласып қатысады. Қылмыстық құқық теориясы мен практикасында бір қылмыста қасақаналық пен абайсыздықтың мұндай қатысуын "кінәнің екі нысаны", "кінәнің аралас нысаны", "қос кінә" деп атау қалыптасқан.

Бұл жөнінде ҚК 22-бабында "Егер қасақана қылмыс жасаудың салдарынан заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын және адамның ниетімен қамтылмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың пайда болатынын алдын ала білсе, бірақ осыған жеткілікті негіздерсіз оларды болдырмауға менмендікпен сенген жағдайда немесе егер адам бұл зардаптардың пайда болуы мүмкін екенін алдын ала білмесе, бірақ болжауға тиіс және болжай алатын болған жағдайда ғана пайда болады. Тұтас алғанда мұндай қылмыс қасақана жасалған деп танылады" - деп нақты көрсетілген.

Сонымен, кінәнің екі нысаны деген бір қылмыста қылмыс құрамының субъективтік жағының екіге бөлінуін сипаттайтын екі жеке кінә нысандарының қатар келуі.

Мұнда субъектінің жасаған қоғамға қауіпті әрекеті қасақаналықпен, ал одан туатын қоғамға қауіпті зардап абайсыздық кінәмен сипатталады. Мысалы, ҚК 187 бабының 3 бөлігінің "а" тармағы бойынша "Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру абайсызда адам өліміне әкеп соқса". Көріп отырғанымыздай, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар белгілі бір қылмыстың ауырлататын белгілерінде ғана кездеседі. Яғни, мұндай қылмыстардың субъективтік ерекшеліктері сонда, субъектінің психикалық қатынасы қылмыстың негізгі құрамына қатысты тікелей немесе жанама қасақаналықты, ал ауырлататын белгіні құрайтын қылмыс зардабына қатысты менмендік немесе немқұрайдылық түріндегі абайсыздықты құрайды. Заңның өзінде тікелей айтылғандай, тұтас алғанда мұндай қылмыс қасақана қылмыстардың қатарына жатқызылады. Себебі, қылмыстың негізгі құрамын құрайтын қоғамға қауіпті әрекетке деген субъектінің психикалық қатынасы белгілі бір қылмысты қасақана не абайсыз деп тану кезінде негізге алынады.

Сонымен, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар мына белгілерді иемденеді:

- 1) Қылмысты жасау нәтижесінде екі түрлі зардап туады;
- 2) Осы екі зардапқа қатысты кінәнің екі түрлі нысаны қатысады;
- 3) Кінәнің екі нысаны тек ауырлатылған қылмыс құрамдарында ғана кездеседі;
- 4) Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар қасақана қылмыстардың қатарына жатқызады.

Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың субъективтік мазмұнын зерттеу мұндай қылмыстарды қасақана және абайсыз қылмыстардан, сонымен қатар объективтік белгілер бойынша ұқсас қылмыстардан ажырату үшін және қылмыстарды дұрыс саралау үшін маңызды болып табылады.

§6. Қылмыстың ниеті мен мақсаты

Қылмыстың субъективтік жағына талдау жасау кезінде жасалған қылмыстың мазмұнын мен бағыттылығын анықтау үшін іс-әрекетті жасаудың ниеті мен мақсатының маңыздылығы жоғары болып табылады. Ниет пен мақсат қылмыстың субъективтік жағын құрайтын факультативті белгілер.

Қылмыстың ниеті – бұл белгілер қажеттілік пен мүдделермен сипатталған сезімінің оянуынан адамды қылмыс жасауға итермелейтін және қылмыс жасау кезінде адам басшылыққа алатын адамның саналы ішкі түрткісі. Ал мақсат - қылмыс жасай отырып адамның қол жеткізуге ұмтылатын нәтижені тілеуі.

Ниет пен мақсат психологиялық категориялар ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. Адамның кез келген әрекеті белгілі бір ниеттермен және мақсаттармен жасалады. Қылмыстық әрекетті жасау кезінде адам белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағыттала отырып белгілі бір ниетті басшылыққа алады. Сонда ниет пен мақсат арасында ішкі байланыс бар деген сөз. Ниет субъектіні мақсатқа жеткізетін ішкі итеруші күш болып табылады.

Алайда, ниет пен мақсат бір-біріне тең сәйкес ұғымдар емес, олар жасалатын іс-әрекетке деген кінәлінің психикалық қатынасын әртүрлі сипаттайды. Егер ниетке қатысты адам-не үшін қоғамға қауіпті әрекетті жасады деген сұрақ қойылса, ал мақсатқа қатысты – кінәлі адам неге ұмтылады деген сұрақ қойылады, яғни мақсат әрекеттің бағыттылығын анықтайтын категория.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде мазмұнына, сипатына және тұрақтылық белгісіне қарай қылмыстың ниеттері мен мақсаттарын моральдық және құқықтық негіздерге байла нысты екі топқа бөледі: зұлымдық және зұлымдық емес.

Зұлымдық ниеттермен мақсаттарға заңшығарушы адамның қылмыстық жауаптылығын бекітуге немесе күшейтуге әсер ететін ниеттер мен мақсаттарды жатқызады. Мысалы, ҚК 125-бабының 2-бөлігі "з" тармағында "Адам ұрлау" қылмысы пайдакүнемдік ниетте жасалса адамның жауаптылығы ауырлатылады.

Заңшығарушы зұлымдық ниеттер мен мақсаттарға адамның жауаптылығын белгілеуге немесе ауырлатуға әсер ететін ниеттер мен мақсаттарды жатқызады. Мысалы, пайдакүнемдік ниет (125-баптың 2-бөлігі "з" тармағы), бұзақылық ниет (96-баптың 2-бөлігі "и" тармағы), әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық ниеті (103-баптың 2-бөлігі "з" тармағы), нәпсіқұмарлық немесе басқа да пайдалану мақсаты (128-бап), мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру не әлсірету мақсаты (165-баптың 1-бөлігі), азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсаты (237-баптың 1-бөлігі) мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсаты (233-баптың 1-

бөлігі).

Зұлымдық емес ниеттер мен мақсаттарға қылмыстық жауаптылыққа әсер етпейтін және қылмысты саралау кезінде ескерілмейтін ниеттер мен мақсаттарды жатқызуға болады. Мысалы, оларға: қызғану, жәбірленушіні аяу, қорқу, мансапқорлық, күндестік, көре алмау және т.б.

Кінәға қарағанда ниет пен мақсат қылмыстың субъективтік жақтың факультативті белгілерін құрайды. Алайда, заңшығарушының белгілі бір қылмыстың субъективтік жағын суреттеуіне байланысты ниет пен мақсат қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті белгісіне айналып, жауаптылықты ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлардың ролін атқаруы мүмкін. Қылмыстық заңның Ерекше бөлімі бабының диспозициясында тікелей көрсетілген жағдайларда ниет пен мақсат қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылады. Мысалы, ҚК 135-бабы "Бала асырап алу құпиясын жария ету" қылмысы үшін жауаптылық, егер ол әрекет пайдакүнемдік немесе өзге жамандық ниетпен жасалса ғана туындайды. Яғни, мұнда қылмыстың ниеті осы әрекетте қылмыс құрамы бар деп тану үшін қажетті белгі болып отыр. Қылмыстың мақсатына қатысты мысалы, ҚК 133-бабының 2-бөлігі "ж" тармағымен қылмысты саралау үшін кәмелетке толмағандарды саудаға салу әрекеті кәмелетке толмаған адамның мүшелерін немесе тінін ауыстырып салу үшін алу мақсатында жасалуы қажет.

§7. Қате және оның қылмыстық- құқықтық маңызы

Қате - адамның өзі жасаған әрекетінің немесе әрекетсіздігінің және оның зардаптарының заңдық немесе іс жүзіндегі сипатын немесе мән жайын дұрыс түсінбеуі.

Қатенің сипаты қылмыстың субъективтік жағын анықтауға елеулі ықпал етеді, оның ішінде қылмыстық жауаптылық мәселесін шешуде маңызды болып табылады. Кінәлінің адасу (түсінбеу) сипатына байланысты қателер заңдық және фактілік (іс жүзіндегі) болып бөлінеді.

Заңдық қате – бұл субъектінің өзі жасаған әрекетінің және оның зардаптарының қылмыстық заңға қайшы екендігін, яғни өзі жасаған әрекеттің дұрыс сарамалауы сонымен бірге бұл әрекетті жасаған үшін берілетін жазаның мөлшері мен түрі туралы анық білмеуі табылады.

Осыған сәйкес қылмыстық құқық теориясында заңдық қатенің 4 түрі бар:

1). Адам заңда жаза көзделмеген іс әрекетті жасап, оны өзі қылмыс деп санайды. Мұндай қате сол жасаған әрекет үшін қолданылатын қылмыстық заң нормасы болмағандықтан оны қылмыстық жауаптардан құтқарады. Мысалы, арзанға сатып алған тауарды қымбатқа сатқанын адам қылмыс жасадым деп қате ойлайды.

2). Адам өзі жасаған әрекетін қылмыстық заңға қайшы емес деп қате ойлайды, ал қылмыстық заңда ол әрекет үшін жауаптылық қарастырылған, заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды. Мысалы, адам тауып алған оқ-дәріні өзінде сақтайды, ол үшін қылмыстық жауаптылық жоқ деп қате ойлайды.

3). Адамның өзі жасаған әрекетті заңдық саралау туралы қате түсінеді. Мысалы, сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иелену әрекетін жасап тұрып, оны ұрлық деп қате саралайды.

4). Адам өзі жасаған қылмыс үшін тағайындалуы мүмкін жазаның мөлшері мен түрі туралы қате түсінеді. Фактілік қате – адамның өзі жасаған қылмыстың объектісіне және объективтік жағына жататын мән жайларды қате түсінуі. Мұндай қателерге:

1). Қылмыстың объектісіне қатысты қате,

2). Қылмыс құрамының объективтік жағын құрайтын іс жүзіндегі жағдайға қатысты қате.

Объект бойынша қателеде, адам өзінің қателесуі салдарынан өзі бағытталған объектіге емес басқа объектіге қол сұғады. Мысалы, адам әскер қоймасынан қару-жарақ салынған жәшікті ұрлайды, алайда шын мәнінде онда аяқ киім, басқа заттар болады.

Объект бойынша қатеден қылмыстың заты және жәбірленушінің жеке басы бойынша қатені ажыратқан жөн. Мысалы, адам шетел азаматының ақша салынған әмианын, онда шетел валютасы бар деп ұрлайды, ал шын мәнінде онда қазақтың теңгелері бар болып шығады. Ал жәбірленушінің жеке басы бойынша қателеде, мысалы, *Н қателесіп А-ны өлтірудің орнына қателесіп В-ны өлтіреді. Қасақана адам өлтірудің құрамы үшін А-ның өмірі де, В-ның өмірі де тең объект болып табылады.* Сондықтан бұл қателесу қылмысты саралауға әсер етпейді.

Қылмыстың объект жағын құрайтын іс жүзіндегі жағдайларға қатысты қате:

1). Жасалған әрекеттің немесе әрекетсіздіктің сипатына қатысты қатеден,

2). Қоғамға қауіпті зардаптардың тууына қатысты қатеден;

3). Себепті байланыстың дамуындағы қатеден тұрады.

Адам өзінің әрекеттің қоғамға қауіпті деп санамайды, ал шын мәнінде бұл қылмыс құрамын құрайды. Мысалы, *медбике сырқат адамның организміне қажетті дәріні салудың орнына басқа уколды салады, нәтижесінде жәбірленушінің өліміне әкеп соғады.*

Қоғамға қауіпті зардаптардың тууына қатысты қателеде адам қылмыстан келтірілетін зардаптың мөлшері туралы қате түсінеді. Мысалы, *субъект жәбірленушінің бетінен ұрғанда одан келген зардап жеңіл болады деп ойлайды. Алайда, бұл ұрудан жәбірленуші асфальтқа құлап, басы жарылып ауыр жарақат алады.*

Себепті байланыстағы қате адамның жасалған әрекет пен одан туған зардап арасындағы себепті байланысты дұрыс түсінбеуі. Егер қылмыс жасаған адам өзінің әрекетінің нәтижесінде қандай зардап болатынын нақты жағдайда оның жауаптылығына оның қателесуі еш ықпал етпейді. Мысалы, егер субъект жәбірленуші жүрегінен пышақпен өлтіргісі келді, бірақ ол артерия тамырының жаралануынан көп қан жоғалтқанынан қайтыс болады.

Әдебиеттер:

- Волков Б.С. Мотив и квалификация преступления. Казань, 1968; Мотивы преступления. Казань, 1982
Дагель П.С., Котов Д.П. Субъективная сторона преступления и ее установление. Воронеж, 1974
Джекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алма-Ата, 1987
Квашко В.А. Преступная неосторожность: социально-правовые и криминалистические проблемы. Владивосток, 1986
Нуртаев Р.Т. Социология неосторожной преступности. Караганда, 1991
Нуртаев Р.Т. Борьба с неосторожными видами преступлений. Алма-Ата, 1990
Мұқажанова М. Қылмыс құрамының субъективтік жағы. Алматы, 2001
Рарог А.И. Проблемы субъективной стороны преступления. М., 1991
Якушин В.А., Назаров В.В. Ошибка в уголовном праве и ее влияние на пределы субъективного вменения. Ульяновск, 1997

10-тарау. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар

§1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың жалпы сипаттамасы

Қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды қорғау тек мемлекеттік органдардың ғана емес, ең алдымен құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдар мен барлық азаматтардың міндеті. Осыған дейін айтылып өткендей, қылмыстық заңға қайшылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік және жазаланушылық белгілері бар әрекет қылмыс деп саналады. Жалпы, кейбір жағдайларда жасалған әрекет сыртқы жағынан қылмысқа өте ұқсас болуы мүмкін, бірақ ол жоғарыда аталған белгілердің бірінен немесе төртеуінен де айрылған болса, ол қылмыс болып табылмайды.

Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар дегеніміз – сырттай қылмысқа ұқсас әрекеттерді заңды әрекеттерге, тіпті кей жағдайларда қоғамға пайдалы әрекеттерге айналдыратын жағдайлар.

ҚР ҚК бойынша мұндай жеті жағдайлар бар: қажетті қорғану (ҚК-ң 32-бабы), қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру (ҚК-ң 33-бабы), аса қажеттілік (ҚК-ң 34-бабы), жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру (ҚК-ң 34-1-бабы), орынды тәуекел ету (ҚК-ң 35-бабы), күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (ҚК-ң 36-бабы), бұйрықты немесе өкімді орындау (ҚК-ң 37-бабы).

Қылмыстық заңның аталған нормаларында көрсетілген жағдайлар әрекеттің қоғамға қауіптілік элементін жойып оған әлеуметтік пайдалы сипатты береді.

Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайларға бірқатар жалпы белгілер тән:

- 1) Бұл жағдайлар сыртқы жағынан ҚК Ерекше бөліміндегі баптарда қарастырылған белгілі бір қылмыстың белгілерімен ұқсас келетін адамның саналы және ерікті әрекетін құрайды,
- 2) Өзінің әлеуметтік-саяси мазмұны бойынша олар қоғамға пайдалы болып табылады;
- 3) Түрлі заң саласы нормаларымен де қарастырылады;
- 4) Бұл жағдайлардың кез келгені үшін өзінің заңға сәйкестік шарттары бар. Егер осы шарттардың бірі бұзылған болса, онда адам қылмыстық жауаптылыққа тартылып, әрекеттің жасалу жағдайы жеңілдетуші жағдай ретінде ескеріледі.

§2. Қажетті қорғану

Қылмыстық құқық теориясында қажетті қорғану институты ең ежелгілердің бірі және қоғамның барлық даму кезеңдерінің заңдылықтарына тән. Сондықтан көптеген авторлардың ойынша, қажетті қорғануға құқық - адамның табиғи, тумысынан тиесілі құқығы, сол себепті ол заңды болып табылады. Екінші авторлардың айтуынша, қорғану мемлекеттің қорғау қызметінің қажетті қосымшасы және шабуыл жасаушыға келтірілген зиян құқыққа, заңға сай келеді. Қорғану құқығы мемлекетпен берілмейді, ол мемлекетпен тек танылады және рұқсат етіледі.

Бұл жөнінде ҚР Конституцияның 13-бабының 1-тармағында да баяндалған: «әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Яғни, қажетті қорғану бұл азаматтардың кәсіби не өзге дайындығы және қызметтік жағдайына қарамастан тең түрде танылатын конституциялық құқығы болып табылады.

Қылмыстық құқықта қажетті қорғану деп - қорғанушы өзінің немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қажетті қорғану шегінен шығу орын алмаған жағдайда қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғауды қол сұғушы адамға зиян келтіре отырып жүзеге асыруды айтады.

Қажетті қорғануды әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жай деп тану үшін белгілі бір заңға сәйкестік шарттар сақталуы қажет. Бұл заңға сәйкестік шарттарды екі топқа бөлу қалыптасқан:

- 1). қол сұғушылықтың сипатына қатысты шарттар;
- 2). қорғану әрекеттеріне қатысты шарттар.

Қол сұғушылықтың сипатына қатысты шарттар бойынша:

- а/. Қол сұғушылық қоғамға қауіпті болуы қажет;
- б/. Қол сұғушылық нақты орын алуы қажет;
- в/. Қол сұғушылық айқын, шын мәнінде жасалуы қажет.

Қорғануға құқық тек заңмен қорғалатын мүдделерге қоғамға қауіпті қолсұғушылық орын алғанда ғана туындайды. Көбінесе, қорғану қажеттілігі қылмыстық жазаланатын қолсұғушылық тардан туындайды. Алайда, қорғану үшін қолсұғушылық тек қылмыстық болуы міндетті емес, ол қоғамға қауіпті немесе объективті белгілері бойынша қылмыстық шабуыл ретінде қабылдануы жеткілікті болып табылады. Сондықтан есі дұрыс емес немесе кәмелетке толмаған адамдардың қол сұғушылық әрекеттерінен де қажетті қорғануға жол беріледі. Алайда, бұл жағдайларда өзінің адамгершілік ұстанымдарын басшылыққа алып қажетті қорғануға өз құқығын жүзеге асырушы адам қорғану әрекеттерінің шегіне қатысты ұқыптылық байқатуы қажет.

Сонымен, қоғамға қауіптілік қасиетінен айрылған әрекеттерден, сондай-ақ заңды әрекеттерден қажетті қорғану мүмкін емес.

Қол сұғушылыққа қатысты екінші шарт - қол сұғушылықтың нақты бар болуы, яғни шабуыл басталуы не басталуға жақын болуы қажет. Қол сұғушылық кез келген әрекет сияқты уақыт өлшемдерімен сипатталады. Сондықтан қажетті қорғануға құқық тікелей нақты қауіп туғанда немесе қоғамға қауіпті қол сұғушылық басталған сәттен ол аяқталғанға дейін туындайды. Егер қол сұғушылық тоқтатылса, онда қорғануға да негіз жоқ. Қорғанушы адам қол сұғушылық аяқталғаннан кейін шабуыл жасаушыға зиян келтірсе жеке адамға қарсы қасақана қылмыс жасау үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Сонымен бірге, қылмыстық әрекетке дайындалуға қарсы да қажетті қорғану мүмкін емес, өйткені әлі нақты қол сұғушылық орын алған жоқ. Мұндай жағдайларда дайындалып жатқан қылмыс туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға болады.

Үшіншіден, қол сұғушылық шын мәнінде, айқын болуы, яғни қорғанушы адамның ой-санасында емес, объективтік шындықта орын алуы қажет. Егер қолсұғушылық тек қорғанушының ойында ғана орын алса, онда келтірілген зиян үшін жауаптылық жалған қорғану ережесі бойынша туындайды. Жалған қорғануда қорғанушы адам іс жүзіндегі қателесу әсерінен екінші адамның тарапынан айқын, шын мәніндегі шабуыл жасалмаса да оған зиян келтіреді. Жалған қорғану деп адамның жорамалды түрде зиян келтіреді екен деп ойлап қол сұғушылықтан оның байыбына бармай қорғануын айтамыз. Мұнда төніп тұрған нақты қиянат, қауіп жоқ.

Жалған қорғану жағдайында қылмыстық жауаптылық үш түрлі жолмен шешілуі мүмкін:

- 1) егер адам қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың шын мәнінде жоқ екендігін ұғынбаса және істің мән-жайлары бойынша ұғынуға мүмкіндігі болмаса қылмыстық жауаптылық туындамайды;
- 2) егер адам өзінің жорамал ойының қателігін ұғынбаса, және ұғынуға мүмкіндігі болмаса, бірақ қорғанудың шегінен шығып кетсе ҚК 99 және 109-баптарымен қажетті қорғану шегінен шығу үшін жауап береді;
- 3) егер адам қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың жоқ екендігін ұғынбаса, бірақ ұғынуға мүмкіндігі болса абайсызда зиян келтіру үшін жауапқа тартылады.

Бұл жөнінде ҚР Жоғарғы Сотының 1994 жылғы 23 желтоқсан №7 қаулысының 21-тармағында былай делінген: «... Соттар қажетті қорғану жағдайын жалған қорғанудан айыра білуі керек. Мұндай жағдайда өзінің болжау қателігін аңғармай және қателігін аңғару мүмкін болмаған адамның қорғану құралдарын қолдануын қажетті қорғану жағдайында жасалған әрекет деп қарау керек. Егер адам жасалған шабуылдың жалғандығын ұғынбай, зиян келтіретін болса, бірақ істің мән-жайы бойынша мұны ұғына алатын және ұғынуға міндетті болса, онда мұндай адамның әрекеті абайсызда зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартылады».

Мысалы, Л-деген азаматша күйеуі (зайыбы) F-ның жол сапарға шығарып салған түні беймезгіл уақытта оның есігін сыртынан бір адамның кілтпен ашып жатқандығын байқайды. Зайыбында үйдің екінші кілтінің бар екендігін білгенімен Л. Оның келетін уақыты жетпегендігін ескеріп, үйге ұры түсіп жатыр деген оймен қорыққанынан есікті ашып кіріп келген адамды ауыр темір трубамен ұрып құлатады. Есін жиып қараса зайыбы болып шығады. Мұнда Л-дың жауаптылығы абайсызда зиян келтіргендік үшін туындайды.

Қорғану әрекеттеріне қатысты шарттар бойынша:

- 1) Қорғану әрекеті қорғанушы адамның жеке мүдделерін ғана емес, өзге адамдардың, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін жасалуы тиіс;
- 2) Қорғану кезінде зиян үшінші тұлғаларға емес, қолсұғушы адамның өзіне келтірілуі тиіс;
- 3) Қорғану әрекеті қажетті қорғанудың шегінен асып кетпеуі тиіс.

Заңшығарушы азаматтарға қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан тек өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін ғана емес, сонымен бірге өзге адамдардың, туыс, жақындардың құқықтары мен мүдделерін де қорғауға құқық береді. Бұл жөнінде ҚК-ң 32 бабының 1-бөлігінде былай анықталған: «... қорғаушының немесе өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін ...ң. Сонымен қажетті қорғанудың мақсаты - заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғатын қоғамға қауіпті қолсұғушылықты болдырмау немесе тойтару».

Қорғану әрекетінің заңға сәйкестік екінші шарты бойынша зиян қол сұғушы адамның өзіне келтірілуі тиіс. Егер бұл шарт орындалмай, қорғану кезінде зиян басқа адамдарға келтірілсе, онда бұл жағдай қажетті қорғанудың заңға сәйкестік шарттарын бұзғандық ретінде немесе аса қажеттілік ережелерімен қарастырылуы мүмкін. Қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға келтірілген зиян: оның денсаулығына түрлі дәрежеде зиян келтіру, ұрып-соғу, бас-бостандығынан айыру, мүлкін бүлдіру және т.б. сипатта орын алуы мүмкін.

Қажетті қорғанудың шегінен асып кетпеу шарты бойынша қорғану әрекеті қолсұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне сәйкес келуі қажет.

ҚК 32-бабының 3-бөлігіне сәйкес «нәтижесінде қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғану шегінен шығу деп танылады. Бұлайша шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда

ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Бұл анықтамадан қажетті қорғану шегінен шығудың 3 белгісін бөліп алуға болады:

- 1) қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сипаты мен дәрежесіне қорғанудың көрінеу сәйкес келмеуі;
- 2) қол сұғушыға анық шектен тыс жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілуі;
- 3) зиян тек қасақана келтірілуі тиіс.

Қажетті қорғану шегінен шығушылық бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені шешу кезінде қолсұғушылыққа қатысты және қорғануға қатысты мән-жайлардың барлық жиынтығына талдау жасау қажет және мынадай объективті жағдайларды ескеру қажет, атап айтқанда:

- қорғалатын игіліктің мағыздылығы мен қорғану кезінде зиян келтірілетін объектінің мағыздылығы,
- қол сұғушылықтың қауіптілігі, оның ұмтылысы мен шапшандығы (интенсивность);
- қорғанушы мен шабуыл жасаушының демографиялық ерекшеліктері (жынысы, жасы, денсаулық жағдайы, дене күштері және т.б.);
- қорғанушы мен шабуыл жасаушылардың саны;
- қолсұғушылық пен қорғану кезінде қолданылған құралдардың бар болуы, сипаты және тәсілі;
- қолсұғушы мен қорғанушының арасындағы қатынас.

Осы аталған жағдайлардың барлығын ескерген жағдайда ғана шабуыл мен қорғанудың сәйкестігі туралы мәселе дұрыс шешіледі.

Адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

ҚР қылмыстық заңы бойынша қажетті қорғану шегінен асып қасақана қылмыс жасау екі жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады. Біріншісі, ҚК 99-бабында «Қажетті қорғану шегінен асып кісі өлтіру», екіншісі ҚК 109-бабы «Қажетті қорғану шегінен асып қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру». Ал өзге жағдайларда, егер қажетті қорғану шегінен асып денсаулыққа қасақана орташа не жеңіл зиян келтіру, не абайсызда зиян келтіру ҚК-ң 53 бабының 1 бөлігі «зң тармағына сәйкес жауаптылық пен жазаны жеңілдетуші мән-жайлар ретінде танылады. Сонымен бірге, қылмыстық заңда қоғамға қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату туралы да норма қарастырылған.

§3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру

Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру институтын қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі ұзақ уақыт бойы қажетті қорғану институтымен теңестіріп келді. Қазіргі қолданыстағы ҚР қылмыстық заңы оның құқықтық табиғаты қажетті қорғанудан өзге, ерекше екендігін ескеріп, оны әрекеттің қылмыстылығын жоятын жеке институт ретінде қарастыру туралы қылмыстық заңға норма енгізді. ҚР ҚК-ң 33-бабының 1-бөлігінде: «Қылмыс жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайды - делінген.

Қылмыскерді ұстау - қоғамға пайдалы әрекет. Ол жауаптылықтан құтылмайтындық қағидасын жүзеге асырудың бір көрінісі. Өзінің құқықтық табиғаты бойынша қылмыс жасаған адамды ұстау актісі азаматтардың қоғамға қарсы әрекеттердің жолын кесу және оларды жасаған адамдарды өкімет органдарына жеткізу арқылы субъективтік құқықтары мен моральдық парыздарын жүзеге асыру болып табылады. Ал бірқатар субъектілер, құқыққорғау органдарының қызметкерлері үшін, қылмыскерді ұстау - құқықтық, қызметтік міндет.

Қылмыс жасаған адамды ұстау деп қылмыскерді ұстаудың заңға сәйкестік шарттар бұзылмаған жағдайда, оны өкімет органдарына жеткізу үшін күштеп қысқа уақытқа бостандығынан айыру әрекетін түсіну қажет.

Кез келген адамның, оның ішінде қылмыскердің де өмірі, денсаулығы және басқа да құқықтары мен заңды мүдделері заңмен қорғалатындықтан, қылмыскерді ұстау кезінде келтірілген зиянның заңға сәйкестігі туралы мәселенің туындауы заңды болып табылады.

Қылмыс жасаған адамға оны ұстау мақсатымен зиян келтіру әрекеті, егер адамның оны ұстауға құқығы бар болса және бірқатар шарттарды сақтаса заңға сәйкес болып табылады. Тәжірибеде көбінесе қылмыскерді ұстау құқығын қылмыстың жәбірленушісі және құқыққорғау органдары қызметкерлері иемденеді.

Қылмыстық құқық теориясы қылмыскерді ұстаудың және оны ұстау кезінде оған зиян келтірудің заңға сәйкестік мынадай шарттарын белгілейді:

- 1) тек ғана қылмыс жасаған адам ғана ұсталуы қажет,
- 2) нақ осы аталған адам қылмыс жасады деген сенімділік болған кезде ғана күш қолданылуы қажет;
- 3) ұсталатын адамға зиян, егер ол қылмыстық жауаптылықтан жалтару қаупін тудырса ғана келтірілуі тиіс;
- 4) қылмыс жасаған адамға зиян, оны ұстау және тиісті өкімет органдарына жеткізу мақсатында ғана

келтірілуі тиіс;

- 5) қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қолданылған шаралар қажеттіліктен туындауы қажет;
- 6) қылмыскерді ұстау үшін қолданылған шаралар жасалған қылмыстың қауіптілік сипаты мен дәрежесіне және қылмыс кердің жеке тұлғасының қауіптілігіне сәйкес келуі қажет;
- 7) қылмыскерді ұстау шараларының сипаты оны ұстау жағдайына сәйкес болуы қажет;
- 8) келтірілген зиян қылмыскерді ұстау үшін қажетті шаралар шегінен аспауы тиіс.

Осы аталған жағдайлардың барлығының болуы қылмыскерді ұстау кезінде зиян келтіруді заңды деп санауға және адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз болып табылады.

ҚК-ң 33-бабының 2-бөлігіндегі талаптарға сәйкес қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән-жайына көрінеу сай келмеуі ұстау шараларын асыра сілтеу деп танылады. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірілген жағдайда ғана жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Ұстау шараларынан шығу мына жағдайларда орын алуы мүмкін:

- 1) егер ауырлығы онша емес қылмыс жасаған кінәліге оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен ұштасқан ұстау шаралары қолданылса. Мысалы, егер ұрып-соғу қылмысына кінәлі адамға денсаулығына ауыр зиян келтірілсе;
- 2) егер қылмыскерді ұстау кезінде жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян келтірілсе. Мысалы, ұсталатын адамға жеңіл зиян келтіру мүмкіндігі бола тұра оған ауыр зиян келтірілсе;
- 3) қылмыскерді ұстау кезінде оған қасақана зиян келтірілсе.

Қылмыстық заңда қылмыскерді ұстау шараларының шегінен асып қасақана адам өлтіру және қасақана денсаулыққа зиян келтіру үшін ғана қылмыстық жауаптылық қарастырылған. Ал, қылмыскерді ұстау шаралары шегінен шығып абайсызда адамға қаза келтіру немесе абайсызда денсаулыққа түрлі дәрежеде зиян келтіру үшін жауаптылық көзделмеген.

Қылмыскерді ұстау қажетті қорғану институтымен ұқсас келеді, екі жағдайда да зиян қол сұғушыға келтіріледі, екіншіден, екеуі де қоғамға пайдалы бағыттылығына байланысты туындайды. Олар заңды әрекеттер деп танылады.

Дегенмен, олар бір-бірінен бірқатар белгілерімен де ажыратылады:

- а) қажетті қорғану қолсұғушылық жасалу барысында, ал қылмыскерді ұстау қылмыстық әрекет жасалғаннан кейін жүзеге асырылады;
- б) қажетті қорғанудың мақсаты - қоғамға қауіпті қолсұғушылықты тоқтату немесе болдырмау, ол ұстаудың мақсаты - қылмыскерді өкімет органдарына жеткізу және олардың жаңа қылмыс жасау мүмкіндігін тыю;
- в) қажетті қорғануда қол сұғушы барлық уақытта қылмыс субъектісі болып таныла бермейді, ал қылмыскерді ұстауда – есі дұрыс, жауаптылық жасына толған адам жөнінде сөз болады;
- г) қажетті қорғануда зиян келтіру төнген қауіпті тойтарудың жалғыз құралы болып табылмайды, ал қылмыскерді ұстауда ол жалғыз бірден бір құралы болып табылады.

§4. Аса қажеттілік

Аса қажеттілік қажетті қорғану институты сияқты қоғамға пайдалы қызметті атқарады. Аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттер де жеке адамның құқықтары мен мүдделерін, мемлекет пен қоғам мүдделерін төніп тұрған қауіптен қорғауға бағытталған.

Қылмыстық заңға сәйкес аса қажеттілік дегеніміз – заңмен қорғалатын мүдделерге, яғни адамның немесе қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей төніп тұрған қауіпті жою үшін, егер бұл қауіпті басқа амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда мәжбүрлі қажеттілік жағдайынан шығып кетушілікке жол берілмесе, аса қажетті жағдайда қылмыстық заңмен қорғалатын басқа мүдделерге адамның заңды зиян келтіруі.

Аса қажеттілік жағдайы құқықпен қорғалатын екі мүдденің тоғысуы нәтижесінде пайда болады, яғни бір мүддені екінші мүдденің есебінен қорғау кезінде туындайды. Мұндай жағдайларда адам тойтарылған зиянға қарағанда азырақ зиян келтірсе ғана аса қажеттілік жағдайы орын алады.

Көп жағдайларда аса қажеттілік адамның белсенді әрекетімен жүзеге асырылады. Алайда, кейде адамның екі міндеті тоғысып қатар келіп қалса, әрекетсіздік арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. *Мысалы, дәрігерді бір уақытта екі ауруға шақырса, дәрігер ең алдымен ауыр халдегі ауруды қарап, екінші науқасқа қатысты белгілі бір уақытқа әрекетсіздік танытады.*

Аса қажеттілік жағдайында қауіпті тудыратын себептерге адамның заңсыз әрекеттерімен бірге, табиғат күштері (су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, қар көшкіні және т.б.), жануарлардың әрекеттері, адам организміндегі физикалық процестер (аштық, ауру) да жатады. Ал керісінше, адамның өзінің қасақана әрекеті, психикалық және физикалық мәжбүрлеу, қол сұғушы адамға шабуыл жасау аса қажеттілік жағдайларын тудырушы себептерге жатпайды.

Аса қажеттілік жағдайында келтірілген зиян заңға сыйымды, заңды деп танылу үшін мына екі топтағы шарттар сақталуы қажет:

- 1). төніп тұрған қауіптілікке қатысты шарттар,
- 2). қауіптілікті тойтару әрекетіне қатысты шарттар.

Төніп тұрған қауіптіліктің сипатына қатысты шарттар бойынша:

- 1). түрлі себептерден шыққан қауіп жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне төнуі қажет;
- 2). қауіп шын мәнінде нақты орын алған, яғни жеке немесе қоғамдық мүдделерге елеулі зиян келтіруді тікелей төндіруі қажет;
- 3). үшінші тұлғалардың мүдделеріне зиян келтірумен байланысты емес өзге адамдармен тойтару мүмкін болмайтындай сипаттағы қауіп орын алуы қажет.

Қауіпті тойтару әрекетіне қатысты шарттарға:

- 1). Бұл жағдайда төнген қауіпті басқа амалдармен тойтару мүмкін болмаса. Егер белгілі бір адамның құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей қауіптілікті тойтарудың өзге тәсілдері болған болса, онда адам сол амалдарды таңдауы тиіс. Белгілі бір амалды қауіптілікті тойтарудың жалғыз, бірден бір амалы ретінде тануды нақты жағдайдағы барлық әрекеттерді ескеріп шешу қажет.
- 2). Төнген қауіптілікті тойтару кезінде келтірілген зиян тойтарылған зияннан аз, төмен болуы қажет. Төнген қауіптен жоғары не оған тең зиян келтіру аса қажеттілікті жоққа шығарады. *Мысалы, өз өмірін сақтау үшін екінші адамның өміріне қол сұғу аса қажеттілік жағдайы деп саналмайды, адам өлтіру үшін жауаптылық қарастырылады.*

ҚК 34-бабының 2-бөлігінде аса қажеттіліктің шегінен шығу туралы норма қарастырылған. Онда: «құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады».

Сонда аса қажеттілік шегінен шығу мына жағдайларда орын алады:

- 1) төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сай келмейтін зиян келтіру;
- 2) құқық қорғау мүдделеріне тойтарылған зиянға қарағанда тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілсе;
- 3) зиян қасақана келтірілсе;
- 4) зиян қауіп төндірушіге емес, үшінші тұлғаларға немесе қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне келтірілуі тиіс.

Аса қажеттілік қажетті қорғану сияқты қоғамға пайдалы әрекет.

Дегенмен, олардың арасында мынадай айырмашылықтар бар:

- а). қажетті қорғануға құқық ҚР Конституциясының 13-бабында және ҚК-те көрсетіліп кепілдік берілген, ал аса қажеттілік институты тек қылмыстық заңмен ғана реттеледі;
- б). қажетті қорғануда қауіптілік көздері ретінде тек адамның қоғамға қауіпті әрекеттері танылса, аса қажеттілікте адамның әрекеттерімен бірге, табиғат күштері мен құбылыстары, жануарлардың шабуылы, физиологиялық немесе патологиялық процестер, жоғары қауіптілік көздерінің әсері және т.б. табылады;
- в). қажетті қорғануда зиян қолсұғушыға, ал аса қауіптілікте үшінші (заңды не жеке) тұлғаларға келтірілуі;
- г). қажетті қорғануда қол сұғушылықты болдырмау мүмкіндігінің әр түрлі жолдары болса; аса қажеттілікте қауіптілікті тойтарудың жалғыз жолы – зиян келтіру болып табылады;
- д). қажетті қорғануда қолсұғушыға келтірілген зиян тойтарылған зиянға тең, немесе одан елеулі болуы мүмкін, ал аса қажеттілікте тойтарылған зияннан кем зиян келтірілуі тиіс;
- е). қажетті қорғану шегінен қасақана шығу үшін ҚК-те жауаптылық қарастырылған, ал аса қажеттілік жөнінде мұндай тиісті нормалар көрсетілмеген.

§5. Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру

Қазақстанның қылмыстық заңы ұзақ уақыт бойы жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру кезіндегі құқық қорғау органдары қызметкерлерін құқықтық қорғау туралы мәселені заңда реттемеген еді. 2001 жылғы 16-наурыздағы Қазақстан Республикасының « Ұйымдасқан қылмыстылық пен және жемқорлықпен күресті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 163 Заңымен Қылмыстық кодекс 34-1 « Жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру» бабымен толықтырылды. Аталған норма әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың қатарын кеңейтті.

ҚК-тің 34-1 бабына сәйкес « Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осы органмен қызметтес өзге адамның осындай органның тапсырмасымен жедел-ізвестіру шараларын орындауы кезінде заңға сәйкес жасаған әрекетімен осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге келтірген зияны, егер бұл әрекет бір топ адам, ұйымдасқан топ немесе алдын ала сөз байласып жасаған қылмысты болғызбай, анықтау, ашу немесе тергеу мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен

келтірілетін зиянға қарағанда онша мәнді болмаса және егер оларды болғызбау, ашу немесе тергеу, сол сияқты қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, қылмыс болып табылмайды.

Жедел-іздістіру қызметі қылмыстылықпен күресудің құралы ретінде құқыққорғау қызметінің бір бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта жедел-іздістіру қызметі саласын реттейтін негізгі нормативті құқықтық құжат болып 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «ҚР Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңы табылады. Жедел-іздістіру шараларының түсінігі мен оны жүзеге асыратын субъектілердің тізімі, олардың құқықтары мен міндеттері сол заңда анықталған.

ҚК- 34-1 бабының 2-бөлігіне сәйкес адамның өмірі мен денсаулығына қауіп келтірумен, экологиялық апатқа, қоғамдық зілзала немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасқан адамдардың әрекеттеріне 34-1 баптың 1-бөлігінің ережелері қолданылмайды.

Сонымен, **жедел-іздістіру шаралары кезінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру мынадай заңға сәйкестік шарттары бар;**

1). Егер жедел-іздістіру шаралары тек мемлекеттік өкілетті органмен немесе осы органмен қызметтес өзге адамның осындай органның тапсырмасымен орындалуы;

2). Егер бұл әрекет бір топ адам, ұйымдасқан топ немесе алдын ала сөз байласып жасаған қылмысты болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеу мақсатында жасалуы;

3). Егер оларды болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеу, сол сияқты қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмауы;

4). Егер құқыққорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен келтірілетін зиянға қарағанда онша мәнді болмауы;

5). Жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру адамның өмірі мен денсаулығына қауіп келтірумен, экологиялық апатқа, қоғамдық зілзала мен өзге де зардаптарға ұштаспауы қажет.

§6. Орынды тәуекел ету

Заң әдебиеттерінде орынды тәуекел ету институты біраз уақыттан бері зерттеліп келгенімен, қылмыстық заңда ол жаңадан қарастырылды. Заңға енгізілгенге дейін құқық қолдану органдарының тәжірибесінде орынды тәуекел көп жағдайларда аса қажеттілік ережелері бойынша шешіліп жатты. Орынды тәуекел ету жөнінде жеке бап енгізудің қажеттілігі қазіргі жағдайдағы ғылым мен техниканы жетілдіру және қоғамдық даму процесінің жылдамдатылуы кезінде жаңа технологияларды игерумен байланысты кәсіби қызметтерді атқару белгілі бір тәуекелге баруға әкеп соғатындығымен түсіндіріледі.

ҚР ҚК-ң 35-бабының 1-бөлігінде қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте қылмыс тық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайтындығын баяндайтын жалпы ереже қарастырылған.

Орынды тәуекел етудің түсінігі ҚК-ң 35-бабының 2-бөлігінде берілген: егер аталған мақсатқа тәуекелмен байланыссыз іс-әрекетпен қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін қажетті шаралар қолданса, тәуекел орынды деп танылады.

Орынды тәуекел негізінен белгілі бір жаңа эксперименттерді жүргізу, бұрын қолданылмаған аппараттарды сынау, жаңа технологияларды игеру кезінде өндіріс, ғылыми-техника, шаруашылық, дәрігерлік және т.б. қызмет салаларында орын алады. Осыған байланысты көптеген заң әдебиеттерінде орынды тәуекелді мынадай түрлерге бөлу қалыптасқан:

1). **Өндірістік тәуекел**, яғни заңмен қорғалатын мүдделерге қауіп төндіру арқылы қоғамға пайдалы мақсатқа қол жеткізу немесе өндірістік қызмет нәтижесіндегі зиянды зардапты болдырмау.

2). **Шаруашылық тәуекел ету** заңмен қорғалатын материалдық мүдделерді қауіпті жағдайда қалдыру арқылы экономикалық пайда алуға ұмтылумен байланысты.

3). **Коммерциялық тәуекелге** банктік, биржалық, инвестиция және кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерінде нарық қатынастарының ерекшеліктерін пайдаланып белгілі бір пайда алуға ұмтылу жатады.

4). **Ғылыми-техникалық тәуекел** тәжірибеге жаңа әдістер мен зерттеу құралдарын енгізуге ұмтылумен байланысты туындайды.

Көріп отырғанымыздай, орынды тәуекел ету кез келген кәсіби қызмет саласында орын алғанымен, кез келген адамның емес белгілі бір қызметпен кәсіби түрде айналысатын адамның әрекеттерінде ғана көрінетін кәсіби тәуекел болуы қажет.

Орынды немесе заңды тәуекел етудің негізгі белгілері болып мыналар табылады:

а). әрекет немесе әрекетсіздік қоғамға пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуы, яғни тәуекелге барушы адамның емес, басқа адамдардың, қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жасалуы қажет;

б). қоғамға пайдалы мақсатқа тәуекелмен байланысты емес өзге әрекеттермен қол жеткізу мүмкін болмауы қажет;

в). адам заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін жеткілікті барлық шараларды

қолдануы қажет, яғни жасалған әрекеттер оны оң нәтижеге үміттендіретін қазіргі ғылыми-техникалық жетістіктерге, кәсіби біліміне, өмірлік әдісіне негізделуі тиіс;

г). тәуекел ету адамдардың өмірі мен денсаулығына көрінеу қатер төндірумен, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге ауыр зардаптармен ұштаспауы қажет.

Тәуекелді орынды деп тануға негіз беретін бір немесе бірнеше жағдайлардың болмауы кезінде зиян келтіргендік үшін адамды жауаптылыққа тарту кезінде ҚК-ң 53-бабының 1-бөлігінің «зң тармағына сәйкес аталған жағдай жауаптылық пен жазаны жеңілдетушы мән-жай ретінде қарастырылады.

§7. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу

Адамның іс-әрекетін заң қылмыстық іс-әрекет деп тану үшін, ол саналы және ерікті түрде жасалуы қажет. Ал іс-әрекет күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасалса, қылмыстық жауаптылық мәселесі қалай шешіледі?

ҚР ҚК 36-бабы осы мәселе жөніндегі жалпы ережелерді қамтиды: егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің әс-әрекетіне ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыс болып табылмайды. Психикалық мәжбүрлеудің нәтижесінде, сондай-ақ күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіргені үшін соның салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтаған болса қылмыстық жауаптылық туралы мәселе аса қажеттілік ережелерін ескере отырып шешіледі.

Қылмыстық құқық теориясында күштеп мәжбүрлеу деп адамның денесіне немесе бас бостандығына әсер ете отырып оны өз қалауынша әрекет ету мүмкіндігінен айыруды айтады. Ал психикалық мәжбүрлеу деген адамның психикасына қорқыту, бұйыру, гипноздау жолдарымен информациялық әсер ету. Бұл екі жағдайда да мәжбүрлеудің мақсаты – жәбірленушіге белгілі бір әрекетті жасату. Күштеп мәжбүрлеу адамды ұрып-соғу, денесіне зиян келтіру, бас бостандығынан айырып қамап қою әрекетінен көрінсе, ал психикалық мәжбүрлеу ауызша не жазбаша қорқыту, жүйкесіне әсер ететін заттарды қолдану, гипноз жасау, бопсалау әрекеттерімен жасалуы мүмкін.

Күштеп мәжбүрлеу нәтижесінде адам өз іс-әрекетін басқара алмаса, онда ол қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. *Мысалы, аяқ қолын байлап тастаған түнгі күзетшіні күзет ереже лерін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарта алмаймыз.* Өйткені, мұнда күштеп мәжбүрлеу тойтарылмайтын күш сипатын иемденіп тұр.

Ал егер күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуге қарамастан адамда өз іс-әрекетін басқару мүмкіндігі сақталса, яғни оның әрекетті таңдау мүмкіндігі бола тұра заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірсе тұлға мына жағдайларда жауаптылыққа тартылмайды:

а). егер мәжбүрлеу нәтижесінде жасалған әрекет қауіп қатер төндіретін күштен сақтанудың қажетті және жалғыз құралы болса;

б). осы әрекеттің нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшері күштеп не психикалық мәжбүрлеу толығымен жүзеге асырылған кездегі келтірілетін зияннан кем болса.

Осы екі жағдайдың кемінде біреуінің болмауы аса қажеттілік жағдайын жоққа шығарып күштеп не психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде зиян келтірген адам жеңілдетілген мән-жай бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс. Бұл жағдайда қылмыс жасауға мәжбүрлеген тұлға қылмыстың айдап салушысы ретінде жауапқа тартылады. Сонда күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу аса қажеттілік жағдайын туғызғанда ғана іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайға айналады.

Бірқатар жағдайларда заңшығарушы күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуді жүзеге асыруды жеке қылмыс түрлері ретінде қарастырады. *Мысалы, ҚК-ң 123-бабы «жыныстық қатынас жасауға еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету» ҚК-ң 354-бабы «жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету», ҚК-ң 368-бабы «бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуга мәжбүр ету», ҚК-ң 347 «жауап беруге мәжбүр ету» қылмыстарында күштеп немесе психикалық мәжбүр ету әрекеттері орын алады. Сонымен бірге, ҚР ҚК-не жаңадан енгізілген 347-1 бабындағы «Қинау» қылмысын да мәжбүрлеудің бір түрі ретінде қарастыруға болады.*

§8. Бұйрықты немесе өкімді орындау

Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жай ретінде заңшығарушы бұйрықты немесе өкімді орындауды айтады. ҚК-ң 37-бабында бұл жөнінде былай делінген: өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайды. Мұндай зиян келтірілгені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Бұйрық немесе өкім – белгілі бір әрекеттерді орындауға міндетті адамға жүктелген заңға немесе заңға

тәуелді актілерге негізделген өкілетті адамдардың билік талаптары. Егер бұйрықты не өкімді беруге өкілетті адам өз өкілеттілігінің шегінен шықпай және тиісті нысандарын сақтай отырып берсе, бұйрық не өкім заңды деп танылады. Ал мұндай шарттар сақталмаса берілген бұйрық не өкім заңсыз болып саналады.

Заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде құқыққорғайтын мүдделерге зиян келтіру мына жағдайларда заңға сыйымды болып табылады:

- 1). егер бұйрықты не өкімді орындаушы тұлға бұйрық не өкім берген лауазымды тұлғаға қызметі бойынша бағынышты және бұйрықты не өкімді орындауға міндетті болса,
- 2). аталған бұйрық не өкім соны беруге өкілетті адам арқылы берілсе;
- 3). міндетті бұйрықты не өкімді орындау кезінде мұндай бұйрық не өкімнің заңсыз екендігін ұғынбаса не ұғынуға мүмкіндігі болмаса.

Сондықтан заңсыз бұйрық немесе өкімді орындау кезінде құқыққорғайтын мүдделерге зиян келтіргендік үшін жауаптылық заңсыз бұйрық не өкімді берген адамға жүктеледі.

ҚК 37-бабының 2-бөлігіне сәйкес, көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау қылмыстық жауаптылыққа ұшыратпайды. Заңның талабына сәйкес мұндай жағдайларда қылмыстық бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстың ұйымдастырушысы, ал осындай көрінеу заңсыз бұйрықты не өкімді орындаған адам қылмыстың орындаушысы ретінде жауаптылыққа тартылуы тиіс. Бұл жағдайға бұйрықтың, өкімнің заңсыз екендігін олардың екеуі де ұғынуы қажет.

Егер бұйрықты орындаушы адамға бұйрықтың не өкімнің қылмыстық не заңсыз екендігі жөнінде түсініксіз болса, онда мына екі түрлі жағдай орын алуы мүмкін:

- 1). егер қылмыстық бұйрықты не өкімді орындау кезінде зиян келтірген адам ол бұйрықтың қылмыс екенін ұғынбаса және ұғынуға міндетті емес немесе ұғынуына ешқандай мүмкіндігі болмаса, онда ол жауаптылыққа тартылмайды, ал келтірген зиян жазықсыз келтірілген зиян деп танылады.
- 2). егер қылмыстық бұйрықты не өкімді орындаушы адам мұндай бұйрықтың не өкімнің қылмыстық мәнін ұғынбаса, бірақ ұғынуға міндетті не ұғыну мүмкіндігі болса, онда ол абайсызда зиян келтіру әрекеті үшін қылмыстық заңда жауаптылық қарастырылған жағдайда ғана жауапты болуы мүмкін.

Алайда, ҚК-ң 37-бабының 2-бөлігінде көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде қасақана қылмыс жасаған адам қылмыстық жауаптылыққа тарылады делінген.

Әдебиеттер:

- Алауов Е.О, Каракетов Ю.И. Как уберечься от преступника. Алматы, 1996
Гринберг М.С. Проблема производственного риска в уголовном праве. М., 1963
Козак В.Н. Вопросы теории и практики крайней необходимости, Саратов, 1986
Козак В.Н. Право граждан на необходимую оборону. Саратов, 1972
Рахметов С., Турецкий Н. Необходимая оборона. Алматы, 1996 г.
Тишкевич И.С. Условия и пределы необходимой обороны. М., 1969; Тишкевич И.С. Право граждан на задержание преступника. Минск, 1974
Ткаченко В.И. Необходимая оборона в уголовном праве. М., 1979
Халиков К.Х. Необходимая оборона по советскому уголовному праву. Алма-Ата, 1970
Якубович М.И. Обстоятельства, исключющие общественную опасность и противоправность деяния. М., 1979
Якубович М.И. Вопросы теории и практики необходимой обороны. М., 1961
Паше-Озерский Н. Н. Необходимая оборона и крайняя необходимость. М., 1962

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасының « Жедел-ізвестіру қызметі туралы » 15.09.1994 жылғы Заңы, 25.12.1995 ж, 15.07.1996ж, 2.12.1998ж,29.03.2000ж,16.03.2001ж, 16.07.2001ж, 19.02.2002 ж, 10.07.2002 жылғы өзгертулермен бірге

Қазақстан Республикасының Жоғары Соты Пленумының 23.12.1994 жылғы « Азаматтардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылық үшін жауаптылықты реттейтін заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы » қаулысы, 20.12.1996 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен бірге

11-тарау. Қылмыс жасау сатылары

§1. Қылмыс жасау сатыларының түсінігі мен маңызы

Қылмыстылықпен күресу тәжірибесінде қасақана қылмыс жасаған адамның өзінің қылмыстық ниетін және ойлаған әрекетін соңына дейін толық жүзеге асыра алмау жағдайлары жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда қылмыстық әрекет қай сатыда үзілгендігін анықтау қажеттілігі туады. Осы мақсатта қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі қылмыстық заңға сүйене отырып қылмыс жасау сатыларын қарастырады.

Қылмыс жасау сатылары дегеніміз—қылмыскердің өз ниетін жүзеге асыру дәрежесі мен нақты бір қылмыстың объективтік жағын жүзеге асыруды бір-бірінен ажырататын қасақана қылмыстың дамуының белгілі бір кезеңдері. Аталған сатыларды анықтау қылмыскердің қылмыстық жауаптылығын және жазасы жөніндегі мәселені шешу үшін қажет болып табылады.

ҚР қылмыстық заңы қылмыс жасаудағы қылмыскердің ниетін жүзеге асыруды үш сатыға бөледі:

- 1). Қылмысқа дайындалу,
- 2). Қылмысқа оқталу;
- 3). Аяқталған қылмыс.

Қылмыс жасау сатылары терминін заңшығарушы қылмыстық заңда «аяқталған» және «аяқталмаған» қылмыстар терминімен сипаттайды. ҚК-ң 25-бабына сәйкес аяқталған қылмыс деп – адамның жасаған әрекетінде қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері болса танылады. Ал аяқталмаған қылмысқа қылмыстық әрекеттің 2 түрін жатқызады;

а). адамның еркінен тыс себептермен үзілген қылмыстар қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу;

б). әрекет етушінің еркімен тоқтатылған қылмыс, яғни қылмысты аяғына дейін жасаудан адамның өз еркімен бас тартуы.

Дегенмен, аяқталмаған қылмысты құрайтын қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу әрекеттеріне адам ойындағы қылмыстық ниетті табуды, біліп қоюды жатқызуға болмайды. Себебі, адамның ҚК-ң Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмысты жасауға бағытталған, бірақ зиянды әрекеттермен нақты көрінбеген қылмыс жасау ниетін қылмыстық іс-әрекет деп тануға болмайды. Іс-әрекетпен көрінбегеннің барлығы қылмыстық құқықтық реттеуден тыс жатады.

Сондықтан, қоғамға қауіпті іс-әрекетте көрінбеген қылмыстық ниетті табу (мысалы, күнделікті жазбалардан белгілі болған ойлар) қылмыстық жауаптылықты көздемейді. Алайда, қылмыс жасауға деген кінәлінің ниетін алдын-ала табу құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күресу қызметтері үшін маңызды болып табылады.

Қылмыс жасау сатыларының қылмыстық құқықтық маңызы ең алдымен, қылмысты саралау кезінде байқалады. Белгілі бір қылмыс аяқталды ма, жоқ әлде аяқталмаған қылмыс па, егер аяқталмаса қандай сатыда тоқтатылды деген мәселені шешу үшін маңызды. Бұл жағдайда қылмыс жасаудың әрбір алдыңғы сатысын екіншісі сіңіріп отыратынын ескеру қажет. Басқаша айтқанда, адам алдымен дайындық әрекеттерін жасайды, содан соң адам өміріне қол сұғады және соңында оны өлтіреді. Мұнда дайындық сатысы оқталу сатысына сіңіріліп, адам аяқталған адам өлтіру қылмысы үшін жауапқа тартылады.

Сонымен бірге қылмыс жасау сатыларын анықтаудың елеулі тәжірибелік мәні бар. Қылмыстық құқықта жауаптылық пен жазаны жекелеу істің барлық мән-жайларын, соның ішінде қылмысқа дайындалу дәрежесі мен қылмыстық ниетті жүзеге асыру туралы мәселені ескеруге негізделеді.

§2. Қылмысқа дайындалу

ҚК 24-бабына сәйкес «тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады».

Қылмысқа дайындалу - бұл қылмыс жасауға жағдайлар туғызатын қасақана әрекеттер. Ол қасақана қылмыс жасаудың бірінші сатысын құрайды.

Дайындалу әрекеттеріне мына ерекшеліктер тән:

- Олар тек қылмыстың жасалуына жағдайлар туғызады,
- Қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне өздігінен тікелей қауіп тудырмайды;
- Кінәлінің еркінен тыс себептермен мәжбүрлі түрде тоқтатылады.

Қылмысқа дайындалу ҚК-ң 24-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мына әрекеттермен сипатталады:

а). қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, яғни кез келген тәсілмен (заңды немесе заңсыз) аталған құралдарды иемдену әрекеттері. Мысалы, қаруды заңға сәйкес сатып алу, сыйға алу, тауып алу, ұрлап алу, ауыстыру және т.б.,

б). қылмыс құралдарын немесе қаруларын әзірлеу немесе бейімдеп жасау—оларды ойлаған қылмысты табысты жүзеге асыру үшін жарамды қалыпқа келтіру әрекеттері. Мысалы, кілтті өзгертіп жасау, қарудың

қасиетін өзгерту және т.б.;

в). қылмысқа қатысушыларды іздестіру—басқа бір немесе бірнеше адамды, орындаушы, айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыс жасауға тарту әрекеттері. Ол кез келген тәсілмен (сатып алу, қорқыту, бопсалау, алдау, ұсыныс айту) жүзеге асырылуы мүмкін.

г). қылмыс жасауға сөз байласу—нақты қылмысты бірігіп жасауға алдын-ала уәделескен кемінде екі адамнан тұратын топты ұйымдастыру;

д). қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, яғни қылмыстық ниетті жүзеге асыруға бағытталған жоғарыда аталған әрекеттерден өзге кез келген әрекеттерді жасау. Мысалы, қылмыс жасау жағдайын алдын-ала зерттеу, ойластырылған қылмысты жасыруға бағытталған әрекеттерді жасау, қылмыс жасау орнының жоспарын дайындау және т.б.

Аяқталған қылмысты жасау үшін жағдайлар туғызатын дайындық әрекеттерінің түпкілікті тізімін көрсету мүмкін еместігін заңның өзінде заңшығарушы тікелей баяндаған.

Қылмысқа дайындалу бір әрекетпен немесе жоғарыдағы аталған әрекеттердің жүйесімен де жасалуы мүмкін. Көбінесе дайындалу белсенді әрекетпен, ал кейбір жағдайларда әрекетсіздікпен де жасалады. *Мысалы, қойма қарауылы қылмыстың басқа қатысушыларына ұрлық жасау үшін қасақана жағдайлар туғызу мақсатында кезекшіліктен уақытша кетіп қалады.*

Мерзімі бойынша дайындық әрекеттері қылмыстың жүзеге асырылуынан бұрын жасалады. Мұндағы уақыт аралығы бірнеше минуттан бірнеше айларға дейін созылуы мүмкін. Дайындық әрекеттерінің жасалу орны қылмыстың жасалу орнымен сәйкес келмеуі, кейде олар бір-біріне жақын маңда жасалуы да мүмкін.

Субъективтік жағынан қылмысқа дайындалу кінәнің тікелей қасақаналығымен сипатталады, яғни дайындалушы адам өз іс-әрекеттерінің қоғамға қауіптілік сипатының бар екендігін ұғынады, осы іс-әрекеттер қылмыстың жасалуына жағдай туғызатынын алдын-ала біледі және соны тілейді.

Сот тәжірибесінде қылмысқа дайындалғандық үшін сотталған дар сирек кездеседі, бұл дайындық әрекеттерінің қылмыстық қол сұғушылықтың аяқталуынан алшақ жатқандығымен және оның қоғамға қауіптілік дәрежесінің шамалылығымен де түсіндіріледі. Бір жағынан, қылмысқа дайындалуды дәлелдеу қиындық туғызады, себебі дайындалу әрекеттері өздігінен қылмыскердің қылмыстық ниетін барлық уақытта дәлелдей бермейді. Осыған байланысты заңшығарушының қылмысқа дайындықты жалпы жазалаудан бас тартуы негізді. ҚР ҚК-ң 24-бабының 2-бөлігі бойынша тек ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық басталады.

Қылмысқа дайындалу үшін жауаптылық сол дайындалып жатқан қылмыс бойынша жауаптылықты көздейтін ҚК Ерекше бөлімінің бабымен және ҚК 24-бабына міндетті түрде сілтеме жасалып сараланады. Ал егер дайындық әрекеттері жеке қылмыс құрамын құрайтын болса, онда ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабымен аяқталған қылмыс ретінде саралауды қажет етеді.

Қылмысқа дайындалу бойынша жаза тағайындау кезінде сот жаза тағайындаудың жалпы негіздеріне сәйкес ережелермен қатар аяқталмаған қылмыстар үшін жаза тағайындаудың ерекшеліктерін де ескереді. Бұл жағдайда қылмыстың ақырына дейін жеткізілмеу жағдайлары есепке алынады. Қылмысқа дайындалу үшін тағайындалатын жазаның мөлшері ҚК Ерекше бөліміндегі тиісті аяқталған қылмыс үшін белгіленген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауы тиіс.

§3. Қылмысқа оқталу

Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет, егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып танылады. Адамға байланысты емес мән-жайлар ретінде кінәлінің күш салуына қарамастан қылмысты аяғына дейін жеткізуге кедергі жасайтын әр-түрлі жағдайларды түсіну қажет. Қылмысқа дайындалу кезінде кінәлі қылмыс жасауға жағдай туғызатын әрекеттерді жасаса, ал қылмысқа оқталуда ол қылмыстың объективтік жағына кіретін іс-әрекеттерді жасай бастайды немесе тікелей орындайды. Сонымен қатар, қылмысқа дайындалуға қарағанда оқталу үшін жауаптылық ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар санаттары бойынша туындайды.

Объективтік жағынан қылмысқа оқталу нақты қылмыс құрамын жасауға тікелей бағытталған әрекеттерден тұрады. Мұнда «тікелей» сөзі адамның қылмыстың объективтік жағын орындай бастауы немесе орындауды жалғастыруы дегенді білдіреді. *Мысалы, адам өлтіруге оқталуда кінәлі жәбірленушіге оқ атуға ұмтылады немесе оқ атады, бірақ оған тимей қалады немесе қоймаға кірумен жасалатын ұрлыққа оқталуда кінәлі есіктегі бекітілген құрылғыны бұзу үстінде ұсталса және т.б.* Бұл аталған мысалдарда қылмыстық-құқықпен қорғалатын объектілерге зиян келтіру қаупі туып отыр, яғни қылмыстың объектісіне тікелей әсер етеді. Қылмысқа дайындалудан оқталу осы белгісімен де ажыратылады. Көпшілік жағдайларда қылмысқа оқталу әрекетпен жасалады. Алайда, материалдық құрамдағы кейбір қылмыстар, егер онда адамның қылмыстық нәтижеге жету еркі көрінсе әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін. *Мысалы, егер анасы өзінің жаңа туған сәбиін өлтіруді тілеп оны тамақтандырмаса, бірақ өзге адамдардың араласуынан баланың*

өлімі тумаса. Оның әрекеті адам өлтіруге оқталу ретінде сараланады.

Субъективтік жағынан оқталу заңның өзінде көрсетілгендей, кінәнің тікелей қасақаналығымен сипатталады. Кінәлі нақты қылмысты жасауға бағытталған өз іс-әрекеттерінің қоғамға қауіптілігін ұғынады және оларды орындауды тілейді.

Қолданылып жүрген қылмыстық заң оқталуды түрлерге бөлмегенімен, қылмыстық құқық ғылымы әрекеттің аяқталу дәрежесі мен көлеміне байланысты қылмысқа оқталудың екі түрін қарастырады:

- 1) аяқталған оқталу,
- 2) аяқталмаған оқталу.

Аяқталған оқталу, егер кінәлі қылмысты жасай отырып қоғамға қауіпті зардаптардың туындауы үшін қажетті әрекеттердің барлығын жасадым деп есептесе, бірақ оның еркінен тыс себептермен қылмыстық нәтиже туындамаса немесе қылмыс аяқталмаса орын алады. Аяқталған оқталуда қылмыскердің ойлаған зардабы емес, өзге зардаптар келтірілуі мүмкін. *Мысалы, өлтіремін деген ниетпен кінәлі жәбірленушінің кеудесіне пышақ салады, бірақ жәбірленушінің өмірін дәрігерлер сақтап қалады.* Мұнда қылмыстық ниеттің бағыттылығына сәйкес кінәлінің әрекеті ҚК 96-бабымен және 24-бапқа сілтеме жасай отырып адам өлтіруге аяқталған оқталу бойынша сараланады.

Аяқталмаған оқталу, егер кінәлі өзінің еркінен тыс себептермен қылмысты аяғына дейін жеткізу үшін қажетті әрекеттердің барлығын жасай алмаған жағдайда орын алады. Аяқталмаған оқталуда кінәлі қылмысты аяғына дейін жеткізуге әкеп соғатын әрекеттердің оның еркінен тыс себептермен орындалмағанын және ол әрекеттерді жалғастыру қажеттігін ұғынады. Мысалы, қоймаға кіруге ұмтылу үстінде кінәліні қарауыл ұстап алса.

Салыстырмалы түрде қарағанда аяқталған оқталудан аяқталмаған оқталудың қоғамға қауіптілік дәрежесі төмен екендігін байқаймыз.

Қылмысқа оқталудың аяқталған және аяқталмаған болып бөлінуі жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау кезінде және жаза тағайындау, сонымен бірге қылмыстан өз еркімен бас тарту туралы мәселені шешу кезінде маңызды болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысқа жарамсыз оқталу жөнінде мәселе де кездеседі. Жарамсыз оқталуға—жарамсыз объектіге оқталу мен жарамсыз құралмен оқталуды жатқызады. Жарамсыз объектіге оқталуда кінәлінің ойлаған объектіге зиян келтіру мүмкіндігі жәбірленушінің немесе қылмыс затының ерекше қасиеттеріне байланысты жойылады немесе қылмыс орнында жәбірленушінің немесе қылмыс затының болмауын кінәлі адам білмейді. Нәтижесінде басқа объектіге зиян келтіреді. *Мысалы, өзін лауазымды тұлға деп көрсеткен адамға пара беру.*

Жарамсыз құралмен оқталуда кінәлі қателесіп қылмыстық нәтижеге жету үшін объективті қасиеттері бойынша объектіге зиян келтіруге жарамсыз, қабілетсіз құралдарды қолданады. Мысалы, атылмайтын немесе ойыншық қаруды қолдану.

Жарамсыз оқталудың аталған түрлері үшін жауаптылық жалпы негіздерде, яғни ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен және 24-баптың 3-бөлігіне сілтеме жасала отырып сараланады.

§4. Аяқталған қылмыс

Көп жылдар бойы қылмыстық құқық теориясы жасап шығарған аяқталған қылмыстың анықтамасын заң шығарушы қылмыстық заңда бірінші рет арнайы көрсетіп отыр.

ҚК-тің 25-бабына сәйкес, егер адам жасаған әрекетте қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері болса, қылмыс аяқталған деп танылады. Сонда белгілі бір қылмыстың аяқталу сәтін қылмыстық заң сол қылмыс құрамының құрылымына байланысты анықтайды.

Кез келген түрдегі қылмыстың аяқталу сәтін заңшығарушы бірқатар іс-әрекеттердің арнайы ерекшеліктеріне, қоғамға қауіптілік сипатына байланысты заңның диспозициясында қылмыс құрамының материалдық және формальдық құрылымдарын қолдана отырып анықтайды.

ҚК-тің Ерекше бөлімі баптарындағы материалдық құрамдағы қылмыстардың ерекшеліктеріне сәйкес олар қоғамға қауіпті іс-әрекетпен себепті байланыста болатын зиянды зардаптардың туындау сәтінен бастап аяқталған деп танылады. Яғни, материалдық құрамдағы қылмыстарды аяқталған деп тану үшін заңда көзделген қылмыстық зардаптар тууы қажет. Мұндай құрамдарға, мысалы, адам өлтіру қылмыстары (ҚК 96-102 баптары), денсаулыққа зиян келтіру қылмыстары (ҚК-ң 103-105 баптары), экономикалық қызмет саласындағы бірқатар қылмыстар (ҚК 189-192-баптары) және т.б.

Материалдық құрамдағы қылмыстарда заңшығарушы қоғамға қауіпті зардаптарды кейде заңның өзінде бірқатар терминдермен көрсетеді. Мысалы, ірі зиян, ірі мөлшер, елеулі зиян, ауыр зардап, екі немесе одан да көп адамның өлуі, ауыр не орташа ауырлықтағы зиян және т.б.

Формальдық қылмыс құрамдарының құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты ондай қылмыстар қоғамға қауіпті зардаптардың тууына қарамастан қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалған кезден бастап аяқталған деп танылады. Қоғамға қауіпті зардаптар формальды құрамдағы қылмыстарда қылмыстың аяқталу сәтіне әсер етпейді, оны тек жаза тағайындау кезінде сот ескереді. Сонымен, формальды құрамдағы қылмыстарды

аяқталған қылмыс деп тану үшін қылмыстық заңның диспозициясында көрсетілген іс-әрекеттердің жасалуы жеткілікті болып табылады. *Мысалы, адамды қорлау (ҚК 130-бабы), зорлау (ҚК 120-бабы), қорқыту (ҚК 112-бабы) кәмелетке толмағанды қылмыстық іске тарту (ҚК 131-бабы) және т.б.*

Қысқартылған немесе келте құрамдағы қылмыстар қорғалатын объектілердің маңыздылығына және қылмыстың қоғамға қауіптілігінің жоғары дәрежесіне байланысты қылмыстық іс-әрекеттерді жасау кезінен емес, қылмыстың алғашқы сатылары-қылмысқа дайындалу немесе қылмысқа оқталу сатысында аяқталған қылмыс деп танылады. *Мысалы, ҚК 235-бабы «ұйымдасқан қылмыстық топты құру немесе қылмыстық қауымдастықты құру және оны басқару, қылмыстық қауымдастыққа қатысу қылмысы осы аталған топтарды құру не басқару кезінен бастап аяқталған қылмыс деп танылады.*

Сонымен, қылмыстың аяқталу сәтін анықтау жасалған іс-әрекетті дұрыс саралау кезінде елеулі заңдық мағынаға ие болады.

§5. Қылмыстан өз еркімен бас тарту

Қылмыстан өз еркімен бас тарту қылмыстың жолын кесуге және қылмыстың алдын алуға үлкен ықпал жасайды. Басталған қылмыстық әрекеттен бас тартқан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі заңшығарушының берген мүмкіндігі адамды қылмыстық ниетті аяғына дейін жеткізуден бас тартуға ынталандырады.

Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту деген адамның қылмысты ақырына дейін жеткізуге мүмкіндігі бар екендігін ұғына

отырып, қылмысқа дайындалу немесе қылмыс жасауға оқталу іс-әрекеттерін өз еркімен және біржола тоқтатуын білдіреді.

Өз еркімен бас тарту аяқталмаған қылмыспен және қылмысқа қатысу мәселесімен тығыз байланысты. Заңның өзінде айтылғандай, өз еркімен бас тарту тек қылмысқа дайындалу немесе қылмысқа оқталу сатыларында ғана мүмкін болады. Іс жүзінде ол адамның белгілі бір қылмысты жасау үшін жағдайлар туғызуға бағытталған әрекеттерін немесе басталып қойған қылмысын тоқтатуын білдіреді. Адамның еркі одан әрі қылмыстық құқықпен қорғалатын мүддеге зиян келтіруге бағытталмағандықтан жасалған әрекетте қылмыс құрамының белгілері жоқ деп саналады.

Өз еркімен бас тарту екі негізгі белгілермен сипатталады:

Өз еріктілік және біржола.

Өз еріктілік деген қылмысты бастаған адамның саналы түрде және өз еркімен адам одан әрі әрекеттерді тоқтатуын білдіреді. Кейде мұндай бас тарту ұсынысы субъектіде басқа адамдардың ықпалымен туындауы мүмкін. Алайда, бұл жағдайда да бас тарту субъектінің ерікті санасының нәтижесі болуы қажет. Өз еркімен бас тартудың мотивтері әр түрлі сипатта (жәбірленушіні аяу, жауаптылықтан қорқу, өз әрекетінің адамгершілікке жат екендігін ұғыну, шын өкіну және т.б.) болуы мүмкін.

Біржола бас тарту деген қылмысты бастаған адамның өзінің қылмыстық іс-әрекетін уақытша емес, толық және қайта бұрылмайтындай етіп тоқтатуы. Сондықтан белгілі бір уақытқа үзілген немесе уақытша тоқтатылған әрекет бір жола бас тартуға жатпайды. Бір жола бас тарту әрекет жасаумен және әрекет жасаудан бас тарту жолымен де жүзеге асырылады.

Көп жағдайларда бір жола бас тарту егер субъект қылмыстық іс-әрекетті аяқтау және қылмыстық нәтижені тудыру үшін барлық қажетті әрекеттерді орындап үлгермеген жағдайда, яғни аяқталмаған оқталу кезінде мүмкін болады. Қылмыстан өз еркімен бас тарту жағдайында адам, егер оның нақты жасаған әрекетінде өзге қылмыс құрамы болса қылмыстық жауапкершілікке тартылады. *Мысалы, зорлау жасаудан өз еркімен бас тартқан адам, зорлауға оқталу кезінде келтірілген ұрып-соғу, мүлкін жою, бүлдіру әрекеттері үшін ғана жауап береді.*

Қылмыстан өз еркімен бас тартуды адамның қылмыс жасап болғаннан кейінгі белсенді іс-қимылмен сипатталатын шын өкінуден ажырата білу қажет. Шын өкінуге адамның қылмыс жасағаннан кейін кінәсін мойындап өз еркімен келуі, қылмысты ашуға жәрдемдесуі, қылмыстан келген зиянды қалпына келтіруге бағытталған әрекеттерді жатқызуға болады. Бұл екі институтты бір-бірінен ажырататын белгі олардың жасалу уақытында, яғни қылмыстан өз еркімен бас тарту аяқталмаған қылмыстар кезінде, ал шын өкіну қылмыс аяқталғаннан кейін жасалады. Сондықтан да қылмыстан өз еркімен бас тарту адамды жауаптылықтан барлық жағдайда және толық түрде босатады, ал шын өкіну тек кейбір жағдайларда ғана жауаптылықтан босатуға негіз болады, негізінен ол жаза тағайындау кезінде жауаптылық пен жазаны жеңілдетуші мән-жай ретінде ескеріледі.

Әдебиеттер:

- Дурманов Н.Д. Стадии совершения преступления по советскому уголовному праву. М., 1955
Иванов В.Д. Ответственность за покушение на преступление. Караганда, 1974
Караулов В.Ф. Стадии совершения преступления. М., 1982

Кузнецова Н.Ф. Ответственность за приготовление к преступлению и покушение на преступление по советскому уголовному праву. М., 1958

Колодкин Л.М. Стадии преступления и предупреждение преступлений. Киев, 1972

Никулин С.И. Деятельное раскаяние и его значение для ОВД в борьбе с преступностью. М., 1985

Панько К.А. Добровольный отказ от преступления по советскому уголовному праву. Воронеж, 1975

Тер-Акопов А.А. Добровольный отказ от преступления по советскому уголовному праву. М., 1982

Тишкевич И.С. Приготовление и покушение по уголовному праву. М., 1958

12-тарау. Қылмысқа қатысу

§ 1. Қылмысқа қатысудың түсінігі және оның белгілері

Қылмысқа қатысу институты қылмыстық құқық теориясында ең күрделі және маңызды мәселелердің бірі табылады. Бұл күрделілік көптеген факторларға байланысты түсіндіріледі. Олардың ішінде ерекше маңызы бары - қатысушылықты құрайтын адамдар шеңберін анықтау, қатысушылардың жауаптылығы ерекшеліктерін және қылмыстық құқықтағы қатысушылыққа қатысты көптеген теориялық және заңна концепцияларды зерттеу.

Қылмыстық әрекет адамның кез келген әрекеті сияқты жалғыз жасалуы немесе бір топ адам болып асырылуы мүмкін. Әрине, бір адамның жасаған қылмысына қарағанда бір топ адамның жасаған қылмыс қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі өзгешілігімен сипатталады.

Қылмысқа қатысушылықтың түсінігі туралы норма ҚР ҚК-ң 27- бабында қарастырылған: «екі немесе одан адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады анықтамадан көріп отырғанымыздай, қылмысқа қатысу тек бір қылмысқа кемінде екі адам қатысқан реті танылады. Жалпы алғанда бірнеше адамның жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігі бір адамның қылмысының қауіптілік дәрежесіне қарағанда едәуір жоғары болатыны белгілі. Себебі, бірнеше адамның қылмыс жасау күштерін біріктіруі ойластырылған қылмыстық ниетті ұтымды жүзеге асыруды жеңілдетеді сұғушылық объектісіне ауыр зиян келтіруге және қылмыс жасаудың жетік амал-тәсілдерін қолдануға мүмкін береді. Ондай қылмысты ашуда қиындық тудырады.

Қылмыстық әрекеттің ерекше нысанын құрай отырып, қылмысқа қатысушылық бірқатар объективтік субъективтік белгілермен сипатталады немесе кейде оларды сандық және сапалық белгілер деп те атайды.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілеріне мыналар жатады:

- а). Қылмысқа кемінде екі немесе одан да көп адамның қатысуы,
- б). Қылмысқа қатысушылардың әрекеттерінің бірлескен түрде болуы немесе бұл әрекеттердің бір-бірімен байланыста болуы.

Бірінші объективтік белгі бойынша қылмысты қатысушылықпен жасалған деп тану үшін қылмысқа кемінде екі дұрыс және қылмыстық жауаптылық жасына толған адамның қатысуы қажет.

Қылмыстық жауаптылыққа қабілетсіз, яғни есі дұрыс емес немесе қылмыстық жауаптылық жасына жетпеген адаммен бірлесіп қылмыс жасау қылмысқа қатысушылықты құрамайды. *Мысалы, егер ересек адам 10 жасөспірімді пәтер тонауға пайдаланса, мұнда жауаптылыққа қылмыстық орындаушысы ретінде тек адам ғана тартылады, ал жасөспірім қылмыстың құралына айналады.*

Қылмысқа қатысудың екінші объективтік белгісі қатысушылардың арасындағы бірлестіктің болуын білдіреді. Бұл бірлестік белгісі қылмыс жасаудың басталу кезеңінен соңғы кезеңіне дейін түгел орын алады. Бірақ белгісі мына элементтерден құралады:

- а). Әрбір қылмысқа қатысушының әрекеті басқа қатысушылардың әрекет жасауының қажетті шарты болып табылады. Яғни, бірінің белгілі бір әрекетті жасауы екіншілерінің нақты бір әрекеттерді жүзеге асыруына болады,
- б). Қылмыстан келген қоғамға қауіпті зардап не қылмыстың жасалу оқиғасы әр қатысушының әрекеттеріне себепті байланыста болады;
- в). Қылмыстың нәтижесі, зардабы барлық қатысушыға ортақ болады.

Жоғарыда аталған бірлестік белгісін құрайтын элементтердің ішінде себепті байланыс ұғымының ерекше маңызы бар. Себебі, егер қылмыстың зардабы немесе қылмыстың жасалу оқиғасы қылмысқа қатысушылардың әрекеттерімен себепті байланыста болмаса, онда себепті байланыста әрекет жасамаған адамға қылмыс жауаптылық туындамайды. Қылмысқа қатысушылықтағы себепті байланысты, қылмысты жасау оқиғасы мынадай тұстарында, бірінші - қылмысқа қатысушылардың арасындағы байланыста, екінші - қылмысқа қатысушылардың әрбір адам әрекетінің қылмыстың зардабымен себепті байланыста болуын анықтау қажет.

Қылмысқа қатысушылықтың объективтік белгілері қылмысқа қатысушылардың ішкі ойын немесе психикалық бағытын білдіретін субъективтік белгілермен тығыз байланысты.

Қылмысқа қатысушылықтың субъективтік белгілеріне мыналар кіреді:

- а). Қатысушылардың қылмыс жасауға қасақана бірігуі,
- б). Тек қасақана қылмыстарды жасауға бірігуі.

Белгілі бір қылмысты жасауға қасақана бірігу деген әрбір қылмысқа қатысушы өз іс - әрекетінің және қатысушылардың іс-әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынатындығын, сонымен бірге бірлескен әрекет туындайтын қылмыстық зардаптың болатынын алдын ала білуі және зардаптың болуын тілеуі немесе оған түрде оған жол беруін білдіреді. Сонда қылмысқа қатысушылықтың субъективтік жағы тікелей немесе жана түрдегі қасақаналықпен сипатталады деген сөз.

Бірлесіп әрекет еткен адамдардың қылмыстарындағы психикалық қатынасты табу олардың қылмысқа қатысушылығын, қатысушының жауаптылығын жекешелеуге көмегін тигізеді. Қылмысқа қатысушылардың қасақана әрекет етуі, олардың қылмыстың жасалуына деген ой - ниет бірлестігін білдіретін бірден - бір себеп болып табылады.

Субъективті белгілердің екіншісі - қылмысқа қатысу тек қасақана қылмыстарда ғана орын алады д білдіреді. Қылмыстық жауаптылық туралы заң абайсыз жасалған қылмыстарда қатысушылықтың алмайтындығын айтады, себебі бұл жағдайларда бірнеше субъектілер бір қылмыстық нәтижеге қол жеткізу өздерінің ерікті күштерін біріктірмейді. Сонымен бірге, егер адам басқа адаммен бірігіп қылмыс жатқандығын ұғынбаса, бірақ оны ұғынуға тиіс және ұғынуға мүмкіндігі болса, бұл жағдайда да қатысу орын алмайды.

§2. Қылмысқа қатысушылардың түрлері

ҚР қылмыстық заңы қатысып жасалатын қылмыстарды жасау кезінде атқаратын әрекеттердің сипат орындайтын рөлдерін ескеріп қылмысқа қатысушылардың мынандай түрлерін қарастырады:

- 1). Қылмыстың орындаушысы,
- 2). Қылмыстың ұйымдастырушысы;
- 3). Қылмысқа айдап салушы;
- 4). Қылмыстың көмектесушісі.

Қылмыстың орындаушысына ҚК 28-бабының 2-бөлігінде мынадай анықтама берілген: қылмысты ж тікелей немесе оны жасауға басқа адамдармен бірге қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еме немесе қылмыстық заңда көзделген өзге де мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа т болмайтын басқа да адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адам **орындаушы** деп танылады.

Сонымен мынадай үш жағдайда қылмыс жасаған адамды қылмыстың орындаушысы деп тануға болады:

1). Қылмысты жасауға тікелей қатысқан адам, яғни белгілі бір қылмыстың объективтік жағын тікелей өзі немесе ішінара орындаған есі дұрыс және қылмыстық жауаптылық жасына толған адам орындауш танылады. *Мысалы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобында С. деген азамат адам өлтіру қылмы объективтік жағын құрайтын әрекеттерді жалғыз өзі орындаса.*

2). Қылмысты жасауға басқа адамдармен бірге қатысқан адам орындаушы деп танылады. Бір қылмыс немесе одан да көп орындаушы болса оны **қоса атқарушы** деп атайды. Қоса орындаушылықта орындауш танылған адамдардың әрекеттері техникалық жағынан әртүрлі, бірақ қылмыстың объективтік жағын т құрайтын заңдық әрекеттері біркелкі болуы керек. Егер заң бойынша қылмыс құрамы тек арнаулы субье орындауы мүмкін болса, онда қоса орындаушы ретінде тек арнаулы субъектілер танылуы қажет. М қылмыстарға қызметтік, әскери және т.б қылмыстарды жатқызуға болады. Бұндай қылмысқа қатысуш тұлғалар айдап салушы немесе көмектесушілер ретінде қарастырылуы тиіс. Қоса орындаушылықпен жа қылмыстарда орындаушы деп танылған субъектілердің жауаптылығы ҚК Ерекше бөлімінің нақты бір қыл қарастырған бір бабымен сараланады.

3). Жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе қылмыстық заңда көзделген өзге де мән-жайларға байла қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын басқа да адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған а орындаушы деп танылады. Қылмыстық құқық теориясында мұндай орындаушылықты **біреу ар орындаушылық** деп атайды. Қылмыстың орындалу тәсіліне қарай біреу арқылы орындаушылық е жолдармен жасалады. Өзінің қылмыстық мақсатына қол жеткізу үшін жоғары да аталған жауаптылыққа қаб не қарсы тұруға дәрменсіз адамдарды пайдаланып қылмыс жасаған адамдардың қоғамға қауіптілігі ж болуымен сипатталады, себебі олардың әрекеті қылмыстық заңмен қорғалатын екі бірдей қатынасты бағытталған.

Субъективтік жағы бойынша қылмыстың орындаушысы деп тануға негіз беретін кез келген әрекет ж тікелей немесе жанама қасақаналығымен сипатталады. Орындаушы өзі іс-әрекетінің басқа қатысушыла бірге жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын ұғынады, өз әрекетіне қатысты не ортақ қылм зардаптың болатынын және болмай қоймайтынын алдын ала біледі және сол зардап тың тууын тілейді і тілемесе де саналы түрде оған жол береді.

Сонымен, қылмыстың орындаушысы қатысушылықпен жасалатын кез келген қылмыстың міндетті қаті тұлғасы. Басқа қатысушысыз қылмыс жасалуы мүмкін, ал орындаушысыз қылмыс жасалмайды. Сонымен қатысушылықпен жасалған қылмыстың аяқталу деңгейі де осы орындаушының әрекеттерімен анықталады орындаушы қылмысты ақырына дейін жеткізбесе, басқа қатысушылардың әрекеті аяқталмаған қылмыс і сараланады.

Қылмыстың ұйымдастырушысы – бұл:

- 1). Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам,
- 2). Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты құрған адам;
- 3). Ұйымдасқан қылмыстық топқа немесе қылмыстық қауымдастыққа басшылық еткен адам.

Қылмыстың ұйымдастырушысы қылмысқа қатысушылардың ішінде ең қауіптісі, өйткені ол қылмыс жасау тудырушы, жасалатын қылмыстың түрін, жасалу орнын, уақытын, тәсілін және зардаптың мөлшерін белг тұлға болып есептеледі.

Қылмыстың ұйымдастырушысы қылмыстың жасалуына басқа адамдарды тартып, ұйымдасқан то қылмыстық қауымдастықты құру немесе оларға қатысушыларға жетекшілік жасай отырып, қылмыстың ба

сатыларынан аяғына дейін басқару әрекеттерін жасайды. Жоғарыда аталғандай, ұйымдастырушының негізінен үш әрекет: басқарудан, топты құрудан және топқа жетекшілік етуден құралады. Өз қы ұйымдастырушы жеке немесе басқалармен бірге қоса орындаушы ретінде жүзеге асыруы мүмкін. Егер тұл ұйымдастырушының қызметін атқарса, онда ол қылмыс құрамын орындауға тікелей қатыспайды. Мысалы адамды жалдау арқылы қылмыс жасау кезінде оның әрекеті ҚК Жалпы бөлімі нормаларының не жауаптылықты көздейді. Егер тұлға бір уақытта ұйымдастырушылықпен бірге қылмыстың орындаушысы табылса, онда оның жауаптылығы ҚК Ерекше бөлімінің нормаларымен анықталады.

Қылмыстың орындаушысына қарағанда ұйымдастырушы тек тікелей қасақаналықпен ғана әрекет Ұйымдастырушы деп танылған тұлға өз іс-әрекеттерінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынады, сол іс-әрекет нәтижесінде қандай да бір қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын және болмай қоймайтындығын алды біледі және сол зардаптардың тууын тілейді.

Сонымен, ұйымдастырушының қызметі қылмысқа қатысушылардың барлық жиынтық әрекеттерін біріктіріп. Ол өзі ұйымдастырған барлық қылмыстар үшін жауаптылыққа тартылады.

Қылмысқа айдап салушы деп басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де қылмыс жасауға көндірген адам танылады. Айдап салушы қылмыс жасауға өзі тікелей қатыспайтын қылмыс интеллектуалды қатысушысы болып танылады. Оның міндеті басқа адамды қылмыс жасауға азғыру мақсатымен сол адамның санасы мен еркіне әсер ету. Егер айдап салушы қылмыс жасауға өзі тікелей қатысса, ол қылмыстың қоса орындаушысы деп танылып, оның алдыңғы айдап салуға бағытталған әрекеттері жауапты ауырлататын жағдайлар ретінде ескеріледі.

Адамға әсер етудің түрлі тәсілдері мен әдістерін қолдана отырып, айдап салушы екінші адамды адастыруға керісінше, оның санасында қылмыс жасау туралы шешімді қалыптастыруға ұмтылады. Егер адам екінші жалған мәліметтер беру арқылы оны алдап не адастырып қылмысқа тартса, онда бұл айдап салу әрекеті басқа біреу арқылы қылмыс жасау ретінде қарастырылады.

Айдап салу қылмыс жасауға басқа адамды қылмыстың қатысушысы ретінде тартуды білдіреді және қылмыс сипатын ұғынуға қабілетті адамға қатысты жасалады. Көріну нысанына қарай айдап салу сөздермен қимылдармен, жазбаша белгілермен жасалады және міндетті түрде нақты адамға қатысты болуы тиісті.

Айдап салушының әрекеті барлық уақытта қасақаналық ниетпен жасалады. Айдап салушы нақты бір адамды қылмыс жасауға азғырып жатқандығын ұғынады және орындаушының әрекеттерінің нәтижесінде қоғамға зардаптардың болатынын алдын ала біледі. Айдап салушы әрекетінің еріктілік кезеңі көбінесе орындаушының әрекеттері нәтижесінде туындайтын қоғамға қауіпті зардаптарды тілеуімен, ал жеке жағдайларда зардаптардың тууына саналы түрде жол беріп немқұрайлы қарауымен сипатталады.

Қылмысқа қатысушылардың дербес бір түрі – **көмектесуші**. ҚР ҚК-нің 28-бабының 5-бөлігінде қылмыс көмектесушісіне мынадай анықтама берілген: кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат берумен қылмыс жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Қылмысқа көмектесушінің заңдық анықтамасында қылмыс жасауға көмек беретін әдістер мен құралдар жайында айтылған. Бұл әдістер мен құралдар физикалық (материалдық) және интеллектуалдық (психикалық) түрде мүмкін.

Осы ерекшелікті ескеріп көмектесушілікті 2 түрге бөледі:

- 1). Физикалық көмектесушілік;
- 2). Интеллектуалды көмектесушілік.

Физикалық көмектесушілікке орындаушыға қылмыстың объективтік жағын орындауға ықпал ететін әрекет жатады. Мұндай әрекеттер ретінде орындаушыға қылмыс жасауға қажетті құралдарды жеткізу және қылмыс жасауға кедергілерді жоюмен байланысты әрекеттерді тануға болады. Егер орындаушы физикалық көмектесушінің көмектерін қолданбаса, онда көмектесуші адам оның әрекеті мен жасалған қылмыс арқылы себебі байланыстың болмауы себебі қылмыстың қатысушысы деп танылмайды.

Интеллектуалдық көмектесушілік орындаушыда қылмысты жасау шешімін бекіту мақсатында оның санасына әсер еткізіп еркіне психикалық әсер етумен сипатталады.

Көмектесушіліктің интеллектуалдық тәсілдеріне мыналар жатады:

- а). Кеңестер беру, яғни қылмысты жасау механизмін тиімді әрі қауіпсіз жүзеге асыру бойынша ұсыныстар беру;
- б). Нұсқаулар беру – нақты жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы орындаушыға бағыт беру;
- в). Ақпараттар беру – орындаушы үшін маңызды болып табылатын жаңа мәліметтерді жеткізіп отыру;
- г). Қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде беру;
- д). Осындай заттарды сатып алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде беру.

Интеллектуалдық көмектесушіліктің соңғы екі нысанынан ҚР ҚК 363-бабы «Қылмысты жасыру және Қылмысқа көмектесушілік» бабы «Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату қылмыстарын ажырата білу» бабы Бұл қылмыстарда кінәлі белгілі бір әрекеттерді жасауға күні бұрын уәде бермейді. Интеллектуалдық көмектесушіден қылмысқа айдап салушыны да ажырата білу қажет. Айдап салушының әрекеті екінші адамды

қылмыс жасау ниетін тудыруға бағытталса, ал көмектесудің аталған түрінде орындаушыда пайда болған одан әрі нығайтуға бағытталады.

Субъективтік жағынан қылмысқа қатысушылардың басқа түрлері сияқты көмектесушінің әрекеттері де тек қасақаналық түрімен жасалады.

§ 3. Қылмысқа қатысудың нысандары

Қылмысқа қатысудың нысанын белгілеу бірлескен қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қылмысқа қатысушылардың өзара әрекет жасау тәсілдеріне және олардың әрекеттерінің келісушілік дәрежесіне қарай, қылмысқа қатысудың мынадай нысандары бар:

- жай қатысу (алдын-ала сөз байласпаған адамдар тобы),
- күрделі қатысу (алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы);
- ұйымдасқан топ;
- қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым).

Жай қатысу (алдын-ала сөз байласпаған адамдар тобы) объективтік жақтың шегінен тыс қылмыстық рөлдердің бөлінуінің болмауымен, ол тек рөлдердің техникалық- ұйымдастырушылық бөлінуінің орын алуымен сипатталады. Бұл жерде заңдық мәні бар рөлдердің орындаушыға, ұйымдастырушыға, айдап салушыға, көмектесушіге бөлінуі болмайды. Әрбір қатысушы қылмыстың объективтік жағын әр түрлі мөлшерде атқарса да, қылмыстың тікелей орындаушысы болып табылады. Жай қатысудың тағы бір ерекшелігі әрбір қатысушының жасаған әрекеттерінің орны мен уақытының бір мезгілде болуы.

Күрделі қатысу (алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы) болып, алдын-ала сөз байласып, келіскен қылмысты бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан екі адамнан кем емес қатысушылары бар адамдар тобымен жасалған қылмыс танылады. Күрделі қатысу заңи мәні бар, рольдердің қатысушылар арасында жеке *орындаушыға, ұйымдастырушыға, айдап салушыға, көмектесушіге* бөлінуімен сипатталады. Қылмысқа қатысушылар нысаны бойынша әр түрлі әрекеттерді жасайды. Бұл әрекеттердің нысаны ғана емес, сонымен бірге қылмыстың жасалу орны мен уақыты да сәйкес келмейді. Қылмыс құрамын құрайтын әрекеттерді орындаушы тікелей жасайды, ал қалған қатысушылар ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші рольдерін атқарады. Қылмысты бірлесіп істеуде рольдердің әр түрлі байланысы болуы мүмкін: бір жағдайларда орындаушыдан басқа айдап салушы және көмектесуші, ал тағы бір жағдайларда орындаушы мен көмектесуші және т.б. болады. Орындаушының әрекеттері жасаған қылмысты қарастыратын бап бойынша сараланады. Басқа қатысушылардың әрекеттері де осы бап бойынша сараланады, бірақ ҚР Қылмыстық кодексінің 28-бабына сілтеме жасалынады.

Ұйымдасқан топ - қылмысқа қатысудың бір нысаны болып табылады. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады. Алдын-ала сөз байласқан адамдар тобы мен ұйымдасқан топ арасында ұқсастықтармен қатар айтарлықтай айырмашылықтар да бар. Ұқсастығы болып екі нысанның да алдын-ала сөз байласу арқылы пайда болуы табылады. Алдын-ала сөз байласқан адамдар тобының ұйымдасушылық дәрежесі аз болады, олар негізі алдын-ала келісу арқылы көрініс табады. Ұйымдасқан топтың міндетті белгісі болып тұрақтылығы, яғни қылмыстық әрекетті жалғастыру, бірнеше қылмысты жасау, ал кейбір кезде ауырлығымен ерекшеленетін қылмысты жасау мақсатында бірнеше адамдардың бірлесуі табылады. Ұйымдасқан топтың қатысушылары тұрақты қылмыстық қатынасқа, ұйымдастырушылық мезеттерге ие болады: басшылықтың бар болуы, қылмыс істеудің жоспарын құруы, конъюнктурамен танысуы, қатысушыларды жинауы, рольдерді бөлуі және т.б.

Қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) – даму деңгейі жағынан жоғары ұйымдасқан қылмыстық құрылым болып табылады. Олар ұйымдасқан қылмыстың ең қауіпті нысаны болып табылады. Қылмыстық сыбайластықтың қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғарылығы бірнеше адамның қылмыс жасауымен, олардың рольдерінің бөлінуімен ғана емес, сонымен бірге қылмысқа қатысушылардың арасында тұрақтылықтың, ұйымдасушылықтың және тығыз топтасқандықпен ұзақ қатынастың болуымен сипатталады. Қылмыстық сыбайластық ауыр және аса ауыр қылмыстар жасау үшін құрылады деген заңның ережесі, оның қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғарылығын көрсетеді. Қылмыстық сыбайластықтың сипаты белгісі болып оның топтасқандығы, тұрақтылығы, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға бағытталуы танылады. Қылмыстық сыбайластық күрделі ұйымдасушылық құрылымға ие болады. Ол барлық қауымдастықтың, ұйымдасушылық дәрежесі мен қызметінің ауқымы бойынша ажыратылатын оның бөлек топтарының иерархиялық құрылуын көрсетеді. Қылмыстық қауымдастық әдетте ұзақ уақытқа құрылады. Ол ауыр және аса ауыр бірнеше қылмыстарды жасау, сонымен бірге күрделілігімен ерекшеленетін бір қылмысты жасау мақсатын көздеуі мүмкін.

Ұйымдасқан топты, қылмыстық сыбайластықты құрған адам ұйымдасқан топты не қылмыстық сыбайластықты басқарғаны және ұйымдастырғаны үшін, сонымен қатар өзінің ниетімен қамтылған барлық жасаған қылмыстары үшін Ерекше бөлімнің тиісті баптарында көрсетілген жағдайларда жауаптылыққа тартылады.

§4. Қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы

Белгілі бір қылмыстың жасалуына кінәлі түрде әрекет жасаған немесе басқа қатысушылармен объективтік және субъективтік байланыста әрекет жасаған адамдар қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмысқа қатысушылар қылмыстық құқық бойынша бекітілген жауаптылықтың жалпы принциптері негізінде жауаптылыққа тартылады. Қатысушылардың жауаптылығы қатаң түрде жекешелендірген болуы тиіс, яғни бірігіп әрекет жасаған кез келген адам тек өзінің әрекеті үшін және жеке кінәлілік шеңберінде ғана жауапты болады. Басқаша айтқанда, бұл олардың барлығына бірдей жаза шарасы қолданылады деген сөз емес. Жазаны анықтау кезінде сот ең алдымен олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысу сипаты мен дәрежесін ескереді. Сондықтан адамның жауаптылығы оның қылмыс жасауда қандай қызметті орындағанымен байланысты шешіледі. Мысалы, егер адам толығымен немесе ішінара, жеке немесе біреуге қосылып қылмыстың объективті жағын тікелей орындаса, ол қылмыстың орындаушысы ретінде танылып, оған ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабымен жауаптылық жүктеледі. Ал егер қатысушы қылмыстың объективтік жағын тікелей орындауға қатыспай, бірақ орындаушыға әртүрлі жолдармен ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші ретінде ықпал етсе, оның әрекеті орындаушыға жүктелген баппен бірге сараланып ҚК 28-бабының тиісті тармағына немесе бөлігіне сілтеме жасалады.

Көріп отырғанымыздай, қатысушылықпен жасалған қылмыстарды қатысушылардың әрекетін орындаушының әрекетінен бөліп жеке қарауға болмайды. Себебі, қылмысқа қатысушылар (ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші) мен орындаушының арасында өзара байланыс әрекеттері орын алады.

Осыған сәйкес ережені ҚК 29-бабының 4-бөлігі былай көрсетеді: орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда қылмыстың қалған қатысушылары да қылмыс жасауға дайындалуға немесе қылмыс жасауға оқталуға қатысқаны үшін жауапқа тартылады.

Ұйымдасқан топ пен қылмыстық қауымдастықты қатысудың нысандары ретінде көрсете отырып, заңшығарушы ұйымдастырушылар мен осы бірлестіктерге қатысушылардың жауаптылығының шектерін анықтайды. ҚК 31-бабының 5-бөлігіне сәйкес, ұйымдасқан топты немесе қылмыстық қауымдастықты құрған не оларға басшылық еткен адам оларды ұйымдастырғаны және оларға басшылық еткені үшін, сондай-ақ қылмыстар оның ниетімен қамтылса, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған барлық қылмыс үшін жауаптылыққа тартылады.

Ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауымдастықтың басқа қатысушылары оларға қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық топтың ұйымдастырушысы, егер ол нақты бір қылмыстың міндетті немесе ауырлатушы белгісі ретінде заңда көрсетілсе, қылмыстың қоса орындаушысы болып танылып, топпен жасалған барлық қылмыстар үшін ҚК 28-бабына сілтеме жасалмай-ақ жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстық құқықта іске аспаған қылмысқа қатысушылық үшін жауаптылық мәселесі күрделі болып табылады. Бірлесіп қылмыс жасауға бағытталған әрекеттерінде қатысушылардың еркіне тәуелсіз себептермен қылмыс аяғына дейін жасалынбаса, онда іске аспаған қылмысқа қатысушылықты құрайды. Бұл ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесушінің әрекеттеріне байланысты қылмысты орындаушы ешқандай қылмыс жасамаса немесе жасауға мүмкіндігі болмаған жағдайлардың барлығында орын алады. Сонымен қатар, іске аспаған қылмысқа қатысушылық, мысалы ұйымдастырушы қылмыс жасау мақсатымен ұйымдастыруға тырысқанымен басқа адамдар оның тілегін қабылдасамаса немесе алдыңғы уақыттарда келіскенімен, кейін қылмыс жасаудан бас тартса, онда іске аспаған ұйымдастырушылық болады. Іске аспаған қылмысқа қатысушылық орын алған барлық жағдайларда жауаптылық қылмысқа дайындалу немесе қылмысқа оқталу үшін туындауы тиіс.

Басқа қатысушылардың ойында болмаған қылмысты жасау орындаушының шектен шығушылығы (эксцесі) ретінде қарастырылады. Орындаушының шектен шығушылығы қылмысқа қатысушылықтың кез келген нысанында орын алуы мүмкін. Шектен шығушылық кезінде орындаушының жеке әрекеттері мына нысандарда көрініс табады:

- а) ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші ниетімен қамтылған объектіге басқа зардап түрін келтіру,
- б) басқа қатысушылармен бұрын келісілген әрекеттерді емес, ауыр қылмыс түрін жасау.

Орындаушының шектен шығушылығы үшін орындаушының өзі жауап береді, ал қылмыстың басқа қатысушылары өздерінің ниеттерімен қамтылған әрекет үшін ғана жауаптылыққа тартылады.

Шектен шығушылық кезінде орындаушының жеке әрекеттері заңдық мағынаға ие болу керек, яғни заңның өзінде айтылғандай ол басқа қылмысты жасауы қажет. Сондықтан, мысалы, егер ұрлық қылмысын күндіз жасаймыз деп келіссе, ол түнгі уақытта жасаса немесе адамды тапаншамен емес пышақпен өлтірсе – бұл жағдайлар басқа қатысушылармен келісілген қылмыстың сипатын өзгертпейтіндіктен, шектен шығушылық орын алмайды.

Шектен шығушылық жасай отырып, орындаушы келісілгеннен өзге зиян келтіреді немесе әрекеттің заңдық табиғатын елеулі өзгертетін әрекеттерді жасайды. Мысалы, адам өлтірудің қарапайым түрін емес,

ауырлатылған түрін жасайды.

Шектен шығушылық кезінде қылмысқа қатысушылардың іс - әрекетімен жасалған қылмыстың арасында байланыс жоқ. Сонымен қатар, келісілген әрекеттің шегінен шыға отырып орындаушы ниеттің мазмұны да өзгертіндіктен қатысушылардың арасындағы субъективтік байланыс жоғалады.

Бірлесудің объективтік және субъективтік негіздерінің болмауы басқа қатысушыларды шектен шығушылық кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін тудырады.

ҚК 26-бабында қарастырылған қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту ережесі қылмысқа қатысушыларға да қолданылады. Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту дегеніміз қатысушылардың қылмысты аяғына дейін жеткізуге мүмкіндігі бар екендігін ұғына отырып, орындау рөліне байланысты атқаруға міндетті іс - әрекеттерді тоқтатуы.

Қатысушылардың қылмыс жасаудан бас тартуы қылмысқа қатысудың кез келген нысанында және қылмыстың аяқталуына дейінгі кез келген сатыда мүмкін болады. ҚК 26-бабының 1-бөлігіне сәйкес: «Егер адам бір қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржола бас тартса, ол осы қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Аталған ереже, тек қылмыстың орындаушысына ғана қатысты айтылған, себебі қылмысқа басқа қатысушылардың іс-әрекеттері орындаушының қылмысты орындағанға дейін жасалады. Сондықтан басқа қатысушылардың өз еркімен бас тартуы орындаушының іс - әрекетіне дейін немесе іс-әрекеттің басталу кезеңіне дейін орын алуы тиіс. Бұл жөнінде заңшығарушы ҚК-н 26-бабының 3-бөлігінде мынандай талаптар қояды: «қылмысты ұйымдастырушы мен қылмысқа айдап салушы, егер ол адамдар мемлекеттік органдарға хабарлаумен немесе өзге де қолданылған шаралармен орындаушының қылмысты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, қылмыстық жауапқа тартылмауы тиіс. Егер орындаушының қылмысты аяқтағанына дейін оған күні бұрын уәде берген жәрдеммен бас тартса немесе көрсетіліп үлгерген көмектің салдарын жойса, қылмысқа көмектесуші қылмыстық жауапқа тартылмауы тиіс».

Сонымен, ұйымдастырушы мен айдап салушының өз еркімен бас тартуы тек белсенді түрде, яғни олардың іс- әрекеттері орындаушыға ойлаған қылмысын орындауға жол бермесе ғана мүмкін болады. Егер ұйымдастырушы мен айдап салушының қолданған шаралары орындаушының қылмысты жасауын тоқтата алмаса, олардың қолданған шаралар жаза тағайындау кезінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде танылуы мүмкін.

Қылмысты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам оның нақты әрекетінде өзге қылмыс құрамы болған жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс.

§5. Қылмысқа жанасушылық

Қылмысқа жанасушылық деген тұлғаның қылмыспен байланысты, бірақ оны жасауға тікелей қатыспаған қасақана әрекеті.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысқа жанасушылық қылмыс жасауға өздері қатыспаған адамдардың сол жасалған қылмысты жасыру, жасалғалы жатқан қылмысты немесе жасалғаны анық қылмысты хабарламау, қылмысқа жол беру түріндегі қасақана әрекеттері немесе әрекетсіздіктері танылады.

Қылмыстық құқықта қылмысқа жанасушылықтың үш нысаны бар:

- 1). Қылмысты жасыру,
- 2). Қылмысты хабарламау;
- 3). Қылмысқа жол беру.

Қылмыстық заң бойынша қылмысты жасыру үшін жауаптылық тек ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды алдын ала уәде бермей жасырғанда ғана туындайды. Бұл жөнінде ҚК-тің 363-бабында арнайы көрсетілген. Жасырушылықта кінәлі өзінің жасаған қылмысының мәнін сезінуі, білуі оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Қылмысты жасырушы тұлғаның қылмыскермен туыстық қатынаста болуы оны қылмыстық жауаптылықтан босатады.

Дайындалып жатқан немесе жасалғаны анық қылмыс туралы хабарламау қылмысты хабарламау деп танылады. Қылмыс туралы хабарламау қылмысқа қатысуға жатпайды. ҚК-тің 364-бабында арнайы көрсетілгендей, аса ауыр қылмысты хабарламағандық үшін ғана қылмыстық жауаптылық көзделеді. Аса ауыр қылмыс түсінігі ҚК-тің 10-бабында берілген. Аса ауыр қылмыс санатына жатпайтын қылмыстарды хабарламау, сондай-ақ жұбайының, жақын туыстарының, діни қызметкерлер өзіне сеніп сырын ашқан адамдардың қылмысты хабарламауы қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды. Субъективтік жағынан қылмысты хабарламау тек қасақана ниетпен жасалады, ал объективтік жағынан ол әрекетсіздікпен жүзеге асырылады.

Қылмысқа жол берушілік деп жасалғалы жатқан қылмысқа бөгет жасауға міндетті адамның мүмкіндігі бола тұра бөгет жасамауын айтамыз. Қылмыстық заң бойынша мұндай міндет заңның тікелей сол міндетті орныдау туралы нұсқауынан немесе қызмет бабын атқаруға байланысты міндеттерінен туындайды. Қылмысқа жол берушілік объективтік жағынан әрекетсіздікпен сипатталады. Қылмыстық заңмен жазакланатын осындай жол берушіліктің нақты түрлері ҚК-тің бірқатар баптарында көрсетілген. Мысалы,

ҚК-тің 315-бабы « Қызметтегі әрекетсіздік қылмысын айтуға болады. Егер қылмысқа жол берушілік күні бұрын уәде беру арқылы жасалса, онда кінәлінің әрекеті қылмысқа қатысушы ретінде сараланады.

Әдебиеттер:

- Апенев С.М. Қылмысқа қатысушылық. Әдістемелік құрал. Алматы.: ҚазМЗА, 2000
Баймурзин Г.И. Ответственность за прикосновенность к преступлению. Алма-Ата, 1968
Бурчак Ф.Г. Учение о соучастии по советскому уголовному праву. Киев, 1969
Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические и правовые проблемы. Киев, 1986
Гришаев П.И., Кригер Г.А. Соучастие по уголовному праву. М., 1959
Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Уголовная ответственность за организацию преступного сообщества. М., 1997
Галиакбаров Р.Р. Совершение преступления группой лиц. М., 1980
Галиакбаров Р.Р. Квалификация групповых преступлений. М., 1980
Джекебаев У.С., Вайсберг Л.М., Судакова Р.Н. Соучастие в преступлении: криминологические и уголовно-правовые проблемы. Алма-Ата, 1982
Иванов Н.Г. Понятие и формы соучастия. Саратов, 1991 г.
Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. М., 1974
Хабибулин М.Х. Ответственность за укрывательство преступлений и недоносительство. Казань, 1984
Нургалиев Б.М. Организованная преступная деятельность. Караганда, 1997

Нормативті актілер:

ҚР Жоғары Соты Пленумының « Бандитизм және қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жауаптылықты қарастыратын заңдылықты соттардың қолданудың кейбір мәселелері туралың 21.06.2001 жылғы нормативтік қаулысы

13-тарау. Қылмыстардың көптігі

§1. Жеке қылмыстардың түсінігі және оның түрлері

Кез келген көптік қылмыстың құрылымдық элементі болып жеке қылмыс танылады. Солай бола тұра, көптеген жеке қылмыстардың ішкі құрылымының күрделілігі, оны көптік қылмыстық әрекеттерден ажыратуды талап етеді. Осыған сәйкес көптіктің түсінігіне және оның түрлеріне тоқталмас бұрын ең алдымен жеке қылмыстардың түсінігі мен оның түрлері жөніндегі мәселені қарастырған жөн. Қылмыстық құқық теориясында жеке қылмыстардың өзі **жай** және **күрделі** болып бөлінеді.

Формальдық құрамдағы жай жеке қылмыс - бір объектіге қол сұғатын, бір әрекеттен тұратын және кінәнің бір түрімен ғана сипатталатын қылмыс түрі. Мысалы, ҚК-тің 130 - бабы

« Қорлау».

Материалды құрамдағы жай жеке қылмыс - қылмыстық-құқықтық қорғаудың бір объектісіне қол сұғатын, бір қылмыстық зардапқа әкеп соғатын және бір әрекеттен тұратын, кінәнің бір нысанымен сипатталатын қылмыс түрі. Мысалы, ҚК-тің 96-бабының 1-бөлігі «Адам өлтіру» қылмысының қарапайым түрі.

Күрделі жеке қылмыстардың ішінде мынадай түрлерді қарастыруға болады:

1). Құрамалы қылмыс, яғни әрқайсысы жеке жай қылмысты құрайтын екі немесе одан да көп әрекеттерден құралған қылмыс. Ол әртүрлі жолдармен құрылуы мүмкін:

а). Екі жеке жай қылмыс бірігіп нәтижесінде жаңа қылмыс құрамы пайда болады. Мысалы, ҚК-тің 179-бабы «Қарақшылық» қылмысы.

б). Бір немесе бірнеше жеке қылмыс екінші қылмыстың құрамына оның құрамының міндетті белгісі ретінде енгізіледі. Мысалы, бұзақылық қылмысы.

в). Бір жеке жай қылмыс екінші қылмысқа оның ауырлата тын белгісі ретінде енгізіледі. Мысалы, адамның өміріне қауіпті немесе қауіпті емес күш көрсету.

Сонымен, құрылу тәсіліне қарамастан, күрделі қылмыс құрамымен сiңiрiлген әрекет өзінің қылмыстық-құқықтық жекелігін жойып күрделі қылмыс құрамының элементтерінің біріне айналады.

2). Көп объектілі қылмыстар. Кейбір қылмыстар бір емес бірнеше объектілерге қол сұғатыны белгілі. Ол объектілердің бірі әр уақытта негізгі, яғни заң шығарушы бірінші жолға қойған объекті болып табылады. Мысалы, ҚК-тің 181-бабы

« Қорқытып алушылық» қылмысында негізгі объект – меншік қатынастары. Сондықтан да, бұл қылмыс құрамы меншікке қарсы қылмыстар тарауында орын тапқан. Алайда, қорқытып алушылықта тұлғаның денсаулығы мен ар-намысына зиян келтіру қауіпі туады. Мұнда тұлғаның денсаулығы мен ар-намысы қосымша объект ретінде танылады.

3). Бірнеше зардапты (салдарлы) қылмыстар. Мұнда бір қылмыстық әрекеттің салдарынан екі немесе одан да көп зардаптар туады. Мысалы, ҚК-тің 103-бабы «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» қылмысы.

4). Баламалы құрамдағы қылмыстар. Бұл қылмыстардың ерекшелігі сонда, баптың диспозициясындағы көрсетілген әрбір әрекеттің өзі қылмысты аяқталған деп тану үшін жеткілікті болып табылады. Сонымен бірге, барлық көрсетілген әрекеттердің ретімен жасалуы да бір жеке жай қылмысты құрайды. Мысалы, ҚК-тің 259-бабы «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сақтау».

5). Жалғаспалы (продолжаемые) қылмыстар. Яғни бір ниетпен және бір мақсатпен қамтылып, тұтас алғанда бір қылмысты құрайтын бірқатар бірдей қылмыстық әрекеттерден тұратын қылмыс түрі. Жалғаспалы қылмыстар мынадай белгілерден тұрады:

а). қылмыскер бірнеше қылмыстық әрекеттер немесе әрекет сiздiктер жасайды,

б). жасалатын әрекеттер заңдық жағынан бірдей, ал іс жүзіндегі белгілері әртүрлі болуы мүмкін;

в). жиынтығында жалғаспалы қылмысты құрайтын әрекет тер, егер оларды жеке алып қарастырса, әкімшілік құқық бұзушылық ретінде немесе мүлде жауаптылықты көздемейтін әрекет болып табылады;

г). қылмыстық әрекеттің барлық бірдей эпизодтары бір ниетпен қамтылған және ниет нақтыланған болуы керек.

Жалғаспалы қылмыстардың қосымша белгілері ретінде қылмыстық эпизодтар арасындағы уақыт аралығының өте аздығын және қылмыстық әрекеттің бір жағдайда, бір деректен жасалуын айту қажет. Жалпы жалғаспалы қылмыстар бірнеше мәрте жасалған қылмыстар деп танылмайды.

б). Созылмалы (длящиеся) қылмыстар - қылмыстық жазамен қорқыту арқылы заңмен жүктелген міндеттерді кінәлінің ұзақ мерзімге орындамауымен ұштасқан әрекет немесе әрекетсіздік. Бұл созылмалы қылмыстар қылмыстық әрекеттің жасалған кезінен немесе қылмыстық әрекетсіздік актісі жасалған кезден басталып және аяқталған қылмыстың сатысында бірнеше біршама ұзақ уақытқа соғылады. Созылмалы қылмыс қылмыскердің өз әрекеті (өз кінәсін мойындап келу) нәтижесінде немесе құқыққорғау органдарының қылмыскерді ұстау әрекеттері нәтижесінде немесе басқа

жағдайлардың тууымен тоқтатылуы мүмкін.

Барлық созылмалы қылмыстарды шартты түрде екі топқа біріктіруге болады:

- 1). субъектінің оған заңмен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтаруы (салық төлеуден жалтару, ата-анасын, еңбекке жарамсыз жұбайын, зайыбын асырауға қажетті қаражатты, балаларына қаражат төлеуден жалтару),
- 2). еркін айналымнан алынған, тиым салынған заттарды сақтау (қару жарақ, есірткі заттар, радиоактивті материалдар).

§2. Көптік қылмыстардың түсінігі

Қылмыстардың көптігі деп бір субъектінің әрекетінде бірнеше қылмыстардың түйісуін (тоғысуын) айтамыз. Ең алдымен, оның міндетті белгілерін анықтап алуымыз қажет:

- 1). Қылмыстардың көптігін біріктіретін бастау, ол - қылмыс субъектісі, яғни осы қылмыстық әрекеттерді жасаушы адам. Бір адам бірнеше қылмыс жасауы қажет.
- 2). Жасалған әрбір құқық бұзушылық қылмыс болып табылуы қажет. Егер екі әрекеттің біреуі әкімшілік құқық бұзушылық болса, онда қылмыстың көптігін құрамайды.
- 3). Көптікке кіретін әрбір қылмыс жеке қылмыс құрамының белгілерінің құрамын беруі қажет. Яғни жеке қылмыс құрамдарынан құралады. Көптіктің құрылымдық элементі болып тек орындаушының ғана емес, ұйымдастырушының, айдап салушының әрекеттері де танылады. Мысалы, ұрлық қылмысында тұлға орындаушы болса, басқа қылмыста айдап салушы болуы мүмкін.
- 4). Егер екі эпизодтың бірінде қылмыстық құқықтық салдарды жоятын мән-жай бар болса, онда көптік қылмысты құрамайды. Бұған:
 - а). Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату,
 - б). Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауап тылықтан босату;
 - в). Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты босату;
 - г). Жәбірленушімен татуласуына байланысты босату;
 - д). Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде
 - е). қажетті қорғану шегінен асқан кезде босату;
 - ж). ҚК–тің Ерекше бөлімінің кейбір баптарының ескер тулеріне байланысты босату жатады.

5). Көптікке кіретін әрбір қылмыстар бойынша қылмыстық тергеуде іс қозғау үшін кедергілер болмауы қажет. Мұндай кедергілер тізімі ҚР Қылмыстық іс-жүргізу кодексінде берілген.

Сонымен, барлық қарастырылған белгілерді жинақтай келіп, қылмыстардың көптігі деген ұғымға келесі анықтаманы беруге болады: Қылмыстың көптігі – бір адамның әрекетінде жеке қылмыс құрамын құрайтын жағдайдағы қылмыстық заңмен қарастырылған және қылмыстық тергеу үшін процесуалдық кедергілері жоқ бірнеше әрекеттердің бірігуін айтамыз.

Қылмыстардың көптігі мына түрлерге бөлінеді:

- 1). Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы,
- 2). Қылмыстардың жиынтығы;
- 3). Қылмыстардың қайталануы.

§3. Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы

ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабына сәйкес «Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп әрекетті жасау - қылмыстардың бірнеше рет жасалуы деп танылады ң.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы мына жағдайларда туындайды:

- 1). Бір субъект екеуден кем емес қылмыс жасайды.
- 2). Ереже бойынша бірнеше реттікті заңдық жағынан бірдей қылмыстар құрайды.

Тек ерекше жағдайларда ол Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің әртүрлі баптарында көзделген қылмыстардан құралады. Мысалы, ҚК-тің 175-бабының 3-ескертуінде көрсетілген жағдай.

3). Бірнеше рет жасалған қылмыста субъект әрбіреуі жеке қылмыс құрамы болып табылатын екі немесе одан да көп қылмысты жасайды. Бұл жағдайда бірнеше рет жасалған қылмысты күрделі құрамдағы жеке қылмыстардан ажырату қажет. Ол ең алдымен мына белгілермен ажыратылады:

а). Бірнеше реттікте әрбір жеке эпизод, соның ішінде біріншісі қылмыстық жазаланатын болып табылады және жеке қылмыс құрамын құрайды. Сондай-ақ ол тек бірдей қылмыстардан ғана емес, біртекті қылмыстардан да құралады.

б). Бірнеше рет жасалған қылмыс баламалы құрамдағы жеке күрделі қылмыстан ажыратылады. Яғни, баламалы құрамдағы күрделі жеке қылмыста тұлға Қылмыстық кодекстің бір бабында немесе бір бабының бөліктерінде көзделген екі не одан да көп қылмыстарды жасайды;

в). қылмыстардың бірнеше реттігін жалғаспалы жеке қылмыстардан да ажырата білу керек. Бұл ең алдымен құқыққолдану қызметінде қиындық тудырады, өйткені бұл қылмыстардың объективтік белгілері өте ұқсас болып келеді. Сондықтан оларды субъективтік жақтың элементтері бойынша ажырату қажет. Жалғаспалы қылмыстардың эпизодтары бір ниетпен қамтылған болады.

Қылмыстық заңда қылмыстарды бірнеше рет жасалған деп тануға негіз бермейтін жағдайлар да қарастырылған.

Қылмыстық кодекстің 11-бабының 3-тармағына сәйкес « егер адам бұрын жасаған қылмысы үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, не адамның бұрын жасаған қылмысы үшін соттылығы жойылған немесе онысы алынған болса, немесе мұндай қылмыс үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кетсе, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылмайды ң

Осы жоғарыда аталған жағдайларға байланысты қылмыстардың бірнеше рет жасалуын екі түрге бөліп қарау қарастырылған: алдыңғы соттылығымен байланысты және алдыңғы соттылығымен байланысты емес.

Қылмыстардың бірнеше реттігінің заңдық мағынасын мына жағдайлармен түсіндіруге болады:

1). Қылмыстық кодекстің 54-бабының 1-бөлігінің а-тармағына сәйкес қылмыстарды бірнеше рет жасау, егер ҚК Ерекше бөлім бабының өзінде қылмыстардың бірнеше рет жасалуы қылмыс құрамының сараланған белгісі ретінде қарастырылмаса, жаза мен жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде танылады.

2). Қылмыстық кодекстің 11-бабының 5-тармағына сәйкес қылмыстардың бірнеше рет жасалуы Қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда адамның жасаған қылмысы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жазалауды көздейтін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

§4. Қылмыстардың жиынтығы

Қылмыстық кодекстің әртүрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген екі немесе одан да көп әрекеттерді жасаған адамның әрекеті, егер ол бұл қылмыстардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болса қылмыстардың жиынтығы деп танылады.

Осы анықтамаға сәйкес қылмыстардың жиынтығының келесі белгілерін бөліп қарастыруға болады:

1). Бір адам екеуден кем емес қылмыстар жасайды. Бұл қылмыстарды жасауына қарай қылмыстардың жиынтығы екі түрге бөлінеді: **Идеалды және реалды жиынтық.**

Идеалды жиынтықта тұлға бір әрекетпен екі қылмысты бірдей, қатар жасайды. ҚК–тің 12-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, « Қылмыстық кодекстің екі немесе одан да көп баптарында көзделген қылмыстардың белгілері бар іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) те қылмыстардың жиынтығы деп танылады ң. *Мысалы, сөз ауруы бар адамның зорлау қылмысын жасауы. Мұнда зорлау қылмысын жасау арқылы жәбірленушіге қасақана өзінде сөз ауруы бар екендігін біле тұра жұқтырады. Бұл жерде аталған әрекеттер ҚК-тің 120-бабымен және 115-бабымен саралануы мүмкін. Сонымен бірге егер тұлға біруақытта бір әрекетпен аяқталған қылмысты және келесі қылмысқа оқталуды жасаса да идеалды жиынтық болып табылады. Мысалы, азамат А. Г. деген азаматқа оқ атады, бірақ оған тимей Т-ны атып өлтіреді. Мұнда азамат А. бір әрекетпен екі қылмысты (ҚК-тің 96-бабы бойынша адам өлтіруге оқталу және абайсызда адамға қаза келтіру ҚК-тің 101-бабында қарастырылған қылмыстарды) жасайды.*

Реалды жиынтықта тұлға бірнеше әрекеттерімен қылмыстық заңның әртүрлі баптарында көзделген бірнеше қылмыстарды жасайды. Мысалы, адам бірінші ұрлық, содан соң зорлау қылмыстарын жасайды. Реалдық жиынтық тек аяқталған қылмыстарды ғана емес, сонымен бірге, егер тұлға аяқталған және аяқталмаған қылмыстарды немесе бірнеше аяқталмаған қылмыстарды жасаған жағдайларда да танылуы мүмкін.

Реалдық жиынтық идеалды жиынтықтан жасалған қылмыстардың арасындағы уақыт үзілісінің болуымен ажыратылады.

2). Қылмыстардың жиынтығы әртектес, ұқсас емес қылмыстардан тұрады. Бірақ кейбір жағдайларда, егер ұқсас әрекеттер қылмыстық әрекеттің дайындалу сатысында үзілсе де қылмыстардың жиынтығын құрайды. *Мысалы, бірінші ұрлық қылмысы оқталу сатысында, ал екінші ұрлық қылмысы аяқталған сатыда анықталса.*

3). Қылмыстардың жиынтығын құрайтын әрбір жасалған қылмыстар жеке қылмыс құрамдарын құрайды. Осы белгі бойынша қылмыстардың жиынтығын жеке қылмыстардан және қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелесінен ажыратуға болады.

4). Жиынтыққа кіретін бірде бір қылмыс үшін адамның бұрын сотты болмауы қажет. Бұл белгінің болмауы жиынтықтың қылмыстардың қайталануына айналып кетуіне әкеп соғады.

§5. Қылмыстардың қайталануы

Қылмыстық заңға сәйкес бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы **қылмыстың қайталануы** деп танылады.

Жасалған қылмыстың сипатына қарай қайталануды жалпы және арнайы деп екіге бөлуге болады.

Жалпы қайталануда бұрын соттылығы бар адам кез келген жаңа қылмысты жасайды. *Мысалы, алаяқтық қылмысы үшін соттылығы бар тұлға екінші рет адам өлтіреді.* Жалпы қайталанудың заңдық мағынасына келсек, ол қылмыстың саралануына әсер етпейді, бірақ жаза тағайындау және жауаптылықты жеке даралау кезінде ескеріледі. Мысалы, ҚК-тің 54-бабының 1-бөлігі а-тармағына сәйкес жалпы рецидив жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдай ретінде танылады.

Арнайы рецидив – бұрын соттылығы бар адамның жаңа ұқсас немесе біртектес қылмысты жасауы. Арнайы рецидивтің заңдық мағынасы, біріншіден, егер ол диспозицияда көрсетілсе, ауырлататын немесе аса ауырлататын жағдай ретінде танылады, екіншіден, жаза мен жауаптылықты анықтау кезінде ескеріледі.

Жасалған қылмыстардың ауырлық дәрежесі мен қоғамға қауіптілік сипатына және адамның соттылығының санына, қылмыстардың санаттарына қарай қайталану **жай, қауіпті және аса қауіпті қайталану** болып бөлінеді.

Жай қайталану - бұл қауіпті және аса қауіпті қайталану белгілеріне жатпайтын түрі, яғни бұрын кез келген қасақана қылмысы үшін соттылығы бар адамның қайтадан қасақана қылмысты жасауы.

Қауіпті қайталану мына екі жағдайда танылады:

1). Егер адам бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса және осы адам қайтадан қасақана қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда;

2). Егер адам бұрын қасақана ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған болса және осы адамның қайтадан ауыр қылмысы үшін сотталған жағдайда.

Аса қауіпті қайталану мынадай үш жағдайларда болды деп танылады:

1). Бұрын ауыр немесе ауырлығы орташа қасақана қылмыс жасағаны үшін кемінде үш рет бас бостандығынан айыруға сотталған адамның қасақана қайта қылмыс жасауы;

2). Бұрын ауыр қылмысы үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамның қайтадан ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталуы;

3). Бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған адамның қайтадан аса ауыр қылмыс жасауы.

Қылмыстық кодекстің 13-бабының 3-бөлігі маңызды ережелердің бірін қамтиды. Бұл нормаға сәйкес 18 жасқа толмаған адамның жасаған қылмысы үшін соттылығы, сондай-ақ Қылмыстық кодексте белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталған немесе жойылған соттылық қылмыстың қайталануын тану кезінде ескерілмейді.

§6. Қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі

Қылмыстық құқықта нормалар бәсекелестігі деген - бір қылмыстың Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің бірнеше баптарымен қатар қамтылуы, яғни бірнеше нормалардың белгілеріне сәйкес келуі.

Қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелесі мынадай түрлерге бөлінеді:

1). Жалпы және арнайы нормалардың бәсекелесі;

2). Жалпы және Ерекше нормалардың бәсекелесі;

3). Арнайы және Ерекше нормалардың бәсекелесі;

4). Арнайы нормалардың бір-бірімен бәсекелесі;

5). Бүтін норма мен бөлік норманың бәсекелесі.

Жалпы норма мен арнайы норманың бәсекелестігі бәсекелестің басқа түрлеріне қарағанда заңдық бекітім тапқан. ҚР ҚК-нің 12-бабының 3-бөлігіне сәйкес «егер белгілі бір әрекет Қылмыстық кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнаулы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің арнаулы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды ң.

Қылмыстық заңда қылмыстың арнаулы құрамы жалпы құрамға өзінің белгілері бойынша сәйкес келеді, бірақ оны заңшығарушы қылмыс құрамының бір элементінің ерекшелігіне байланысты жеке норма етіп бөліп қойған. Мысалы, адамның қызметтік іс әрекетін жүзеге асыру не қоғамдық борышын орындауына байланысты сол адамды немесе оның жақындарын өлтіру қылмысы үшін жауаптылықты қарастыратын ҚК-

тің 96 бабының 2-бөлігі 6-тармағындағы нормаға қарағанда сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу үшін жауаптылық қарастырылған ҚК-тің 340-бап нормасы арнаулы норма болып табылады, өйткені қылмыстық қол сұғушылық объектісінің белгісі бойынша қол сұғушылықтың арнайы құрамы бөлініп отыр. Осыған сәйкес жалпы және арнаулы нормалар бәсекелестігінің түрлері ретінде негізгі және сараланған, негізгі және жеңілдетілген нормалардың бәсекелестігі табылады. Бұл жағдайларда да артықшылық арнаулы нормаларға, яғни сараланған немесе жеңілдетілген нормаларға беріледі. Мысалы, жай адам өлтіру мен жауаптылықты ауырлататын жағдайда адам өлтіру бәсекелесінде жауаптылық оны ауырлататын жағдайда адам өлтіру үшін туындайды.

Жалпы және Ерекше, арнаулы және Ерекше нормалардың арасындағы бәсекелестік жағдайына қылмыстық заңдағы ерекше нормалардың қатарындағы ҚК-тің 6-бөлімін «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын нормасын жатқызуға болады. Ерекше нормаларда жалпы нормаларға қарағанда елеулі шектеулерді, мысалы жазаның түрлеріне, мөлшеріне, соттылықты жою мерзімдеріне, жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдеріне, жазадан босату және т.б. жағдайларға қатысты шектеуліктер қарастырылған. Сондықтан да Ерекше және Жалпы, Ерекше және арнаулы нормалар бәсекелесінде артықшылық ерекше нормаға беріледі.

Бірнеше арнаулы нормалардың бір-бірімен бәсекелестігі орын алған кезде саралау артықшылығы ең арнаулы норма пайдасына шешілуі керек. Бірнеше арнаулы нормалардың бәсекелестігі мынадай түрлерге: екі сараланған нормалардың бір-бірімен, сараланған және жеңілдетілген нормалардың бір-бірімен, екі жеңілдетілген нормалардың бір-бірімен бәсекелестігі. Екі сараланған норма бәсекелестігінде аса сараланған нормаға артықшылық беріледі. Мысалы, ұрлық 175-баптың бірнеше бөліктеріндегі ауырлататын жағдайда жасалса жауаптылық аса сараланған құрам, яғни жазасы ауыр құрам бойынша қарастырылады.

Бірнеше жеңілдететін құрамдардың бәсекелесі кезінде артықшылық аса жеңілдететін нормаға, яғни санкциясы жеңілдеу нормаға беріледі. Мысалы, екі жеңілдететін жағдайда адам өлтіру қылмыстары аффе́кт жағдайында адам өлтіру (ҚК-тің 98-бабы) және қажетті қорғаныс шегінен шығып адам өлтіру (ҚК-тің 99-бабы) қылмыстары бәсекелесінде жазасы жеңілдеу, яғни ҚК-тің 99-бабына жол беріледі.

Ал сараланған және жеңілдетілген құрамдар бәсекелесінде артықшылық жеңілдетілген құрамға беріледі. Бәсекелестің бұл түрі көбінесе қасақана адам өлтіру қылмыстарын саралау кезінде кездеседі. Егер аффе́кт жағдайында адам өлтіру аса қатыгездікпен немесе жалпыға қауіпті тәсілмен жасалса, ҚК-тің 96 және 98 баптары арасында бәсекелес туады, мұнда жауаптылық соңғы құрам бойынша қарастырылады.

Бүтін норма мен бөлік норма арасындағы бәсекелестік. Бұл жағдай көбіне жай жеке құрам мен күрделі құрамалы жеке құрамдардың соқтығысуында кездеседі. Мысалы, ҚК-тің 179-бабы қарақшылық қылмысындағы бүтін мен бөліктің бәсекелесін қарастырайық. Қарақшылық - бұл бөтеннің мүлкін ұрлау мақсатында адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен ұштасқан шабуыл жасау. Мұнда адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану деген жәбірленушіге өлім әкелу, денсаулығына ауыр немесе орта дәрежедегі зиян келтіруді білдіреді. Солай бола тұра, мұндай күш қолдану үшін ҚК-тің Жеке адамдарға қарсы қылмыстыр тарауында жеке жауаптылықтар көзделген. Егер қарақшылық кезінде кінәлі жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірсе, 179-бап пен 103-бап арасында бәсеке туады, аталған жағдай бүтін норманың пайдасына, яғни 179-баптың пайдасына шешіледі, өйткені жасалған әрекеттің барлық белгілері осы нормада толығырақ қамтылған.

Әдебиеттер:

- Бузынова С.А. Множественность преступлений и ее виды. М., 1988.
Блум М.И. Понятие и признаки совокупности преступлений. Рига, 1969
Дагель П.С. Множественность преступлений. Владивосток, 1969
Малков В.П. Совокупность преступлений Казань, 1974
Малков В.П. Множественность преступлений и ее формы по советскому уголовному праву. Казань, 1982
Зелинский А.Ф. Рецидив преступлений /Структура, связи, прогнозирование/. Харьков, 1980
Каиржанов Е.И., Накипов Б. Рецидивная преступность: состояние и профилактика. Алматы, 1996
Красиков Ю.А. Множественность преступлений. М., 1988
Караев Т.Э. Повторность преступлений. М., 1983
Криволапов Г.Г. Множественность преступлений по советскому уголовному праву и установление ее признаков органами внутренних дел. М., 1989
Панько К.А. Вопросы общей теории рецидива в советском уголовном праве. Воронеж, 1988
Яковлев А.М. Борьба с рецидивной преступностью. М., 1964

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумының
« Рецидивті қылмыстар туралы қылмыстық істерді соттардың қарау тәжірибесі туралы ң 25.05.1994
жылғы қаулысы

14-тарау. Қылмыстық жауаптылықтан босату

§1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түсінігі және оның негіздері

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық екі жолмен: жаза тағайындаумен байланысты және жаза тағайындау мен байланысты емес жүзеге асырылады. Бірінші жағдайда қылмыстық жауаптылықтың мазмұны болып жаза табылады, ал екінші жағдайда қылмыстық жауаптылық адамға жаза тағайындамай тоқтатылады.

Гуманизм және әділеттілік принциптеріне сүйеніп ҚР Қылмыстық заңы кінәлі адамдарды жазадан ғана емес қылмыстық жауаптылықтан толық босатуды реттейтін нормаларды да бекіткен. Алайда, қылмыстық жауаптылықтан босату белгілі бір шамада қылмыстық құқықтың арнайы принциптерінің бірі – жауаптылықтан құтылмайтындық принципіне қайшы.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының қылмыстық құқықтық маңызына келсек, ең бастысы ол қылмыстылықтың алдын алу қызметін атқарады. Мысалы, шын өкінуіне байланысты немесе жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормалары кінәлі адамдарды ынталандыруға шақырады.

Сонымен, кейбір жағдайларда қылмыстылықпен күресу мақсатына қол жеткізу кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе оларды соттаған кезде жазаны өтеуден босату арқылы да мүмкін болады. Осыған байланысты қылмыстық құқықта қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату институты енгізілген.

Қылмыстық жауаптылықтан босату - қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңдарына сәйкес жүргізілетін мемлекеттің өкілетті органдарының қылмыстық-құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қылмыс жасаған адамға қолданудан бас тартуы. Қылмыстық жауаптылықтан босату анықтау, алдын ала тергеу сатысында немесе айыптау үкімі шыққанға дейін сот талқылауы кезінде орындалуы мүмкін.

Қылмыстық заң бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздеріне мына жағдайлар жатқызылады:

- шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 65 бабы);
- қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 66 бабы);
- жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 67 бабы);
- жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 68-бабы);
- ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 69-бабы);
- рақымшылық жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК-тің 76-бабы);

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері міндетті және факультативтік болып бөлінеді.

Қылмыстық жауаптылықтан міндетті босатылу болып ескіру мерзімінің өтуіне байланысты босатылу танылады.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың басқа түрлері факультативтік белгілерді қамтиды, яғни заңмен қарастырылған жағдайларда формальді негізді қолдану міндеттілікті тудырмайды. Қандай да болмасын қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрі қылмыс құрамының белгілері, қылмыстық жауаптылықтың негізі бар болған жағдайда ғана қолданылады. Сот, прокурор, тергеу, анықтау органдары қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын негізге ала отырып қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімге келеді. Қылмыстық жауаптылықтан босату тек қана адамның қылмыстық жазалануға жататын әрекеттері болған жағдайда ғана қарастырылады. Сөйтіп, қылмыстық жауаптылықтан босату– қылмыстық-құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін толық жүзеге асыру деген сөз, ендеше қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін жасалған қылмыс қайталанған қылмыс ретінде есептелмеуі керек.

§2. Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату заңда бекітілген бірқатар шарттар болған кезде мүмкін:

а). егер адам бірінші рет ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасап, осы қылмысты жасағаннан кейін кінәсін мойындап өз еркімен келсе – адам өзі қылмыстың жасалу фактісі жөнінде оның тергеуден, соттан қашуға мүмкіндігі бола тұра, мемлекеттік билік органдарына не құқық қорғау органдарына өз еркімен хабарлауы.

б). егер адам бірінші рет ауырлығы онша емес немесе ауырлығы орташа қылмысты жасап, осы қылмысты жасағаннан кейін қылмысты ашуға жәрдемдесе – кінәлі адамның тергеу, анықтау немесе сот органдарына жасалған қылмысты ашуға маңызды болып табылатын мән-жайларды анықтауға, жасалған қылмыстың іздерін, қылмыстық жолмен табылған заттарды сақтау орнын, қылмыстың басқа қатысушыларын іздестіруге бағытталған әрекеттер жасауы. Мұнда кінәлінің жәрдемдесу әрекеттері оң нәтиже бермесе де ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

в). егер адам бірінші рет ауырлығы онша емес немесе ауырлығы орташа қылмысты жасап, ол

қылмыстан келген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе – кінәлі адам қылмыс жасағаннан кейін өз ұсынысымен қылмыстан келген зиянды қалпына келтіруге немесе зиян келген құндылықтарды өтеуге әрекет жасаған болса қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

ҚК-тің 65-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды қоспағанда, қылмыс жасаған адамды сот, егер ол ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық жасаған қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, осы қылмысқа қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдесе қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл жағдайдың 65-баптың 1-бөлігіндегі ережеден айырмашылығы:

а). бұл жағдай тек ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық құрамында қылмыс жасаған адамдарға ғана қолданылады;

б). бұрын қылмыс жасаған адамдарға да қолданылуы мүмкін;

в). жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстардан басқа барлық санаттағы қылмыстарға қолданылады.

ҚК-тің 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес, осы баптың 1 және 2-бөліктерінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін: арнайы белгілерге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату марапаттау нормалары бар ҚР ҚК-тің ерекше бөлімінің 125-б. “Адамды ұрлау”, 165-б. “Мемлекеттік опасыздық”, 231-б. “Коммерциялық сатып алу”, 233-б. “Терроризм”, 234-б. “Адамды кепілге алу”, 236-б. “Заңсыз әскерлендірілген құраманы ұйымдастыру”, 251-б. “Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру”, 252-б. “Қаруды заңсыз жасау”, 259-б. “Есірткі заттарды немесе жүйкеге жер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату”, 297-б. “Жол-көлік оқиғасы болған орыннан кетіп қалу”, 312-б. “Пара беру”, 326-б. “Әскери қызметтен жалтару”, 352-б. “Көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару”, 358-б. “Бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу” баптарының ескертулерінде көрсетілген.

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату міндетті емес және шартсыз болып табылады. Міндетті емес деген сот, тергеу, анықтама орандары 65-баптың 1 және 2-бөліктерінде көзделген жағдайлар болғанның өзінде кінәліні қылмыстық жауаптылықтан босатпауы да мүмкін, себебі бұл олардың міндеті емес құқығы болып табылады.

§ 3. Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату

ҚК-тің 66-бабына сәйкес, қоғамға қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамды істің мән-жайларын ескере отырып сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

§4. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Тараптарды татуластыру институты жәбірленушінің қылмыстық процестегі рөлі мен белсенділігін арттыруға, оның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын тез қалпына келтіруге бағытталады.

ҚК-тің 67-бабына сәйкес, ауырлығы онша емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен не оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Сонда 67-баптың 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату мынадай төрт негіздің жиынтығы болғанда ғана мүмкін болады:

а). қылмыс жасаған адамның қылмысты бірінші рет жасауы,

б). қылмыс жасаған адамның әрекеті онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатуы;

в). қылмыс жасаған адамның жәбірленушіге келтірген зиянның есесін толтыруы;

г). қылмысты жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы.

Ал ҚК-тің 67-бабының 2-бөлігі бойынша орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және келтірілген зиянның есесін толтырса қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Мұнда заңшығарушы орташа ауырлықтағы кез келген қылмысты жасаған адамды, әкеп соққан қылмыс салдарына, оның әрекеттерінде қылмыстардың бірнеше рет жасалғанына, жиынтығына, қайталанғанына қарамастан, егер қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласса және жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін қарастырады:

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз беретін бірінші рет жасалған қылмысқа, адамның шын мәнісінде бірінші рет жасаған әрекеті не қайталанып жасаған әрекеті, бірақ егер адам бұрын жасалған қылмысы үшін заңмен белгіленген тәртіппен қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатылса не оның соттылығы жойылса немесе алынса жатады.

Кінәлі адам есесін толтыруға жататын зиянға қылмыс арқылы жәбірленушінің денсаулығына және мүлкіне келтірілген немесе моральдық кез келген зиянды жатқызу қажет. Бұл жағдайда тек тікелей шығындар ғана емес, сонымен бірге қылмысқа байланысты, оның ішінде өкілге жұмсалатын шығынды қоса алғанда, алдын ала тергеуге, сотқа қатысуға байланысты жұмсалатын шығындарды да жатқызуға болады. Қылмыспен келтірілген зиянның есесін толтыру бүлінген мүлікті қалпына келтіру, ұрланған мүлікті қайтарып беру немесе тап сондай мүлікті ұсыну, ақшалай өтем төлеу, дәрі-дәрмектерді, санаториялық-курорттық жолдамаларды сатып әперу, жәбірленушінің алдында кешірім сұрау түрінде және заңмен тиым салынбаған өзге де нысандарда болуы мүмкін.

Татуласу жәбірленушінің кінәлі адамға қарсы қозғалған қылмыстық істі тоқтату туралы өтініші түрінде болады. Жәбірленушінің еркін білдіруі жазбаша арызбен рәсімделеді немесе алдын ала тергеу барысында одан сұрақ алу хаттамасында көрсетіледі.

§5. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мынадай екі жағдай да мүмкін болады:

а). қылмыс белгілері бар әрекетті жасаған адам, егер істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес деп танылса;

б). ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол адамның содан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол адам қоғамға қауіпті деп есептелмесе.

Жағдайдың өзгеруі қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз болу үшін мемлекет көлемінде, жеке аймақ немесе нақты мекемедегі әлеуметтік-экономикалық немесе ұйымдастырушылық-шаруашылық өзгерістер түрінде көрініс табады. Мысалы, әлеуметтік-экономикалық саясаттағы өзгерістерге байланысты Қазақстанда 1959 жылғы ҚазССР Кодексіндегі бірқатар қылмыстар 168 бап алыпсатарлық, сауда ережелерін бұзу, паспорт ережелерін бұзу, азаматтық хал-актісін тіркеу жөніндегі заңдарды бұзу, спирт өнімдерін саудалаудың ережесін бұзу сияқты баптар қылмыс қатарынан алынып тасталды.

ҚК-тің 68-бабының 2-бөлігі бойынша кінәлі қылмыс жасағаннан кейін істі сотта қарағанға дейін өзін мүлтіксіз ұстаса ғана қолданылады. Кінәлі адамның мүлтіксіз мінезделуіне ешқандай құқық бұзушылық, тәртіптік, әкімшілік жағынан жұмысы, оқуы, тұрғылықты жері бойынша оң мінезделуін түсіну қажет. Яғни, 68-баптың 2-бөлігін қолдану үшін мына жағдайлардың жиынтығы болуы қажет:

а). егер адам қылмысты бірінші рет жасаса;

б). жасалған қылмыс ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс болса;

в). егер адам істі сотта қарағанға дейін өзінің мүлтіксіз мінез-құлқымен қоғамға қауіпті емес деп саналса.

§6. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату дегеніміз – бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы және өлім жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыстарды қоспағанда, қылмыс жасаған уақыттан бастап кінәлі адамды сол қылмысы үшін заңда көрсетілген шарттарға сәйкес жауапқа тартуға мүмкіндік беретін уақыттың өтуіне байланысты кінәліні жауаптылықтан босату жөніндегі құқықтық нормалардың жиынтығы.

Заң бұл институтты қолданудың үш жағдайын қарастырады:

1). Заңда көрсетілген мерзімдердің өтуі;

2). Осы мерзімдер ішінде адам жаңадан ауыр немесе аса ауыр қасақана қылмыс жасамаса;

3). Тергеуден не соттан жалтармаса;

Заңда қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыс жасалған күннен бастап бастап мынадай мерзімдер өтсе мүмкін болады:

а). ауырлығы онша емес қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;

б). орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;

в). ауыр қылмыс жасағаннан кейін он жыл;

г). аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл.

Ескіру мерзімдері қылмыс жасалған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі. Созылмалы қылмыстарда қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі кінәлі адамның өз еркімен бас тартқан кезінен бастап есептеледі, ал жалғаспалы қылмыстарда соңғы қылмыстық әрекет жасалған кезден есептеледі. Егер адам қылмысқа дайындалса не оқталса, онда ескіру мерзімі қылмыстық әрекетті тоқтатқан кезден басталады. Қылмысқа қатысушылардың ескіру мерзімдері (ұйымдастырушылар, айдап салушылар, көмектесушілер) де қылмыстың орындаушысымен бірге есептеледі. Заңда әртүрлі жаза бекітілген бірнеше қылмыстар жасаған кезде ескіру мерзімі олардың ішіндегі ауыр түрі бойынша есептеледі.

Ескіру мерзімі мынадай үш жағдайда тоқтатылады:

1). Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, яғни қылмыстық жауаптылықтан босату мақсатын көздейтін қасақана әрекеттер: тұрғылықты жерінен кетіп қалу, аты-жөнін өзгерту, бөтен фамилиямен жаңа жерде өмір сүру және т.б. Бұл ретте ескіру мерзімінің өтуі адамның ұсталған немесе айыбын мойындап келген мерзімінен басталады, яғни осыған дейінгі өткен ескіру мерзімі күшін жоймайды деген сөз. Ал егер ескіру мерзімі тоқтатылмастан қылмыс жасалған уақыттан бері 25 жыл өтсе, адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

2). Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы қылмыстар үшін ескіру мерзімі өткенге дейін (10-15жыл) жаңадан қылмыс жасаса ескіру мерзімі тоқтатылады. Мұндай жағдайларда ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейінгі уақыттар жойылып, жаңадан жасалған қасақана қылмыс пен бұрынғы ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін ескіру мерзімдері жаңадан жасалған қылмыстардың жасалу уақытынан бастап қатар есептеледі. Осы уақыттан бастап біріктірілмейтін және сіңірілмейтін екі жеке ескіру мерзімдері қатар басталады. Тиісінше, егер адам жаңа қасақана қылмыс жасағанға дейін ауырлығы онша емес немес орташа ауыр қылмыс жасаған болса ескіру мерзімдері тоқтатылмайды. Сондай-ақ, егер адам ауыр не аса ауыр қылмыс жасаса бірақ жаңа жасаған қылмысы қасақана қылмыс категориясына жатпаса ескіру мерзімі тоқтатылмайды. Мұндай жағдайда әрбір жеке қылмыс үшін ескіру мерзімдері олардың жасалған кезінен бастап есептеле береді.

Өлім жазасы түріндегі жаза қолданылуы мүмкін қылмысты жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Бұл мәселені шешу кезінде сот қылмыс жасағаннан кейінгі кінәлінің мінез-құлқын, отан алдындағы еңбегін, наградасының барлығын және қоғамдық пікірді ескеруі тиіс. Ескіру мерзімінің бітуіне байланысты сот адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін деп таппаса, өлім жазасы тағайындалмайды, оның орнына 25 жыл бас бостандығынан айыруды немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруды тағайындайды. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қылмыстық кодекстің 156-154 бабындағы қылмыстарға ескіру мерзімі қолданылмайды.

§ 7. Рақымшылық жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату

Рақымшылық жасау туралы актіні адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде ҚР Парламенті шығарады. Бұл бірқатар қылмыс санаттарына қатысты немесе жеке айқындалмаған сотталғандар тобына, мысалы, жүкті әйелдерге, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге, 60 жастан асқан ер адамдарға, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерге және т.б. қатысты шығарылатын нормативтік акті, яғни рақымшылық қолданатын адамдар алдын ала анықталмайды. Осы белгісі арқылы рақымшылық нақты сотталғанға қатысты шығарылатын кешірім жасаудан ерекшеленеді.

Рақымшылық шығару мынадай құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін:

- 1). Кінәлі адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады,
- 2). Кінәлі адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады;
- 3). Тағайындалған жаза қысқартылады;
- 4). Тағайындалған жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылады;
- 5). Қосымша жаза түрімен босатылады;
- 6). Соттылығы алынуы мүмкін;
- 7). Алдын ала тергеудегі және сотта қаралмаған қылмыстық істердің өндірісі қысқартылады.

Рақымшылық құқықтық құбылыс ретінде мынадай негізгі ерекшеліктерге ие:

- Мемлекеттік биліктің жоғарғы органының актісі бола тұра, рақымшылық нормативті сипатты иемденеді, яғни ол барлық органдар лауазымды тұлғалар үшін міндетті;
- Рақымшылық актісі ерекше құқықтық құжат. Оның күші ол шыққанға дейінгі әрекеттерге ғана таратылады, солай бола тұра қысқа уақытқа созылады;
- Рақымшылық актісі тек қылмыстық емес әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін;
- Рақымшылық жалғаспалы және созылмалы қылмыстарға, егер олар рақымшылық актісі қабылданғанға дейін аяқталса ғана таратылады.

Рақымшылықтың кешірім жасаудан айырмашылығы:

- 1). Рақымшылықты Парламент шығарады, ал кешірімді Президент жасайды.
- 2). Рақымшылық кең көлемде таратылады, ал кешірім нақты әрекетке қатысты қолданылады;
- 3). Рақымшылық негізінен ауырлығы онша емес қылмыс жасағандарға, ал кешірім жасау кез келген санаттағы қылмыстарға қатысты қолданылады;
- 4). Рақымшылық бойынша кінәлі адам жауаптылықтан және жазадан босатылады, ал кешірім жасау бойынша тек жазадан босатылады.

Әдебиеттер:

- Аликперов К.Д. Освобождение от уголовной ответственности. М., 2001
Аликперов Х.Д. Преступность и компромисс. Баку, 1992
Григорьев Н.В., Сабитов Р.А. Освобождение от уголовной ответственности по нормам Особенной части УК РСФСР. Харьков, 1993

Келина С.Г. Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности. М. 1974
Келина С.Г. Освобождение от уголовной ответственности в связи с изменением обстановки. М., 1969
Магомедов А.Т. Правовые последствия освобождения от уголовной ответственности. Саратов, 1994
Скибицкий В.В. Освобождение от уголовной ответственности и отбывания наказания. Киев, 1987
Смольников В.Е. Давность в уголовном праве. М., 1973
Щерба С.П., Савкин А.В. Деятельное раскаяние в совершенном преступлении. Практическое пособие /Под. ред. С.П. Щерба М., 1997

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасының Жоғары Соты Пленумының 21.06.2001 жылғы «ҚР ҚК 67-бабын қолдану жөнінде сот тәжірибесі туралы қ нормативті қаулысы, 11.09.2003 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің онжылдығына байланысты рақымшылық жариялау туралы қ 19.02.2002 жылғы Заңы

15-тарау. Жазаның түсінігі және оның мақсаттары

§1. Жазаның түсінігі

Қай мемлекет болмасын ол қылмысқа қарсы күрес жүргізуде әртүрлі әлеуметтік ұйымдастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, рухани шаралардың барлық түрін кеңінен қолдануға тырысады.

Қылмыс пен жаза - қылмыстық құқық өзінің пайда болған кезінен сүйенетін бір-бірімен тығыз байланысқан ажырамас категориялар. Қылмыстық жаза мәселесі қылмыстық құқық теориясында ерекше орын алады, өйткені, ол қылмыстылықпен күресу шараларының жүйесіндегі ең ауыр да қажетті шаралардың бірі болып табылады.

Қылмыстық жаза мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жеке бір түрі және оның өзіне тән мынадай белгілері бар:

- Жазаның бірінші белгісі - ол мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Бұл жаза тек мемлекет атынан сотпен ғана тағайындалады дегенді білдіреді.

- Жаза тек қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға ғана тағайындалады.

- Жаза тек қылмыс үшін тағайындалады.

- Жаза әрқашанда қылмыс жасаған адамның құқығы мен бостандығын шектеумен байланысты, яғни объективтік мазмұны бойынша жаза-жапа шектіру.

- Жаза сотталған адамға соттылық атағын тағады.

- Жаза жария түрде ашықтан ашық тағайындалады.

Осы жоғарыда аталған жазаның негізгі белгілерінен оның анықтамасын шығаруға болады.

ҚР ҚК-нің 38-бабында «Жаза дегеніміз – соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады - делінген.

Алайда, жазаның түсінігі жөнінде қылмыстық құқық теориясында бірқатар пікірлер айтылған. Мысалы, В.И.Курляндский, «Жаза-соттың үкімімен қылмыс жасаған адамдарға қолданылатын мемлекеттік шараның түрің десе, М.Д.Шаргородский бұл анықтамамен ішінара қосыла отырып, «мемлекеттік шаралардың бәрі де жаза емес, оған медициналық және тәрбиелік сипаттағы шаралар жатпайды - деп толықтырды. Ленинградтық криминолог ғалымдар өздері шығарған қылмыстық құқық курсына «Советтік қылмыстық құқықтағы жаза – мемлекеттік шараның мөлшері, ол сот органдарының үкімімен қылмыс жасаған адамдарға қолданылып, қылмыскердің өзіне тән материалдық игіліктерден жұрдай етумен қоса, сол әрекетке мемлекет тарапынан қаралап баға беру - дейді.

Қылмыстық жаза туралы мәселені көтергенде оның қылмыстық жауаптылықпен арақатынасына да тоқталған жөн. Жауаптылық пен жаза ұғымдарын жекелеп алып қарасақ, жауаптылық жаза ұғымынан әлдеқайда кең ауқымды, өйткені, жаза - қылмыстық жауаптылықтың маңызды сатыларының бірі ғана. Қылмыстық жауаптылықтың басталу уақыты болып қылмыстың жасалуы, ал аяқталу уақыты-соттылықтың жойылуы немесе өтелуі. Қылмыстық жауаптылыққа алдын-ала тергеу, анықтама, прокуратура және сот органдары тартып және босатады. Ал жазаны сот тағайындап сот босатады. Қылмыстық заңда қылмыстық жауаптылық пен жазаны бір-бірінен ерекшелейтін нормалар кездеседі. Мысалы, қылмыстық жауаптылықтан және қылмыстық жазадан босату негіздері әртүрлі. Сонымен, жаза соттың айыптау үкімінде жүзеге асырылған қылмыстық жауаптылықтың мәні. Соттылықтың өтелуі және жойылуы жазамен байланысты барлық құқықтық шектеулерді жояды.

Қылмыстық кодексте жазадан басқа қылмыстық құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары көзделген. Олар:

1). Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;

2). Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

Бұл шаралардың жазадан басты ерекшелігі олардың соттылықты болдырмауында. Екіншісі, олардың тағайындалу адресатында, яғни тәрбиелік сипаттағы шаралар 14-18 жас аралығындағы қылмыс жасағандарға, ал медициналық сипаттағы шаралар қылмысты есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамдарға және ҚК-тің 88-бабында көрсетілген басқа да негіздерде тағайындалады. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары белгісіз мерзімге тағайындалады.

§2. Жазаның мақсаттары

Қоғамдағы қылмыстылықпен күресу кезінде қолданыла тын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының әрбірінің өз мақсаты және өзіне тән міндеттері бар. Осыған сәйкес, жазаның мақсаты дегеніміз - тікелей жаза тағайындау, қолдану және оны іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже. Осы жазаның мақсаты жөнінде әртүрлі ілім салаларының-теологтар, философтар, социологтар, психологтардың да зерттеулер жүргізгені мәлім. Н.Д.Сергиевскийдің есебі бойынша, жазаның мақсаттарына 24 философиялық және 100-ден астам заңдық концепциялар арналған екен.

Қылмыстық құқық теориясында, жалпы және арнаулы заң әдебиеттерінде сонау Кеңес заманынан бастап,

қазірге дейін жазаның мақсаты төңірегінде әртүрлі пікірлер туғаны белгілі. Бұл пікірлер бірде жаза мақсаттарының мазмұнына қатысты туса, бірде жаза мақсатының санына қатысты туындады. Мысалы, орыс заңгер-ғалымы С.В.Познышев: « жазада тек бір ғана мақсат болуы керек дегенді айтса, профессор Р.Т.Нұртаев жазаның мақсатын «үш бірлік деп атайды. Ал профессор А.Мамытов, жазаның мақсатына мына үш түрлі нәрсе: 1). қылмыс жасаған адамды қайта тәрбиелеу; 2). қайта тәрбиелеу арқылы оны қайтадан қылмыс жасамауға бет бұрғызу; 3). қылмыс жасаған адамның сазайын тарттыру арқылы басқа адамдарға да қылмыс жасаудан бас тартуға ықпал жасау деп жазаның алдына үш мақсатты қояды.

Осы уақытқа дейінгі жазаның мақсаттары жөніндегі әдебиет терді талдай келсек, негізгі тұжырым - қылмыскерді түзеу және оны қайта тәрбиелеу болып келгенін байқаймыз. Ал соңғы кезде «қайта тәрбиелеу» мақсатын алып тастап, жазаның айрықша мақсаты тек ғана «сотталған адамды түзеу» деп жүрміз. Тәжірибе де бұл амал өзінің ойдағыдай нәтижелігін бермегендіктен жаңа қылмыстық заңда «қайта тәрбиелеу» терминінен бас тартуға тура келді.

Осыған сәйкес ҚК 38-бабының 2-бөлігінде жаза мақсаттары былайша белгіленген: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады». Сонымен, жазаның мақсаттары үш түрлі:

- 1). әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру,
- 2). Сотталған адамды түзеу;
- 3). қылмыстан сақтандыру.

Енді осы көрсетілген әр мақсаттарға жеке-жеке тоқталып кетсек.

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстық заңда бірінші рет қарастырылып отыр. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру әділеттік қағидасына жақын, яғни жазаның жасалған қылмысқа сәйкес келуі және бір қылмыс үшін екі жауаптылыққа тиым салу. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру деген - қылмыс нәтижесінде бұзылған жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделерін қайта қалпына келтіру. Материалдық зиян айыппұл, мүлікті тәркілеу, түзеу жұмыстары кезінде айлық табысынан ұстап қалу арқылы өтелуі тиіс. Ал денеге келтірілген зиян қалпына келтірілмейді немесе келтірілуден шектелген. Ал жаза мен қылмыстың сәйкес келуі деген тағайындалған жазаның кінәлінің жеке тұлғасына, жазаны немесе жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайларға сәйкес келуін қарастырады.

Сотталған адамды түзеу мақсаты. Жалпы алғанда адамды түзеу - бұл адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттерді жою. ҚР Қылмыстық атқару кодексінің 7-бабында, сотталғанды түзеу – оның бойында құқық ұстанушы мінез-құлықты, жеке адамға, қоғамға, еңбекке, адамзат қоғамының нормаларына, ережелері мен дәстүрлеріне оң көзқарастарды қалыптастыру – делінген. Сонымен, түзеудің мақсаты адамның мінез құлқын, іс әрекетін қайта қалыптастыру, жаңа қылмыс жасауға себеп болған бойындағы теріс қасиеттерден оның арылуына мүмкіндік туғызу. Түзеу барысында сотталғанның бойында бұрын болмаған әлеуметтік пайдалы қасиеттер енгізіледі. Жазаны өтеу барысында сотталған адамның көзқарасы, сенімі, әдет салты жақсы жаққа қарай өзгерсе-түзеу мақсатының орындалғаны.

Қылмыстан жалпы және арнайы сақтандыру (превенция).

Жалпы сақтандыру- қылмысты жасауға тек жазамен қорқыту немесе басқа адамды нақты жазалау арқылы қоғамдағы тұрақсыз адамдарды жаңа қылмыстан сақтандыру дегенді білдіреді. Олардың «тұрақсыздығын» қылмыстың алдында әкімшілік, азаматтық, тәртіптік құқықбұзушылықтарды жасау фактілерімен анықталады. Профессор М.Д.Шаргородскийдің айтуы бойынша

«жазаның жалпы сақтандырушылық әсері біріншіден, қылмыстық заңның жариялану фактісімен және әрбір нақты қоғамға қауіпті әрекет үшін қарастырылатын нақты жазалардан, екіншіден, қылмысты жасауға кінәлі деп танылған адамға соттың жазаны тағайындауында, үшіншіден, тағайындалған жазаның орындалу процесінде көрінеді».

Ал **арнайы сақтандыру** сотталған адамды жаңа қылмыс жасаудан сақтандыру дегенді білдіреді, яғни тікелей қылмыс жасаған адамға қатысты, соған бағытталады. Жазаның арнайы сақтандыру мақсатына мына жолдармен қол жеткізуге болады: 1). Сотталған адам жаңа қылмыс жасау мүмкіндігінен іс жүзінде айрылады. Мысалы, бас бостандығынан айыру, қамау, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаларында мүмкін болады; 2). Жазамен қорқыту арқылы, яғни сотталған адамды белгілі бір мүмкіндіктерден айыру, қылмысты қайталаудан бас тартуға итермелеу; 3). Жазаны өтеу барысындағы сотталған адамның психикасына тәрбиелік әсер ету арқылы оны жаңа қылмыстан сақтауға мүмкіндік туады. Яғни бір сөзбен айтқанда, арнайы сақтандыру мақсатына сотталған адам өзінің рецидив қауіптілігін жоғалтқан кезде қол жеткізіледі.

Жалпы, жазаның сақтандыру мақсаттары жөнінде айтқанда, қылмыстылықпен күрес кезінде жаза ең негізгі құрал болып табылмайтынын есте ұстау қажет. Өйткені, жаза қылмысқа және оның себептеріне қатысты екінші орында екендігі белгілі.

Әдебиеттер:

Гальперин И.М. Наказание: социальные функции, практика применения. М., 1983

Джекебаев У.С., Судакова Р.Н., Шапинова С.А. и др. Криминологические и уголовно - правовые проблемы наказания. Алма-Ата. 1983

Дуюнов В.К. Проблемы наказания в новом уголовном праве России. Белгород, 1998

Карпец И.И. Наказание: социальные, правовые и криминологические проблемы. М., 1973

Козлов А.П. Механизмы построения уголовно-правовых санкций. Красноярск, 1998

Ной И.С. Сущность и функции наказания в советском государстве. Саратов. 1973

Шаргородский М.Д. Наказание, его цели и эффективность Л. 1973

Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А., Нурымбетов А.А. Наказание. Алматы, 1998

Полубинская С.В. Цели уголовного наказания. М., 1990

16-тарау. Қылмыстық жазаның жүйесі

§1. Қылмыстық жазаның жүйесі және оның түрлері

Жаза жүйесі – ауырлығы ескеріліп белгілі бір ретпен орналасқан, сот үшін міндетті болып табылатын қылмыстық заңда бекітілген жазалар түрінің түпкілікті тізімі. ҚР ҚК-нің 39-бабында жазалар жүйесі орналасқан. Олар:

- 1). Айыппұл салу,
- 2). Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 3). Қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4). Түзеу жұмыстары;
- 5). Әскери қызмет бойынша шектеу;
- 6). Бас бостандығын шектеу;
- 7). Қамау;
- 8). Тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- 9). Бас бостандығынан айыру;
- 10). Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- 11). Мүлкін тәркілеу;
- 12). Өлім жазасы.

Қылмыстық кодексте жазалар жүйесі жеңілдеу жазадан бастап қатаң жазаға қарай тізілген. Жүйеге кіретін жазаның барлық түрлері үш топқа бөлінеді: негізгі, қосымша және балама, яғни негізгі де қосымша да болып табылатын жазалар.

Негізгі жазалар бұл жазаның дербес түрі ретінде ғана тағайындалатын түрлері, оларды басқаларына қосымша ретінде біріктіруге болмайтын жаза түрлері. Негізгі жазаларға: қоғамдық жұмыстарға тарту; түзеу жұмыстары; әскери қызмет бойынша шектеу; бас бостандығын шектеу; қамау; тәртіптік әскери бөлімде ұстау; бас бостандығынан айыру; өлім жазасы.

Қосымша жазалар – негізгі жазаға қатысты көмекші сипатқа ие жаза түрлері. Оларға: арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; мүлкін тәркілеу.

Жазаның балама түріне айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазалары жатады.

§2. Айыппұл

Айыппұл -Қылмыстық кодексте көзделген шекте, заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтіне қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде не сотталған адамның жалақысының немесе ол қылмыс жасаған сәтіне белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде тағайындалатын ақша өндіріп алу. Айыппұлды есептеудің екі тәсілі бар:

- 1). Заңмен белгіленген және жаза тағайындау сәтінде қолданылып жүрген а.е.к. белгілі бір мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде;
- 2). Сотталушының жалақысының немесе ол қылмыс жасаған сәтіне белгілі бір кезең ішіндегі өзге де табысының мөлшерінде.

Бірінші жағдайда айыппұлдың мөлшері ҚР заңдарымен белгіленген а.е.к. 25-тен – 20 мыңға дейінгі мөлшерімен, екінші жағдайда-сотталған адамның жалақысының немесе өзге де табысының екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі мөлшерімен шектелген.

Айыппұлдың мөлшері жасалған қылмыстың ауырлығына, сотталушының мүліктік жағдайына байланысты және жасалған қылмыс сараланған баптың санкцияларында белгіленген шекте, сол сияқты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріле отырып, сот арқылы тағайындалады. Айыппұлды төлей алу мүмкіндігі болмаса сот оны қамау жазасымен алмастыра алады, бірақ аталған жағдайда қамауға алу бір айға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Айыппұл төлеуде сотталған адам оны сот шешімі күшіне енген күннен бастап бір айдан қалдырмай төлеуге міндетті. Егер сотталушы тұлғаның айыппұлды бірден төлеуге мүмкіндігі келмесе, оның өтініші бойынша, айыппұл төлеу мерзімі алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы немесе бөліп-бөліп төлеуі мүмкін.

Айыппұлды төлемеген жағдайда, ол үкімді шығарған соттың берген атқарушы қағазының негізінде мәжбүрлеу арқылы өндіріліп алынады. Айыппұл өндіріп алуға сотталушының ортақ меншіктегі үлесін, ақшасын, құнды қағаздарын, басқа да құндылықтарын, соның ішінде қаражат-несие ұйымдары мен банклерде сақтауда, жинақта не есебінде бар құндылықтарын да есептегендегі мүлкі жаратылады. Айыппұлды өндіріп алу кезінде сот үкімі бойынша тәркіленуге жатпайтын мүліктердің тізімінде көрсетілген мүлік алынбайды.

Негізгі жаза ретінде белгіленген айыппұлды төлеуден тұлға әдейі жалтарған кезде, соттың айыппұлдың төленбей қалған мөлшерін қоғамдық жұмыстарға тартумен, түзеу жұмыстармен немесе бір ай түзеу жұмыстарына не 80 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тартуға сәйкес қамауға алумен немесе а.е.к. үш есе мөлшеріне тең айыппұл үшін 10 күнге қамауға алумен, жазаның осы түрлері үшін қылмыстық заңда көрсетілген шек пен жағдайларды сақтай отырып алмастыруға құқығы бар (ҚК- 42,43,46-баптары).

Қылмыстық заңда айыппұл төлеуден әдейі жалтару ұғымы туралы түсінік берілмеген. Оған ҚАК-тің 23-бабын талдау барысында мынадай анықтама беруге болады: айыппұлды төлеуден әдейі жалтару дегеніміз- сотталушы айыппұлды өз мезгілінде төлемеген жағдайда, оған мәжбүрлеп өндіріп алудан өзінің мүлкін, табыстарын жасырып қалу, сонымен қатар ҚК-тің 40-бабының 4-бөлімінде көзделген санкциялар қолданылуы мүмкін екендігі туралы ескерту жасалғаннан кейін де заңмен белгіленген уақытта айыппұлдың төленбеуі.

§3. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру

ҚР ҚК-нің 41-бабына сәйкес белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымды атқаруға немесе белгілі бір кәсіптік не өзге де қызметпен айналысуға тиым салудан тұрады. Жазаның бұл түрі негізгі жаза ретінде ҚК-тің 38 санкциясында көзделген, ал қосымша жаза ретінде 108 санкцияларда көзделген. Бұл жаза, егер сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп санаған жағдайларда тағайындалады.

Сонымен, бұл жазаның қылмыстық-құқықтық мәні- сотталған адамды белгіленген мерзімге белгілі бір кәсіптік немесе үкімде көрсетілген лауазымда болу мүмкіндігінен айыру, соның нәтижесінде айыпкердің қайталап қылмыс жасауын болдырмау.

Белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айырғанды сот өз үкімімен норматив бойынша белгіленген немесе ұқсас белгілері бар лауазымдарды сотталған адамның атқаруына тиым салады. Белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айырудағы ҚР ҚК-нің 41-бабының ҚазССР ҚК-нің 26-бабынан айырмашылығы сол, қазір сот мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ғана белгілі бір лауазымды атқаруға тиым салады. Яғни, сотталған адамның өзге мемлекеттік емес қызметтерде лауазым атқаруына тиым салынбайды деген сөз.

Белгілі бір қызметпен айналысуға тиым салу тек лауазымдық, кәсіптік қызметті ғана емес, арнайы ережелермен реттелген қызметтің басқа да түрлерін қамтиды. Мысалы, қосымша шара ретінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыруды сот ол адамда ондай құқықтың тіптен болмағанына немесе әкімшілік жолмен жазалау тәртібінде ондай құқықтан бұрын оны айырғанына қарамастан тандай алады.

Бұл жаза түрі негізгі немесе қосымша жаза ретінде тағайындалуы мүмкін. ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімі баптарының санкцияларында немесе ҚК-тің 55-бабына сәйкес сот жазаның жеңілдеу түріне көшкенде жазаның бұл түрінің тікелей белгіленуі оны тағайындауға негіз болады. ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті баптарының санкцияларында көрсетілмесе де, жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және айыпкердің жеке басын ескере отырып сот тағайындай алады. Қарастырылып отырған жазаның өтелу мерзімдері оның негізгі немесе қосымша жаза ретінде тағайындалуына қарай әртүрлі болып келеді. Негізгі жаза ретінде бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге, ал қосымша жаза ретінде алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінен әдейі жалтару ҚР ҚК-нің 362-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықты жүктейді.

§4. Қоғамдық жұмыстарға тарту

ҚР ҚК-нің 42-бабына сәйкес, қоғамдық жұмыстарға тарту сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды жасауынан тұрады. Бұл жұмыстардың түрлерін жергілікті атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді.

Қоғамдық жұмыстарға тарту ҚК Ерекше бөлімінің 64 санкцияларында көзделген. Ол жазаның негізгі түрі ретінде ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында көзделген ретте ғана тағайындалады. Сонымен қатар, жасалған қылмыс үшін қарастырылған жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау кезінде, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру жағдайында да қолданылуы мүмкін.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы сағаттармен өлшенеді, яғни заң бұл жазаны 60 сағаттан 240 сағатқа дейін тағайындауға рұқсат береді. Жазаны өтеуден әдейі жалтарған жағдайда сотталған адам үшін жазаның бұл түрі ауыр жазалармен ауыстырылады. ҚР ҚАК-нің 34-бабына сәйкес, қоғамдық жұмыстарды өтеуден әдейі жалтару дегеніміз - қоғамдық жұмыстардан сотталған адамның қашып тығылып қалуы, бір ай ішінде еңбек тәртібін екі реттен артық бұзуы немесе бір ай ішінде ешқандай себепсіз қоғамдық жұмыстарға екі реттен артық шықпай қалуы.

Қылмыстық кодексте қоғамдық жұмыстарға тартуды бас бостандығынан шектеумен немесе қамауға

алумен ауыстыру қарастырылған.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы мынадай сотталған адамдар тобына тағайындалмайды:

- 1). Әскери қызметкерлерге;
- 2). 50 жастан асқан әйелдерге, 60 жастан асқан ер адамдарға;
- 3). Жүкті әйелдерге;
- 4). 3 жасқа дейін баласы бар әйелдерге;
- 5). 1 және 2 топтағы мүгедектерге.

§5. Түзеу жұмыстары

Түзеу жұмыстарының мәні – сотталған адамның жазасы оның бұрынғы негізгі жұмыс орнында өтеліп, оның жалақысының белгілі бір мөлшерінен мемлекеттің кірісіне ұстап қалу арқылы жүргізілуінде болып табылады.

Ол ауырлығы онша емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған, бірақ қоғамнан оқшауламаса да түзелу мүмкіндігі бар адамдарға соттардың бас бостандықтан айырумен байланысты емес жаза тағайындауына мүмкіндік береді.

Түзеу жұмыстарын қолданудағы мақсатқа мына үш тәсілмен жетуге болады: еңбекке міндетті түрде тарту; еңбек ету және басқа құқықтарын біршама шектеу және материалдық сипатта ықпал ету жалақысының бір бөлігін ұстап қалу.

Түзеу жұмыстарының мерзімі айлап, жылдап саналады. Сол уақыттарда сотталған адам жұмыс істеуі және оның жалақысынан ақша ұсталуы тиіс. Кейбір жағдайларда мерзімі күндермен саналады. Түзеу жұмыстары екі айдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Оны сотталған адам сот үкіміне сәйкес өзі бұрын негізгі жұмыс атқарып жүрген жерде өтейді. Сотталған адам дәлелді себептермен жұмыс істемеген, бірақ оған жалақы төленген уақыт өтелген уақыт есебіне кіреді.

Сотталған адам ресми түрде жұмыссыз деп танылған уақыт та жазаны өтеу уақытына жатқызылады.

Түзеу жұмыстары тек негізгі жаза ретінде қолданылады, егер ҚК-тің Ерекше бөліміндегі нормалардың тиісті санкцияларында қарастырылған болса. Сонымен қатар, түзеу жұмыстары мына жағдайларда да тағайындалады:

- 1). Сол жасалған қылмыс үшін қарастырылған жазадан гөрі жеңілдеу жаза тағайындағанда;
- 2). Жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңілдеу түріне ауыстырғанда;
- 3). Жазадан әдейі жалтарғандықтан оны айыппұл салумен алмастырса.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны тағайындағанда, сот заңда көзделген жағдайларға сүйеніп, сотталған адамға шартты соттауды қолдана алады.

Түзеу жұмыстары тағайындалмайтын адамдар тізімі заңда нақты көрсетілген, олар:

- 1). Еңбекке жарамсыз деп танылған адамдар;
- 2). Тұрақты жұмысы жоқ адамдар;
- 3). Өндірістен қол үзіп оқу оқып жүрген адамдар.

§ 6. Әскери қызмет бойынша шектеу

Қызмет бойынша шектеу – жазаның ерекше түрі, ол тек әскери қызметте жүріп сотталған әскери қызметкерлерге ғана қолданылады. Әскери қызмет бойынша шектеу, негізгі жаза ретінде ҚК-нің Ерекше бөлімінің нормаларының 22 санкциясында бар.

Бұл жазаның мәні - өндіру және мәжбүрлеу әдістерін сәтті үйлестіру, яғни бұл әскери қызметкер өзінің кәсіби міндетін атқара береді, бірақ сонымен қатар оның құқықтары біршама шектеледі. Әскери қызмет бойынша шектеу негізгі жаза ретінде тек мына жағдайларды тағайындалады:

1). Келісім шарт бойынша қызмет атқарып жүрген әскери қызметкерге немесе шақыру бойынша әскери қызмет атқарушы офицерге, егер әскери қызметке қарсы олар жасаған қылмыс үшін ҚК-тің қолданылып отырған баптарының санкцияларында мұндай жаза көзделген болса, әскери қызмет бойынша шектеу жазасы тағайындалуы мүмкін

2). Әскери қызмет бойынша шектеу келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген, санкцияда түзеу жұмыстары түріндегі жаза көзделген қылмысты жасағаны үшін сотталған әскери қызметкерге тағайындалады.

Әскери қызмет бойынша шектеудің мерзімі, бірінші жағдайда, 3 айдан 2 жылға дейін қарастырылған. Түзеу жұмыстарын әскери қызмет бойынша шектеумен ауыстырғандағы мерзім ҚК-тің 44-бабында көрсетілмеген. Сондықтан да түзеу жұмыстары әскери қызмет бойынша шектеумен сол мерзімге, яғни 2 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Бұл жазаны өтеу кезінде сотталған адамның үлес қаражатынан соттың үкімімен белгіленген, бірақ 20 проценттен аспайтын мөлшерде мемлекеттің кірісіне ақша ұсталып қалады. Ақша ұсталатын үлес қаражатына лауазымдық жалақы, әскери атақ үшін үстеме, ай сайынғы және басқа үстемелер, басқа да қосымша ақшалай төлемдер кіреді. Аталған жазаны өтеу барысында сотталған адамның лауазымын, әскери атағын көтеруге жол берілмейді, сонымен бірге, жаза

мерзімі кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдар мерзіміне есептелмейді.

ҚР ҚАК-нің 144-бабына сәйкес, егер әскери қызметкер, сот белгілеген жаза мерзімі өтелмей ҚР заңдарында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен босаса, қалған бөлікті соттың жеңілірек жазаға алмастыруы мүмкін, не оны жазадан босатуы мүмкін.

§7. Бас бостандығын шектеу

Бас бостандығын шектеу соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеуінен тұрады және қоғамнан оқшауламай 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтеледі. Өзге жазалар, мысалы, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе түзеу жұмыстарына тарту жазалары бас бостандығын шектеумен ауыстырылған жағдайда 1 жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Сот бас бостандығын шектеу түрінде жаза тағайындай отырып, сотталған адамға: мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау, оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттерін орындауды жүктейді. Сонымен бірге, сот бас бостандығын шектеуге сотталған адамға оның түзелуіне ықпал ететін басқа да мынадай міндеттерді орындауды жүктейді: алкогольге салынуудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру.

Бұл жазаға сотталған адам жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сот бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімін нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстыра алады.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жаза мына адамдарға тағайындалмайды:

- 1). Ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдарға;
- 2). әскери қызметшілерге;
- 3). Тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезінде сот сотталған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша сотталған адамға бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жоя алады.

§8. Қамау

Қамау – сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады. Өзінің мәні бойынша қамау қысқа мерзімге бас бостандығынан айыруға жақын. Тек негізгі жаза ретінде қамау бір айдан алты айға дейінгі мерзімге тағайындалады. Ал қамауды айыппұлмен, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе түзеу жұмыстарымен ауыстырған жағдайда ол бір айдан кем, аз мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Қамау жазасы мына топтағы сотталған адамдарға тағайындалмайды:

- а). үкім шығару кезінде он алты жасқа толмаған адамдарға;
- б). жүкті әйелдерге;
- в). кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге.

§ 9. Тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасы

Тәртіптік әскери бөлімде ұстау жазасы – шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ қатардағы және сержанттық құрам қызметтерінде келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге тағайындалады. Бұл жаза әскери қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделген жағдайда, сондай-ақ сот істің мән-жай мен кінәлінің жеке басын ескере отырып екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады. Ал бас бостандығынан айыру жазасының орнына тәртіптік әскери бөлімде ұстау үш айдан екі жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

§10. Бас бостандығынан айыру

Бас бостандығынан айыру - бұл сотталған адамды арнаулы заңмен белгіленген арнайы режиммен байланысты мекемеде орналастыру жолымен қоғамнан мәжбүрлеп оқшаулау.

Бас бостандығынан айыру жазасы мерзімді және мерзімсіз болып екіге бөлінеді.

Белгілі бір мерзімге тағайындалатын бас бостандығынан айыру жазасы мынадай шектерде тағайындалады:

- а) бас бостандығынан айырудың ең төменгі шегі - 6 айға тең;
- б) түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеумен ауыстырған жағдайда – 6 айдан кем мерзімге;
- в) ең жоғарғы шегі – 15 жылға тең;
- г). Абайсызда жасалған қылмыстар үшін – 10 жылға дейін;
- д) аса ауыр адам өміріне қарсы қылмыстар, мемлекеттік опасыздық, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы, аса ауыр әскери қылмыстар үшін –20 жылға дейін;
- е) қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚК-тің 49-бабының 3- бөлігі, 69-баптың 5-бөлігі, 75-баптың 4-бөлігінде қарастырылған жағдайларда –25 жылға дейін, ал үкімдердің жиынтығы кезінде – 30 жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Бас бостандығынан айыру мерзімі – жылдармен, айлармен, күндермен есептеледі. Сот үкімінің заңды күшіне енгенге дейінгі уақыттар да бас бостандығынан айыру мерзіміне есептеледі.

Мерзімсіз бас бостандығынан айыруға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы жатады. Ол мынадай жағдайларда тағайындалады:

- 1). Өлім жазасына балама ретінде аса ауыр қылмыстар үшін және 49-баптың 1-бөлігіндегі қылмыстар үшін;
- 2). Өлім жазасын кешірім жасау тәртібімен ауыстырған жағдайда;
- 3). Сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін деп таппаса ҚК-тің 69-бабының 5-бөлігі, 75-баптың 4-бөлігіндегі жағдайларда.

Гуманизм принципіне сәйкес өмір бойына бас бостандығынан айыру әйелдерге, 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға, 65 жасқа толған ер адамдарға тағайындалмайды.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындай отырып сот үкімнің қорытынды бөлімінде сотталған адам бұл жазаны қандай түзеу мекемесінде өтейтіндігін, оның режимі мен өтеу уақытының басталуын көрсетеді.

§11. Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру

Арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру жазасы сотталған адамға моральдық-психологиялық әсер етумен байланысты. Қосымша жазаның бұл түрі сотталған адамның одан әргі кәсіптік қызметін шектеуі мүмкін. Бұл жаза ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін кінәлінің жеке басын ескере отырып тағайындалады.

Соттың үкімі бойынша министрліктердің, ведомстволардың берген арнаулы, әскери, құрметті атақтары, сыныптық шендері, дипломатиялық дәрежесі, біліктілік сыныптары айырылады. Ал мемлекеттік наградалардан айыруды немесе ҚР Президенті берген басқа да атақтардан айыру туралы мәселені ҚР Президенті шешеді.

§12. Мүлікті тәркілеу

Мүлікті тәркілеу сотталған адамның меншігі болып табылатын мүліктің барлығын немесе бір бөлігін мемлекеттің меншігіне мәжбүрлеп қайтарымсыз алу түріндегі жаза. Бұл жаза тек қосымша жаза ретінде ғана қолданылады.

Мүліктің барлығын толық тәркілеу деген сотталған адамның барлық мүлкін алып қоюды білдірсе, ішінара тәркілеу тек сот үкімінде көрсетілген мүліктерге қолданылады.

Мүлікті тәркілеу мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады және соттың үкімі заңды күшіне енгеннен кейін белгілі бір мүліктер сотталған адамның және оның отбасы мүшелерінің еркінен тыс қайтарымсыз алынады. Мұнда қайтарымсыз деген бұл алынған мүліктердің өтелмейтіндігін білдіреді. Алайда, кейбір жағдайларда, адам заңсыз сотталғандығы анықталған кезде тәркіленген мүліктер, егер олар мемлекет меншігіне айналдырылмаса немесе заңды тәртіппен жүзеге асырылмаған болса сотталған адамға қайтарылып беріледі.

Сонымен бірге, қылмыстық іс жүргізу заңында арнайы тәркілеу термині қарастырылған, оған сәйкес қылмыс жасау нәтижесінде алынған азаматтық айналыстан алынған не шектелген заттарды, заттай дәлелдемелерді, қылмыстың құралы болған заттар, қылмыстық жолмен табылған заттарды тәркілеп алу дегенді білдіреді. Сот мұндай тәркілеуді ҚК Ерекше бөлімі бабының санкциясында мүлікті тәркілеу жазасы көрсетілсе де көрсетілмесе де тағайындауы мүмкін.

Мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жазаны орындау кезінде сотталушы мен оның отбасы, асырауындағы адамдар үшін қажетті, оған жеке меншік құқығымен тиесілі немесе оның ортақ меншіктегі үлесі болып табылатын мынадай мүліктер ҚР Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес тәркіленуге жатпайды:

- 1). Егер сотталушы мен оның отбасы тұрақты тұрып жатса, оның тұрғын үйі, пәтері немесе олардың жекелеген бөліктері,

- 2). Тәркіленуге жатпайтын үй мен шаруашылық құрылыстары орналасқан жер учаскелері, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге қажетті жер учаскелері;
- 3). Негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылатын адамдарда - шаруашылық құрылыстары мен саны оның отбасының қажеттерін қанағаттандыруға қажетті үй малы, сондай-ақ малға арналған жемшөп;
- 4). Кезекті ауылшаруашылық дақылдарын егуге қажетті тұқым;
- 5). Үй жабдығы заттары, керек-жарақтар, киімдер:
 - а). киіліп жүрген киім, аяқ киім, іш киім, қолданылатын көрпе төсек, ас үй және асхана заттары. Мех және басқа қымбат киім кешек, асхана сервисі, қымбат металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік жағынан құнды нәрселер тәркіленуі мүмкін;
 - б). сотталушы мен оның отбасы мүшелері үшін қажетті шамалы жиһаз;
 - в). балалардың барлық керек жарақтары.
- 6). Сотталушы мен оның отбасы мүшелері үшін, егер сотталушының негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болса, жаңа өнімге дейін қажетті мөлшердегі азық-түлік, ал қалған жағдайларда – азық-түлік өнімдері мен жалпы сомасы ҚР Үкіметі белгілеген мөлшердегі ақша қаражаты;
- 7). Ас дайындауға және отбасының тұрғын жайын жылытуға арналған отын;
- 8). Сотталушының кәсіптік ісін жалғастыруға қажетті инвентарлар (оның ішінде оқулықтар мен кітаптар), бұған сотталушы тиісті қызметпен айналысу құқығынан айырылған немесе инвентарь оның қылмыс жасауы үшін пайдаланылған жағдайлар қосылмайды;
- 9). Мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдары;
- 10). Сотталушы марапатталған халықаралық, мемлекеттік және өзге де сыйлықтар.

§13. Өлім жазасы

Өлім жазасы ҚР Конституциясының 15-бабына сәйкес ерекше жаза ретінде аса ауыр қылмыстар үшін тағайындалады. Мұндай аса ауыр қылмыстардың қатарына заңшығарушы – адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар, соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік опасыздық, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, ерекше ауыр әскери қылмыстарды жатқызған.

Өлім жазасы әйелдерге, 18-жасқа дейінгі кәмелетке толмаған дарға және 65 жасқа толған ер адамдарға тағайындалмайды.

Кешірім жасау тәртібімен өлім жазасы жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы өмір бойы бас бостандығынан айырумен немесе жиырма бес жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін.

Өлім жазасын қолдану барлық жағдайларда жасалған қылмыстың анықталған мән-жайларына және сотталушыны мейлінше сипаттайтын мәліметтерге, соның ішінде, оның психикалық жай-күйіне сүйене отырып жасалады және ол үкімде дәлелді болуы тиіс.

Қазақстан Республикасында өлім жазасы туралы үкім ерте дегенде ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 165-бабының 4-бөлігінде аталған құжаттар негізінде орындалады және ату арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

Багрий-Шахматов Л.В. Теоретические проблемы классификации уголовных наказаний, Воронеж, 1971

Гальперин И.М., Мельникова Ю.Б. Дополнительные наказания. М., 1981

Мельникова Ю.В. Дополнительные наказания. М., 1981

Смертная казнь: за и против. Под ред. С.Г. Келиной. М., 1989

Кистяковский А.Ф. Исследования о смертной казни. СПб, 1986

Михлин А.С. Смертная казнь: вчера, сегодня, завтра. М., 1997

Чукмаитов Д.С. Теоретические основы системы исполнения наказаний по законодательству Республики Казахстан. Алматы, 1999

17-тарау. Қылмыстық жаза тағайындау

§1. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері

Жаза тағайындау қылмыстық заңды қолдану барысындағы ең жауапты, маңызды саты болып табылады. Өйткені, жаза тағайындау, оны жүзеге асыру сотталған адамды түзеуге, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, қылмыстардың алдын алуға ықпал етеді. Жазаның осы мақсаттарына қол жеткізу көбіне қылмыстық жазаларды әділ әрі негізді тағайындаумен анықталады.

Қылмыс жасаған адамға белгілі бір жазаны жеке дара тағайындау « Жаза тағайындаудың жалпы негіздері » деп аталатын арнайы ережелерге сәйкес жүргізіледі. **Жаза тағайындаудың жалпы негіздері дегеніміз** - әрбір нақты іс бойынша жаза тағайындау кезінде сот басшылыққа алуы тиіс заңмен бекітілген белгілер. Қылмыстық заңда жаза тағайындаудың жалпы негіздері ретінде: жазаның әділеттілігі, мақсатқа лайықтылығы, тиімділігі айтылады. ҚК-тің 52-бабының 1-бөлігінде « Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және ҚК-тің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады » - делінген.

Жаза әділетті деп танылады, егер ол жасалған қылмыстың ауырлығына, қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне, кінәлінің жеке тұлғасына және қылмысты жасау жағдайларына сәйкес тағайындалатын болса. Мұнда «сәйкес» термині бір ғана ұқсастықты емес, тепе-теңдік деген мағынада қолданылады, яғни жаза қылмысқа сыртқы формальды жағынан емес әлеуметтік жағынан және арифметикалық жағынан емес заңдық жағынан тең болуы керек дегенді білдіреді. Сонымен бірге, жаза мәні жағынан заңды және негізді болуы керек. Егер оны барлығы, сотталғаннан бастап қоғамның барлық мүшелері заңды, негізді және көз жетерлік жаза ретінде қабылдаса ғана әділетті деп танылады. Тағайындалатын жазаның заңға сәйкестік талаптары маңызды. Жасалған қылмыстың қауіптілігін бағалай отырып сот ең алдымен, аталған қылмыстың түріне ҚК-тің Ерекше бөлімін дегі заңшығарушының берген бағасын ескеруі керек. Сондықтан әділетті жаза тағайындаудың міндетті алғышарты болып қылмыстың нақты заңдық саралануы табылады. Қылмысты саралаудағы қате әділетсіз жаза тағайындауға әкеп соғады.

Жазаның мақсатқа лайықтылығы деген соттың тағайындаған мәжбүрлеу шарасының сотталған адамға оң ықпал етуге сәйкес келу талабын білдіреді. Соттың таңдаған жазасы оның жалпы мақсаттарына қол жеткізудің жеткілікті құралы болуы керек. Осыған байланысты ҚК-тің 52-бабының 2-бөлігінде «Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуы тиіс... » - деп көрсетілген. Заң сотты жаза тағайындау кезінде жаза мақсаттарының біреуіне қол жету болып саналатын – жазаның сотталған адамның түзелуіне әсер ететіндігін көре білуді, және барлық мән-жайларды ескере отырып, жазаның мүмкіндігінше ең қатаң емес түрін дұрыс тағайындай білуді, оның мөлшерін анықтауды міндеттейді. Сот жазаны ҚК-тің Жалпы бөлімінің ережелерін ескере отырып тағайындайды.

Жаза тағайындау кезінде сот мына жағдайларды міндетті түрде ескеруі тиіс:

- 1). Жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі,
- 2). Кінәлінің жеке басы;
- 3). Кінәлінің қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы;
- 4). Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар;
- 5). Жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар;
- 6). Тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы.

1). Қылмыстың қоғамға қауіптілігі – бұл Қылмыстық кодекспен қарастырылған іс-әрекеттің қылмыстық заңмен қорғалатын объектілерге нақты зиян келтіру немесе нақты зиян келтіру қаупін тудыруының объективті қасиеті. Әрбір нақты қылмыстың қоғамға қауіптілігі қылмыстық құқық теориясында екі категория: қоғамға қауіптілік сипаты (сапалық белгі) және қоғамға қауіптілік дәрежесі (сандық белгі) арқылы ашылады.

Қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты - қылмыстың сапалық категориясы, ол ең алдымен, қол сұғушылық объектісінің ерекшелігімен, яғни объектінің қоғам мен мемлекет үшін құндылығымен, қылмыс нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерімен және т.б. жағдайлармен анықталады. Барлық қылмыстар бір-бірінен осы қоғамға қауіптілік сипаты бойынша ерекшеленеді.

Қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі - қылмыстың сандық категориясы, жасалған қылмыстың ауырлығына байланысты шешіледі. Ол ең алдымен қылмыс құрамының белгілерімен, объектіге келтірілген зардаптың мөлшері мен сипаты; кінәнің нысаны, мақсат пен ниет; қылмыстың жасалу тәсілі; субъектінің ерекшелігі және т.б. жағдайлармен анықталады.

Көбінесе, қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі қылмыстың объективтік жағымен, ал қоғамға қауіптілік сипаты - қылмыстың объектісімен және субъективтік жағымен сипатталады. ҚР Жоғары Соты Пленумының 30.04.1999 жылғы «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы қаулысының 2-пунктіне сәйкес «Жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтағанда, соттар қылмыстың ауырлығын анықтау тәртібін реттейтін ҚК-тің 10-бабының талаптарын, сондай-ақ нақты

қылмыстық әрекет (кінәнің түрі, себебі, тәсілі, жасаған қылмыстық жағдай мен кезеңі, одан болған ауыртпалық, сотталушылардың әрқайсысының қылмысқа қатыстылығының дәрежесі мен сипаты т.б.) жағдайының барлығын ескеруі тиіс. Жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін анықтау кезінде нақты іс бойынша жинақталған барлық объективтік және субъективтік белгілерін есепке алу қажет.

2). Соттар жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар сотталушының жеке басының мәліметтерін жан-жақты, толық және объективті түрде тексеруі қажет. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігі мен қатыстылығын, білімін, сотталғандығы туралы мәліметтерді, сонымен бірге сотталушының отбасы анықталғаннан кейін тағайындалған жаза оның отбасы немесе оның асырауындағы адамдардың жағдайына қандай әсер ететінін ескеруі тиіс.

§2. Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін жағдайлар

Жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп – кінәлінің жеке басына және ол жасаған қылмысқа қатысты, қылмыс құрамынан тысқары тұратын қылмыс пен қылмыскердің қоғамға қауіптілігін азайтатын және оның жауаптылығы мен жазасының дәрежесін төмендететін түрлі факторларды түсіну қажет. Жасалған қылмыста жеңілдетілген жағдайлардың бар болуы бап санкциясы шегіндегі жазалардың жеңілдеу түрін тағайындауға, сонымен бірге қылмыстық жауаптылықтан толықтай босатуды не шартты соттауды қолдануға мүмкіндік береді.

ҚР Қылмыстық кодексінің 53-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға мыналар жатқызылады:

1). Мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет ауырлығы онша емес қылмыс жасау. Бұл жеңілдететін жағдайдың түрі бір-бірімен байланысты үш элемент жиынтықтарының бар болуын қарастырады:

а). қылмысты бірінші рет жасау – яғни, егер кінәлі бұрын мүлдем қылмыс жасамаған болса, немесе ол бұрын қылмыс жасағанымен жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі (ҚК-тің 69-бабы), айыптау үкімін орындаудың ескіру мерзімі (ҚК-тің 75-бабы) өтіп кетсе, бұрын жасаған қылмысы үшін заңмен белгіленген тәртіппен соттылығы алынған не өтелген болса (ҚК-тің 77-бабы) ғана танылады.

б). Онша ауыр емес қылмыс жасау – яғни, жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза 2 жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана жасалған әрекет, ең ауыр жаза 5 жылға бас бостандығынан аспайтын абайсызда жасалған әрекеттерді жасау.

в). Мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан жасау – бұл бағалаушы категория болғандықтан істің нақты барлық жағдайларын зерттеу кезінде анықталады. Сонымен қатар, мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы ретінде кінәлінің қылмыс жасауға итермелейтін объективтік және субъективтік факторларды да түсіну қажет. Мысалы, кінәлі үшін кенеттен пайда болған, алдын ала дайындықсыз, жеке бастың қайғы-қасіреті әсерінен, қылмыс жасап жатқан адамдар тобына кездейсоқ тап болуы және осы іс-әрекеттерді жасауға еріксіз қатысуы, қолайсыз дау-жанжал жағдайында пайда болған қызбалық әсерімен қылмыс жасау.

2). Айыпкердің кәмелет жасқа толмауы - қылмыс жасау сәтінде он төртке толған бірақ он сегіз жасқа толмаған тұлғаның қылмыс жасауы. Заңшығарушы аталған жағдайды жеңілдетуші мән-жағдайлардың қатарына жатқызу себебін адамның санасы мұндай жаста қалыптасу сатысында болатындығымен және кәмелетке толмағанның көзқарасы толық бекімгендіктен өз әрекетіне дұрыс баға бере алмайтындығымен түсіндіреді.

3). Жүктілік жағдайында қылмыс жасау – жүктілік мерзіміне қарамастан кез келген ауырлықтағы қылмысты жасау жеңілдетуші мән-жай болып табылады. Бұл жағдай әйелдің жүктілік жағдайындағы ерекше психофизикалық, жоғары сезімталдық, тез ашулан шақ, ұстамсыздық және жүйке қозуы жағдайларында жиі болатын дығын ескеріп жеңілдетуші жағдайлар қатарына енгізілген.

4). Айыпкердің жас балалары болуы – сотталған адамның (ер адамдарға да қатысты) 14 жасқа толмаған балаларының болуы. Аталған жағдай егер кінәлі ата-аналық құқығынан айырылған немесе отбасымен ұзақ уақыт бірге тұрмайтын болса, балаларды тәрбиелеумен, оларға материалдық қолдау берумен айналыспаса, оларға қатал қарайтын болса немесе балаларға қатысты қылмыс жасаса ескерілмейді.

5). Қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету, қылмыс салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдық зиянның орнын өз еркімен толтыру, қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-әрекеттер - қылмыстан келтірілген зиянның орнын толтырумен байланысты жағдайлар.

6). Жеке басындық, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашығандық себебімен қылмыс жасау – сыртқы факторлардың әсер етуінен (жеке, отбасылық, қызметтік қатынастардан туындайтын қиыншылық тар) кінәлінің қарсы тұру мүмкіндігінің болмауынан қылмыс жасауы. Ауыр мән-жайлардың тоғысуы ретінде жұмысынан айырылуынан материалдық жағдайының қиындауын, кінәлінің мүгедектігіне немесе ауруға шалдығуына байланысты отбасын асырай алмауы және

т.б. жағдайлар. Жаны ашығандық себебімен қылмыс жасаса, мысалы, ауыр халде жатқан туысына қымбат бағалы дәрі-дәрмекті алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ұрлап алу әрекеті немесе үмітсіз ауыр өлім халіндегі адамды оның сұрауы бойынша өлтіруі (эвтаназия) және т.б. жағдайлар. Мұндай аталған жағдайларда жаны ашу себебін тудырған факті мен жасалған қылмыс арасындағы себепті байланысты анықтау міндетті болып табылады.

7). Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан немесе материалдық қызметтік немесе өзге де тәуелділігі себепті қылмыс жасау – бұл қылмыс жасайтын адамның өз іс-қимылын таңдауға оған зорлық-зомбылық көрсету нәтижесінен еркінің болмауы және оның қылмыс жасау туралы шешім қабылдауына материалдық, қызметтік және өзге де тәуелділігін (туыстық, жеке, мұғалім мен оқушы арасындағы және т.б.) пайдаланып тікелей қысым жасау арқылы жасалатын жағдайлар. Аталған жағдайлар аса қажеттілік ретінде бағаланбаған жағдайда жауаптылықты жеңілдетеді.

8). Қажетті қорғану, аса қажеттілік, қылмыс жасаған адамды ұстау, орынды тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындаудың құқықтық дұрыстығының шартын бұзу жағдайларында қылмыс жасау – яғни ҚК-тің 32-37 баптарында қарастырылған әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың заңға сәйкестік шарттарын сақтамау нәтижесінде қылмыс жасауды түсіну қажет. Бұл мысалы, ҚК-тің 98,99,100-баптарындағы адам өлтіру қылмысының жеңілдететін түрлері.

9). Қылмыс жасау үшін түрткі болып табылатын жәбірленушінің заңға қайшы немесе адамгершілікке жатпайтын қылығы – кінәлінің қылмысты жәбірленуші тарапынан орын алған ұрып-соғу, азаптау, жала жабу, қорлау және т.б. құқықбұзушылық сипатындағы әрекеттер немесе моральға, адамгершілікке жат әрекеттер себебімен қылмыс жасау. Аталған әрекеттер бір мәрте немесе жүйелі түрде де жасалуы мүмкін. Алайда, заңға қайшылық немесе адамгершілікке жатпайтын қылықтарды сот істің мән-жайларына сәйкес барлық уақытта анықтап отыруы қажет.

10). Шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу - аталған әрекеттердің әрбірі не олардың жиынтығы қылмыс жасаған адамның қауіптілігін төмендетеді, оның өз кінәсін түсінгендігін және өкінетіндігін дәлелдейді. Бұл жағдайлар мазмұны мен мағынасы жағынан бір-біріне жақын болып табылады және қылмыскердің тез түзелу мүмкіндігін куәландырады.

Жоғарыда қарастырылған жауаптылық пен жазаны жеңілдететін жағдайлардың тізімі соттар үшін міндетті, бірақ түпкілікті болып табылмайды, сот бұл бапта қарастырылмаған басқа да жағдайларды үкімде көрсете отырып жеңілдетуші мән-жай ретінде тануға құқылы. Тәжірибеде мұндай жеңілдететін жағдайлардың қатарына кінәлінің денсаулық жағдайы, қоғамға пайдалы қызметі, асырауында қарт және науқас ата-анасының болуы, Отан алдындағы қызметі, жетістіктері үшін алған награда ларының болуы, тұрғылықты немесе жұмыс орнынан жағымды мінездемесінің болуы және т.б. жағдайлар жатқызылады.

ҚК-тің 53-бабының 1-бөлігінде көрсетілген жағдайлар жазаны жеңілдетуші жағдайлар ретінде сотқа ҚК-тің Жалпы бөлімінің барлық ережелерін ескере отырып нақты қылмыс үшін қарастырылған баптың санкциясы шегінде өз қарауы бойынша жаза тағайындау құқығын береді.

Сонымен бірге, заңшығарушы 53-баптың 4-бөлігінде осы 53-баптың 1-бөлігінің «дң және «кң тармақтарында көзделген жағдайларды есепке алу дәрежесін ерекше бөліп көрсеткен. Бұл бапқа сәйкес, егер жасалған нақты бір қылмыста шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға, қылмысқа басқа қатысушыларды әшкерелеуге және қылмыс жасау нәтижесінде алынған мүлікті іздеуге белсенді жәрдемдесу; қылмыс жасағаннан кейін зардап шегушіге тікелей медициналық және өзге де көмек көрсету, қылмыс салдарынан келтірілген мүліктік залал мен моральдық зиянның орнын өз еркімен толтыру, қылмыспен келтірілген зиянды жоюға бағытталған өзге де іс-әрекеттердің бірі орын алған болса, бірақ бұл қылмыста жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлар болмаған жағдайда жазаның мерзімі мен мөлшері сол нақты қылмыс үшін көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кезде жартысынан, ал ауыр қылмыс жасаған кезде үштен екісінен (3/2), аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен (4/3) аспауы тиіс.

ҚК-тің 53-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер жеңілдететін жағдай ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында қылмыс белгісі ретінде көзделген болса, жаза тағайындау кезінде ол қайталап ескеріле алмайды.

§3. Жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлар

ҚР ҚК-нің 54-бабында көрсетілген жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлар жасалған қылмыстың және кінәлінің жеке басының жоғары қауіпті екендігін дәлелдейтіндіктен соттарға тағайындалатын жазаларды күшейтуге негіз береді. Жазаның мөлшерін көтеруге әсер ететін ауырлататын жағдайлар болған кезде соттар нақты қылмыс сараланып отырған бап санкциясы шегіндегі ең қатал жазаны немесе жазаның жоғары мерзімін тағайындайды. Заңда көрсетілген бұл ауырлататын жағдайлар сотқа кінәлінің жеке басы мен ол жасаған қылмысты ескере отырып жазаны жеке даралауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, ҚК-тің 54-бабының 1-бөлігінде жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлардың мынадай тізімі көрсетілген:

1). Қылмыстарды бірнеше рет жасау, қылмыстардың қайта лануы – бұл екі бір-біріне ұқсас ауырлататын жағдайлар бір топқа біріктірілген, олардың екеуі де кінәлінің аса қауіпті екендігін, оның оған қолданылған қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу сипатындағы шаралардан кейін де заңтындаушылық өмір кейпіне оралғысы келмейтіндігін куәландырады. Солай бола тұра, заң сотқа оның алғашқы жасаған қылмысының сипатына байланысты бұл жағдайды ауырлататын жағдай ретінде ескермеу құқығын береді. Көбіне бұл жағдай, егер кінәлінің алғашқы және одан кейінгі қылмыстары абайсыздықпен жасалса, не қасақана жасалғанымен ауырлығы онша емес қылмыс қатарына жатқызыл ған болса ауырлататын жағдай ретінде қолданылмауы мүмкін.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы жөніндегі түсініктер ҚК-тің 11-бабында, ал қылмыстардың қайталануы 13-бабында берілген. Егер бұрынғы жасалған қылмысы үшін кінәлінің соттылығы өтелген не жойылған болса, жаңа жасаған қылмысы үшін жаза тағайындау кезінде бірнеше реттік немесе қайталану жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде танылмайды.

2). Қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру - қылмыстан келтірілген зардаптың ауыр не жеңіл екенін сот нақты істі қарау кезінде келтірілген зардаптың сипатын бағалай отырып анықтайды. Мұндай шешімге қол сұғушылық объектісінің маңыздылығы, келтірілген зиянның мөлшері сияқты жағдайлар әсер етеді. Ауыр зардаптар келтіру тек қасақана қылмыстарда ғана емес абайсыздықпен жасалған қылмыстарда да жазаны ауырлатады, сондықтан кінәнің нысанына қарамастан бұл жағдай ауырлататын жағдай ретінде танылуы мүмкін. Бұл үшін сот жасалған әрекет пен келтірілген зардап арасындағы себепті байланысты анықтауы міндетті. Сонымен қатар, ҚК-тің Ерекше бөлімінің бірқатар баптарында ауыр зардап келтіру қылмыстың белгісі ретінде танылғандықтан жауаптылықты ауырлататын жағдай ретінде қарастырылмайды. Ал ҚК-тің кейбір баптарында ауыр зардаптар келтіру қылмыс белгілері болып табылмайды, алайда бұл қылмыстарды жасау нәтижесінде ауыр зардаптар туындайды. Мұндай жағдайларда сот осы қылмысты жасау нәтижесін де ауыр зардап келтіргені үшін ауырлататын жағдай ретінде тануға құқылы.

3). Адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қауым дастықтың қылмыс жасауы - бұл жағдайлардың ауырлататын жағдайлар қатарына жатқызылуы заңды болып табылады, өйткені кез келген топтық қылмыстың қоғамға қауіптілігі барлық уақытта жоғары сипатты иемдененді. Жоғарыда аталған қылмысқа қатысу нысандарының ұғымы мен белгілері ҚК-тің 31-бабында баяндалған. Бұл ұғымдар ең алдымен бір-бірінен өздерінің мазмұнымен, қауіптілік дәрежесімен ерекшеленеді. Қылмысты осы көрсетілген қатысу нысанының кез келгенімен жасау осы қылмысқа қатысушылардың барлығы үшін, олардың қылмыстағы нақты роліне қарамастан ауырлататын жағдай ретінде танылады.

4). Қылмыс жасағанда айрықша белсенді роль атқару - қатысушылықпен немесе қатысып орындаушылықпен жасалған қылмыс тарда қылмысқа әрбір қатысушы тұлғаның ролдері ашылып анықталуы тиіс. Қылмыс жасағанда аса белсенділік танытқан тұлға қылмыстың басқа қатысушыларына қарағанда қауіптілігі мен ерекшеленеді. Мұнда аса белсенді ролі ретінде оның ұйымдастырушылық, басқарушылық, басқа қатысушыларды жұмылдыру әрекеттерін тануға болады. Кінәлінің аса белсенді ролі ауырлататын жағдай ретінде оның белсенділігін сипаттайтын нақты әрекеттерді көрсете отырып соттың үкімінде негізделуі тиіс.

5). Кінәліге психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні белгілі адамды немесе қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту – кінәлі адам өзінің қылмыстық мақсаттарына қол жеткізу үшін басқа адамдарды, психикасы бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетін немесе мас күйдегі, қылмыстық жауаптылық жасына жетпеген жасөспірімді тарта отырып қылмыс жасайды. Қылмыстық құқық теориясынада мұндай әрекеттер «тікелей орындаушылық деп аталады. Аталған категориядағы адамдарды қылмысқа тартқан адам қылмыстың тікелей орындаушысы ретінде жауапқа тартылады. «Қылмыс жасауға тарту н термині жасөспірімді немесе психикасы бұзылған адамды қылмысқа айдап салу әрекеттерін де қамтиды.

6). Ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-әрекеті үшін кектенушіліктен, басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында қылмыс жасау – аталған жағдайда ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі жасалған қылмыс құрамның міндетті белгісі болып табылмайтын жағдайлар жөнінде сөз болып отыр. Сонымен бірге, басқа адамдардың заңға сәйкес әрекеттері үшін кек алу мақсатында жасалған, мысалы бір азамат бұзақылық жасаған адамға ескерту жасаған жағдайда осы кінәлі адамның оған кектенуінен қылмыс жасауы. Басқа қылмысты жасыру не жасауды оңайлату мақсатын да деген , яғни кінәлі бір қылмысты жасырамын деп екінші қылмысты жасайды. *Мысалы П. деген азамат А. деген азаматты өлтірген соң , қылмысты жасыру мақсатында оның үйін өртеп жібереді.*

7). Жүктілік жағдайы кінәліге алдын ала белгілі әйелге қатысты, жас балаға, қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәліге тәуелді адамға қатысты қылмыс жасау - кінәлінің өзінің қылмыстық мақсатына әйел адамның жүктілік жағдайын, жәбірленушінің қорғансыздығы мен дәрменсіздігін пайдалануы оның қоғамға қауіптілігін және қатыгездігін, онда жағымсыз моральдық қасиеттердің бар екендігін куәландырады. Жүкті әйелге қатысты қылмыс жасау тек ғана қасақаналықпен сипатталады. Мұнда қылмыстық жауаптылық туындау үшін кінәлінің әйелдің жүктілік жағдайын алдын ала білгендігін анықтау қажет.

Жасөспірімдер деп заң он төрт жасқа жетпеген адамдарды таниды. ҚК-тің Ерекше бөлімінің бірқатар баптарында жасөспірімдік жас ауырлататын жағдай ретінде қарастырылған, бұл қылмыстарда аталған ауырлататын жағдайды жаза тағайындау кезінде қайтадан ескеруге болмайтындығын айта кету қажет. Қорғансыз немесе дәрменсіз адамдарға ауыр халде болуына, қарттығына, психикалық не физикалық жағынан кемтар болуына, ұйқыда жатқандығына, есінен тануына байланысты қылмыскерге қарсы тұруға қабілетсіз адамдарды жатқызуға болады. Кінәліге тәуелді адамдар деп – материалдық, қызметтік, жұмысы жағынан немесе отбасылық және т.б. жағынан кез келген тәуелділіктегі адамдар. Бұл тәуелділіктердің жәбірленуші үшін өмірлік маңыздылығын анықтау маңызды болып табылады.

8). Белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеуіне байланысты оған немесе оның туыстарына қатысты қылмыс жасау – аталған себептер бойынша қылмыс жасау қылмыстың және кінәлінің аса қауіптілігін куәландырады. Мұнда қызметтік, кәсіби борышын өтеу деп адамның қызметтік не кәсіби міндеттеріне қатысты әрекеттерін орындауды, ал қоғамдық міндеттерді орындау деп кез келген азаматтың өзіне арнайы жүктелген, сонымен бірге қоғамның немесе жеке адамдардың мүддесі үшін жасайтын әрекеттерін (құқықбұзушылықтың алдын алу, жасалған не дайындалып жатқан қылмыс туралы құқыққорғау органдарына хабарлау) түсіну қажет. Заң бұл жағдайда жәбірленушілер ретінде тек қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық борышын өтеп жүрген адамдарды ғана емес, сонымен бірге олардың туыстарын да қарастырады. Аталған жағдайда жәбірленушілердің жақын туыстарымен бірге алыс туыстарын, достарын, таныстарын және осы адамдар үшін қымбат адамдарды да жатқызуға болады.

9). Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, жәбірленушіні қинап қылмыс жасау – кінәлінің және жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігінің аса жоғары екендігін сипаттайтын бұл жағдайлар көбіне жеке адамға қарсы жасалатын қылмыстарда кездеседі. Егер кінәлі адам жәбірленушіге аса ауыр зардаптар келтіріп, ұдайы азаптаса, сонымен бірге оны жақын туыстарының көзінше қинап жапа шектірсе немесе қорласа қылмыс аса қатыгездікпен жасалған деп танылады. Садизм - қатыгездіктің шектен шыққан көрінісі, бұл жағдайда жәбірленушінің немесе басқа адамдардың азап шегуінен қылмыскер лаззат, қанағат алады.

10). Қару, оқ дәрі, жарылғыш заттар, техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрі дәрмектерді пайдаланып, күш көрсетіп немесе психикалық мәжбүрлеу не жалпыға қауіпті әдісті қолданып қылмыс жасау - қылмыс жасау кезінде өзіне тән қасиеттеріне сай адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге қабілетті қаруларды қолданып, сонымен бірге жәбірленушіге күш қолдану немесе психикалық мәжбүрлеу, яғни қорқыту арқылы қылмыс жасау жағдайлары қарастырылған. Жалпыға қауіпті тәсілмен қылмыс жасау – адамдарға, мүлік объектілеріне едәуір мөлшерде зиян келтіруге қабілетті әдістермен қылмыс жасау (өрт қою, жарылыс жасау, жаппай улау,қырып жою және т.б.).

11). Төтенше жағдайды, табиғи немесе өзге де қоғамдық нәубет жағдайларды пайдаланып, жаппай тәртіп бұзушылық кезінде қылмыс жасау – адамдардың қаза болуына әкеліп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін, адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізуші объектілерге нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығынға ұшырататын авария, зілзала немесе апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдайды пайдаланып қылмыс жасау.

12). Алкогольдік, есірткілік немесе уытқылық еліту жағдайында қылмыс жасау. Бұл мән-жайды сот қылмыстың сипатына қарай ауырлатушы деп танымауға құқылы - қылмысты физиологиялық мас күйінде, есірткілік не уытқылық еліту жағдайында жасау кінәлінің жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігін жоғарлатады. Алайда, қылмыстық заң соттарға жасалған қылмыс тық әрекетке кінәлінің мастығының қатысы бар-жоқтығын, оны осындай күйге жеткізген жағдайларды ескере отырып бұл жағдайды ауырлатушы мән-жай ретінде танымау құқығын берген.

13). Адамның өзі қабылдаған антын немесе кәсіби антын бұза отырып қылмыс жасауы – кінәлі адамның өзінің берген антын немесе кәсіби антының талаптарын бұзып, қызметтік немесе басқа да этика мәселелеріне нұқсан келтіретін қылмыс жасауы. Көбінесе, бұл жағдайлар қылмыс жасаған әскерилерге, дәрігерлерге қатысты қолданылады.

14). Қылмыскердің қызмет жағдайына немесе шартқа байланысты өзіне көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыс жасауы – кінәлінің өзіне қызметі бойынша көрсетілген сенімге немқұрайлы қарауы немесе шартпен берілген сенімді пайдаланып қылмыс жасауы. Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл жағдай көбінесе мемлекеттік қызмет, жергілікті өзін өзі басқару органдары, экономикалық қызмет саласында орын алады.

15). Өкімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау- өкімет өкілі болып табылмайтын адамның белгілі бір қылмыстық нәтижеге жету үшін өкімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын заңсыз пайдалану арқылы жеке азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған әрекеттері.

Жоғарыда талданған жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайдың кез келгені, егер ол ҚК-тің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында ауырлататын белгі ретінде көрсетілген болса нақты қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде қайталап ауырлатушы жағдай ретінде ескерілмеуі тиіс.

Жауаптылық пен жазаны ауырлататын жағдайлардың жоғарыда аталған тізімі түпкілікті, яғни жаза

тағайындау кезінде осы тізімде көрсетілмеген қандай да бір жағдайды ауырлатушы жағдай ретінде қайталап тануға және олардың қатарын кеңейтуге болмайды деген сөз. Солай бола тұра, сот кінәліні немесе ол жасаған қылмысты жағымсыз жағынан сипаттайтын жоғарыдағы тізімге кірмейтін жағдайларды анықтаған жағдайда жаза тағайындау кезінде сот үкімінде көрсетуге құқылы.

§4. Заңда белгіленген жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау

Жаза тағайындаудың жалпы негіздері сот жаза тағайындау кезінде басшылыққа алуы тиіс бірқатар ережелерді бекітіп берді. Онда қылмыс сараланып отырған ҚК Ерекше бөлімі бабының санкциясында қарастырылған шекте және мөлшерде жазаны таңдау қажет екендігі қарастырылған. Сонымен бірге осы жалпы ережеден шығатын бір ерекше жағдай бар, бұл ерекше жағдай сотқа заңда қарастырылған жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау мүмкіндігін береді. Аталған жағдай белгілі бір санкцияда қарастырылған ең төменгі жазаның өзі жасалған қылмыстың жағдайларын ескере отырып қатаң деп танылған жағдайлар үшін қарастырылған.

ҚР ҚК-нің 55-бабында аталған мәселе былайша көрсетілген:

« әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, айыпкердің роліне, оның қылмыс жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ топтық қылмысқа қатысушы топ жасаған қылмыстарды ашуға белсене жәрдемдескен кезде жаза ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін, не сот жазаның осы бапта көзделгенінен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін ».

Аталған бапта көрсетілген әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар ретінде тәжірибеде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін жағдайлардың заңдағы тізіміне енген жағдайлармен қатар бұл тізімге енген жағдайларды да таниды.

ҚК-тің 55-бабынан шығатын қорытынды, заң жазаны жеңілдетудің мынадай үш түрін қарастырады:

- 1). ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында қарастырылған жазаның ең төменгі шегінен де төмен жаза тағайындау;
- 2). ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында қарастырылған жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау;
- 3). ҚК Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясында қарастырылған міндетті жаза ретіндегі қосымша жазаны тағайындамау;

Бірінші жағдайда, заңда қарастырылған жазаның ең төменгі шегінен де төмен жаза тағайындау деген сот тиісті баптың санкциясында көрсетілген жазаның түрі сияқты жаза тағайындайды, бірақ сот жазаның мөлшерін, шегін төменгіден де қысқартады. *Мысалы, ҚК-тің 103 бабының 1 бөлігі бойынша 3 жылдан 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Егер сот осы қылмыс үшін төменгі шектен төменірек жаза тағайындағысы келсе, 2 немесе 1 жыл бас бостандығынан айыруды қолдануы мүмкін, бірақ бұл жағдайда бас бостандығынан айыру 6 айдан төмен болмауы тиіс. Өйткені, соттың аталған жаза үшін белгіленген ең төменгі шектен төмен жеңілдетуге құқығы жоқ.*

Екінші жағдай бойынша, заңда қарастырылған жазадан гөрі жеңілірек жаза тағайындау кезінде сот ҚК 39-бабындағы жеңілірек жазадан ауыр, қатаң түріне қарай тізілген жазалар жүйесіне сүйенеді. Бұл жағдайда сот қылмыс сараланып отырған бап санкциясында қарастырылған жазадан гөрі жазаның жеңілірек түрін таңдауы мүмкін. Мысалы, жоғарыдағы бас бостандығынан айыру жазасының орнына одан жоғары орналасқан ҚК 39-бабындағы жазаның бірін тағайындауы мүмкін. Бұл тұста айта кету қажет, Қылмыстық кодексте көптеген қылмыс тардың санкцияларында балама жаза түрлері қарастырылған. *Мысалы, 98 баптың 1 бөлігінің санкциясында 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе 6 айға қамауға немесе 3 жылға бас бостандығынан айыруға жазаланады деп көрсетілген.* Мұндай кезде баптың санкциясындағы балама жаза түрлерінің бірін жеңілдеу жаза ретінде тағайындауға болмайды.

Үшінші жағдай бойынша міндетті жаза ретінде баптың санкциясында қарастырылған қосымша жазаны сот істің ерекше мән-жайлары бар деп таныған жағдайда және тағайындалған жазаны жеңілдету үшін қолданбауы мүмкін. *Мысалы, ҚК-тің 179 бабының 2 бөлігінде 5 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге мүлкін тәркілей отырып бас бостандығын айыруға жазаланады делінген.* Мұнда заң қосымша жазаны қолдануды міндеттеп отырғанымен, соттың жазаны жеңілдету отырып қосымша жаза ретіндегі мүлкін тәркілеуді қолданбауға құқысы бар.

Жоғарыда талданған төменгіден де төменгі шекте жаза тағайындау, заңда көзделгеннен гөрі жеңілірек жаза тағайындау, міндетті қосымша жазаны қолданбай жаза тағайындау кезінде заң соттарға осы жағдайларды қолдануға негіз болған ерекше жағдайларды үкімде көрсету міндетін жүктейді. Мұндай жазаны тағайындаудың құқықтық негізі болып іс бойынша ерекше жағдайлардың болуы, сонымен бірге топтық қылмысқа қатысушының қылмысты ашуға белсенді жәрдемдесуі танылады. Бұл жазаны жеңілдетудің ережелері ҚК 10-бабында қарастырылған қылмыстардың барлық санаттарына, ауырлығы онша емес қылмыстан бастап аса ауыр қылмыстарға дейін қолданады.

§5. Аяқталмаған және қатысушылықпен жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау

Қылмыстық кодекс тек аяқталған қылмыстар үшін ғана емес, сонымен бірге қылмысты жасауға бағытталған әрекеттер үшін де жауаптылықты қарастырады.

Аяқталмаған қылмыс екі сатыдан: қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталудан тұрады және олар жасалған қылмыстың ауырлығы бойынша ажыратылады. Қоғамға қауіпті зардаптардың болмауына байланысты бұл әрекеттер аяқталған қылмысқа қарағанда аса қауіпті емес. Сондықтан заңшығарушы аяқталмаған қылмыстар үшін жаза тағайындау мәселесінде бірқатар ерекшеліктерді де қарастырады.

Ең алдымен, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде ҚК-тің 56 баптың 1 бөлігіне сәйкес қылмыстың ақырына дейін жеткізілмеуіне себеп болған жағдайлар ескеріледі. Қылмысқа дайындалу қауіптілігі төмен әрекет ретінде саналады, сондықтан заңда қылмысқа оқталу немесе аяқталған қылмыс үшін белгіленген жазаға қарағанда қылмысқа дайындалу үшін жеңілірек жаза қарастырылған. Қылмысқа дайындалу үшін жазаның мөлшері мен мерзімі ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабындағы аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мерзімінің жартысынан аспауы керек.

Қылмысқа оқталу қылмысқа дайындалуға қарағанда қауіптірек болғандықтан ол үшін тағайындалатын жазаның мөлшері мен мерзімі көбірек қарастырылған. ҚК-тің 56-бабының 3-бөлігіне сәйкес қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері ҚК-тің Ерекше бөлімінің тиісті бабындағы аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үштен аспауы керек. Мұнда қылмысқа дайындалуға қарағанда қылмысқа оқталу үшін қылмыстық жауаптылық жасалған қылмыстардың қандай санатқа жататындығына қарамастан туындайды.

ҚК-тің 56-бабының 4-бөлігі қылмысқа дайындалғаны және қылмысқа оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазаларын қолдануға тиым салады.

Қатысушылық - қылмыстық әрекеттің ерекше түрі.

Қатысушылықпен жасалған қылмыстар үшін жаза тағайындау кезінде соттар жаза тағайындаудың жалпы негіздерімен бірге қылмысты жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыс мақсатына жетудегі мәні, қылмыс нәтижесінде келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне оның ықпалын ескеруі тиіс. Қатысушылық бойынша жаза тағайындағанда жаза қатаң түрде жеке дараланған болуы қажет. Бұл жағдайда қылмысқа қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар тек сол қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескерілетіндігі есте болуы қажет. Заң қатысушыларға жаза тағайындаудың арнайы белгісі ретінде адамның іс жүзінде қылмысқа қатысушының сипаты мен дәрежесін атап кеткен. Бұл белгілер қатысушылықтың барлық түрлеріне және нысандарына қатысты қолданылады. Қатысушылықтың сипаты деп қатысушының (ұйымдастырушының, айдап салушының, көмектесушінің, орындаушының) орындаған ролі мен қызметін түсіну қажет. Ал қатысушылық дәрежесі деген қатысушы адамның өз ролін орындаудағы белсенділік, қызбалық шарасы. Бұл екі қатысушылықтың сипаты мен дәрежесі деген терминдер әрбір нақты жағдайда ескеріліп отыратын бірін бірі толықтырушы ұғымдар болып табылады.

Сонымен бірге, қатысушылықпен жасалған қылмыстардағы «қатысудың шегінен шығушылық кезінде де жаза тағайындауда ерекшелік бар. Бұл ерекшелік қылмыстың орындаушысының қылмысқа қатысушылардың алдын ала сөз байласқан, ойлас тырған әрекеттерінен басқа жоспарланбаған әрекетті өз бетімен жасап қоюымен байланысты. Мұндай шектен шыққан әрекет үшін ҚК тиісті бабы бойынша сол әрекетті жасаған адам ғана жауапты болады және оған қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындалады. Ал қылмыстың қалған қатысушылары тек бірлесіп ойластырылған әрекет үшін ғана жауапты болады.

§6. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау

Сот тәжірибесінде адамның Қылмыстық кодекстің түрлі нормаларында қарастырылған бірнеше қылмыстарды жасауы кеңінен таратылған. Сондай-ақ бірінші жасаған қылмысы үшін үкім шыққаннан кейін оның бұл қылмысқа дейін де басқа қылмыс жасағандығы анықталып жататын жағдайлар да аз кездеспейді. Мұндай жағдайлар қылмыстық құқықта қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Адамның бірнеше қылмыстарды жасауы бұл адамның жеке басының қоғамға қауіпті екендігін куәландырады және оған қатаң ауыр жаза тағайындау қажеттілігін тудырады. Қылмыстық заңда мұндай қылмыстардың жиынтығы жағдайында қылмыс жасаған адамдар үшін жаза тағайындаудың ерекше тәртібі қарастырылған. ҚК-тің 12 бабына сәйкес «Егер адам Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген екі немесе одан да көп қылмыстарды жасайтын болса және сол қылмыстардың бірде біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған жағдайда оның әрекеттері қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Қылмыстардың жиынтығында адам әрбір жасалған қылмыс үшін Қылмыстық кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚК-тің бір бабының түрлі бөліктерінде қарастырылған бірнеше ауырлататын белгілері бар қылмысты жасау жиынтықты құрамайды. *Мысалы, бір мезгілде кінәлі ірі мөлшерде тонау қылмысын адам өміріне қауіпті емес күш қолданып жасаған жағдайда кінәлінің әрекеті 178-бабының 2 және 3-бөліктеріне сәйкес келеді, бірақ мұнда кінәлінің әрекеті бір қылмыс ретінде жазасы қатаңдау бөлігімен сараланып ҚК-тің 178-бабының 3 бөлігімен жауаптылық туындайды.* Егер бір адам әртүрлі уақыттарда осы әрекеттерді жасайтын болса, онда қылмыстың жиынтығын құрайды. Әрбір жасалған жеке қылмысты жеке-жеке саралап, жазаны әрбіреуіне тиісті баптың санкциясымен жаза тағайындап алып түпкілікті жаза қылмыстардың жиынтығы бойынша тағайындалады. Көрсетілген мысалға қатысты, егер адам бір күні 178 баптың 2-бөлігіндегі әрекетті, ал бірнеше күннен кейін 178-баптың 3-бөлігіндегі қылмысты жасаса қылмыстардың реалды жиынтығын құрайды.

Сонымен, ҚК-тің 58-бабындағы жаза тағайындау ережесі ҚК-тің Ерекше бөлімінің түрлі баптары бойынша сараланған қылмыстар кезінде, бір баптың жеке бөліктерімен тармақтары мен сараланған қылмыстар кезінде, егер бұл бөліктер мен тармақтар қылмыстың жеке құрамдарын құраған жағдайда ғана қолданылады. Егер адамның әрекетінің біреуі аяқталған қылмыс, ал қалғандары қылмысқа дайындалу, оқталу немесе қылмысқа қатысу ретінде сараланған жағдайда да осы ереже қолданылады.

ҚК-тің 58-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей, қылмыстың жиынтығы кезінде әрбір жеке қылмысқа жаза тағайындалады. Мұндай тәртіптің болуы адам сотталғаннан кейін оған нақты қылмыс түрі бойынша рақымшылық немесе кешірім жасауды қолдану мүмкіндігін береді.

Қылмыстардың жиынтығы бойынша түпкілікті жаза тағайындау мынадай арнайы принциптерге негізделеді:

- а). жазаларды толық немесе ішінара қосу принципі;
- б). жазаларды сіңіру принципі.

Бұл принциптерді қолдану критерийі болып қылмыстың санаты табылады және принциптерді қолдану негізін соттар үкімде дәлелдеуі керек.

Егер жиынтыққа тек ауырлығы онша емес қылмыстар кіретін болса, түпкілікті жаза жеңіл жазаны ауыр жазаға сіңіру немесе оларды толық не ішінара қосу арқылы тағайындалады. Бұл жағдайда түпкілікті жаза мерзімі мен мөлшері осы қылмыстардың ең ауыр жазасының мерзімінен аспауы керек.

Заңда қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде қандай принципті басшылыққа алу қажеттігі жөнінде ешбір ереже жоқ. Бұл мәселені соттар әрбір нақты істі қарау барысында өздері шешеді. Алайда, сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сіңіру принципін соттар көбінесе жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесінде едәуір айырмашылық болған кезде қолданылады. Ал орташа ауырлықтағы, ауыр және аса ауыр қылмыстардың жиынтығында жаза тағайындау мәселесі өзгеше тәртіппен шешіледі.

Егер жасалған қылмыстардың ішінде ең болмағанда бірі орташа ауырлықтағы, ауыр және аса ауыр қылмыс болса, онда түпкілікті жаза жазаларды толық не ішінара қосу арқылы анықталады. Бұл кезде бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жаза 25-жылдан аспауы тиіс.

Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындаған кезде сот негізгі жазаға сол қылмыстар үшін қарастырылған қосымша жазаларды да қосуы мүмкін. Мұнда негізгі жаза сияқты, қосымша жазалар да жеке-жеке тағайындалып содан соң түпкілікті жаза тағайындалады. Егер бір қосымша жазаның түрі екі немесе одан да көп қылмыстар бойынша тағайындалатын болса, онда түпкілікті жаза мерзімі мен мөлшері оларды толық не ішінара қосу кезінде осы жаза үшін белгіленген ең жоғарғы шектен аспауы керек. Ал егерде жиынтыққа кіретін қылмыстар үшін әртүрлі қосымша жазалар қарастырылса, мысалы, біріншісінде - мүлкті тәркілеу, екіншісінде – белгілі бір қызмет пен айналысу құқығынан айыру қарастырылса, онда олардың әрқайсысы негізгі жазаға біріктіріліп жеке орындалады.

§7. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау

Егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бір жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыс жасаса, сот соңғы үкім бойынша сот тағайындаған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады. Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза, егер бас бостандығынан айырумен байланысты болмаса, Қылмыстық кодекстің Жалпы бөліміндегі осы жаза түрі үшін көзделген жазалардың ең жоғарғы мерзімінен немесе мөлшерінен аспауы керек.

Үкімдердің жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жаза 25 жылдан аспауы тиіс. Ал үкімдердің жиынтығына 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы не өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс қамтылған болса, түпкілікті жазалау ішінара немесе толық қосу жолымен тағайындалады. Бұл орайда бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жаза 30 жылдан аспауы қажет.

Сонымен бірге, үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза қайта жасалған қылмыс үшін тағайындалған жазадан да, соттың оның алдындағы үкімі бойынша тағайындалған жазаның өтелмеген

бөлігінен де артық болуы тиіс. Бұл жағдайда жазалардың қосымша түрлерін қосу қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау ережелеріне сәйкес келеді.

Бірнеше үкім бойынша жазаны өтеу мерзімі соңғы қылмысы үшін үкім шығарылған уақыттан бастап есептеледі. Үкімдерді жиынтықтап қосқанда жазаның жалпы мерзімі егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаса жазаның сол түріне белгіленген ең жоғары мерзімінен аспауы тиіс.

ҚК-тің 61-бабына сәйкес қылмыстардың және үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу кезінде бас бостандығынан айырудың бір күніне:

- а) қамаудың немесе тәртіптік әскери бөлімде ұстаудың бір күні;
- б) бас бостандығын шектеудің екі күні;
- в) түзеу жұмыстарының немесе әскери қызмет бойынша шектеудің үші күні;
- г) қоғамдық жұмыстарға тартудың 8 сағаты сәйкес келеді.

§8. Қылмыстардың қайталануы жағдайында жаза тағайындау

ҚР Қылмыстық заңы қылмыстардың қайталануының үш түрін қарастырады: қайталану, қауіпті қайталану және аса қауіпті қайталану.

Қылмыстың қайталануының ең бір шешуші белгісі болып адамның соттылығының болуы табылады. Соттылық рецидивист тұлғасының және оның қылмыстық әрекетінің аса қауіпті екендігін куәландыратын фактор. Қылмыстың қайталануының қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғары болуы кінәлінің қайта қылмыс жасауымен ғана емес, сонымен бірге тұлғаға қолданылған қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына қарамастан сотталғаннан кейін де тұлғаның жаңа қылмыс жасауымен де анықталады. Рецидивисттің қылмыстық әрекеті соттылығы бола тұра жүйелі түрде қылмыстар жасаудан көрінетін оның **тұрақтылығымен** сипатталады.

ҚК-тің 59-бабында қылмыстың қайталануы жағдайында қылмыс жасағандық үшін жазаның негізі мен шегі ашып қарастырылған. Мұнда заңшығарушы соттар осындай жаза тағайындау кезінде ескеруі тиіс жағдайлардың тізімін келтіреді:

- 1). Кінәлінің бұрын жасаған қылмысының саны;
- 2). Бұрын жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі;
- 3). Оның алдындағы жазасының түзетушілік ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар;
- 4). Жаңадан жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесі.

Заңның осы талаптары жасалған қылмыс туралы және рецидивист кінәлінің тұлғасы туралы барлық мәліметтерді ескере отырып жазаны жеке даралауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ҚК-те әрбір қайталану түрі кезінде жаза тағайындай отырып соттар сақтауға міндетті шектерді енгізген. Бұл кезде қайталану қауіпті болған сайын оған тағайындалатын төменгі жазаның өзі жоғары болып табылады:

- а). қылмыстың қайталануы жағдайында жасалған қылмыстар үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің үштен бірінен төмен болмауы;
- б). қылмыстың қауіпті қайталануы жағдайында жасалған қылмыстар үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің жартысынан төмен болмауы;
- в). аса қауіпті қайталану жағдайында жасалған қылмыстар үшін жазаның мерзімі мен мөлшері жасалған қылмыс үшін көзделген ең қатаң жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің үштен екісінен төмен болмауы керек.

Осы жоғарыда аталған ережелерді қолдануға болмайтын екі ерекше жағдайлар заңда көрініс тапқан:

1). Егер адамның соттылығы жасалған қылмыстың ауырлататын белгісі болса: мысалы, ҚК-тің 117 бабының 3-бөлігі, 270-баптың 2-бөлігі және т.б жағдайларда қайталану фактісін қайталап ескеруді қажет етпейді. Мұнда заңшығарушы қайталану фактісі қылмыс сараланып отырған бап санкциясында ескеріліп кеткендігіне жүгінеді. Бұл жағдайда жаза қайталануды, қауіпті қайталануды және аса қауіпті қайталануды анықтау кезінде, егер сот қажет деп тапқан жағдайларда санкциядағы жазаның төменгі мерзімі мен мөлшерінде тағайындай алады;

2). Егер сот жасалған қылмыста жазаның шегін төмендетуге, жеңілірек жаза тағайындауға негіз болатын ҚК-тің 55-бабындағы ерекше жағдайлар бар деп тапса, ҚК-тің Ерекше бөлімінің бап санкциясының төменгі шегінен де төмен жаза тайындауы мүмкін. Аталған ереже қайталанудың кез келген түріне қатысты қолданылады.

Әдебиеттер:

Алауханов Е.О., Рахметов С.М. Жаза. Алматы, 2000 ж.

Бажанов М.П. Назначение наказания по уголовному праву. Киев, 1980 Барон Э.Д., В.Розенберг. Необходимость целесообразного и экономного назначения меры наказания. Караганда, 1998 г.

Гаверов Г.С. Общие начала назначения наказания. Иркутск, 1976
Горелик А.С. Наказание по совокупности преступлений и приговоров. Красноярск, 1991
Дулатбеков Н.О. Жаза тағайындау. Астана, 2003
Кругликов Л.Л. Смягчающие и отягчающие ответственность обстоятельства в уголовном праве. Воронеж, 1985
Карпец И.И. Индивидуализация наказания в советском уголовном праве. М., 1961
Мясников О.А. Смягчающие и отягчающие наказание обстоятельства в теории, законодательстве и судебной практике. М., 2002
Скрябин М.А. Общие начала назначения наказания и их применение к несовершеннолетним. Казань, 1988
Поленов Г.Ф. Назначение наказания. Алматы, 1998

Нормативті актілер:

ҚР Жоғары Соты Пленумының 30.04.1999 жылғы « Қылмыс тық жазаларды тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы ң қаулысы
ҚР Жоғары Соты Пленумының 19.11.2001 жылғы « Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы ң нормативтік қаулысы
ҚР Жоғары Соты Пленумының 15.08.2002 ж « Сот үкімі туралы ң нормативтік қаулысы
ҚР Жоғары Соты Пленумының 11.04.2002 ж « Кәмелетке толмағандардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы ң нормативтік қаулысы

18-тарау. Жазадан босату

§1. Жазадан босатудың түсінігі мен негіздері

Қылмыстық жазадан босату – соттың үкімі бойынша сотталған адамды тағайындалған жазадан толық немесе ішінара босату. Босатудың мәні қоғамға аса қауіпті емес қылмыс жасаған адамға немесе қылмыстық қудалауды үнемдеуге негіз беретін өзге де жағдайларға сәйкес қылмыс жасаған адамға әсер етуден тұрады.

Жазадан босату институтын тағайындаудың басты мақсаты сотталған адамның түзелуін ынталандыру, тез арада оны қайта тәрбиелеу, сонымен бірге жазаны қолданбай-ақ қылмыстық құқықтың мақсаттарына қол жеткізуге болатын жолдарды қолдану табылады. Мұның барлығы қылмыстық заңның гуманизациясын білдіреді.

Негізінен қылмыстық жазадан босату қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамға соттың үкімі шығарылғанға дейін, яғни жазаның орындалуы басталғанға дейін, сонымен бірге сотталған адам жазаның бір бөлігін өтегеннен кейін, егер сот жазаның мақсаттағы орындалды және сотталушыны түзеу үшін тағайындалған жазаның орындалуы қажет емес деп тапқан жағдайларда тағайындалады.

Қылмыстық құқық саласындағы қылмыстық жазадан босату институты қылмыстық-атқару құқығымен ұштасып отырады.

Бірақ та, бұл салада жазадан босату институты толық қамтылмайды. Жазадан босату жазаны өтегеннен кейін не жазадан босату туралы ұсыныстан кейін орындалады. Жазадан босатудың материалдық негізі сотталған адамға оның денсаулығына қатысты, немесе басқа мән-жайлардың болуымен байланысты немесе кінәлінің түзелуі үшін жазаны толық өтеуінің қажет еместігі болып табылады. Белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдану (ҚР ҚК-тің 55 б.-1 т.) және шартты түрде соттау (ҚР ҚК-тің 63 б.) міндетті белгілер ретінде саналады, яғни қылмыстық жазадан босату институтымен әсіресе осындай жаза тағайындау кезінде тығыз байланыста болады.

Белгілі бір деңгейде жазадан босату қылмыстық жауаптылықтан босатуды еске түсіреді. Бірақ жауаптылық ұғымы жаза ұғымынан неғұрлым кең.

Қылмыстық жауаптылықтан босату – қылмыстық заңдарға және қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес қылмыс жасаған адамға мемлекет органының қылмыстық-құқықтық шараларды қолданудан бас тартуы болып табылады. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтында сонымен қатар әділеттілік, ізгілік, жеке кінәлі жауаптылық, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаттары міндетті түрде бірге жүзеге асырылып отырады. Кейбір жағдайларда кінәлі болып қалған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ немесе оған жаза тағайындап, бірақ оны жазаны нақты өтеуден босату арқылы, сондай-ақ жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату, өтелмеген жазаның бөлігін жеңілрек жазамен ауыстыру арқылы көзделген міндеттерді орындап тиісті мақсатқа жетуге болады. Құқық қолдану органдары қызметкерлері осы мәселелерді шешу барысында қылмыстың жасалуының қоғамға қауіптілігін ескереді, кінәлінің жеке басына оның қылмыс жасағанға дейінгі және қылмыс жасағаннан кейінгі әрекеттеріне мән беруі керек (шын өкінуі, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға жәрдемдесуі, т.с.с.)

Қылмыстық жауаптылықтан босату адамның жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілігі аз, онша қауіпті болмауы және адамға қылмыстық жазаны қолданбай-ақ түзелуі мүмкін болған жағдайларда қолданылады. Осыған байланысты қылмыстық құқық қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату немесе жазаны жеңілрек жазамен айырбастау институтын орнықтырған.

Қылмыстық жазадан босату белгілі бір деңгейде қылмыстық жауаптылықтан босатуды еске түсіреді.

Дегенмен, босатудың бұл түрлерінің арасында қағидалық тұрғыдағы айырмашылықтары да бар:

- қылмыстық жауаптылықтан әдетте ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам босатылады. Ал жазадан босату адам ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда да мүмкін;

– қылмыстық жауаптылықтан босатуды соттың айыптау үкімі шығарылғанға дейін сот қана емес, сондай-ақ тергеуші де, прокурор да, алдын-ала анықтау органы да жүзеге асырады. Ал жазадан босату айыптау үкімі шығарылғаннан кейін және осыған орай тек сотпен ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жазадан босатудың мынадай түрлерін қарастырады:

- 1). Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату (ҚК-тің 70-бабы);
- 2). Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (ҚК-тің 72-бабы);
- 3). Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (ҚК-тің 73-бабы);
- 4). Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру (ҚК-тің 74-бабы);
- 5). Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (ҚК-тің 75-бабы);
- 6). Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату (ҚК-тің 76-бабы);
- 7). Кәмелетке толмағандарды жазадан босату (ҚК-тің 81-бабы);

§2. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату өзінің мазмұнына қарай, жазаны өтеу сатысындағы жазадан босатудың түрі болып табылады. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату деп сотталған адамды үлгілі мінез-құлқы және еңбекке, оқуға, адал көзқарасы негізінде үкім бойынша тағайындалған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босата отырып, оған сынақ мерзімі ішінде жаңадан қылмыс жасамау шартын қоюын айтамыз. Жазаның өтелмеген бөлігі, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылушыға сынақ мерзімі ретінде саналады, ол заң шығарушының жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институтын сотталғандарға қолдануы олардың тез түзелуіне мүмкіндік беру дің тиімді жолы болып табылады. Сот жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдана отырып сотталған адамды жазаны өтеуден толық немесе ішінара босатуы мүмкін.

Түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату қолданылады. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды сот, сотталған адамға мемлекеттік органның белгіленген орны бойынша сот, ал әскери қызметшілер жөнінде – әскери бөлімдер мен мекемелердің басшылығы жүзеге асырады.

Сот шартты түрде мерзімінен бұрын жазадан босатуды қолдана отырып сотталған адамға жазаның өтелмей қалған бөлігінің мерзімі өтуі ішінде белгілі бір міндеттерді орындауды: мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырушы арнаулы мемлекеттік органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін, оқитын жерін ауыстырмауды, белгілі бір орындарға бармауды, маскүнем діктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, соз ауруларынан немесе ВИЧ/ЖҚТБ-дан емделу курсынан өтуді, отбасына материалдық көмек көрсетуді жүктеуі мүмкін.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдану міндетті түрде екі негіз – материалды және формальді негіздердің болуымен байланысты.

Материалды негіз – мерзімінен бұрын шартты түрде босатылушының сотпен тағайындалған жазаны өтегенге дейін өзінің түзелгендігін дәлелдеуі. Оның түзелгендігі ең алдымен үлгілі мінез-құлқымен дәлелденуі керек.

Үлгілі мінез-құлқы деп – барлық құқықтық нормаларды, өтеу ережелерін, жүктелген міндеттерді сапалы орындауы, техника қауіпсіздігін сақтауы, қолданылатын материалдар мен құрал-жабдықтарға ұқыпты қарауын айтуға болады. Сот, сотталған адамның түзелгендігі туралы және жазаны шартты түрде өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсынысты, қарау кезеңінен кейін емес, яғни жазаны өтеу мерзімі өтуінің кезеңіндегі жан-жақты барлық қосымша қадағалаудың негіздері бар болуы бойынша қорытынды жасайды. Соттың жазаны өтеуші адам түзелген деген тұжырымға келуі адамның жазаны толық түрде өтеуінің қажеті жоқ екендігін көрсетеді. Заңмен талап етілген жазаны өтеудің ең төменгі мерзімі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатудың формальді негізі болып табылады. Жазадан шартты түрде – мерзімінен дұрыс босату сотталған адамға кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін; ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын; аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату осы баптың жетінші бөлігінде, көзделген негіздер бойынша жойылған болса, тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін. Сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде 25 жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын шартты түрде босатылуы мүмкін.

Жазадан босатудың формальді және материалды негіздері бір-бірімен тығыз байланыста болады, бірақ материалды негіз ең басты болып табылады. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды алып тастау деп – жазаны өтеуден шартты түрде босатудың нәтижесінде қалып қойған жазаның қалған өтелмеген бөлігін өтеу үшін, жазасын өтеп жүрген орынға қайта оралуын айтамыз. Мерзімінен бұрын – шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде, өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, сот осы баптың алтыншы бөлігінде аталған органдардың ұсынуы бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмей қалған бөлігін орындау туралы қаулы ете алады. Осы белгіленген тармақ бойынша, сотқа мерзімінен бұрын-шартты түрде соттаудың күшін жоюды міндеттемейді. Қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын – шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді. Күшін жойған жағдайда, сот оған ҚР ҚК-тің 60-бабында көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын – шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады. Егер жазадан мерзімінен бұрын – шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде қасақана қылмыс жасалса, мерзімінен бұрын – шартты түрде босату міндетті түрде күшін жояды. Өлім

жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамға мерзімінен бұрын – шартты түрде босату қолданылмайды.

§3. Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

Жаңа Қылмыстық кодексе жас балалардың мүдделерін қорғау мақсатында жаңа шараларды қолдану мүмкіндіктерін шешті. Яғни, жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдерді қоспағанда, сотталған жүкті әйелдерді және он төрт жасқа толмаған баласы бар әйелдерді сот тиісінше бір жылға дейінгі не баласы он төрт жасқа толғанға дейінгі мерзімге жазасын өтеуден босатуы мүмкін. Белгіленген норма, ананың өз баласына деген дұрыс, жағымды әсерінің болуы орын алғанда ғана пайдаланылады. Егер сотталған әйел баладан бас тартса немесе баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса немесе сотталып, жазасын өтеу кейінге қалдырылған әйелді бақылауды жүзеге асыратын орган 2 рет жазбаша түрде ескерту жасағаннан кейін қоғамдық тәртіпті бұзса, сот сол органның ұсынысы бойынша жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруды тоқтатып, сотталушы әйелді сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазасын өтеуге жібере алады. Жүкті әйелдердің жазасын өтеуін кейінге қалдыруды тағайындау кезінде жүктіліктің пайда болу уақытының маңызы елеулі болмайды. Белгіленген жазаны кейінге қалдыру түрі, сотпен тағайындалатын жазаның қайсысы болмасын тағайындай алады. Ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін 5 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданылатын қылмыстар үшін жазаны өтеуді кейінге қалдырмайды. Бала он төрт жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай, оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы немесе сотталған әйелді жаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Сонымен, жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін немесе мән-жайлардың пайда болуы сияқты үстірт жағдайлардың болуымен байланысты сотталғанның жеке басын бақылауды жүзеге асыратын органның шешімімен сот былайша бекітуі мүмкін:

- жазадан босатуды немесе оның орындалуынан босатуды;
- жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруды;
- сотталған адамның жазасының қалған бөлігін тиісті мекемеге өтуге жіберу.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру сотталған адамды жазаны өтеуден бірден босатпайды. Егер сотталған әйел жазаны өтеуден босату кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, сот оған қылмыстық кодекстің 60-бабында көзделген ережелерге сәйкес үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындайды.

§4. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату қылмыстық кодексте жазадан босатудың жаңа негізі болып табылады, яғни заң ауруға шалдығуына байланысты жазадан босатудың үш түрін қарастырады. Қылмыс жасаған адамның қандай да болмасын ауруы емес, тек белгілі бір анықталған ауруының түрлері бойынша қолдана алады. Оған психиканың бұзылуы, жазаны өтеуге кедергі келтіретін ауыр түрдегі аурулар, әскери қызметке жарамсыз деп санауға жататын ауруларды айтуға болады. Бірінші реттерде қылмыс жасаудан кейін психиканың бұзылуы туралы сөз болады. Мұндай бұзылу, асқынбалы және өмір бойы сақталып қалу белгілерін қамтуы қажет. Психикалық бұзылу кезінде ауру, түзеу мекемелерінің психикалық ауруханаларына жатқызылады. Ауруы, соттың айыптау үкімінің шығуына дейін немесе сотпен тағайындалған жазаны өтеу кезінде болуы мүмкін. Мұндай адамдарды жазадан босатудың негізі болып, психикалық ауруына байланысты күштеу шараларын немесе мемлекет атынан қолданылатын түзеу-тәрбиелеуді қабылдай алмауы және оның мәні болмауы табылады. Сондықтан мұндай адамдарды сот, қылмыстың ауырлығына немесе жазаның түріне, өтелмеген жазаның мерзіміне қарамастан қылмыстық жазадан босатады. Осы жағдайларға сәйкес, адам жазадан, ал жазасын өтеп жүргендер жазаны өтеуден шартсыз түрде сотпен босатылады.

Қарастырылып отырған қылмыстық жазадан босату соттың құқығы емес, керісінше шешімге байланысыз жазадан босату оның міндеті болып табылады. Психикасының бұзылуына байланысты жазадан босатылған адамға сот, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданады. Жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатуы мүмкін немесе бұл жаза неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылуы мүмкін. Бұл орайда жасалған қылмыстың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы, науқасының сипаты және басқа мән-жайлар ескеріледі. Жазаны өтеуге кедергі келтірмейтін, бірақ ауыр ауруға шалдыққан сотталған адам бас бостандығын өтеу орындарындағы емдеу мекемелеріне орналастырылады. Басқа да ауыр аурулармен ауыратын адамдарды мерзімінен бұрын жазадан босатуды, тек жазасын өтеу кезінде ғана қолданылады. Сот үкімі шыққаннан кейін жазаны өтеуге кедергі жасайтын басқа науқасқа шалдық қан адам соттың шешімі бойынша жазадан босатылып немесе бұл жазаға неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылуы мүмкін.

Жазаны өтеуге кедергі келтіретін ауыр науқастар сот дәрігерлік сарапшы арқылы анықталады. Өзіне-өзі жарақат салған немесе қасақана өз денсаулығына зиян келтірген адамдарға бұл ереже қолданылмайды. Қамауға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған әскери қызметшілер өздерін әскери қызметке жарамсыз ететін науқастануы жағдайында жазадан немесе жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Оларға жазаның өтелмеген бөлігі де неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылуы мүмкін. Қылмыс жасағаннан кейін психикалық ауруларға немесе жазаны өтеу кезінде басқа да ауыр науқасқа ұшыраған әскери қызметшілерге ҚР ҚК-тің 73-бабында көзделген ережелер қолданылады. Бірақ әскери қызметшілер мұндай науқастардың болмауына байланысты мынадай негіздер бойынша жазадан босатылуы мүмкін:

- егер әскери қызметшілер жазаны қамауда немесе әскери тәртіптік бөлімде өтеп жүрсе;
- егер ол басқа да ауруларға шалдығып, ол науқасы адамды әскери қызметке жарамсыз деп таптыруға негіз болса.

Мұндай аурулар тізімі Қазақстан Республикасы білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау Министрлігі бекіткен 2001 жылғы 11 желтоқсандағы нөмірі 152-01 бұйрықпен анықталады.

Науқастанған әскери қызметшілер, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар шартсыз түрде, олардың соттылығынан кейін жазадан босатылады немесе қамауға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған адамдардың жазасы неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылады. Сот сотталған адамды тек психикалық ауруына байланысты негізгі және қосымша жазаны өтеуден босата алады. Басқа ауыр ауырулармен науқастануы және де әскери қызметшінің ауыруға ұшырап соның нәтижесінде әскери қызметке жарамсыз деп таптырса сот оларды қосымша жаза түрінен ауруына байланысты босатуға құқылы емес.

ҚР Жоғары Соты Пленумының 11 сәуір 2002 жылғы Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы нормативтік қаулысының 17-пунктіне сәйкес ҚК-тің 73- бабының 3-бөлігі және 94-бабына сәйкес психикасының бұзылуынан және өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамдар емделіп, сауыққан жағдайда, жазаны өтеуге келтіретін мән-жайлар жойылғаннан кейін, егер ҚК-тің 75,85-баптарында көзделген айыптау үкімін орындаудың ескіру мерзімі өтпесе, оларға қатысты жазаның орындалуы қалпына келтірілуі мүмкін. Жазаның орындалуын қайта қалпына келтіру жазаны орындайтын органдардың ұсынысы бойынша сот қаулысы негізінде жүргізіледі.

§5. Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру

Ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамды, егер жазаны өтеу өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін оның жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса сот жазадан босатуы мүмкін. Ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыру сотталған адамның жазасын өтеуін сот ҚК-тің 74-бабының 1-бөлігінде аталған негіздер болған жағдайда үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыра алады. Сонымен ҚК 74-бабы екі түрлі қылмыстық құқықтың институтын біріктіріп отыр:

- жазадан босату;
- жазаны өтеуді кейінге қалдыру.

Осы аталған екі жағдайды Қылмыстық кодексте қолданудың негізі болып, кінәліні соттауда төтенше мән-жайлардың пайда болуы, яғни өрт, кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы табылады. Бұл аталған мән-жайлар осы бапты қолдануда тағы басқа ұқсас мән-жайлардың болуымен де іске асырылады. ҚК-тің 74-бабын қолдануда, төтенше мән-жайлардан басқа мынадай негіздер болуы қажет:

- адам ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталуы қажет;
- сотталған адам немесе оның отбасы үшін оның жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болуы. Аса ауыр зардаптар деп қайтыс болуы, жылдың суық уақытында отбасының тұрақсыз қалуы.

Төтенше мән-жайлардың салдарынан ауыр немесе аса ауыр қылмыс істегендер үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның жазасын өтеуін сот үш айға дейін кейінге қалдыра алады.

§6. Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату

Айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босатудың негіздері ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатумен ұқсас болып келеді. Қылмысы үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күннен бастап есептегенде, мынадай мерзімдерде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады:

- а) ауырлығы онша емес қылмысы үшін сотталғанда – 3 жыл;

- б) орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталғанда – 6 жыл;
- в) ауыр қылмысы үшін сотталғанда – 10 жыл;
- г) аса ауыр қылмысы үшін сотталғанда – 15 жыл.

Сонымен, айыптау үкімінің ескіру мерзімі деп айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап заңда белгіленген мерзімдердің ішінде орындалмағандығын айтуға болады. Айыптау үкімінің ескіру мерзімі, айыптау үкімінің заңды күшіне енген күннен бастап есептелінеді. Егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адам ұсталған немесе айыбын мойындап келген кезден басталады. Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы кезіне қарай өткен ескіру мерзімі есептелуге тиіс. Бұл орайда, айыптау үкімі, егер оның шығарылған уақытынан бастап жиырма бес жыл өтсе және ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасау арқылы үзілмеген болса, орындалмауы керек.

Егер адам мерзім өткенге дейін жаңа қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімі үзіледі. Мұндай жағдайда ескіру мерзімінің өтуі жаңадан қылмыс жасаған күннен бастап қайта есептеледі. Жазаны орындаудың ескіру мерзімі екі үкімге де бірдей жүріп отырады, яғни сот жаңа қылмысқа үкім шығарғаннан кейін, алдыңғы үкімді ескерген жәйттердің болуымен ғана мұндай екі жақты ескіру мерзімі өтуі болады. Егер жаза үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалса, ауыр қылмыстар үшін белгіленген айыптау, үкімінің ескіру мерзімі бірдей мерзімде өтеді, ал алдыңғы қылмыс үшін белгіленген үкім өзінің мәнін жоғалтады. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға ескіру мерзімін қолдануға байланысты заңда ерекше ережелер қарастырылған. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін деп таппаса, өлім жазасы өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойы бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды.

§7. Рақымшылық және кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату

Қылмыстық құқық бойынша **рақымшылық** деп Қазақстан Парламенті актісі негізінде қылмыс жасаған адамға, оларға сенім білдіре отырып жеке бастарына жағымды шараларды қолдануды түсінуге болады.

Рақымшылық актісі, әдетте, елде болған елеулі оқиғаларға немесе мерейтойларға байланысты анықталмаған топқа қабылданады. Қылмыстық заңды тойтармай-ақ, басталған қылмыстық қудалауды тоқтатуды, қозғалған қылмыстық істі жабуды көздейді. Рақымшылық акт әрқашан жүйелі сипаттамаға ие болған: ол барлық қылмыс нысандарына тарайды немесе субъектілер тобын қамтиды. Бұл нысандар әр түрлі белгілер бойынша анықталады: қылмыстың түрлері, яғни сипаты мен қоғамға қауіпті дәрежесі және қылмыс субъектісіні т.б. белгілері бойынша.

ҚР-ның Парламенті адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде рақымшылық туралы заң шығаруға құқылы.

Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жазадан босатылуы не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдарды рақымшылық жасау туралы актімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін. Рақымшылық актісі нормативтік сипатқа ие бола отырып осыған тап болған белгілі адамдарға қолданылады: яғни қылмыстық істі қозғауды қысқартуға қаулы шығаруды, қозғалған қылмыстық істі тоқтатуды, кінәлі адамды жазадан босатудағы соттың айыптау үкімінің күшін жоюды, жазаны одан әрі өтеуден босату туралы қаулының шығарылуын қамтиды. Осы аталған құжаттар рақымшылық актісінің шешімін орындаудағы заңды негіздер болып табылады.

Рақымшылық актісінің күші осы акт жарияланған күннен бастап енеді және қылмыс жасағандарға осы актіде арнайы көрсетілген мерзімдерге дейін қолданылады.

Кешірім жасау бұл мемлекет басшысы қабылдайтын акт. Белгілі бір жеке адамға ол жөнінде айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда кешірім жасау туралы актіні Президент шығарады. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе неғұрлым жеңіл жазамен ауыстырылуы мүмкін. Жазасын өтеген адамнан кешірім жасау актісімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін. Рақымшылық жасауға қарағанда, кешірім жасау актісін қолдану негізінде белгілі бір құжаттардың болуы қажет емес. Кешірім жасау актісі заңды негіз ретінде мемлекеттік органдарға актіде көрсетілген шешімді орындауды жүктейтін құжат болып табылады.

Жалпы кешірім беру сотталған адамның немесе оның туыстарының өтініші бойынша жүзеге асырылады. Кешірім жасау актісі сотталған адам қылмысының мәні мен ауырлығына қарамастан қолданылады. Мысалы, өлім жазасын өмір бойы бас бостандығынан айырумен ауыстырылады. Есі дұрыс

емес күйде, қоғамға қауіпті әрекет жасаған адамдарға рақымшылықты қолдану актісі қолданылады. Мұндай жағдайда сот рақымшылық актісінің негізінде қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығара алады. Медициналық күштеу шараларын сот мұндай жағдайда қолдана алмайды.

§8. Кәмелетке толмағандарды жазадан босату

Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын тек қылмысы үшін кінәлі деп танылған адамдарға қолданылады. Бұл шаралар егер кәмелетке толмаған адам бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасады деп танылса. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі болып кәмелетке толмаған адамның қылмыстық жазаны өтемей-ақ түзелуіне мүмкіндігінің болуы. Қылмыстық жазаны қолданбау мәселелерін шешу кезінде сот қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипатына және дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына, жанұялық жағдайына, тәрбиесіне, басқа да мән-жайларға қарай жаза қолданусыз түзелуіне қол жеткізуге болады деген сенімнің белгілерін ескереді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты пленумының 1999 ж. 30 сәуірдегі №1 “Жаза тағайындағанда соттардың заңдарды дұрыс қолдануы туралы” Қаулысында, 1 жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына немесе жеңіл жазаларға қатысты, әрбір мән-жайларға байланысты істерді нақты ескере отырып, қылмыстық істі қысқарту және заңмен қарастырылған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының берік қолдану мәселелерін шешу қажет деп көрсеткен. Сонымен, бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін сотталған 18 толмаған адам, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Қорыта келе, қылмыстық құқықтағы қылмыстық жазадан босату институты, белгілі бір санаттағы қылмыс жасаған адамға тиімді бола отырып мемлекет атынан болатын әлеуметтік сипаттағы қатынастарды реттеуге бағытталған. Қылмыстық жазадан, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде босатуды қоспағанда, қылмыстық жазадан заңда көрсетілген негіздер мен тәртіптерге сай босату, сонымен қатар тағайындалған жазаның жеңілдігі болуы тек қана соттың құзыретімен жүзеге асады деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі алдыңғы заңдармен салыстырғанда, белгілі бір қылмысы үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолданудың, шартты түрде соттаудың нақты ұғымына талдау жасай отырып оларды жазадан босату институтының қатарына қоспайды.

Заңда белгіленген негіздерге сәйкес сотталған адам:

- сотпен тағайындалған жазаны өтеуден,
- жазаның өтелмеген бөлігін шартты түрде мерзімінен бұрын өтеуден босатылады.

Бұл жалпы негіздердің жазадан босатудың әрбір түрін қолдануда маңызы зор.

Қылмыстық жауаптылықтан босату сияқты, жазадан босату да ізгілік пен әділеттілік қағидаларын жүзеге асыру болып табылады. Ол да өз соңынан белгілі бір қылмыстық-құқықтық салдарды ерте жүреді. Қылмыстық қудаладан босату фактісі қорғаушылық қылмыстық-құқықтық қатынасты тоқтататын заң жүзіндегі факт болып табылады. Ендеше мұндай босату әлгіндей құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды бейнелейді. Тоқтатылған қылмыстық-құқықтық қатынастарды қайта жаңғырту қылмыстық заңмен арнайы көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады.

Әдебиеттер:

- Зельдов С.И. Освобождение от наказания и его отбывания. М., 1989
Ефимов М.А. Условное осуждение и условно-досрочное освобождение от наказания. М., 1969
Квашис В.Е. Гуманизм советского уголовного права. М., 1969
Коробков Г.Д. Освобождение от уголовной ответственности и наказания по советскому уголовному праву. М., 1981
Михлин А.С. Проблемы досрочного освобождения от отбывания наказания. М., 1982
Тютюгин В.Н. Условно - досрочное освобождение от наказания. Харьков, 1981
Тарханов И.А. Замена наказания по советскому уголовному праву. Казань, 1982
Ткачевский Ю.М. Освобождение от отбывания наказания. М., 1970
Ткачевский Ю.М. Замена наказания в процессе исполнения. М., 1982

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 11.04.2002 жылғы « Ауруға шалдығуына байланысты қылмыстық жазадан босату ң нормативтік қаулысы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің онжылдығына байланысты рақымшылық жариялау туралы ң 19.02.2002 жылғы Заңы

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 13.12.2001 жылғы « Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде

босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру туралы ң нормативтік қаулысы

19-тарау. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын қарастыратын нормалар ҚК-тің 6-бөлімінде жинақталған.

Жаза мен тәрбиенің дұрыс сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, мемлекет жасы кәмелетке толмағандардың жеке басының ерекшеліктерін, жасөспірім өмірінің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін ескеріп, оларға қатысты қылмыстық жазаның жазалау күшін біршама шектеуді қарастырады. Осыған сәйкес қылмыстық заңда кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның бірқатар түрлерін орындау мен қолдануда шектеулер көрсетілген.

Қылмыстық заң кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдарды айтады. Ал қылмыстық жауаптылық жалпы негізде он алты жастан, кейбір қылмыстар тобы үшін он төрт жастан басталады. Бұл орайда, адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен басталады.

ҚК-ң 6 - бөліміндегі кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығын реттейтін нормаларға талдау жасай отырып, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктерін мына бағыттағы жағдайлармен түсіндіруге болады:

- 1) Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалардың жүйесі бойынша,
- 2) Оларға жаза тағайындаудағы ерекшеліктер бойынша;
- 3) Кәмелетке толмағандарды жауаптылық пен жазадан босату кезіндегі ерекшеліктері;
- 4) Ескіру мерзімі, соттылықты өтеу кезіндегі ерекшеліктер;
- 5) Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі бойынша.

§1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның түрлері мен шектері

Қылмыстық заңда қарастырылған жаза түрлері жазаның белгілі бір жүйесін құрайды. Жаза жүйесі деп қатаңдық дәрежесі бойынша белгілі бір тәртіппен орналасқан және сот үшін міндетті болып табылатын қылмыстық заңмен бекітілген жазалардың түпкілікті тізімін түсіну қажет. ҚК-ң 79-бабында кәмелетке толмағандарға қолданылатын жазалар жүйесі көрсетілген. Бұл жүйенің өзіндік ерекшеліктері бар. ҚК-ң 39-бабында қарастырылған он екі жазаның ішінде кәмелетке толмағандарға мына жеті жаза түрлері ғана тағайындалады: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналасу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, қамау, бас бостандығынан айыру.

Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жоғарыда аталған жаза түрлерінің мөлшері мен шектері ересек қылмыскерлерге қарағанда едәуір төмендетілген.

Айыппұл кәмелетке толмай сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл оннан бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе кәмелетке толмаған адамның жалақысының немесе өзге табысының екі аптадан алты айға дейінгі кезеңдегі мөлшерінде тағайындалады. Көріп отырғанымыз дай, ересектерге қарағанда кәмелетке толмағандар үшін айыппұлдың мөлшері төмендетіліп белгіленген, бірақ солай бола тұрса да ҚК-ң 40-бабының 2-бөлігінің ережесі сақталады, яғни айыппұлдың мөлшерін жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесі мен сотталған адамның мүлкілік жағдайын ескере отырып сот белгілейді.

Кәмелетке толмағандарға **белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру** жазасы бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Жазаның бұл түрі кәмелетке толмаған адам заңды негізде қызметтің қандайда бір түрімен айналыса жүріп қылмыс жасаған реттерде ғана тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту кәмелетке толмаған адамға қырық сағаттан жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады. Қоғамдық жұмыстарға тарту кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмысты оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындауы арқылы жүзеге асырылады. Он алты жасқа толмаған адамдардың бұл жазаны орындауының ұзақтығы күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

Түзеу жұмыстары сот үкім шығарған кезде он алты жасқа жеткен кәмелетке толмай сотталған адамдарға бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаның мәні сонда – сотталған адам жазасын өзінің негізгі жұмыс орнында өтейді, бірақ жалақысының бір бөлігі мемлекет кірісіне ұстап отырылады. Осы жағдайларды ескеріп кәмелетке толмағандарға түзеу жұмыстарын тағайындау кезінде оның жасына, жаза мерзіміне және жазадан босату мүмкіндігіне байланысты мына жағдайларды ескеру қажет:

- 1) түзеу жұмыстары тек белгілі бір тұрақты жұмысы бар кәмелетке толмағандарға ғана тағайындалуы;
- 2) жасы толмағанның жалақысынан ұстау кезінде әртүрлі объективті және субъективті факторларды (отбасы, материалдық жағдайы, отбасында мүгедек мүшелерінің бар болуы және т.б.) ескеру қажет.

Бас бостандығынан шектеу жазасы кәмелетке толмағандарға бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Бұл жазаның мәні бойынша сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттер жүктеліп, оны қоғамнан оқшауламай бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған

органның қадағалауымен сотталғанның тұрғылықты жері бойынша өтеледі.

Қамау сот үкім шығарған кезде он алты жасқа жеткен кәмелетке толмағандарға бір айдан төрт айға дейінгі мерзімге тағайындалады. Қамаудың мәні—сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау, яғни мазмұны жағынан бас бостандығынан айыру жазасына жақын.

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын ең ауыр жаза **бас бостандығынан айыру** он жылдан аспайтын мерзімге, ал ауырлататын мән-жайларда кісі өлтігені үшін немесе қылмыстардың жиынтығы бойынша қылмыстардың біреуі ауырлататын мән-жайларда кісі өлтіргені үшін – он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Ал он төрт жастан он сегіз жасқа дейін ауырлығы онша емес қылмысты және он төрт жастан он алты жасқа дейін орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған адамдарға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды.

Кәмелетке толмай сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

- а) бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған еркек жынысты кәмелетке толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар—жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында,
- б) бұрын бас бостандығынан айыру жазасын өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар – күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колониясында өтейді.

Кінәлі адамның жеке басының қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне және басқа да мән-жайларға байланысты сот қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмай сотталған адамның бас бостандығынан айыру жазасын жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін.

Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмай сотталған адаммен қарым қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін (интеллектуалдық немесе дене дамуының деңгейін, мінез құлқының қасиеттерін, туған туыстарымен өзара қатынасын және т.б.) ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

ҚК-ң 79-бабының 1-бөлігінің мазмұнына орай мүлікті тәркілеу түріндегі қосымша жаза кәмелетке толмағандарға тағайындалмайды. Егер ҚК-ң Ерекше бөлімінің тиісті бабының санкциясы мүлікті тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде көздесе, онда соттар оның қолданылмауын ҚК-ң 79 бабына сілтеме жасай отырып үкімде дәлелдеуі қажет.

§2. Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау

Қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау кезінде соттарды ҚК-ң 52-бабындағы жаза тағайындаудың жалпы негіздерімен бірге кәмелетке толмағандардың тұрмыс және тәрбие алу жағдайларын (отбасындағы сәтсіз жағдай, ата-ананың дөрекілікпен, қатыгездікпен қарауы және т.б.), психикалық даму деңгейін, жеке басының ерекшеліктерін, қылмыс жасаудың себептерін, жасөспірімге ересек адамдардың әсерін ескеруді міндеттейді.

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе оған жаза тағайындау туралы мәселелерді дұрыс шешу үшін кәмелетке толмағандардың иланушылығы, ашушандығы, тәуелділігі, сөзге, қиялға, бастамашылыққа бейімділігі сияқты жеке басының өзіндік қасиеттерін де анықтап алу қажет. Бұл мақсатта оны тәрбиелеп отырған адамдардан және басқа қатысты адамдардан жауап алып, оның денсаулығына және санасының дамуына қатысты ресми құжаттарды сұратып, оның жеке басының құжаттарын (күнделіктер, жазбалар, хаттар, аудио жазбалар және т.б.) зерттеген жөн.

Кәмелетке толмағанның ақыл-есінің артта қалуы туралы жорамалға негіз болатын мәліметтер болған жағдайда, оның психикалық жетілуін анықтау үшін міндетті түрде кешенді психологиялық-психиатриялық сараптама тағайындалады. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде осындай психикалық дамуы жағынан артта қалуы кәмелетке толмағанға жаза тағайындағанда ескерілуі қажет.

ҚК-ң 53-бабына сәйкес айыптының кәмелет жасқа толмауы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай болып табылады. Ол басқа да жеңілдетуші мән-жайлардың жиынтығымен ескерілуі мүмкін.

Кәмелетке толмағанға қатысты бас бостандығынан айыру жазасын оның түзелуі мен қайта тәрбиеленуі қоғамнан шеттетусіз мүмкін болмаған жағдайға ғана тағайындау қажет екендігін айту қажет. Егер оған бас бостандығынан айыру жазасы ҚК-ң 53- бабының 4-бөлігінде және 56-бабының 2-3 бөліктерінде көрсетілген ережелер ескеріле отырып тағайындалса, онда жазаның неғұрлым ауыр түрі мерзімінің немесе мөлшерінің жартысы және төрттен үш бөлігі тиісінше кәмелетке толмағанға аяқталған қылмыс үшін тағайындалуы мүмкін бас бостандығынан айыру жазасы 10 немесе 12 жылдан бастап есептелуі тиіс.

Егер адам бірнеше қылмыс жасап, олардың бірі 18 жасқа толмағанша, ал басқалары кәмелетке толғаннан кейін жасалса, сот жазаны қылмыстардың жиынтығы бойынша тағайындаған кезде ҚК-нің 79-бабының талаптарын ескере отырып, әуелі он сегіз жасқа дейін жасаған қылмыстары үшін, ал содан соң кәмелетке толғаннан кейін жасаған қылмыстары үшін жаза тағайындап, түпкілікті жазаны ҚК-нің 58-бабының ережелері бойынша тағайындалады.

§3. Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының бір түрі, бірақ жазаға қарағанда құқықтық мәні бойынша соттылыққа әкеп соқпайды. Қылмыстық заң гуманизм принципін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандарға тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданып оларды жазадан босату мәселесін қарастырады.

ҚК-нің 81-бабына сәйкес тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолданып кәмелетке толмағандарды жазадан босату үшін:

- а) кәмелетке толмаған адам қылмысты бірінші рет жасауы,
- б) қылмыс онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа санаттардағы қылмысқа жатуы;
- в) кәмелетке толмағанды тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен түзеу мүмкіндігі болуы қажет.

Осы жоғарыда аталған негіздер болған жағдайда сот кәмелетке толмаған адамның жасаған қылмысының қауіптілік сипаты мен дәрежесін және оның жеке басының қауіптілігін ескеріп тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының мынадай түрлерін тағайындауы мүмкін:

- а) ескерту;
- б) ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- в) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- г) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу;
- д) кәмелетке толмағандарды арнаулы тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесіне орналастыру.

Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды түсіндіруден және Қылмыстық кодексте көзделген қылмыстарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады.

Қадағалауға беру ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсер ету және оның мінез-құлқын бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады.

Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайын және оның тиісті еңбек дағдысы болуын есепке ала отырып жүктеледі.

Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу, белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеуді көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау, не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін. Осы тізбе түпкілікті болып табылмайды.

Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге арнаулы тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесіне орналастыруды сот кәмелетке толмай қасақана орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамға тағайындауы мүмкін. Аталған мекемелерде болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ түзетуді қамтамасыз етуші мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі шараны қолдануды қажет етпейді деген тұжырымға келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған арнаулы тәрбие немесе емдеу-тәрбиелеу мекемесінде болуды ҚК-тің 83-бабының 5-бөлігінде көзделген мерзім біткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғанға дейінгісінен аспауы керек.

Кәмелетке толмаған адамның арнаулы тәрбие және емдеу-тәрбиелеу мекемесінде болуының тәртібі мен ережелері заңдармен белгіленеді.

Кәмелетке толмағандарға бір мезгілде тәрбиелік әсері бар бірнеше тәрбиелеу шаралары тағайындалуы мүмкін. Тәрбиелеу әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімді істі басты сот талқылауында қарап, айыптау үкімін шығарған кезде тек сот ғана қабылдайды. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары соттың пікірінше, кәмелетке толмағанның түзелуіне немесе қайта тәрбиеленуіне қажет мерзімге немесе ол он сегіз жасқа толғанша қолданыла алады. Мұндай шаралар қолданылған кәмелетке толмағандардың соттылығы жоқ деп танылады.

Кәмелетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мерзімінен бұрын босату бас бостандығынан айыру және түзеу жұмыстарына сотталған кәмелетке толмағандарға ғана қолданылады.

Кәмелетке толмағанды мерзімінен бұрын шартты түрде босату үшін тағайындалған жазаны өтеудің ересектерге қарағанда қысқа мерзімдері қарастырылған. Мұнда жазаны өтеу уақытының мерзімі жасалған қылмыстың санатына байланысты құрылған:

- а) ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің

кемінде үштен бірі;

б) ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жазаның кемінде жартысын;

в) аса ауыр қылмысы үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін нақты өтегеннен кейін жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін. Қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға жазаны жеңілірек жазамен ауыстыру ережесін қолданбайды.

Сонымен бірге, қылмыстық жауаптылыққа тартудың және айыптау үкімінің ескіру мерзімдері кәмелетке толмағандарға қатысты тең жартысынан қысқартылады.

ҚК-тің 86-бабына сәйкес он сегіз жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдар үшін ҚК-нің 77-бабында көзделген соттылықты жою мерзімдері қысқартылады және тиісінше:

а) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлерін өтегеннен кейін төрт айға,

б) ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін бір жылға;

в) ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруды өтегеннен кейін үш жылға тең болды.

Әдебиеттер:

Астемиров З.А. Уголовная ответственность и наказание несовершеннолетних. М., 1970

Арьков В.И. Принудительные меры воспитательного характера, применяемые к несовершеннолетним. Иркутск, 1978

Бабаев М.М. Индивидуализация наказания несовершеннолетних. М., 1968

Д.Бұғыбайқызы, Е.Қайыржанұлы. Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге жаза тағайындаудың ерекшеліктері. Алматы, 2000

Бегалиев К.А. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. Алма - Ата, 1980

Бегалиев К.А. Неправомерные действия подростков и их последствия. Алма - Ата, 1984

Гаверов Г.С. Проблемы наказания несовершеннолетних преступников. Иркутск, 1986

Жадбаев С.К. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. Алма-Ата, 1982

Нарикбаев М.Н. Правовая охрана детства в Республике Казахстан. Алматы, 1996

Миньковский Г.М., Тузов А.П. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних. Киев, 1987

Скрябин М.А. Общие начала назначения наказания и их применение к несовершеннолетним. Казань, 1988

Шапинова С.А. Подросток: общество и закон. Алматы, 1989

Рыбальская В.Я. Проблемы борьбы с преступностью несовершеннолетних. Иркутск, 1994

Нормативті актілер:

1989 жылғы БҰҰ Балалардың құқықтары туралы Конвенциясы

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумының 11.04.2002 жылғы « Кәмелетке толмағандары қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттерге тарту қылмыстары туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы н нормативті қаулысы

20-тарау. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

§1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қылмыстық құқықтың жеке институты болып табылады. Бұл институтта медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері мен мақсаттары, мәжбүрлеу шараларының түрлері, оларды ұзарту, өзгерту және тоқтату, сондай-ақ медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындаумен не қолданумен байланысты өзге де мәселелер қарастырылады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары деп өзінің психикалық жағдайы бойынша мәжбүрлеп емдеуді қажет ететін қоғамға қауіпті қылмыстық іс әрекеттерді жасаған психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарға қатысты оларды емдеу – сауықтыру мақсатында соттың шешімімен қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше қылмыстық құқықтық нысанын түсіну қажет.

Құқықтық табиғатына сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қауіпсіздіктің қылмыстық құқықтық шаралары болып табылады. Себебі, оның мәні өзінің психикалық жағдайына байланысты өз басына немесе айналасындағы өзге де адамдарға қауіп төндіретін қылмыстық құқыққа қайшы іс-әрекеттерді жасаған адамдарды мәжбүрлеп емдеу ретінде түсіндіріледі. Сонымен бірге мұндай шараларды қолдануды қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыруда бағытталған арнайы органдардың қызметтерінде көрініс табатын психикалық ауру адамдардың қылмыстық іс-әрекеттерді жасауына мемлекеттің реакциясы ретінде де қарастыруға болады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі болып қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекетті жасаушы психикалық ауру адамның қоғамға қауіпті болуы табылады. Бұл қауіптілік екі критериймен анықталады:

а) заңдық критерии, яғни адамның қылмыстық заңда қарастырылған іс-әрекетті жасауы;

б) медициналық критерии, қылмыс жасаушы адамды өзіне не өзге де адамдарға қауіпті ететін оның психикасының бұзылуы.

Заңдық критерии жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекеттің ауырлығы, ауру адамның қылмысты жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлығы, адамның әлеуметтік психологиялық ұстанымдары және т.б. жағдайлар арқылы анықталады. Ал, медициналық критерии психикалық аурудың клиникалық нысанымен, оның күрделілігі және тереңдігімен, аурудың жазылу динамикасымен сипатталады.

Психикалық ауру адамның қоғамға қауіптілігі сонымен бірге аурудың ұзаққа созылуымен де түсіндіріледі.

Сонымен, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі деп қылмыс жасаған психикалық ауру адамдарға аталған шараларды қолдану қажеттілігін анықтайтын жағдайлардың жиынтығын түсіну қажет.

Қылмыстық заңға сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған психикалық ауру немесе осындай шараларды қолдануды қажет ететін өзге де адамдарды емдеу, олардың психикалық жағдайын жақсарту, сондай ақ олардың жаңа қылмыстарды жасауын болғызбау мақсаттарында қолданылады. Сонда, аталған шараларды қолданудың мақсаты қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасаған қоғамға қауіпті психикалық ауру адамдарды мәжбүрлеп емдәудегі заңшығарушының тіпті нәтижесін көрсетеді. Ал медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының міндеттері ретінде психикалық ауру адамдарға мәжбүрлеп емдеуді қолданудың қылмыстық-құқықтық және медициналық мақсаттарына қол жеткізу процесі кезінде құқық қолданушы шешуге тура келетін қылмыстық-құқықтық шараларды айтуға болады.

Мәні бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың мақсаттары қылмыстық-құқыққа қайшы іс әрекетті жасаған психикалық ауру адамға қатысты тергеу, сот, қылмыстық-атқару және арнаулы бағдардағы медициналық мекемелердің қызметтерінің негізгі бағыттарын білдіреді.

Қылмыстық заң медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсаттарына құқық қорғау органдары мен медицина мекемелері қызметтерінің мынадай үш бағытын жатқызады:

1). есі дұрыс емес адамдарды, қылмыс жасағаннан кейін психикалық ауруға ұшыраған адамдарды, есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін адамдарды, алкоголизммен немесе нашақорлықпен ауратын адамдарды емдеу;

2). осы аталған адамдардың психикалық жағдайын жақсарту;

3). олардың жаңа қылмыстық іс әрекеттерді жасауын болдырмау.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары мына категориядағы адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін:

1). ҚК-ң Ерекше бөліміндегі баптарда көзделген іс-әрекеттерді есі дұрыс емес жағдайда жасаған адамдарға.

Есі дұрыс емес адам – бұл қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау кезінде өзінің әрекеттерін ұғынуға немесе оған басшылық етуге мүмкіндігі болмаған психиканың бұзылу, созылмалы, уақытша, стационарлық немесе өзге де психикалық ауру жағдайында қылмыс жасаған адам.

2). Жаза тағайындауды немесе жазаны орындауды мүмкін етпейтін қылмыс жасағаннан кейін психикасы

бұзылған адамдар. Мұндай адамдарға есі дұрыс бірақ қылмыстық іс жүргізушілік немесе қылмыстық-атқарушылық әрекет қабілеттіліктен айрылған адамдар жатады. Қылмыс жасағаннан кейін туындаған психиканың бұзылуы созылмалы немесе уақытша сипатта болуы мүмкін. Жаза тағайындауды немесе жазаны орындауды мүмкін етпейтін психиканың бұзылу жағдайын қылмыс жасаған адамның ұғынбауы, яғни танымдық және еріктілік қабілеттерінің елеулі бұзылуы куәландырады.

Жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар қылмыстық іс жүргізушілік немесе қылмыстық-атқарушылық әрекет қабілетсіздік деп танылады. Қылмыстық іс жүргізушілік әрекет қабілетсіздік қылмыс жасаған адамның психикалық қызметінің бұзылуы салдарынан тергеу немесе сот талқылауы кезінде түсінік беру және қылмыстық іс жүргізу әрекеттеріне қатысу барысында туындаған жағдайларды түсінбеу қабілетін білдірсе, ал қылмыстық атқарушылық әрекет қабілетсіздік жазаны орындау немесе жазаны өтеу барысында туындаған жағдайларды түсіну қабілетінен айырылуын білдіреді.

3). Есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін қылмыс жасаған адамдар. Оларға қылмыс жасау кезінде психикасының бұзылу салдары өз іс әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаған не оған басшылық ете алмаған есі дұрыс адамдар жатады. Заң әдебиеттерінде оларды «шектелген есі дұрыс субъектілер» деп те атайды.

4). Алкоголизмнен немесе нашақорлықтан не уытқұмарлықтан емдеуге мұқтаж деп танылған қылмыс жасаған есі дұрыс адамдар. Аталған категориядағы адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану екі критериді қамтиды: заңдық және медициналық. Заңдық критерии, қылмыс жасау кездегі адамның есі дұрыстық жағдайын, яғни өз іс әрекетін ұғыну және қылмысты өз еркімен жасау қабілетін білдіреді. Медициналық критерии, адамда жазаны өтеумен қатар емдеуді қажет ететін алкоголизм, нашақорлық немесе уытқұмарлық ауруларының болуын білдіреді. Медициналық көзқарас бойынша адам екі жағдай орын алғанда емделуге мұқтаж деп саналады:

а) спирттік ішімдіктер мен есірткі заттарды жүйелі түрде тұтынуға биімділік орын алғанда;

б) алкоголизм мен нашақорлықтан емдеуге медициналық қарсы көрсеткіштер болмаған жағдайда.

Қылмыс жасаған маскүнемдер мен нашақорларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары барлық уақытта жазамен бірге қатар қолданады. Бұл орайда емханалық мәжбүрлеу қадағалау және психиатрда емделу түріндегі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы ғана тағайындалады.

§2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері

Қылмыстық заң мәжбүрлеу психиатриялық емдеуді қажет ететін қылмыс жасаған адамдарға сот арқылы тағайындалуы мүмкін медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының мынадай төрт түрін қарастырады:

- 1) емханалық мәжбүрлеу қадағалау және психиатрда емделу;
- 2) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емдеу;
- 3) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емдеу;
- 4) интенсивті қадағаланатын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеу емдеу.

Медициналық мәжбүрлеу шараларын мұндай түрлерге бөлу мәжбүрлеу емдеу жүргізілетін психиатриялық мекемелердің түрлеріне сәйкес жүзеге асырылады. Олар бір бірінен мәжбүрлеу емделуде жатқан адамды қадағалау режимінің қатандық дәрежесіне байланысты ажыратылады. Ал адамды емдеу процесі мәжбүрлеу шарасының түріне байланысты емес, денсаулық сақтау министрлігімен бекітіледі.

Медициналық мәжбүрлеу шарасының түрін таңдау кезінде сот ең алдымен ауру адамның психикалық жағдайын, оның жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, қоғамға қауіпті іс-әрекетті қайталап жасау мүмкіндігін ескереді. Мұндай мәжбүрлеу шарасының белгілі бір түрін таңдау үшін сот-психиатриялық немесе сот-наркологиалық сараптамаларының қорытындысы маңызды болып табылады. Бұл қорытындыларды сотқа нақты ауру адамға медициналық мәжбүрлеу шарасының қандай түрін тағайындау мақсатқа лайық болатыны туралы нұсқаулар береді.

Психикалық мәжбүрлеу қалдағалау және психиатрда емдеу егер адам өзінің психикалық жай-күйі бойынша психиатриялық стационарға орналастырып емдеуді қажет етпесе және ҚК-ң 88- бабының 1- бөлігіндегі негіздер болған жағдайда тағайындалады. Медициналық мәжбүрлеу шарасының бұл түрі ҚК 90- бабының 2- бөлігіне сәйкес, есі дұрыс күйінде жасалған қылмыс үшін сотталған, бірақ алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан емдеуді не психикасының есі дұрыстығын жоққа шығармайтындай бұзылуынан емдеуді қажет ететін адамдарға тағайындалуы мүмкін. Есі дұрыс емес күйде қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған адамдарға аталған шара, егер одан өзінің психикалық жай-күйі бойынша және жасалған іс-әрекет сипаты бойынша қоғамға қауіптілік тудырмайтын болса және егер ауру адамды емдеу мен жаңа қылмысты болдырмауға емханалық мәжбүрлеу қадағалау жеткілікті деп танылған жағдайларда да тағайындалуы мүмкін. Емханалық қадағалау мен психиатрда емдеу ауырлығы онша емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысты патологиялық маскүнемдікпен туындаған психикасы бұзылуы қысқа уақытқа созылған адамдарға және созылмалы психикасы бұзылған адамдарға қолданылады.

Емханалық мәжбүрлеу емдеу және психиатрда емдеу кезінде ауру адам қажетті жағдайларда емдеу

тағайындау үшін психиатр-дәрігерге үнемі үзіліссіз келіп тұрады. Мәжбүрлеу шарасының бұл түрін жүргізудің орны сотпен тағайындалған жазаның түріне байланысты шешіледі. Қоғамнан оқшауламай орындалатын жазаға сотталғандар емханалық мәжбүрлеп қадағалау мен психиатрда емделуді тұрғылықты жері бойынша психиатрда немесе наркологта өтеді. Ал қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаға сотталғандарға бұл шара жазаны өтеу орнында жүргізіледі.

Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу ҚК-тің 88- бабының 1 бөлігі «аң және «бң пунктерінде көрсетілген адамдарға, егер олардың психикасының бұзылу сипаты тек психиатриялық стационарда ғана жүзеге асырылатын емдеудің, күтудің, ұстаудың және қадағалаудың шарттарын талап ететін болса тағайындалады.

Қолданылып жүрген заңға сәйкес психиатриялық стационардың үш түрі бар: жалпы үлгідегі, мамандандырылған үлгідегі және интенсивті қадағалайтын мамандандырылған үлгідегі. Психиатриялық стационарда жүргізілетін медициналық мәжбүрлеу шарасының түрін тағайындау кезінде сот-психиатриялық сараптама қорытындысында баяндалған психиатр-сарапшының нұсқауларын, жасалған іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін, психикалық бұзылудың дәрежесі мен тереңдік деңгейін, аталған адамның өзіне және айналасындағыларға қауіптілік дәрежесін, сонымен қатар қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасау мүмкіндігін ескеруі қажет.

Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің сипаты бойынша стационарлық емдеу мен қадағалауды қажет ететін, бірақ интенсивті қадағалауды қажет етпейтін адамға тағайындалады.

Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу тағайындалған адамдар жалпы негізде қылмыс жасамаған психикалық ауру адамдармен бірге жалпыға арналған психиатриялық ауруханада немесе психиатриялық көмек көрсететін стационарда емделеді. Алайда, қылмыс жасағаны үшін мәжбүрлеп емдеу тағайындалған адамдарға қатысты бірқатар шектеулер қойылған: емдеу мекемесінен еркін шығуға тыйым салу, тек ғана емдеу мекемесінің аумағында ғана жүріп-тұру, үй демалыстарын бермеу және т.б.

Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарға ауыр немесе аса ауыр қылмыстар санаттарына жатпайтын қылмысты жағымсыз мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жасалған адамдар жіберіледі.

Мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетінің сипаты бойынша тұрақты қадағалауды талап ететін адамға тағайындалуы мүмкін. Мұндай адамдарға психиатриялық стационардан қашуға икемді, медицина қызметкерлерімен және өзге аурулармен бас сыйыспайтын және жүйелі түрде қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасайтындарды жатқызуға болады.

Интенсивті қадағалайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу өзінің психикалық жай-күйі мен жасаған қоғамға қауіпті әрекетінің сипаты бойынша өзіне немесе басқа адамдарға айрықша қауіпті болған тұрақты және интенсивті қадағалауды талап ететін адамдарға тағайындалады. Негізінен мұндай адамдарға қоғамға қауіпті іс-әрекетті бұдан бұрын медициналық мәжбүрлеу шарасы қолданыл ғанына қарамастан қайталап, жүйелі түрде жасайтын және ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасаған адамдар жатады.

Жеткілікті негіздерсіз адамды психиатриялық стационарға орналастыру үшін кінәлі адам ҚК 127-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзартуды, өзгертуді және тоқтатуды психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот белгілейді.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы белгіленген адам сотқа осындай шараны тоқтату туралы немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар екені жөніндегі мәселені шешу үшін кемінде алты айда бір рет психиатр-дәрігерлер комиссиясының куәландырылып отыруға тиіс.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату немесе өзгерту үшін негіздер болмаған кезде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеменің әкімшілігі мәжбүрлеп емдеуді ұзарту үшін сотқа қорытынды береді. Мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін, мәжбүрлеп емдеуді одан кейін кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын өзгертуді немесе тоқтатуды адамның психикалық жай-күйі өзгеріп, бұрын тағайындалған шараны қолдану қажет болмай қалған немесе медициналық сипаттағы өзге мәжбүрлеу шарасын тағайындау қажет болған жағдайда сот жүзеге асырады.

Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді қолдану тоқтатылған жағдайда сот мәжбүрлеп емдеуде болған адам жөнінде қажетті материалдарды оны емдеу немесе психиатриялық-неврологиялық мекемеге жіберу туралы мәселені денсаулық сақтау туралы заңдарда көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына беруі мүмкін.

Әдебиеттер:

Назаренко Г.В. Принудительные меры медицинского характера. Учебное пособие. М., 2003

Музыка. А.А. Принудительное лечение как уголовно - правовая мера борьбы с наркоманией. Автореф. кан. дис. КВШ МВД СССР. Киев, 1984

Колмаков П.А. О совершенствовании законодательства по применению принудительных мер медицинского характера. //Вест. ЛГУ. История КПСС, науч. коммунизм, философия, право. Вып. 1. 1985. № 6.

Нормативті актілер:

Қазақстан Республикасының « Психиатриялық көмектер мен кепілдіктер көрсету туралы » 16.04.1997 жылғы Заңы, 16.07.2001 жылғы өзгертулермен бірге

Қазақстан Республикасы Жоғары Соты Пленумының 09.07.1999 жылғы « Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот тәжірибесі туралы » қаулысы

Д. Б. Бұғыбай

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

Оқулық

*ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры
Жансеитов Н. Н.*

Оператор: Умурова Г.О.

Заң әдебиеті баспасы

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law_literature@nursat.kz